ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени М. АУЭЗОВА

«ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ТЕХНИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША XXVIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

XXVIII-ОЙ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ НА ТЕМУ «СОВРЕМЕННАЯ НАУКА: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ» ПО ЕСТЕСТВЕННЫМ, ТЕХНИЧЕСКИМ, СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫМ И ЭКОНОМИЧЕСКИМ НАУКАМ

Том 6

3-4 сәуір / апрель 2025

Шымкент

УДК 001
ББК 72
З-21
Бас редактор: Д.Ж.Ахмед-Заки – т.ғ.д., профессор, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КеАҚ-ның Басқарма төрағасы – ректор;
Редакциялық алқа мүшелері: Қ.Р.Сарықұлов – з.ғ.к, доцент, бірінші проректор м.у.а.; Е.И.Иманғалиев - ф-м.ғ.к., Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор; Ұ.С.Сүлейменов – т.ғ.д, профессор, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор; С.К.Бейсенбаев – п.ғ.д., Басқарма мүшесі, қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор; Ғ.Ә.Бесбаев – ф-м.ғ.к., Басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, Б.Р.Исмаилов - т.ғ.д., «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасының профессоры; Р.Т.Калдыбаев – т.ғ.к., «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» кафедрасының доценті; А.Т.Туленов – т.ғ.к., «Көлік, тасмалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының доценті; С.П.Назарбекова – х.ғ.д., «Химия және химиялық технологиялары негіздері» кафедрасынының профессоры; А.С.Колесников - т.ғ.к., «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының профессоры; С.А.Жолдасбекова – п.ғ.д., «Кәсіптік оқыту» кафедрасының профессоры; С.У.Карибаев – т.ғ.к., «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; Г.К.Карбозова – фил.ғ.к., «Ағылшын тіл білімі» кафедрасының доценті; Н.Ш.Алметов – п.ғ.д., «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының доценті; А.Б.Айдарова – э.ғ.к., «Экономика» кафедрасының профессоры; Ж.Серікұлы – Phd доктор, «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті; Э.П.Ким – з.ғ.к., «Қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының доценті; С.А.Калкабаева – м.ғ.д., «Биология» кафедрасының профессоры; С.Т.Ахметова – ф-м.ғ.к, доцент, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының меңгерушісі; Ш.М.Зулпанов – тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры; Ұ.Б.Назарбек – Phd доктор, академиялық ғылым департаментінің директоры; М.К.Серкебаев – т.ғ.к., доцент, ғылыми қызметті үйлестіру бөлімінің басшысы; Г.Батырбекқызы - Phd доктор, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, жас ғалымдар кеңесі төрайымының орынбасары; Е.Б.Райымбеков - Phd доктор, «Су сапасын мониторингілеу және сулы технологиялар» ғылыми-зерттеу зерханасының меңгерушісі; А.Н.Рамашова – Phd доктор, «Халықаралық туризм және сервис» кафедрасының аға оқытушысы, жас ғалымдар кеңесінің мүшесі; С.Қ.Сагинтай – студенттік Парламент төрағасы; Ж.М.Сейсенбаева – «Студенттік ғылым» бөлімінің басшысы, техникалық редактор.

«Заманауи ғылым: жас ғалымдардың жаңа тәсілдері мен қазіргі зерттеулері» тақырыбындағы жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 28-ші республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері

Труды 28-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Современная наука: новые подходы и актуальные исследования молодых ученых» по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам

Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, 2025ж. Т.6 – 276 бет
Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-378-097-9

Жинаққа студенттердің жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік – гуманитарлық және экономикалық ғылымдары бойынша мақалалары енгізілген.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-378-097-9
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, 2025ж.
Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, 2025г.

ӘОЖ 517.382(076)

ПАРАМЕТР БОЙЫНША ИНТЕГРАЛДЫҢ ҮЗІЛІССІЗДІГІ

Абдилакимова М.М. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Алибекова Ж.Д. – магистр, аға оқытушы

Интегралдың параметр бойынша үзіліссіздігін зерттеуде екі мүмкін жағдайды бөліп қарастырамыз.

1 жағдай. Интегралдау шектері – тұрақты шамалар.

Теорема 1. Айталық $f(x,y)$ функциясы $Q=\{(x,y): a\le x\le b, c\le y\le d\}$ облысында анықталған болсын және $\int_a^b f(x,y)dx$, $y\in[c,d]$ болсын. Онда $D(I(y))=[c,d]$.

Кез келген $y_0\in[c,d]$ таңдап алып, оны бекітейік. Жоғарыда (1.1) формуланы дәлелдеу кезінде

$\lim\limits_{y\to y_0}\int_a^b f(x,y)dx=\lim\limits_{y\to y_0}\int_a^b f(x,y_0)dx$, яғни $\lim\limits_{y\to y_0} I(y)=I(y_0)$

болатыны дәлелденген еді.

Мұндағы соңғы теңдік $I(y)$ функциясының y_0 нүктесінде үзіліссіз екендігін білдіреді.

y_0 – [c, d] аралығындағы кез келген мән болғандықтан $I(y)$ функциясы [c, d] аралығында анықталған деген қорытындыға келеміз.

2 жағдай. Интегралдың шектері параметрге тәуелді.

Теорема 2. (интегралдың параметрден тәуелді функция ретінде үзіліссіздігі). $D(f(x,y))=Q$ болсын және $I(y)=\int_{\alpha(y)}^{\beta(y)} f(x,y)dx$, $y\in[c,d]$ болсыфн. Онда $D(I(y))=[c,d]$.

Кез келген $y_0\in[c,d]$ таңдап алып, бекітеміз.

1. $\alpha(y_0)<\beta(y_0)$ болсын.

$\gamma=\dfrac{\alpha(y_0)+\beta(y_0)}{2}$ деп аламыз. Сонда

$$\alpha(y_0)<\gamma<\beta(y_0)\Rightarrow \alpha(y_0)-\gamma<0,\ \ \beta(y_0)-\gamma>0$$

болатыны анық.

$\alpha(y)-\gamma$ және $\beta(y)-\gamma$ функциялары [c, d] аралығында үзіліссіз. Демек, таңба тұрақтылығы туралы теорема бойынша $|y-y_0|<\delta_1$ және $y\in[c,d]$ үшін $\alpha(y)-\gamma<0,\ \ \beta(y)-\gamma>0$, т.е. $\alpha(y)<\gamma<\beta(y)$ орындалатындай $\delta_1>0$ мәні табылады.

[c,d] аралығынан $|y-y_0|<\delta_1$ болатындай у таңдап аламыз да: $p=\max\{\alpha(y),\alpha(y_0)\}$, $q=\min\{\beta(y_0),\beta(y)\}$ деп аламыз.

$p<q$ болатыны анық.

Сонымен қатар

$$I(y_0)=\int_{\alpha(y_0)}^{\beta(y_0)} f(x,y_0)dx=\int_{\alpha(y_0)}^{p} f(x,y_0)dx+\int_p^q f(x,y_0)dx+\int_q^{\beta(y_0)} f(x,y_0)dx,$$

$$I(y)=\int_{\alpha(y)}^{\beta(y)} f(x,y)dx=\int_{\alpha(y)}^{p} f(x,y)dx+\int_p^q f(x,y)dx+\int_q^{\beta(y)} f(x,y)dx,$$

Төрт интегралдан тұратын ($\int_{\alpha(y_0)}^{p} f(x,y_0)dx$, $\int_{q}^{\beta(y_0)} f(x,y_0)dx$, $\int_{\alpha(y)}^{p} f(x,y)dx$, $\int_{q}^{\beta(y)} f(x,y)dx$) қатынастардың екеуі міндетті түрде нөлге тең болады, себебі $p=\alpha(y_0)$, немесе $p=\alpha(y)$ және не $q=\beta(y_0)$, не $q=\beta(y)$.

Барынша кіші $\varepsilon>0$ санын алайық. $\alpha(y)$ және $\beta(y)$ y_0 нүктесінде үзіліссіз болғандықтан, $\varepsilon>0$ мәніне $|y-y_0|<\delta_2$ және $y\in[c,d]$ орындалғанда $|\alpha(y)-\alpha(y_0)|<\varepsilon$, $|\beta(y)-\beta(y_0)|<\varepsilon$ теңсіздігі орындалатындай $\delta_2>0$ мәні сәйкес келеді.

Мысалдар қарастырайық

Есеп 1. Келесі функцияны үзіліссіздікке зерттеңіз

$$F(y)=\int_0^1 \frac{yf(y)}{x^2+y^2}dx,$$

мұндағы $f(x)$ – $[0, 1]$ аралығында оң және үзіліссіз функция.

Шешуі. $F(y)$ кез келген $y\neq0$ үзіліссіз болатынын оңай тексеруге болады. $y>0$ болғанда $F(y)>0$ және $y<0$ болғанда $F(y)<0$ екені айқын.

$\lim\limits_{y\to0}|F(y)-F(-y)|\neq0$ болатынын көрсетейік.

$\min\limits_{x\in[0,1]} f(x)=m$ деп белгілейік. Онда $y>0$ үшін

$$F(y)\geq m\int_0^1 \frac{y}{x^2+y^2}dx=m\cdot arctg\frac{1}{y},\quad F(-y)\geq -m\int_0^1 \frac{y}{x^2+y^2}dx=-m\cdot arctg\frac{1}{y},$$

Осыдан $\lim\limits_{y\to+0}|F(y)-F(-y)|=m\pi$ екені шығады. Осылайша, $F(y)$ функциясы $y=0$ нүктесінде үзіліс нүктесі болады.

Есеп 2. $y\to0$ ұмтылғанда $I(y)=\int_{-1}^{1}\sqrt{x^2+y^2}dx$ интегралын үзіліссіздікке зерттеңіз, мұндағы $(x,y)\in[1{,}1;1{,}2]$.

Шешуі. Мұндағы $f(x)=\sqrt{x^2+y^2}$ функциясы $[-1{,}1;-1{,}2]$ аралығында үзіліссіз. Онда $I(y)$ функциясы бар және үзіліссіз болады. Осыдан

$$\lim_{y\to0} I(y)=\int_{-1}^{1}\sqrt{x^2+y^2}dx=\int_{-1}^{1}\sqrt{x^2}dx=\int_{-1}^{1}|x|dx=1=I(0).$$

Есеп 3. $\lim\limits_{y\to0}\int_0^1\frac{dx}{1+x^2+y^2}$ табыңыз.

Шешуі. Мұндағы y – параметр және $f(x,y)=\frac{1}{1+x^2+y^2}$ барлық нүктеде үзіліссіз. Сондықтан

$I(y)=\int_0^1\frac{dx}{1+x^2+y^2}$ үшін:

$$\lim_{y\to0} I(y)=\int_0^1\lim_{y\to0}\left(\frac{1}{1+x^2+y^2}\right)dx=\int_0^1\frac{dx}{1+x^2}=arctg1=\frac{\pi}{4}.$$

Әдебиеттер

1. Данко П. Е., Попов А. Г., Кожевникова Т. Я., Данко С. П. Высшая математика в упражнениях и задачах. В 2-х частях. Ч. 2. М., Оникс, 2012.
2. Қаратаев Ж. ; Аширбаев Н. Қ., Алтынбеков Ш. Е..Дифференциалдық және интегралдық есептеулер: оқу құралы / - Шымкент: Нұрлы Бейне. –I бөлім.2012 - 445 с.

ӘОЖ 37.091.39:51

ЕКІ ЕСЕЛІ ИНТЕГРАЛДЫҢ КӨМЕГІМЕН ДЕНЕНІҢ КӨЛЕМІН ЕСЕПТЕУ

Абдихалик С. - ЕП- 21-11к1 тобының студенті
Маденова А.А. - аға оқытушы

Егер D аймағында $f(x, y) \geq 0$ болса, онда цилиндрлік дененің (цили
ндроидтың) көлемі:

$V = \iint\limits_D f(x, y)dxdy$ формуласы бойынша есептеледі. Егер D аймағында $f(x, y) \geq \varphi(x, y)$ болса, онда:

$$V = \iint\limits_D [f(x, y) - \varphi(x, y)]dxdy$$

1-мысал $y = \sqrt{x}, y = 2\sqrt{x}, x + z = 4, z = 0$ жазық фигурасымен шенелген дененің көлемін табыңдар.


Шешуі: алғашқы екі теңдеу параболалық цилиндрдің вертикаль орналасқанын, ал үшіншісі $x + z = 4$-көлбеу жазықтық, ал $z = 0$ Оху-жазықтығын береді.Көлемнің формуласы бойынша есептейміз.

$V = \iint\limits_D (4 - x)dxdy$. Сонда $V = \int\limits_0^4 (4 - x)dx \int\limits_{\sqrt{x}}^{2\sqrt{x}} dy = \int\limits_0^4 (4 - x)dx \cdot y\Big|_{\sqrt{x}}^{2\sqrt{x}} =$

$$= \int\limits_0^4 (4 - x)\sqrt{x}dx = \left(4 \cdot \frac{2}{3}x^{\frac{3}{2}} - \frac{2}{5}x^{\frac{5}{2}}\right)\Big|_0^4 = \frac{128}{15}$$


Жауабы: $\frac{128}{15}$

2-мысал: T денесінің V көлемін табыңдар ,егерде мынандай беттермен шектелсе
$x^2 + y^2 = 4, z = 8 - x^2 - y^2, z = 0.$



1- сурет

Шешуі: $x^2 + y^2 = 4$ теңдеу радиусы 2 тең 0z осіне симметриялы дөңгелек цилиндрді анықтайды. Сондықтан мұндағы T денеміз цилиндрдің бөлігін құрайды.



Сондықтан $v = \iint\limits_{(D)} (8 - x^2 - y^2)dxdy.$

Еселі интегралды есептеу үшін полярлық координата жүйесіне өткен ыңғайлы. $\begin{cases} x = \rho\cos\varphi, \\ y = \rho\sin\varphi; \end{cases}$

$\begin{cases} 0 \leq \varphi \leq 2\pi, \\ 0 \leq \rho \leq 2; \end{cases}$ $J = \rho.$

2-сурет

Сонымен $V=\int_0^{2\pi}d\varphi\int_0^{2}(8-\rho^2\cos^2\varphi-\rho^2\sin^2\varphi)\rho d\rho=\int_0^{2\pi}d\varphi\int_0^{2}(8-\rho^2)\rho d\rho=\int_0^{2\pi}d\varphi\int_0^{2}(8\rho-\rho^3)d\rho=\int_0^{2\pi}\left(4\rho^2-\frac{1}{4}\rho^4\right)\Big|_{\rho=0}^{2}d\varphi=$

$\int_0^{2\pi}(16-\phi)d\phi=24\pi.$

3-мысал: $x^2+y^2=a^2,\ x^2+z^2=a^2$ беттерімен шенелген дененің көлемін есептеу керек.

Шешуі: Берілген дененің $\frac{1}{8}$ бөлігін қарастырамыз.

$z=f(x,y)=\sqrt{a^2-x^2},\ 0\le x\le a,\ 0\le y\le\sqrt{a^2-x^2}$.

$\frac{1}{8}V=\iint_D f(x,y)dxdy=\int_0^a\sqrt{a^2-x^2}dx\int_0^{\sqrt{a^2-x^2}}dy=\int_0^a(a^2-x^2)dx=\left(a^2x-\frac{1}{3}x^3\right)\Big|_0^a=\frac{2}{3}a^3;$

ал, $V=\frac{16}{3}a^3.$

Әдебиеттер

1. Лунгу К.Н., Норин В.П., Письменный Д.Т., Шевченко Ю.А., Куланин Е.Д. Сборник задач по высшей математике. 2 часть /К.Н.Лунгу и др.; под ред. С.Н.Федина.-11-е изд.-М.: АЙРИС-пресс, 2021-592с.:ил.-(Высшее образование).
2. Саханов, Н.С. Жоғары математика/ Н.С.Саханов. –Алматы.Қайнар 1993.-384б
3. Минорский, В.П. Сборник задач по высшей математике/ В.П.Минорский. – М: –Наука, 2004-337с.

ӘОЖ 53.09

ФЕРРОМАГНЕТИКТЕРДІҢ МАГНИТТІ СЕРПІМДІ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Абдраманова А.А. - ЕП-21-3к2 тобының студенті
Баубекова Г.М. – оқытушы, магистр

Магниттік құбылыстар физикасы- заттың конденсацияланған күй физикасының ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі. Бұл осы салада жүргізілген зерттеулердің үлкен практикалық маңыздылығына байланыстықатты денелердің магниттік қасиеттеріне байланысты бірқатар іргелі мәселелерді шешу қажеттілігіне байланысты.

XX ғасырдың бірінші ширегінен бастап магнетизмнің кванттық теориясы белсенді дами бастады. 50-60 жылдары есептеу техникасының қарқынды дамуына байланысты үлкен маңызға ие, жіңішке ферромагниттік пленкалардың магниттік қасиеттері туралы зерттеулер алынды, олар сақтау құрылғылары мен жұқа пленка элементтері ретінде пайдаланылуы керек еді. 70-80 жылдардың бас кезеңінде магниттік жазбаны оқуға арналғанатомдық ретсіз қатты денелердің магниттік қасиеттерін зерттеудің дамуымен сипатталды. 90-шы жылдардағы магниттік құбылыстар физикасы саласындағы негізгі жаңалықтарға мыналар жатады: көп қабатты жұқа пленкалы құрылымдардағы алып магнитке төзімділік және алып магниттік импеданс әсеріаморфты және нанокристалды материалдар жатады [1].

Қазіргі уақытта зерттеу бағыттарынаноқұрылымды материалдардың магниттік қасиеттерін және күрделі көп компонентті құрылымдардың (мультиферроиктердің) магнитоэлектрлік қасиеттерін зерттеуге, сондай-ақ магниттік құрылымдарда ақпаратты тығыздығы жоғары жазу мәселесін зерттеуге байланысты барынша дамыды. Сондықтан ғалымдардың әртүрлі қатты күйдегі құрылымдардың магниттік қасиеттеріне деген қызығушылығының одан әрі тез өсуін болжауға болады.

Жұмыста магниттік реттелген заттар физикасының заманауи идеяларын ұсыну болды. Бұл ретте доменді қалыптастыру және өзгерту процестеріне байланысты мәселелерге ерекше назар аударылады, ферромагниттік материалдардың құрылымдары, сондай-ақ магниттік серпімді, гальваномагниттік және магниттік-импеданстық әсерлер, қатты денелердің магниттік сипаттамаларын зерттеудің кейбір заманауи әдістері қарастырылды.

Қатты денелердің физикалық қасиеттерін сипаттау кезіндемагниттік әсерлердің үш негізгі түрі: диамагнетизм, парамагнетизм және кванттық механикалық әсерінен болатын атомдардың магниттік моменттерінің өзара әрекеттесуі жәнеэлектрондар қарастырылады. Классикалық құбылыстар: ферромагнетизм, антиферромагнетизм, ферримагнетизм және метамагнетизм, суперпарамагнетизм, микромагнетизм және т. б. сияқты бірқатар құбылыстарды қамтиды.

Қатты денелердемагниттік құбылыстардың әртүрлілігін түсіндіруекі идеяға негізделген. Біріншісі,қатты денедегі атомдардың дискретті микроскопиялық магниттік моменттері бар. Екінші көрініс мыналарға негізделген, микроскопиялық өзара әрекеттесудің болуымагниттік моменттер және бұл өзара әрекеттесуі әртүрлікәдімгі магниттік дипольдердің өзара әрекеттесуінен-ол кванттық механикалық табиғатын көрсетеді [2].


Магниттік материалдардың негізгі қасиеттерін түсіну үшін келесі идеяларды қолданамыз.

Магнетизмнің қарапайым тасымалдаушысы-электрон. Сутегі атомының мысалында атом ядросының айналасындағы электронның кеңістікте қозғалысын қарастырамыз. Протонның айналасындағы электронның қозғалысы дөңгелек орбитада жүреді деп есептейік. Бұл жағдайда электронның орбитадағы қозғалысын дөңгелек электр тогымен анықтауға болады.

Көптеген кристалдардың қасиеттерін теориялық тұрғыдан қарастырғанда, бірінші жуықтаудағы спиндік және серпімді еркіндік дәрежелері өзара тәуелсіз болып саналады және соған сәйкес спектрдің екі тәуелсіз тармағы - ферромагнондық және фонондық болып бөлінеді. Олардың арасындағы өзара әрекеттесу тек ферромагнондар мен фонондар арасындағы соқтығысу процестерін анықтайтын шағын бұзылыс ретінде қарастырылады, яғни бұл магнетикада байланысты магниттік серпімді тербелістердің пайда болуына әкеледі. Магниттің энергетикалық спектрін анықтау үшін қарастырылып отырған спин жүйесінің өзіндік тербелісі туралы механикалық (классикалық немесе кванттық) есепті қандай да бір түрде шешу қажет [3].

Бұл мәселенің жеткілікті дәйекті шешімі жүйенің әлсіз тербелістері болған жағдайда ғана мүмкін болды, төмен температура аймағындағы магниттік кристалдардың қасиеттерін сипаттауға жарамды спин-толқындық жуықтау деп аталады. Алайда, спин-толқындық жуықтау шеңберінде модельдік микроскопиялық тәсіл де, феноменологиялық тәсіл де мүмкін.


Диа- және парамагнетиктер сияқты әлсіз магниттелетін заттардан басқа, сыртқы магнит өрісі жоқ кезде кенеттен магниттелуі басым болатын, күшті магниттелетін заттар – ферромагнетиктер бар [4].



Әлсіз магниттелетін заттардың j магниттелінуі $\vec{H}$ өскен сайын сызықтық тәуелділікте өзгеретін болса, ферромагнетиктерде H өсуіне байланысты магниттеліну алғашында жылдам өседі де, сонан кейін $I_{кан}$ қанығу дәрежесіне жетеді.

Ферромагнетиктерде магниттік өтімділігі μ өте үлкен мәндерге ие болады. (темір үшін – ≈ 5000 , ал супермаллояның қорытындысында – 800000).


Ферромагнетиктерде магниттік индукция B мен магниттік өтімділік магнит өрісі кернеулігі H байланысты.



Әлсіз өрістерде Н-тың өсуіне байланысты (*а*-суретте) $B = \mu_0(H + J)$ тез өседі (0-1-2 бөліктер), ал күшті өрістерде $j = j_{кан}$ болғандықтан, B индукциясы H кернеулігіне сызықты тәуелділікте өседі (2-3 бөлік). Осыған орай $\mu = \frac{B}{\mu_0 H} = 1 + \frac{j}{H}$ алдымен H-тың өсуіне байланысты өседі де (сурет, б), максимум мәніне жетіп, өте күшті өріс жағдайында 1-ге ұмтылып, азая бастайды. Ферромагниттерде магниттелудің j магнит өрісіне тәуелділігі магниттелуге дейінгі шарттармен анықталады. алғы шарты болып тбылады. Бұл құбылыс магниттік гистерезис деп аталады [5].

Егер ферромагнетикті қанығуға дейін магниттеп (0-1 қисығы), одан кейін H-ты азайтсақ (1-2 қисығы), онда $H = 0$ болғанда ферромагнетикте қалдық магниттелу $j_{қалд}$ қалады.

Бұл құбылыс тұрақты магниттерді жасауда қолданылады.Магниттелуді нольге дейін азайту үшін, коэрцитивтік күш деп аталатын кернеулігі H_C -ға тең қарама-қарсы бағытталған өріс тудыру керек. Қарама-қарсы өрісті одан әрі күшейте түсетін болсақ, ферромагнетик кері магниттеліп, (3-4 қисық) қанығу дәрежесіне жетеді (4 нүкте). Оны одан әрі оны магнитсіздендіріп (4-5-6 қисығы) және қайтадан қанығу дәрежесіне дейін магниттеуге болады (6-1 қисығы). Магниттелудің өзгерісі 1-2-3-4-5-6-1 гистеризис тұзағы деп аталатын қисықпен сипатталады.



Әдебиеттер

1. Павлов П. В. Физика твердого тела [Текст]: учебник/ П. В. Павлов, А. Ф. Хохлов.- Москва: Высшая школа, 2010.- 494 с.: ил.
2. Гольдштейн Ю. Б. Основы механики твердого деформируемого тела: Учеб. пособие/ Ю. Б. Гольдштейн; ПетрГУ. - Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 2005. - 872 с.
3. Кошелев А.И. Механика деформируемого твердого тела: Электронный учебник/. Кошелев А.И., Нарбут М.А. - СПб.: С-Петерб. гос. ун-т, 2005. - 287 с.
4. Елисеев В. В. Механика деформируемого твёрдого тела- СПб.: С-Петерб. гос. ун-т, 2006 г., 231 с.
5. Савельева, И.В. Курс общей физики. Электричество и магнетизм. Волны. Оптика : [Текст] учебник для студентов вузов / Москва; под общ.ред. Савельева И.В. Москва: Наука, 1982. Т.2.-1982.- 496 с.

ӘОЖ 57.01, 37.015, 37.016

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ "PIZA" ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдукадирова У.А. – ЕП-24-16к тобының студенті
Сабденова У.О. – аға оқытушы, магистр

Химия пәнін оқытуда халықаралық бағалау бағдарламасы – PISA (Programme for International Student Assessment) тапсырмаларын қолдану білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

PISA тапсырмаларын әзірлеуге жеке химия ғалымдары емес, халықаралық зерттеу тобы мен педагогикалықәдістемелерді зерттейтін сарапшылар үлес қосты.

PISA халықаралық зерттеуі - оқушылардың пәндер бойынша сауаттылығын және алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білу қабілетін бағалайды.

Бірінші рет дамыған 1997 жылы және 2000 жылы жүзеге асырылды. Оқу үш жылда бір рет өткізіледі және көбірек назар аудару үшін жетекші сала таңдалады.

2025 жылы ғылыми сауаттылық деңгейі тексеріледі.

Зерттеу гипотезасы:

«PISA тапсырмаларының химия пәнін оқытудағы тиімділігі оқушылардың критикалық ойлау дағдыларын, ғылыми мәселелерді шешу қабілетін және тақырыпты терең түсінуін арттырады.»

Бұл гипотеза арқылы PISA (Programme for International Student Assessment) тапсырмаларының химия пәнін оқытуда қолданылуының оқушылардың білім сапасына, оның ішінде оқу материалын түсіну деңгейіне, ойлау қабілеттеріне және мәселелерді шешу тәсілдеріне қалай әсер ететінін зерттеу мақсатын көздейді.

Зерттеу барысында тексерілетін негізгі аспектілер:

1.Критикалық ойлау: PISA тапсырмаларының оқушылардың химиялық білімді тереңірек талдау және критикалық тұрғыдан қарау қабілетін дамытудағы рөлі.

2. Ғылыми мәселелерді шешу: Оқушылардың химиялық құбылыстарды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып шешу тәсілдерін жетілдіру.

3. Тақырыпты терең түсіну: PISA тапсырмаларының оқу материалын тек жаттап алу емес, оны түсіну және қолдану қабілетін дамытуға ықпал етуі.

Бұл гипотезаны зерттеу химия пәнін оқытудың жаңа тәсілдерін қалыптастыруға, оқыту процесін тиімдірек ұйымдастыруға көмектеседі.

Зерттеу мақсаты– оқушылардың білімін дәстүрлі әдістермен ғана емес, оны өмірде қолдану қабілеттері арқылы бағалау. Химияға қатысты PISA тапсырмаларын нақты бір ғалымның еңбегіне жатқызу мүмкін емес, бірақ бұл әдістеме қазіргі білім беру жүйесініңөзекті қажеттіліктеріне жауап береді және оқытудың тиімділігін арттырады.

PISA зерттеудің мақсаты:белгілі бір елдің білім беру жүйесінің тиімділігін зерттейтін мониторингтік зерттеу.

Ол білім беру жүйесінің нәтижелерінің тенденцияларын және мектеп оқушыларының жетістігіне тәуелді факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

- белгілі бір елдің 15 жастағы мектеп оқушыларының қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүруі үшін білім, білік және дағдылар жиынтығы бар ма.

- Бұл жиынтыққа практикалық дағдылар мен әлеуметтік дағдылар кіреді, мысалы, қарым-қатынас орнату және қарым-қатынас жасау.

Зерттеу міндеттері:

PISA тапсырмалары оқушылардың тек пәндік білімдерін емес, сонымен қатар оларды өмірде қолдану қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын бағалауға бағытталған.

1. Химия пәнінде қолдануға арналған PISA форматындағы тапсырмаларды әзірлеу немесе бейімдеу.

2. Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыру.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен ғылыми сауаттылық деңгейін бағалау.

4. PISA тапсырмаларының оқушылардың пәнге деген қызығушылығына әсерін анықтау.

Әдеби шолу

"Химия пәнін оқытудағы PISA тапсырмаларының тиімділігі" тақырыбын зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамытуда PISA тапсырмаларын қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

1. PISA бағдарламасының ерекшеліктері

PISA (Programme for International Student Assessment) – бұл 15 жастағы оқушылардың білімдерін өмірде қолдану қабілетін бағалайтын халықаралық зерттеу. Химия пәнінде қолданылатын PISA тапсырмалары көбінесе оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруды көздейді. OECD (2019) еңбегінде PISA тапсырмаларының негізі – нақты өмірден алынған жағдайлар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған мазмұн мен контекстік құндылық екені айтылады.

2. PISA тапсырмаларының білім беру үрдісіндегі орны

PISA тапсырмаларының тиімділігі туралы зерттеулерде олардың оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, талдау, және деректерді интерпретациялау қабілеттерін арттырудағы маңызы ерекше атап өтіледі. Шабельникова мен Арсентьева (2021) химия сабақтарында PISA форматындағы тапсырмаларды қолдану оқушылардың дербес шешім қабылдау және тәжірибелік дағдыларын дамытатынын көрсеткен.

3. Химия сабақтарында PISA тапсырмаларын қолданудың маңыздылығы

Мұхамбетова (2020) өз зерттеуінде PISA тапсырмаларын оқыту үрдісіне енгізу оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың білімдерін күнделікті өмірде қолдануға дайындайтынын айқындаған. Сонымен қатар, ол тапсырмалардың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда тиімді екенін атап өтеді.

4. PISA тапсырмаларының құрылымы мен мазмұны

PISA тапсырмаларының мазмұны нақты өмірлік жағдайларға негізделген. Мысалы, химия пәнінде экологиялық проблемалар, тұрмыстық химия, азық-түлік қауіпсіздігі секілді тақырыптар қарастырылады. Жолдасова мен Әбілғазиева (2022) зерттеулерінде бұл тапсырмалар оқушыларды ғылымның қоғамдағы рөлін түсінуге және химиялық білімді күнделікті мәселелерді шешуге бағыттайтынын атап өтеді.

5. Қолдану тиімділігі

Химия сабағында PISA тапсырмаларын пайдалану келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

Оқушылардың ғылыми сауаттылығы артады.

Теория мен тәжірибені байланыстыру дағдылары қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамиды.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік дағдылары жетілдіріледі.

6. Практикалық қолдану әдістері

Мұғалімдер үшін PISA тапсырмаларын сабақта қолдану барысында олардың мазмұнын ұлттық бағдарламаға бейімдеу маңызды. Қазақстанның орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасында (2016) химия пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін қолданылатын әдістер нақты сипатталған.

Бұл нәтижелер мұғалімдерге оқушыларды жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша халықаралық зерттеулерге жақсы дайындап қана қоймай, жалпы білім беру сапасын жақсартуға көмектеседі.
Эксперимент нәтижесінде PISA тапсырмаларының химия сабағында қолданылуы оқушылардың ғылыми сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын арттыратыны анықталады. Мұндай тапсырмаларды оқу процесіне жүйелі түрде енгізу оқушылардың өмірде білімдерін қолдануға дайындығын жақсартады.

Әдебиеттер

1. OECD. (2019). PISA 2018 Results (Volume I, II, III). Paris: OECD Publishing.
2. Бұл кітапта PISA бағдарламасының негізгі принциптері, тапсырмаларды әзірлеу әдістемесі, және оларды қолданудың тиімді жолдары сипатталған.
3. Шабельникова, Т. М., & Арсентьева, Н. П. (2021). "PISA тапсырмаларын химия пәнінде қолдану ерекшеліктері". Білім берудегі инновациялар журналы, №4, 45-51 бет.
4. Мұхамбетова, Б. Ж. (2020). "Орта білім беру жүйесінде PISA тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамыту". Педагогика ғылымы және тәжірибе журналы, 2(5), 36-42 бет.
5. Wollscheid, S. (2016). What makes chemistry tasks in PISA successful?. Educational Research Review, 10(3), 20-35.
6. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы (2016).
7. Жолдасова, А. Қ., & Әбілғазиева, С. Т. (2022). "Функционалдық сауаттылықты дамытуда PISA тапсырмаларының маңызы". Білім беру саясаты журналы, №1, 28-33 бет.

ӘОЖ 510(075.8):51

ФУНКЦИЯНЫ ФУРЬЕ ҚАТАРЫНА ЖІКТЕУГЕ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

Абышева Б. Ж. - ЕП-21-11к3 тобының студенті
Дуйсебаева П.С. - аға оқытушы, магистр

Фурье қатары $f(x)$ функциясына жіктелген жинақты және оның қосындысы $f(x)$-ке тең болуы үшін қандай қасиеттерге ие болатынын көрсетейік.

Мынадай жаңа ұғымдар енгізейік.

1) $f(x)$ функциясы $[a,b]$ кесіндісін $a_0 = a < a_1 < a_2 < .... < a_n = b$ нүктелері арқылы бөлу нәтижесінде алынған әрбір аралықта біркелкі өзгеретін болса, онда $f(x)$ функциясын $[a,b]$ кесіндісінде бөліктері – біркелкі функция деп атайды.

2) $f(x)$ функциясы $[a,b]$ кесіндісін $b_0 = b < b_1 < b_2 < .... < b_n = b$ нүктелері арқылы бөлу нәтижесінде алынған әрбір аралықта үздіксіз және туындылары бар, сонымен бірге $b_i (i = 0,1,2,...,n)$ нүктелерінде функция мен оның туындыларының солжақты және оңжақты шектеулі шектері бар болса, онда $f(x)$ функциясын $[a,b]$ кесіндісінде бөлікті-дифференциалданатын функция деп атайды.

Айта кететін нәрсе: $f(x)$ функциясы $[a,b]$ кесіндісінде бөлікті-дифференциалданатын болса, ол бөлікті-біркелкі функция да болады.

Шектелген бөліктері-біркелкі және бөлікті-дифференциалданатын функцияның $[a,b]$ кесіндісінде саны шектеулі үзіліс нүктелері бар болуы мүмкін.

Периодты $f(x)$ функциясының Фурье қатарына жіктелуінің қажетті және жеткілікті шарттарын көрсететін негізгі теореманы, Дирихле теоремасын дәлелдеусіз келтірейік.

Егер периоды 2π болатын $f(x)$ функциясы $[-\pi,\pi]$ кесіндісінде бөліктері-біркелкі болса, онда оның Фурье қатары функцияның барлық үздіксіз нүктелерінде $f(x)$-ке жинақты болады.

Егер x_0-нүктесінде функция шектеулі, әрі үзілісті болса, онда Фурье қатарының қосындысы бұл нүктеде

$$\frac{f(x_0 - 0) + f(x_0 + 0)}{2}$$

шамасына тең, яғни x_0 нүктесіндегі функцияның солжақты және оңжақты шектерінің арифметикалық ортасына тең болады. Ал, $x = \pm\pi$ нүктелерінде Фурье қатарының қосындысы

$$\frac{f(-\pi + 0) + f(\pi - 0)}{2}$$

шамасына тең, яғни $-\pi$ нүктесіндегі оңжақты және π нүктесіндегі солжақты шектерінің арифметикалық ортасына тең [1].

Мысал. $f(x) = \begin{cases} -1, & -\pi < x < 0, \\ 1, & 0 < x < \pi \end{cases}$ функциясын Фурье қатарына жіктеңіздер.

Шешуі. Функция тақ, сондықтан ол Фурье қатарына синустар бойынша жіктеледі. b_n коэффициенттерін табайық:

$$b_n = \frac{2}{\pi}\int_0^{\pi} f(x)\sin nx dx = \frac{2}{\pi}\int_0^{\pi}\sin nx dx = -\frac{2}{\pi n}\cos nx\Big|_0^{\pi} = -\frac{2}{\pi n}(\cos \pi n - \cos 0) =$$

$$-\frac{2}{\pi n}((-1)^n - 1) = \frac{2}{\pi n}(1 - (-1)^n) = \begin{cases} 0, & n = 2k, \\ \dfrac{4}{\pi(2k-1)}, & n = 2k-1, \end{cases} \quad k = 1,2,...$$

Соңында

$$f(x) = \frac{4}{\pi}\sum_{k=1}^{\infty}\frac{\sin(2k-1)x}{2k-1} = \frac{4}{\pi}\left(\frac{\sin x}{1} + \frac{\sin 3x}{3} + \frac{\sin 5x}{5} + ...\right).$$

шығады.

Бұл теңдікте $x=\frac{\pi}{4}$ мәнін қоямыз. Сонда

$$1=\frac{4}{\pi}\left(\frac{\sin\frac{\pi}{2}}{1}+\frac{\sin 3\pi 2}{3}+\frac{\sin 5\pi 2}{5}+...\right)=\frac{4}{\pi}\left(1-\frac{1}{3}+\frac{1}{5}-...\right),$$

Бұл жерден $\frac{\pi}{4}=1-\frac{1}{3}+\frac{1}{5}-...+(-1)^{k+1}\frac{1}{2k-1}+...,$ яғни біз $\frac{\pi}{4}$ санының ақырсыз қатарын аламыз.

Мысал. $f(x)=\frac{\pi}{4}-\frac{x}{2}$ функциясын $[0,\pi]$ кесіндісінде косинустар бойынша Фурье қатарына жіктеңіз.

Шешуі. Функцияны $[-\pi,0]$ кесіндісіне жұп түрде жалғастырамыз. Нәтижеде жұп функция шығады да, Фурье қатары тек косинустардан құралатын болады. $a_n \quad (n=0,1,2,...)$ коэффициенттерін есептейміз:

$$a_0=\frac{2}{\pi}\int_0^{\pi}f(x)dx=\frac{2}{\pi}\int_0^{\pi}\left(\frac{\pi}{4}-\frac{x}{2}\right)dx=\frac{2}{\pi}\left(\frac{\pi}{4}x-\frac{x^2}{4}\right)\Bigg|_0^{\pi}=\frac{2}{\pi}\left(\frac{\pi^2}{4}-\frac{\pi^2}{4}\right)=0$$

$$a_n=\frac{2}{\pi}\int_0^{\pi}f(x)\cos nxdx=\frac{2}{\pi}\int_0^{\pi}\left(\frac{\pi}{4}-\frac{x}{2}\right)\cos nxdx=\frac{1}{2}\int_0^{\pi}\cos nxdx-\frac{1}{\pi}\int_0^{\pi}x\cos nxdx=$$

$$=\frac{\sin nx}{2n}\Bigg|_0^{\pi}-\frac{x\sin nx}{\pi n}\Bigg|_0^{\pi}+\frac{1}{\pi n}\int_0^{\pi}\sin nxdx=\frac{1}{2n}(\sin\pi n-\sin 0)-\frac{1}{\pi n}(\pi\sin\pi n-0\cdot\sin 0)-$$

$$-\frac{\cos nx}{\pi n^2}\Bigg|_0^{\pi}=\frac{1}{\pi n^2}(\cos\pi n-\cos 0)=\frac{1}{\pi n^2}(1-(-1)^n)=\begin{cases}0, & n=2k,\\ \frac{2}{\pi n^2}, & n=2k-1,\end{cases}$$

Сонымен, $f(x)=\frac{2}{\pi}\sum_{k=1}^{\infty}\frac{\cos(2k-1)x}{(2k-1)^2}$.

Бұл формулада х=0 мәнін қоямыз. Сонда $\frac{\pi}{4}=\frac{2}{\pi}\sum_{k=1}^{\infty}\frac{1}{(2k-1)^2}$, бұл формуладан $\sum_{k=1}^{\infty}\frac{1}{(2k-1)^2}=1+\frac{1}{3^2}+\frac{1}{5^2}+...=\frac{\pi^2}{8}$ шығады, бұл осы қатардың алдында табылған мәнімен сәйкес келеді. [2].

Әдебиеттер

1. Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы. Оқулық/ Жәутіков О.А. Екінші басылым; Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы: «Экономик» баспасы, 2014. – 832 бет.
2. Аширбаев Н.Қ., Қаратаев Ж., Сұлтанбек Т.С., Алтынбеков Ш.Е. Көп айнымалы функцияның интегралдық есептеулері. Оқу құралы.-Шымкент: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2016.-424 б.

ӘОЖ 373.151.81

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МӘТІН ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Адеханова А. Т. – МТП-2нк тобының магистранты
Мирзахметов М.М. – п.ғ.к., доцент

Көркем шығарма жазба өнердің бір түрі ретінде оқушының тілдік дағдыларын жетілдірудің қуатты құралы екені белгілі. «Ана тілі» сабақтарында М. Шаханов шығармалары оқушыға тек білім мазмұнын меңгертіп қана қоймайды, сонымен бірге оқушының сол эстетикалық әлемде өзінің ой-пікірін, танымын, талғамын жүзеге асыратын қабілеттер мен тілдік дағдыларын қалыптастыруға, отанға деген

сүйіспеншіліктерін дамытуға арналған[1], [2], [3], [4]. [5]. М. Шахановтың шығармалары оқушының сұлулыққа, мейірімділік пен адамгершілікке, әділдікке деген ұмтылысы, құштарлығын нақты әдеби шығармадағы өмірлікке жақын келетін суреттемелерді үйрету негізінде меңгертіледі. Ғалым С.Рахметова «...көркем шығармалардың оқушыларды тәрбиелеулегі маңызын былайша жан-жақты талдап көрсетеді:

- идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
- дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;
- балаларды, жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;
- Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;
- балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;
- халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, отанды сүю, бейбітшілік пен халықтар достығы рухында қалыптастыру;
- саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;
- еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу» [4,125].

М. Шахановтың шығармаларының эстетикалық тәрбиелік әлеуетінде тілдік-идеялық қуат болуы міндетті болып табылады. Сондықтан М. Шаханов шығармалары өнердің бір түрі ретінде оқушының жеке тұлғасын эстетикалық тәрбиелудің қуатты құралы болып табылады. Ақынның өлендері оқушыға тек білім мазмұнын меңгертіп қана қоймайды, сонымен бірге оқушының сол эстетикалық әлемде өзінің ой-пікірін, танымын, талғамын жүзеге асыратын қабілеттер мен білік-дағдыларды қалыптастырады. Ақынның шығармалары оқушының сұлулыққа, мейірімділік пен адамгершілікке, әділдікке деген ұмтылысы, құштарлығын нақты әдеби шығармадағы өмірлікке жақын келетін суреттемелер негізінде меңгертіледі. Мысалы М. Шахановтың «Шың басындағы оқиға» атты шығармасын талдайық:

Бір-бірінен көз айырмай үздігіп
Құзар шыңның басында тұр қыз, жігіт.
Қыранымсың күллі Кавказ мақтаған,
Қанатыңа алғаныңа шаттанам.
Тағдырымды бердім, жаным, қолыңа,
Енді өзің біл,
Сенсіз өмір жоқ маған! –
Деді сұлу жасаурап от жанары.
Жігіт те оған ырзалықпен,
Ерге біткен мырзалықпен
Жүрегінен жалын шаша қарады.
"Қандай бақыт түсініскен, сеніскен".
Біраздан соң, қиқу шықты еңістен –
Бұл, әрине, қуғыншының хабары.
- Нар тәуекел,
Келсе, келсін! –
Батыр жігіт томсарды,
Томсарды да, қанжарына қол салды.
- Жо-жоқ, күнім,
Қайсарланба бекерге,
Жалынамын,
Әкеме қол көтерме.
Жазмыш солай болған шығар,
Көнеміз.
Ғашық болып сыртына.
Тек ол өлім - өнегелі өр өлім,
Өр өлімнен шын ғашықтың құдіретін көремін.
Неге бізде еркін, ұзақ ғұмыр сүрген нар жоқ?
Нар жоқтығы –
Нарды жығар сен секілді жар көп.
Қалың жұртты мен екіге бөлемін:
Сүйе алатындар деп,
Сүйе алмайтындар деп,
Сүйе алмайтынына
Ұялмайтындар деп.
Сәтсіз бітті пенделікпен күресің,
Сен, әрине, соңғы топқа кіресің.

Сүйе алмаудың зор қасірет екенін
Пенделердің есіне сап жүресің.

Өленді мазмұндық талдау:- Өлең не туралы айтылғанын қысқаша айтып бер.

- «Әке, қызың күйе жақты данқыңа,
Күйе жақты ата-баба салтына.
Сатқындықтан жиреніште не болмақ
Таудың қайсар ұлағатты халқына.» қандай мағына береді, өз сөзіңмен мағынасын ашыңдар.
- Өленде қандай қасиеттер дәріптеледі, атаңдар.

Мұндай шығармалар оқушылардың эстетикалық тәрбиелік қасиеттерін нығайтады.

Түсіндірме күнделік жұмысы

Мәтіннен алынған сөз не сөз тіркесі (оқушы таңдауы бойынша)	**Шығармадағы түсінік**	**Мазмұнды ашудағы оқушы түсінігі**
Қыз бен жігіт	.....	.....
тау халқының салт-дәстүрі	.....	.....
сөзде тұра алмау	.....	.....
уәдесінен тайқу	.....	.....
сатқындық	.....	.....
әкесінің шешімі	.....	.....

Осындай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың тілдік дағдылары қалыптасады, яғни тек тау халқының салт-дәстүрі туралы мағлұмат алып қана қоймай, сонымен қатар талдау, жинақтау, іздену, шешім шығару, шешімінің дұрыстығына көз жеткізу, өзіндік пікір айту секілді ойлау операцияларын орындау арқылы ақпарттарды талдайды.Бірінші тапсырмада оқушылар сатқындық, сөзде тұра алмау, уәдесінен тайқу секілді секілді сөздердің мағынасын айқын түсінеді, екінші тапсырмада балалар мәтіндегі мағлұматты табу, соның дұрыстығына көз жеткізу, мәтінді қайтара түсініп оқу.Осындай танымдық тапсырмаларды қазақ тілі сабақтарында «Сөз және оның мағынасы» тақырыптарында орындату арқылы оқушылар продуктивті ойлаудың қарапайым операцияларын меңгереді.

Әдебиеттер

1. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы.Алматы:- 2013.-904 б.
2. Жарықбаев Қ. Психология. -Алматы.: Білім, 1993. -272 б.
3. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы: Рауан, 1998. – 127 б.
4. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Аматы: Әл – Фараби, 1995. – 209 б.
5. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: Пед. ғыл. докт. …дис. автореф.-Алматы, 1993 -46 б

УДК 622.349.5:504.054.6

ВЛИЯНИЕ ДОБЫЧИ УРАНА НА ГЕОСИСТЕМЫ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Азимбаев А. Н. – студент группы ЕП-21-18к
Дайрабаева А. Ж. – старший преподаватель

Туркестанская область по праву занимает лидирующие позиции в Казахстане по запасам урана, что делает её ключевым центром уранодобывающей промышленности. Основные месторождения этого ценного ресурса расположены в Чу-Сарысуйской и Сырдарьинской урановорудных провинциях, являющихся частью крупнейшей Притяньшаньской урановорудной мегапровинции. Формирование этих месторождений происходило под воздействием инфильтрационных вод, что привело к отложению растворённого урана на восстановительных геохимических барьерах.[1].

В Туркестанской области находится семь крупных месторождений урана: Инкай (302,3 тыс. тонн), Буденовское (98,7 тыс. тонн), Мынкудук (68,9 тыс. тонн), Моинкум (39,9 тыс. тонн), Канжуган (17,1 тыс. тонн), Жалпак (14,5 тыс. тонн) и Заречное (11,5 тыс. тонн).[2].

Извлечение урана в Туркестанской области осуществляется посредством метода подземного скважинного выщелачивания, который является наиболее широко применяемым способом добычи урана в Казахстане. Этот метод базируется на нагнетании в пласт слабого раствора серной кислоты, который растворяет урановые соединения. Затем полученный продуктивный раствор извлекается на поверхность, где происходит осаждение и переработка урана. Такое технологическое решение позволяет оптимизировать затраты на добычу и избежать необходимости использования традиционного шахтного метода, однако имеет ряд экологических последствий.[3].

Одним из наиболее значимых последствий добычи урана для окружающей среды является загрязнение водных ресурсов. В процессе подземного выщелачивания химические вещества, используемые в

процессе добычи, могут проникать в подземные воды, изменяя их химический состав. Это приводит к повышению кислотности воды, растворению тяжёлых металлов и выходу радионуклидов за пределы месторождения. В долгосрочной перспективе подобное загрязнение может оказать негативное влияние на водоснабжение населённых пунктов и сельское хозяйство региона. Кроме того, учитывая особенности гидрогеологической ситуации в регионе, существует риск распространения загрязнённых вод на более обширные территории, что делает контроль и мониторинг качества воды критически важными мерами.[4].

В районах добычи урана происходят значительные изменения в почве. В результате деятельности уранодобывающих предприятий возможна её засолённость и нарушение структуры. Осадки, содержащие уран и другие токсичные элементы, могут накапливаться в верхних слоях почвы, что приводит к снижению её плодородия. Кроме того, техногенные процессы могут вызвать изменение гидрогеологических условий и эрозионные процессы. Несоблюдение природоохранных норм может привести к образованию радиоактивных отходов, требующих специальных методов утилизации. Накопление таких отходов без должного контроля может привести к их распространению в окружающую среду, усугубляя ситуацию.[5].

Воздействие на атмосферный воздух сопряжено с выбросами загрязняющих веществ, происходящими в ходе эксплуатации уранодобывающих комплексов. В процессе строительства и эксплуатации предприятий в атмосферу выбрасывается мелкодисперсная пыль, содержащая радиоактивные частицы. Кроме того, в атмосферу попадают сернистые соединения, аммиак, углекислый газ и другие вещества, применяемые в технологических процессах. Хотя концентрация этих веществ не превышает предельно допустимых норм, их длительное воздействие может негативно сказаться на здоровье населения и экосистеме региона. Дополнительными факторами риска являются транспортировка урана и вспомогательных реагентов, в процессе которой возможны аварийные выбросы вредных веществ. Это требует строгого контроля за условиями перевозки.[6].

Добыча урана, как и любая промышленная деятельность, сопряжена с потенциальными экологическими рисками, которые могут негативно влиять на биоразнообразие. Для флоры основными угрозами являются деградация растительного покрова, вызванная вырубкой, техногенным нарушением почвенного слоя и эрозией, что приводит к исчезновению аборигенных видов и их замене на сорные и рудеральные растения, устойчивые к загрязнению, но снижающие общее биоразнообразие. Химическое и радиологическое загрязнение, связанное с пылью, выбросами и стоками, может угнетать рост растений и нарушать их генетическую стабильность. Кроме того, фрагментация местообитаний из-за строительства инфраструктуры, такой как дороги и трубопроводы, ограничивает распространение видов и нарушает целостность экосистем.

Для фауны риски включают вытеснение животных из-за шума, вибрации и присутствия человека, что нарушает их естественные места обитания и вынуждает мигрировать. Сокращение кормовой базы, вызванное деградацией растительности, усугубляет эту проблему. Косвенное воздействие, такое как загрязнение воды и почвы токсинами, может привести к накоплению вредных веществ в организмах животных, влияя на их репродуктивную функцию и выживаемость. Также промышленные объекты могут блокировать традиционные миграционные пути, что особенно критично для редких и мигрирующих видов. Долгосрочные экологические последствия добычи урана включают радиоактивное загрязнение, которое может сохраняться десятилетиями, нарушая естественные процессы восстановления экосистем. Изменение структуры почв и гидрологического режима снижает способность территории к самовосстановлению, а биоаккумуляция токсинов в пищевых цепях угрожает не только диким видам, но и человеку.[7].

Экономическая значимость уранодобывающей отрасли не вызывает сомнений, однако её развитие должно быть сопряжено с неукоснительным соблюдением экологических норм. Внедрение дополнительных мер по очистке промышленных стоков, восстановлению земель и снижению выбросов может способствовать минимизации негативного воздействия на экосистему и здоровье населения региона. Важно также учитывать международные стандарты экологической безопасности и использовать передовые технологии, позволяющие минимизировать экологические риски. Например, применение более безопасных химических реагентов для выщелачивания урана или усовершенствование системы очистки сточных вод может значительно снизить загрязнение окружающей среды.

Таким образом, разработка урановых месторождений в Туркестанской области оказывает комплексное воздействие на геосистемы региона. С одной стороны, данный процесс имеет существенное значение для экономического развития и обеспечения энергетической независимости страны. С другой стороны, он сопряжён с серьёзными экологическими рисками. Снижение негативных последствий возможно при строгом соблюдении природоохранных норм, совершенствовании технологий разработки месторождений и усиленном мониторинге состояния окружающей среды. Введение дополнительных мер позволит сбалансировать экономические интересы и необходимость сохранения природных ресурсов для будущих поколений. Кроме того, необходимо проводить комплексные исследования влияния разработки урановых месторождений на здоровье населения, чтобы разработать эффективные меры профилактики возможных негативных последствий.

Литература

1. Петров Н.Н., Язиков В.Г., Аубакиров Х.Б., Плеханов В.Н., Вершков А.Ф., Лухтин В.Ф. Урановые месторождения Казахстана (экзогенные). Алматы: Гылым, 1995 – 264 с.
2. https://lsm.kz/krupnye-mestorozhdeniya-urana-v-kazahstane-infografika
3. Лаверов Н.П., Абдульманов И.Г., Бровин К.Г. и др. Подземное выщелачивание полиэлементных руд / Под ред. Н.П. Лаверова. М.: Изд. Академии горных наук, 1998. – 446 с.
4. Бабкин А.С., Посохова Е.М., Теровская Т.С., Кеслер А.Г., Носков М.Д. Прогнозирование геоэкологического состояния недр при добыче урана методом скважинного подземного выщелачивания // Вестник Российской академии естественных наук. – 2013. – №7. – с. 35- 41.
5. Сушко С.М., Шишков И.А. Уранодобывающая отрасль Казахстана и перспективы её развития // Радиоактивность и радиоактивные элементы в среде обитание человека: материалы IV международ. конф. - Томск, 2013. - с. 506-511.
6. Отчет о НИР «Проведение постоянного государственного мониторинга за пылением радиоактивных и токсичных отходов хвостохранилища Кошкар-Ата» / ТОО «Экосервис С». – Алматы, 2005. - 65 с.
7. ТОО «Институт высоких технологий», АО «НАК «КАЗАТОМПРОМ». Отчёт о возможных воздействиях, Шифр 221-ОВВ. Алматы, 2022. – С. 76-78.

ӘОЖ 661.187

ЕМДІК ШӨПТЕРМЕН БАЙЫТЫЛҒАН САБЫНДЫ АЛУ

Айтбай А.А. – ЕП-23-16к тобының студенті
Мусаева С.А. –х.ғ.к., доцент

Грек философы Теофраст өсімдіктерді үш топқа бөлді: ағаш, бұтақ және шөптер. Бірінші шөптің үш түрін бөліп алды: тәтті шөптер (мысалы, зире), салат шөптері (мысалы, жабайы балдыркөк) және ащщы шөптер (мысалы, пияз). Шамамен XVII ғасырда будандастырудың нәтижесінде үй шөптерін көкөністерге жатқызды, яғни ол жабайы өсімдіктерден ерекшеленетін өсімдіктердің мөлшері мен дәмін өзгертті. Сол кезде оларды ыдыста өсірілетіндер деп есептеді. Шөп сабын – теріні тазалайтын және әрлендіретін құрал. Шөпті косметикада қолданудың негізгі артықшылығы оның тазалығы, яғни ағзаны қоректік заттармен және пайдалы минералдармен байытады, ешқандай жағымсыз қосымша әсерлер тудырмайды. Адамның шашы мен терісінің сұлулығы оның денсаулығына, өмір сүру жағдайына, күнделікті жаттығуына, қоршаған орта мен оларға күтім жасауына байланысты. Жазғы ұзақ уақыт жылу әсерінен сусыздандыру теріде сепкіл, әжім, қара дақтар және күннен күю пайда болады.

Соңғы жылдары шөптен жасалған дәрілерді қолдану күрт өсті. Дамыған және дамушы елдерде әлем халқының шамамен 80 пайызы дәрі-дәрмектерінде өсімдік сығындыларын пайдаланады деп санайды. Ол әсіресе дамымаған елдерде әртүрлі ауруларды емдеудің негізгі әдістерінің бірі ретінде танылды. "Дәрілік өсімдік құралдары" деп аталатын медициналық зерттеу саласы дәрілік өсімдіктер мен олардың сығындыларын қолданудың таңқаларлық кеңеюінен туындады.

Шөп сабынының синтетикалық сабынға қарағанда артықшылығы бар, яғни өсімдік сығындылары, эфир майлары және шөптер сияқты шөп сабынындағы табиғи компоненттер синтетикалық сабынға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие.

1. Теріге жұмсақ әсер: шөптен жасалған сабын синтетикалық сабынмен салыстырғанда жиі жұмсақ болады, сол себепті сезімтал теріге қолайлы болады.

2. Табиғи ингредиент: шөп сабыны көбінесе теріні нәрлендіретін және ылғалдандыратын табиғи ингредиенттерден тұрады, олар ши майы, кокос майы, зәйтүн майы және алоэ вера.

3. Құрамында химиялық заттар жоқ: шөп сабынында қатты химиялық заттардың, жасанды хош иістердің және синтетикалық бояғыштардың болмауы аллергиялық реакциялар мен терінің тітіркену мүмкіндігін азайтады.

4. Экологиялық таза: синтетикалық сабынмен салыстырғанда, өсімдік сабыны биологиялық ыдырайтын және қоршаған ортаға зиянсыз, өйткені ол табиғи ингредиенттерден жасалған.

5. Ароматерапияның артықшылықтары: эфир майларын шөп сабынымен біріктіру арқылы стрессті жеңілдету, көңіл-күйді жақсарту және релаксация сияқты ароматерапияның артықшылықтарын алуға болады.

6. Табиғи бактерияға қарсы қасиеттері: лаванда майы мен шай ағашы сияқты кейбір өсімдік компоненттері теріні тазартуға және оны инфекциялардан қорғауға көмектесетін бактерияға қарсы қасиеттерге ие.

Емдік өсімдік шикізаттарын таңдайық.

Сабынды қоректік заттармен байыту үшін шөп тұнбалары, ұнтақтар, эфир майлары немесе инфузия түрінде әртүрлі шөптерді қолдануға болады. Бізге белгілі шөптер:

- Түймедақ - антисептикалы және суыққа қарсы әсері бар.
- Қырмызыгүлі–терідегі жараны және тітіркенуді емдейді.

Шашыратқыш - тері ауруларын және қышынуды жазады.

- Лаванда-бактерияғақарсытұрады.
- Райхан–аллергияны емдейді.
- Алоэ шырыны-терінісуландырадыжәнетез қалпынакеледі.

Қосымшаларды дайындау.

1. Эфир майы - пайдалы қасиеттерін сақтау үшін суытылған сабын массасына (40°C дейін) қосылады.
2. Қайнатпалар мен инфузиялар – теріге жұмсақ әсер беруу үшін сабынға қосатын суға көңіл бөлеміз.
3. Шөп ұнтақтары - сабынға жасыл –қоңыр түс, берік құрылым және пайдалы емдік қасиеттер береді.
4. Мацераттар (май экстрактысы) – қоректік заттардың сабында ұзақ сақталуын қамтамасыз етеді.

Шөпсабынжасаупроцесі

Қосылатын ингредиенттер тізімі:

500 г зәйтүнмайы (негізгі өнім)
200 г кокос майы (көбікбереді)
100 г касторамайы (ылғалдандыру үшін қажет)
72 г сілтілік (натрий гидрооксиді)
190 мл шөптұнбасы
10 мл лаванда эфирмайы
1 асханалыққасықтүймедақұнтағы

Кезеңдерге тоқталамыз:

Шөптердің тұнбасын дайындау–ыдысқа салынған 2 асханалық қасық шөптің үстіне200 мл 100^0 С қайнаған суды құйып, жарты сағатқа тұндырып қоямыз.

Майларды араластыру- ерігенқатты майларға сұйық майларды қосу керек.

Сілтімен жұмыс істеу–натрий гидроксидін салқындатылған тұнбағамұқият түрде салу (35-40°C температура).

Фазаларды біріктіру–майлардың үстіне сілті ерітіндісін құйып, араластырғышпен "бір тегіс араласқанша"шайқамыз.

Активті компоненттерді қосу-эфир майларын, шөп ұнтақтарын.

Пішіндеу-қалыпқа құйып, 24 сағатқа қалдыру, содан кейін қалыптан босатып, бөлме температурасында 1 сөткеге кептіруге жіберу.

Сабынның химиялық қасиеттерін зерттейміз.

Дайын сабынды келесідей параметрлерде талдаймыз:

- pH (қолайлы 8-11).
- Қаттылығы және көбіктенуі.
- Ылғалдандыру және антисептикалық қасиеттері.
- Гипоаллергенділікке талдау жүргізу (терімен сынау).

Қортындылай келе емдік шөптермен байытылған сабын табиғи тері күтімі болады. Лаванда гүлі, түймедақ, шашыратқыш, қырмызыгүлі, жалбыз және алоэ шырыны сияқты шөптердің қабынуға қарсы, антисептикалық және тыныштандыратын қасиеттері бар. Сонымен қатар, мұндай сабындарда аллергиялық реакциялар мен тітіркенуді тудыратын зиянды химиялық заттары жоқ.

Әдебиеттер

1. МЕСТ 790-89 Кір сабын мен иіс сабынды зерттеу.
2. МЕСТ 30266-95 Қатты кір сабын. Жалпы техникалық жағдай.
3. Протопопов, А.В. Өсімдік майынан май қышқылының натрий тұзын алу. / АВ. Протопопов. А.В. Голод. А.Е. Бовина, Д.С. Ватина (Уральский научный вестник, ТОО Урал науч.-книга. -Т.4. - №6.- 2018. - С. 48-51.

ӘОЖ517.929.7

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Айтбай Ж. – ЕП-21-11к2 тобының студенті
Мүсірепова Э.Б. – PhD,аға оқытушы

Кіріспе

Функционалдық теңдеулер–бұл ізделінді функцияның әртүрлі аргументтердегі мәндері өзара байланысқан теңдеулер.Мұндай теңдеулер математиканың көптеген салаларында,соның ішінде динамикалық жүйелер,ықтималдық теориясы,экономика және физикада кеңінен қолданылады.Функционалдық теңдеулердің асимптотикалық қасиеттерін зерттеу олардың шешімдерінің ұзақ мерзімді мінез-құлқын сипаттауға мүмкіндік береді.

1.Функционалдық теңдеулер және олардың асимптотикалық мінез-құлқы

Функционалдық теңдеулер жалпытүрдемынадайболуымүмкін:

F(x,f(x),f(g(x)),f(h(x)),...)=0

Асимптотикалық талдау кезінде шешімдердің шексіздікке немесе белгілі бірнүктеге жуықтағандағы қасиеттері зерттеледі.Егер lim(x→∞)f(x)=L шегі бар болса,онда f(x)функциясы асимптотикалық тұрақты деп аталады.Функционалдық теңдеулер математикалық бағдарламаларда лайықты орын таба алмағаны өкінішті,себебі,жеке функционалдық тендеулерді шешу такырыпты терен түсінуді кажет етеді жене тауелсіз шығармашылық жұмысқа деген сүйіспеншілікті оятады.Қазіргі уакытта мектеппен қалалықтан халықаралық олимпиадаларга дейін әртурлі олимпиадалардың мазмұны функционалдық тендеулермен тенсіздіктер деп атала бастады.Мундай тендеулерментен сіздіктерді әрқалай факультеттерге жоғары оқуорындарына түсу емтихандарынын мазмұнына тартуидеясыда бар.Демек,мұндай міндеттерді шешудіүйренгісі келетіндеркеп.Сондықтан"функционалдық теңдеулер"тақырыбы бүгінде өте өзектідепсеніммен айта аламыз.Менің ойымша,қазіргі уакыттағы функционалды теңдеулерді үйретететінқұралдарды дамыту керек.

2.Асимптотикалық қасиеттердің негізгі түрлері

Функционалдық теңдеулердің шешімдері үшін асимптотикалық қасиеттердің бірнеше негізгі түрлері бар:

-Асимптотикалық тұрақтылық–Егер барлық x үшінf(x)белгілі бір тұрақты мәнге ұмтылса,онда олтұрақты шешім болып табылады.

-Өсу және кему жылдамдығы–Функцияның шексіздікке жақындағандағы өсунекему жылдамдығы зерттеледі.

-Периодтылық–Кейбір функционалдық теңдеулердің шешімдері қайталанатын сипатқаие болады.

3.Қолданылуы

Функционалдық теңдеулердің асимптотикалық қасиеттері көптеген қолданбалы салаларда маңыздырөл атқарады:

-Динамикалық жүйелер–Функциялардың уақыт өтекелеқалай өзгеретінін талдауға мүмкіндік береді.

-Ықтималдық теориясы–Марковтық процестердің шектеулііүлестірімдері мен кездейсоқ серуендер асимптотикалық әдістермен талданады.

-Экономика–Экономикалық көрсеткіштердің тұрақтылығымен ұзақ мерзімді динамикасын зерттеуде қолданылады.

-Физика және техника–Жылуөткізгіштік,толқындық процестермен кванттық механикада кездесетін теңдеулердің шешімдерін сипаттау үшін пайдаланылады.

Қорытынды

Функционалдық теңдеулердің асимптотикалық қасиеттерін зерттеу олардың шешімдерінің ұзақ мерзімді мінез-құлқын түсінуге көмектеседі.Бұл қасиеттер көптеген ғылымсалаларында маңызды рөл атқарады,әсіресе динамикалық жүйелерді,ықтималдық процестерді және физикалық құбылыстарды зерттеуде кеңінен қолданылады.

Әдебиеттер

1. Kuczma,M.(2009).Anintroductiontothetheoryoffunctionalequationsandinequalities. Birkhäuser.
2. Aczél,J.(1966).Lecturesonfunctionalequationsandtheirapplications.Academic Press.
3. Czerwik,S.(2002).Functionalequationsandinequalitiesinseveralvariables.World Scientific.
4. Baker,J.A.(1991).StabilityofFunctionalEquations. Springer.
5. Hyers,D.H.,Isac,G.,&Rassias,T.M.(1998).StabilityofFunctionalEquationsinSeveralVariables.Birkhäuser.

ӘОЖ 37.091.39:51

КОМПЛЕКС САНДАРҒА АМАЛДАР ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФОРМАСЫ

Алибекова А. - ЕП-24-11к2 тобының студенті
Маденова А.А. - аға оқытушы

Комплекс сандар — математиканың ең маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Олар математикалық есептерді шешуде кеңінен қолданылады және көптеген ғылыми және инженерлік есептерде маңызды рөл атқарады. Комплекс сандар, нақты сандарды кеңейте отырып, жаңа бір ұғымды енгізеді. Бұл сандарды түсіну және оларды дұрыс қолдану ғылыми зерттеулерде және техникада айтарлықтай тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мен осы баяндамаға дайындалу барысында көптеген әдебиеттерді пайдалана отырып комплекс санның қасиеттерін ескеріп, мысал есептерін қарастырдым.

Комплекс санның анықтамасы

Комплекс сан — бұл екі бөліктен тұратын сан: нақты бөлік және жорамал бөлік. Комплекс санның жалпы түрі келесідей жазылады:

z=a+bi,мұндағы: a — нақты бөлік.,b — жорамал бөлік.i — түбірлік бірлік, яғни i^2=-1. Комплекс сандардың маңызды ерекшелігі — олар нақты сандардың кеңейтілген түрі болып табылады. Нақты сандардың арасында теріс квадраттар болмайтыны белгілі, ал iii санын енгізу арқылы теріс квадраттардың түбірін табуға мүмкіндік туды. Комплекс сандардың негізгі қасиеттері.Комплекс сандармен жұмыс істегенде белгілі бір ережелерді сақтау қажет. Олардың негізгі қасиеттері келесідей:

1. Қосу және азайту: Комплекс сандарды қосу немесе азайту үшін тек олардың нақты және жорамал бөліктерін қосу немесе азайту қажет:
   (a+bi)+(c+di)=(a+c)+(b+d)i
2. Көбейту: Комплекс сандарды көбейткенде, көбейту ережесі бойынша есептеу жүргізіледі:
   (a+bi)(c+di)=(ac−bd)+(ad+bc)i

3 .Бөлу: Комплекс сандарды бөлу үшін олардың конъюгаттарын қолдану қажет.

Бұл есептеулердің нәтижесі келесідей болады:

$$\frac{z_1}{z_2}=\frac{a+bi}{c+di}=\frac{(a+bi)(c-di)}{(c+di)(c-di)}=\frac{ac+bd}{c^2+d^2}+\frac{bc-ad}{c^2+d^2}i$$

Модуль және аргумент

Комплекс сандардың геометриялық қасиеттері де бар, олар модуль мен аргументті қамтиды:

Модуль — бұл комплекс санның түбірлік бірлікке қатысты қашықтығын білдіретін ұзындық:

$|z|=\sqrt{a^2}-b^2$

Аргумент — бұл комплекс санның түбірлік бірлікпен жасаған бұрышы:

$$artg(z)=tan^{-1}\left(\frac{b}{a}\right)$$

Модуль мен аргументті білу арқылы комплекс санды полярлық формада жазуға болады. Бұл форма мынадай түрде болады: $z=r(cos\theta+isin\theta)$ мұндағы r — модуль, ал θ — аргумент.Комплекс санның түбірлерін табу ерекше қызықты мәселе болып табылады. Комплекс санның түбірін табу үшін полярлық форманы қолдану тиімді:

$z_k=\sqrt[n]{r}(cos(\frac{\theta+2k\pi}{n})+isin(\frac{\theta+2k\pi}{n}))$ мұндағы k=0,1,2,…,және n — түбірдің дәрежесін білдіреді.

Ал енді осы тақырыптарға байланысты мысал есептер қарастырайық

Есеп 1 Комплекс сандарды қосу

Берілгені: z1=3+4i және z2=1−2i

Шешуі: Комплекс сандарды қосқанда олардың нақты бөліктерін және жорамал бөліктерін бөлек қосамыз:

z1+z2=(3+1)+(4i−2i)=4+2i.

Жауабы**:** z1+z2=4+2i

Есеп 2 Комплекс сандарды көбейту

Берілгені: z1=2+3i z2=1-i

Шешуі: Комплекс сандарды көбейткенде келесі формуланы қолданамыз:

(a+bi)(c+di)=(ac−bd)+(ad+bc)i

Сондықтан:

z1×z2=(2+3i)(1−i).

Көбейтуді орындап шығамыз:

=(2×1−3×1)+(2×(−i)+3i×1).=(2−3)+(−2i+3i)=−1+i

Жауабы: z1×z2=−1+i

Есеп 3 Комплекс санның модулін табу

Берілгені: z=4−3i

Шешуі**:** Комплекс санның модулін табу үшін, келесі формуланы қолданамыз:

$|z|=\sqrt{a^2}-b^2$

мұндағы a және b — комплекс санның нақты және жорамал бөліктері.

Осы есепте:

$|z|=\sqrt{4^2}+(-3)^2=\sqrt{25}=5$

Жауабы**:** |z|=5

Есеп 4 Комплекс санның аргументін табу

Берілгені: z=1+i

Шешуі**:** Комплекс санның аргументін табу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$artg(z)=tan^{-1}\left(\frac{b}{a}\right)$$

мұндағы a=1 b=1 — нақты және жорамал бөліктер.

Осы есепте:

$$artg(z) = tan^{-1}\left(\frac{1}{1}\right) = tan^{-1}(1) = \frac{\pi}{4}$$

Жауабы: arg(z)=$\frac{\pi}{4}$ немесе 45

Комплекс сандар математиканың және басқа да ғылымдардың дамуына зор үлес қосты. Олар тек теориялық жағынан ғана емес, нақты қолданбалы есептерде де маңызды рөл атқарады. Комплекс сандарды білу және оларды дұрыс қолдану арқылы көптеген мәселелерді тиімді шешуге болады.

Әдебиеттер

1. Махмеджанов Н.М. Жоғары математика есептерінің жинағы.Оқу құралы/ Н.М. Махмеджанов.-Алматы:Дәуір,2008.-392б
1. 2.Сборник задач по математике для поступающих в вузы Егерев В.К, Зайцев В.В и др. Под ред.М.И.Сканави.-6-изд.-Москва:Мир и Образование, 2020.-608с.:ил
2. 3.Жәутіков О.А Комплекс сандар және олардың практикалық маңызы Алматы 1969.-150б

УДК 355.233

ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ И ВОЕННО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

Алиева Г. - 10 класс
Садыков О.С. - учитель
Туркестанская область, Сайрамский район, село Карасу, ОШ №14 имени М.Сапарбаева КГУ

Военное образование является составной частью системы профессионального образования в Республике Казахстан. Одной из отличительных особенностей военного образования является сочетание военно-профессиональной подготовки с общеобразовательной и профильной подготовкой выпускников в соответствии с государственными стандартами высшего образования. Разработка государственных образовательных стандартов, программ и методик подготовки граждан к военной службе на военных кафедрах вузов осуществляется с участием Министерства обороны Республики Казахстан. Программы подготовки офицеров запаса предусматривают обучение, как мужчин, так и женщин . В рамках нашей работы, целесообразно обратиться к анализу нормативно-правовой базы реализации процесса получения военного образования в Республике Казахстан и функционирования военных кафедр в составе высших учебных заведений. В Законе Республики Казахстан «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан» сказано, что в полномочия Правительства Республики Казахстан в области обороны входит принятие решений о создании, реорганизации и ликвидации военных учебных заведений, военных кафедр, военных факультетов высших учебных заведений, а разработка и утверждение правил организации и использования учебно- материальной базы военных учебных заведений и военных кафедр по согласованию с уполномоченным органом в области образования является одной из функций Министерства обороны Республики Казахстан. В Приказе Министра обороны Республики Казахстан от 24 июля 2017 года № 375 «Об утверждении Правил военной подготовки по программе офицеров запаса» сказано, что «…военная подготовка по программе офицеров запаса включает в себя военную подготовку граждан по программе офицеров запаса, в целях обучения студентов высших учебных заведений на военных кафедрах с целью подготовки мобилизационного резерва Республики Казахстан и комплектования Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований в мирное время».

К обучению на безвозмездной основе привлекаются студенты, прошедшие условия конкурса, а для обучения на возмездной основе привлекаются студенты, рекомендованные комиссией по отбору для обучения на возмездной основе. Для обучения на военных кафедрах Министерством обороны Республики Казахстан ежегодно разрабатывается и утверждается план набора в произвольной форме. Военные кафедры при школах создаются с целью подготовки из числа граждан Республики Казахстан, обучающихся по очной форме обучения в высших образовательных учреждениях, запаса офицерских кадров для Вооруженных Сил Казахстана. Военные кафедры высших образовательных учреждений являются их структурными учебными подразделениями. Главными критериями военно-профессиональной подготовки выпускников военной кафедры должны быть профессионализм, преданность воинскому долгу, высокие морально-нравственные качества защитника Отечества, его способность мыслить, анализировать и делать выводы из явлений, фактов, событий армейской действительности. Подготовка офицеров запаса Республики Казахстан в условиях военной кафедры осуществляется на основе комплексного подхода к обеспечению инновационного развития и конкурентоспособности вуза, с учетом специфики военно-профессиональной подготовки, текущей ситуации в гражданской среде. Необходимость военно-профессиональной подготовки студентов на военных кафедрах гражданских вузов детерминируется следующими основными фактами: 1) наличие материально-технической базы, кадрового, научного-педагогического потенциала для военно-профессиональной подготовки студентов; 2) экономическая выгодность подготовки необходимого количества военных кадров, находящихся в запасе. При этом, основными задачами функционирования военной кафедры в составе вуза

являются: – удовлетворение потребностей студентов в интеллектуальном, культурном и нравственном развитии в процессе получения высшего профессионального образования и повышения квалификации в определенной области военно-профессиональной деятельности; – планирование, организация и осуществление работы по военно-профессиональной ориентации молодежи; – проведение фундаментальных и прикладных научных исследований, целью которых является вклад в успешное решение задач по укреплению обороноспособности страны и совершенствования военного профессионального образования. Образовательная деятельность является основным видом деятельности военной кафедры вуза и включает в себя организацию и проведение научной, учебной, воспитательной и методической работы. Содержание образования и организация процесса военно-профессионального обучения на военной кафедре по каждой военной специальности, определяются образовательной программой военно-профессионального образования, включающей в себя государственные стандарты, квалификационные требования к выпускнику, учебный план и учебные программы по конкретной военной специальности. Необходимо подчеркнуть, что процесс социализации студентов на военной кафедре вуза основан на принципах, которые являются актуальными и для системы общего гражданского образования. К ним можно отнести следующие принципы: принцип гуманизации, принципа демократизации и принцип дифференциации. Реализация данных принципов призвана оптимизировать военно-профессиональное образование и военно-патриотическое воспитание молодёжи в условиях обучения на военной кафедре. Кроме того, весь педагогический процесс на военной кафедре вуза строится с соблюдением основных принципов обучения. Так, для учебного процесса, осуществляемого военной кафедрой, в рамках реализации принципа научности в обучении, большую роль играет степень научности как мера оценки значения научных фактов. Форма научности учебного материала является значимым показателем характера изучаемых предметов в условиях военной кафедры. Соблюдение принципа систематичности и последовательности предполагает, что все знания, сообщаемые студентам, должны ими усваиваться в определенной логической системе. Следовательно, систему обучения студентов по военной специальности следует рассматривать как взаимосвязанный комплекс составных компонентов, который обеспечивает целенаправленное приобретение студентами учебных компетенций, усвоенных в определенном порядке. Реализация принципа связи теории с практикой подразумевает единство и неразрывную связь в системе приобретения военно-профессиональных компетенций. Таким образом, в соответствии с требованием обеспечения высокого качества подготовки на военной кафедре студенты должны получать практические умения и навыки, необходимые им не только в рамках современного состояния вооруженных сил страны, но и пригодятся им в перспективе. Принцип сознательности и активности предполагает развитие у студентов военной кафедры навыков критического мышления и осознанности учебных действий. Реализация данного принципа обучения требует развития таких черт личности студентов, как инициативность, активность, самостоятельность и др. Сознательность студентов военной кафедры выражается через самодисциплину и самоорганизованность, которые означают высокую учебную мотивацию. Принцип наглядности имеет важное значение для обучения студентов в рамках военно-учетной специальности, поскольку формирование практических компетенций вне применения наглядного материала (военно-технические средства обучения) невозможно, так как для подготовки офицера запаса применение наглядности является крайне значимым, так как изучение учебной дисциплины при непосредственном наблюдении дает возможность научиться практическому владению этой областью знаний. Принцип доступности в военно-профессиональном обучении определяет степень научно-теоретической сложности учебного материала, его объем и содержание. Кроме того, эффективность осуществляемой военной кафедрой образовательной деятельности определяется в первую очередь по таким результатам, как: уровень подготовки казахстанской молодёжи к службе в Вооружённых Силах РК и степень сформированности у выпускников таких качеств, как патриотизм, гражданственность и готовность к служению Родине.

Кроме того, хочется подчеркнуть, что в образовательном процессе военной кафедры делается акцент на доминировании воспитательной функции над учебной функцией, т. е. можно говорить о преимущественно воспитательном характере процесса обучения. Следует отметить, что преподаватели военной кафедры проводят среди студентов вуза большую профориентационную работу с целью привлечения их для обучения по определенной военно-учетной специальности, поскольку молодые люди поступают в вуз для того, чтобы приобрести, прежде всего, гражданскую, а не военную профессию. Таким образом, можно констатировать, что военная кафедра в составе вуза проводит работу по следующим направлениям: – подготовка студентов к службе в армии в офицерском звании; – формирование личностных и профессионально важных качеств будущих офицеров, осуществляемое в учебном и внеучебном процессе.

Литература

1. Бурнаев З. Р., Ердигаликов Б. Е. Актуальные вопросы профессионального военного образования // Матер. междунар. научн.-практ. конф. «Система непрерывного профессионального образования: проблемы и перспективы развития». — Кызылорда, 2008. — С.157–159.
2. Закон Республики Казахстан «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.). http:///online.zakon.kz
3. Приказ Министра обороны Республики Казахстан от 24 июля 2017 года № 375 «Об утверждении Правил военной подготовки по программе офицеров запаса» http:///online.zakon.kz

ӘОЖ 519.21

ЫҚТИМАЛДЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ШЕШІМДЕРІН ТАБУ

Алимшикова Ш.Р. – ЕП-21-11к2 студенті
Байдибекова А.Ө. – п.ғ.к.,доцент

Жаппай қызмет көрсету теориясы ықтималдықтар теориясының бір үлкен бөлігі болып танылды.

Жаппай қызмет көрсету теориясында кіретін ағымпуассондықал қызметкөрсету экспоненциалдызаңымен өтетінқызмет көрсететін жуйелерүлкен орыналады.Жаппай қызметкөрсету жүйелерін зерттеу өмірдің өзекті талабы.Физикада,байланыста,өндірісті ұйымдастыруда,жоспарлауда күрделі агрегаттарды автоматты басқаруда жаппай қызмет көрсету жүйелері пайда болады..Сол жүйелердің стационарлы ықтималдықтарын табу керек Алдымен тұрақты параметрлері бар қарапайым M/M/1/0 жүйесін қарастырамыз.Бұндай жүйені меңгеру барысында жүйеде кездесетін заңдылық шығады.

Бұл E0жәнеE1жағдайда болатын Марков процессі,мұндағы E0жүйебос,ал E1 бос емес.

Pi(t)ықтималдығы t уақытындағы процесстің Ei(i=0,1)күйінде болуы дифференциалдық теңдеулер жүйесін қанағаттандырады

$$P'0(t)=-\lambda P0(t)+\mu P1(t),$$
$$P'1(t)=\lambda P0(t)-\mu P1(t),(1.1)$$

мұндағы,λ>0–кіріс ағымның параметрі,алμ>0–қызмет көрсету параметрі.Сонымен қатар,

$$P0(t)+P1(t)=1(t\geq 0).(1.2)$$

Жүйесін(1.2)арқылы шешудің қарапайым жолы келесідей.

(1.2)-денP1(t)-діP0(t)арқылы өрнектеп алып,(1.1)өрнекке қою арқылы біртекті теңдеуге айналдырамыз.Теңдеуді интегралдап,(1.2)теңдеуі арқылы ізделінген жауапты аламыз.

$$P0(t)=\mu/(\lambda+\mu)+[P0(0)-\mu/(\lambda+\mu)]e-(\lambda+\mu)t,$$
$$P1(t)=\mu/(\lambda+\mu)+[P1(0)-\mu/(\lambda+\mu)]e-(\lambda+\mu)t,(1.3)$$

Енді Осы есепті басқаша жолмен шығарамыз.(1.1)теңдеу жүйесін векторлық түрде қайта жазамыз.

$$dP(t)/dt=AP(t).(1.4)$$

Ал белгісіз P0(t)жәнеP1(t)–ларын вектор түрінде жазамыз.

$$P(t)=((Po(t))¦(P1(t)))$$

Характеристикалық теңдеу арқылы Аматрицасынан меншікті сандарын υ-дың мәнін анықтаймыз осыдан

$$\upsilon[\upsilon+(\lambda+\mu)]=0,$$

бұдан теңдеудің түбірлері шығады.

$$\upsilon1=0,\upsilon2=-(\lambda+\mu).(1.5)$$

Бұл жекеменшік мәндер үшін жеке меншік векторлар сәйкес келеді

$$((\mu/\lambda)¦1),(1¦(-1))(1.6)$$

(1.5)және(1.6)–данекітәуелсіздербесшешімаламыз.

$$X1(t)=((\mu/\lambda)¦1),X2(t)=(1¦(-1))e-(\lambda+\mu)t.$$

Енді(1.4)жүйенің жалпы шешімі мынатүрде жазылады:

$$P(t)=C1X1(t)+C2X2(t)$$

немесескаляртүрде

$$P0(t)=C1\mu/\lambda+C2e-(\lambda+\mu)t,$$
$$P0(t)=C1-C2e-(\lambda+\mu)t,(1.7)$$

(1.2)шартынанC1жәнеC2мәндерінтабуарқылы,(1.3)жүйесінің мәнін анықтай аламыз.

Қарастырып отырғанжүйенің бастапқыжағдайы

$$P0(0)=\mu/(\lambda+\mu),P1(0)=\lambda/(\lambda+\mu),$$

болса,ондакез-келгент>0,P0(t)жәнеP1(t)t-ғатәуелсізболады.Яғни,стационарлық мәндерді аламыз.

Егер(1.3)-тітшексіздікке ұмтылдырсақ,ондакез-келген алғашқыP0(0)жәнеP1(0)жағдайға тәуелсіз болады.

$$\lim┬(t\to\infty)⁡〖P_0〗(t)=\mu/(\lambda+\mu),\lim┬(t\to\infty)⁡〖P_0〗(t)=\lambda/(\lambda+\mu).$$

Әдебиеттер

1. Баруча–РидА.Т.Элементы теории марковских процессов и их приложения.–М.:Наука1969
2. ГнеденкоБ.В.,КоваленкоИ.Н.Введение в теорию массового обслуживания.М.:Наука1966
3. ЛанкастерП.Теория матриц.–М.:Наука,1982
4. СаатиТ.Л.Элементы теории массового обслуживания и ее приложения.–М.:Советскоерадио,1971
5. ФеллерВ.Введение в теорию вероятностейие приложения.–М.:Мир,т.1,1984
6. ХинчинА.Я.Работы по математической теории массового обслуживания.–М.:Наука,1963

ӘОЖ 373.51

«МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫ ОҚЫТУ

Алтынбек А. Ә. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Бекмолдаева Р.Б. - п.ғ.к., аға оқытушы

Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 31 қазаны күні шыққан 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сай, математиканы оқытуды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жасалуда. Атап айтсақ, стандарттың жалпы жағдайында оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген жалпы орта білім беру мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру жұмыстары жасалуда. Және де стандарттың қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы үштілді білім беру саясатын іске асыруға қолдану аясында жұмыстар жасалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар ретінде 10-сынып оқушыларына арналған «Математикалық функциялар және олардың қасиеттері» атты элективті курстың оқу-әдістемелік кешені қазақ, орыс және ағылшын тілінде даярланды.

«Математикалық функциялар және олардың қасиеттері» атты элективті курстың тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Сағат саны
1	Функция. Элементар функциялардың қасиеттері және олардың графиктері. Функцияның берілу тәсілдері. Функцияның графигін түрлендіру. Бөлшек-сызықты функция. Функция. Свойства элементарных функции и их графики.Способы задания функции. Преобразование графика функции. Дробно-линейная функция. Function. Properties of elementary functions and their graphs.Representation of a Function in various ways. Transformation of graph of function. Fractional linear function	3
2	Функцияны зерттеу және оның графигін салу. Исследование функции и построение графика How to Graph a Function - A Step-by-Step Visual Guide	3
3	Күрделі және кері функциялар. Сложные и обратные функции. Composite and Inverse functions	3
4	Күрделі және кері функциялардың қасиеттерін пайдаланып теңдеулерді шешу Решение уравнений с использованием свойств сложных и обратных функций Solving equations using inverse and composite functions.	3
5	Тригонометриялық функциялар. y=sinx, y=cosx, y=tgx, y=ctgx функцияларының негізгі қасиеттері және графиктері. Тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендіру. Тригонометрические функции.Функции y=sinx, y=cosx, y=tgx, y=ctgx, их основные свойства и график. Преобразование графиков тригонометрических функции Trigonometric functions. Functions y=sinx, y=cosx, y=tgx, y=ctgx, their basic properties and graphs. Transformations of graphs of trigonometric functions	3
6	Кері тригонометриялық функциялар. Кері тригонометриялық функциялардың қасиеттері. Кері тригонометриялық функцияларды түрлендіру. Обратные тригонометрические функции. Свойства обратных тригонометрических функции. Преобразованиеобратныхтригонометрическихфункции. Inverse trigonometric functions. Properties of inverse trigonometric functions. Transformations ofinversetrigonometricfunctions.	3
7	Құрамында тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялары бар өрнектерді теңбе-тең түрлендіру, есептер шығару. Преобразование выражений содержащих тригонометрические и обратные тригонометрические функции Conversion of expressions containing trigonometric and inverse trigonometric functions	3
8	Құрамында тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялары бар теңдеулерді шешу Решение уравнений содержащих тригонометрические и обратные тригонометрические функции Solving equations containing trigonometric and inverse trigonometric functions	3
9	Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу. Решение тригонометрических неравенств. How to Solve Trigonometric inequalities	3
10	Тригонометриялық теңдеулер жүйесін шешу.	3

	Решение системы тригонометрических уравнений Solve the trigonometric system of equations	
11	Тригонометриялық теңсіздіктер жүйесін шешу. Решение системы тригонометрических неравенств Solving a system of trigonometric inequalities	4
Жалпы		34

«Математикалық функциялар және олардың қасиеттері» атты элективті курсы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365-бұйрығының 86-қосымшасына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8-қарашадағы № 500 бұйрығының 86-қосымшасына сәйкес дайындалды. Элективті курстың бағдарламасыдайындалды.Бағдарламаға сәйкес түрде курсты оқыту мазмұны ашылып, әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Элективті курсты оқытудан күтілетін нәтижелер:

- Математикалық функциялар және олардың қасиеттерін қолданып есептер шығару арқылы математикалық білім беру мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу;
- Үштілді білім беру арқылы сол тілдерді меңгерген және математикалық тақырыптарға үштілде диалог жүргізе алатын, қазақ тілін бағалайтын, өзге тілді құрметтейтін азаматтарды қалыптастыру;
- Сабақта және сабақтан тыс жұмыстар арқылы математикаға оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру.

Әдебиеттер

1. Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты. Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 31 қазаны күні шыққан 604 бұйрығымен бекітілген, Астана, 2018.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің2022жылғы12тамыздағы№365бұйрығы, Астана, 2022.
3. ШыныбековӘ.Н., ШыныбековД.Ә., ЖұмабаевР.Н.: Алгебра және анализ бастамалары. 10-сынып. Оқулық, Алматы: Атамұра, 2019.-256 б.

ӘОЖ 519.21

ЭКОНОМИКА МОДЕЛЬДЕРДІҢ ПАРАМЕТІРЛЕРІН ЫҚТИМАЛДЫҚ ӘДІСПЕН ТАБУ

Алыбай Д.Б. – ЕП-21-11к3 тобының студенті
Байдибекова А.О. – п.ғ.к., доцент

Қазіргі заманның биіктігінен адамзатқа тұсінікті болды қоғамның дамуы математиканың дамуына тікелей және көп байланысты екенін Ал кез-келген ғылымның дамуына математиканың аса үлкен әсер еткені айдан анық. Кез-келген ғылымның даму деңгейі математиканы қай деңгейіде пайдаланға байланысты екені белгілі.Көп ғылымда көп әр-түрлі салада шешімі керек кей бірмәселелер тек қана математиканың әдістерімен шешуге болады. Сондай жағдай экономиканың көп саласындаорын алған.Кез-келген экономикалық жүйені зерттегенде оның кейбір беймәлім параметрлерін статистикалық таңдау арқылы алынған шамаларды пайдаланып жуық анықтау аса үлкен маңызы бар. Нақты жүйені эконометриялық талдаудың орталық міндеттерінің бірі иеліктегі бастапқы статистикалық деректер (немесе іріктеу) негізінде белгісіз параметрлерді есептеу болып табылады. Зерттеушінің, осы жүйенің модельдік сипаттамасына қатысатын модельдың бір немесе бірнеше параметрлерін жуық анықтау керек, немесе белгілібір функция ретінде ұсынылған үйлестірім функцияның параметрлерін жуық есептеу керек.экономикалық жүйені зерттегенде оның кейбір беймәлім параметрлерін жүйетиімді істеу үшін анықтау керек. Ондай экономикалық жүйелер өмірдің әр-түрлі саласында көп кездеседі Экономикалық жүйенің эконометриялылық талдау жасау барысында негізгі мәселе бірнемесе бірнеше беймәлім параметрлері анықтау. Ол параметрлерді әр-түрлі заңдылық пен статистикалық әдістермен анықтау керек.

Мәселе. Фирманың үлкен ұжымының ішінен кездейсоқ 25 адам алынған.

Олардың жалақысы орташа 700 бірлік ақша болды, орташа квадратты ауытқу тең 100. Жалақы көлемі нормальды үлескен .

Табу керек

1) орташа жалақы үшін интервалдық бағалауды

(сенімдік ықтималдық P_0=0.95)

2) Жалақыны толық төлеуүшін ақша көлемін (сенімдік ықтималдық P_0=0.95).

Шешімі

1) Статистика) ((x(n))¯- a)√(n-1)/s(n) Стьюдент заңы бойынша үлескенn-1 ретті бостандықпен, ол дегеніміз

-t_∝ (n-1)<(((x(n))¯- a) √(n-1))/s(n) <t_∝ (n-1)

P_0= 1 - 2∝ ықтималдықпен.Есептің берілгенін ((x(n))¯) = 700, s(n)= 100 , n=25 , 2∝ =0.25) теңсіздікке қойып табамыз- 2,064<((700- a) √(25-1))/100<2,064,

бұл жердет_(0,025)(24) = 2,064.

657,88<a<742,12

орындалады P_0=0.95 ықтималдықпен.

2) Екінші сұраққа жауап

520a · 1,4< M

P_0=0.95 ықтималдықпен.

Ол үшін

a <m = M/(1.4 ·520·)

сенімді интервал табу керек.

Сол мақсатпен статистиканы((x(n))¯- a)√(n-1)/s(n) пайдаланамыз(((x(n))¯- a) √(n-1))/s(n) <t_∝ (n-1)

P_0= 1 - ∝ықтималдықпен.Біздіңесепте P_0=0.95 , онда∝ = 0.05,оған сәйкест_(0,05)(24) = 1,711

a < (x(n))¯ + s(n)/√(n-1) t_∝ (n-1) = 734.92

M = 1.4 ·520 m =530021

Осындай ақшакөлемі толық жалақы төлеуге мүмкіндік береді P_0=0.95 ықтималдықпен.

Әдебиеттер

1. Крамер Г. Математические методы статистики –М. 1975
2. Ланкастер П. Теория матриц . –М.: Наука, 1982
4. Феллер В. Введение в теорию вероятностей и ее приложения. –М.: Мир, т.1, 1984

ӘОЖ 517.382(076)

КОНУСТЫҚ БЕТТЕР


Амангелдиев Б.Б. - ЕП-24-11к4 тобының студенті
Ерданқұлов А.Ж. – магистр, оқытушы

Екінші ретті нақты конус деп қандай да бір тікбұрышты координат жүйесінде

$$\frac{x^2}{a^2}+\frac{y^2}{b^2}-\frac{z^2}{c^2}=0 \qquad (1)$$

теңдеуімен берілетін екінші ретті бетті айтамыз.

Бұл теңдеу мен осы теңдеу арқылы беріліп отырған конус орналасқан координат жүйесі осы конус үшін канондық деп аталады (1 сурет).



Берілген δ түзуін айнала осы δ түзуімен қиылысатын қандай да бір d түзуінің айналуынан пайда болатын бет дөңгелек конус немесе айналу конусы деп аталады. Дөңгелек конустың теңдеуін қорытып

шығарайық. Ол үшін δ түзуі ретінде апликата өсін алып, оның d түзуімен қиылысу нүктесін – координат басы ретінде, ал δ және d түзулері арқылы өтетін жазықтықты тікбұрышты координат жүйесінің Oxz жазықтығы ретінде қабылдаймыз. Oxz жазықтығындағы d түзуінің теңдеуін

$$\frac{|x|}{|z|} = tg\alpha \ , \ y = 0$$

түрінде жазып алуға болады, мұндағы α – d түзуінің Oz өсіне жасалған көлбеудің жасаған сүйір бұрышы. Олай болса айналу бетінің теңдеуі

$$x^2 + y^2 - k^2 z^2 = 0 \qquad (2)$$

болады, мұндағы $k = tg\alpha$. (2) теңдеу дөңгелек конустың канондық теңдеуі болып табылады.

Oxy жазықтығына параллель жазықтық (2) конусты шеңбер бойымен () қияды. Егер бұл жазықтықты көлбеулетсеқимада эллипс пайда болады.

Oyz, Oxz жазықтықтарына параллель жазықтықтар (2) конусын гиперболалар бойымен қияды: мысалы (2) конусты x=b жазықтығымен қиғанда

$$k^2 z^2 - y^2 = b^2$$

қисығын аламыз, яғни $\frac{b}{k} = a$ деп алсақ –

$$\frac{z^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2} = 1 \qquad (3)$$

гиперболасын алатын боламыз.

Эллипс пен гипербола ғана емес, сонымен қатар парабола да (2) конустың жазық қимасы бола алады. Жеңіл болуы үшін k=1 деп аламыз, сонда конустың теңдеуі

$$x^2 + y^2 - z^2 = 0 \qquad (4)$$

түріне келеді. (4) конусының π жазықтығымен қиғандағы жазық қимасының парабола болатынын көрсетейік. π жазықтығы

x-z+1=0

теңдеуімен берілсін. Тікбұрышты координат жүйелерін түрлендіретін боламыз:

$$x = \frac{x' - z'}{\sqrt{2}} - \frac{1}{2} \ , \quad y = y' \ , \quad z = \frac{x' + z'}{\sqrt{2}} + \frac{1}{2} \ .$$

Жаңа координат жүйесінде π жазықтығы $z' = 0$ координат жазықтығы болып табылады, ал (4) бетінің теңдеуі

$$y'^2 - 2x'z' - x'\sqrt{2} = 0$$

болады, сондықтан оның $z' = 0$ жазықтығымен қиғандағы қимасы

$$y'^2 = x'\sqrt{2}$$

параболасы болып табылады.

Сонымен эллипс те, гипербола да, парабола да конустың қималары болып табылады. Сондықтан бұл қисықтар конустық қималар деп аталады.

Екінші ретті нақты конуспен қатар жорамал конустар да болуы мүмкін, олардың канондық координат жүйелеріндегі теңдеуі

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{z^2}{c^2} = 0 \qquad (5)$$

болып табылады. Жорамал конустың жалғыз нақты нүктесі O=(0,0,0) нүктесі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Пищулина, И.Я., Кукушкина, Е.В. Поверхности второго порядка учебное пособие/ И.Я.Пищулина, Е.В.Кукушкина. – Екатеринбург: УрФУ, 2012. – 166 с.
2. Қаратаев, Ж. Аналитикалық геометрия./ Ж.Қаратаев. – Шымкент, 2024. – 184б.

ӘОЖ 53.043

АСҚЫН ӨТКІЗГІШТЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІН СИПАТТАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОДЕЛЬДЕР

Амангельди А. – ЕП-21-3к5тобының студенті
Спабекова Р.С. – х.ғ.к., профессор

Энергияны тиімді тасымалдау – әлемдік экономиканың және қоршаған ортаның тұрақты дамуының басты мәселелерінің бірі. Асқын өткізгіштер осы салада революциялық өзгерістер енгізуге қабілетті. Олардың кедергісіз энергия тасымалдау қабілеті электр желілерінде энергия шығынын азайтып, жүйенің тиімділігін арттырады. Әдеттегі мыс немесе алюминий сымдарына қарағанда асқын өткізгіш материалдар электр тогын жоғары тиімділікпен тасымалдайды, бұл әсіресе ұзақ қашықтықтағы электр энергиясын тасымалдау кезінде маңызды. Бұл технологияны қолдану арқылы энергия шығындарын 30-40% дейін азайтуға болады. Сонымен қатар, асқын өткізгіш материалдардан жасалған сымдар салмақ пен көлем бойынша да тиімді, бұл оларды қазіргі электр желілерін жаңғыртуда маңызды етеді.

Асқын өткізгіштік құбылыстарды түсіну үшін әртүрлі теориялық модельдер қолданылады. Бұл модельдер асқын өткізгіштік күйдің қалай пайда болатынын, материалдардың ерекше қасиеттерін түсіндіруге көмектеседі. Асқын өткізгіштердің қасиеттерін нақты түрде сипаттау үшін қолданылатын бірнеше модельдерді және оларды талдау тәсілдерін қарастырайық.

1. BCS (Борден-Купер-Шриффер) теориясы.

Асқын өткізгіштік туралы ең алғашқы және кең тараған модельдердің бірі – Борден, Купер және Шриффердің (BCS) теориясы. Бұл модель асқын өткізгіштік құбылысын электрондардың жұптасуы арқылы түсіндіреді. Купер жұптары деп аталатын бұл жұптар асқын өткізгіш материалдарда когерентті күйде болады және оларға қарсы тұратын ешқандай кедергі болмайды. BCS теориясы төмен температуралы асқын өткізгіштерді сипаттау үшін өте тиімді[1].

BCS теориясының негізгі сипаттамалары:

•Жұптасу механизмдері: электрондардың өзара байланысып жұптасуы асқын өткізгіштік күйдің пайда болуына әкеледі.

•Асқын өткізгіш саңылауы: электрондар жұбының энергия деңгейлері арасындағы айырмашылық, яғни саңылау, төмен температураларда байқалады.

•Кванттық фазалар: BCS теориясы асқын өткізгіштердің кванттық фазаларын түсіндіру үшін де қолданылады, бұл Джозефсон әсері сияқты құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.

BCS теориясы төмен температуралы асқын өткізгіштер үшін өте дәл түсініктеме береді, бірақ жоғары температуралы асқын өткізгіштерді сипаттауда шектеулі.

2. *S*± және *S*++ модельдері.

Жоғары температуралы асқын өткізгіштерді түсіндіру үшін басқа модельдер қажет. Солардың бірі – *S*± және *S*++ модельдері. Бұл модельдер асқын өткізгіштердің жұптасу механизмдерін айқындауға арналған және ферропникидтер сияқты асқын өткізгіш материалдарда кездесетін күрделі электрондық құрылымдарды сипаттауға көмектеседі [2].

•*S*± моделі: бұл модельде асқын өткізгіш жұптасудың белгісі материалдың әртүрлі аймақтарында әртүрлі болады. Электрондардың жұптасу механизмі олардың фаза айырмашылығына байланысты ерекшеленеді, яғни бір аймақта оң болса, басқа аймақта теріс болады. S± моделі әсіресе ферропникидтер сияқты көпаймақты материалдарды сипаттауға қолайлы.

•*S*++ моделі: бұл модельде электрондардың жұптасуы біртекті, яғни барлық аймақтарда жұптасудың фазасы бірдей болады. Бұл модель ферропникидтердегі жұптасудың дәстүрлі теорияларына сәйкес келеді және аймақаралық өзара әрекеттесудің минималды болуын сипаттайды.

3. Джозефсон эффектісі.

Асқын өткізгіштердің теориялық модельдерін талдау барысында Джозефсон эффектісі ерекше орын алады. Бұл эффект екі асқын өткізгіш арасындағы туннельдік байланыс арқылы токтың өтуін сипаттайды. Егер екі асқын өткізгіш материал жұқа оқшаулағыш қабат арқылы байланысса, олар арасында ток пайда болады, бұл құбылыс Джозефсон тогы деп аталады. Джозефсон эффектісінің теориялық негіздері BCS теориясына сүйенеді және асқын өткізгіштердің кванттық қасиеттерін зерттеуде маңызды рөл атқарады[3].

4. Анизотропты модельдер.

Көптеген асқын өткізгіш материалдар анизотропты қасиеттерге ие, яғни олардың қасиеттері әртүрлі бағыттарда әрқалай болады. Анизотропты модельдер бұл материалдарды зерттеуде маңызды құрал болып табылады. Анизотропты асқын өткізгіштерде жұптасу механизмі әртүрлі бағыттарда ерекшеленуі мүмкін, бұл олардың өткізгіштік сипаттамаларын зерттеуде күрделі теориялық модельдерді қажет етеді.

5. Мультиаймақты модельдер.

Асқын өткізгіштердің кейбір түрлері мультиаймақты сипатқа ие, яғни олардың электрондық құрылымы бірнеше энергия аймақтарынан тұрады. Мұндай материалдарды зерттеу үшін мультиаймақты модельдер қолданылады. Бұл модельдер әртүрлі энергия аймақтарының өзара әрекеттесуін зерттеуге және олардың асқын өткізгіштік қасиеттерге қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

Мультиаймақты модельдер асқын өткізгіштердің күрделі электрондық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді, әсіресе ферропникидтер сияқты материалдарда.

Құрамында темірі бар асқын өткізгіштер (ферропниктидтер) бірегей электронды және асқын өткізгіштік қасиеттеріне байланысты айтарлықтай қызығушылық тудырады. Олар электронды спектрдің күрделі көп аймақтық құрылымын көрсететін V топ элементтерімен (As, P, Sb және т.б.) темір қосылыстарын қамтиды. Қазіргі қатты дене физикасының маңызды міндеті-мұндай материалдардағы асқын өткізгіштік жұптасу механизмдерін зерттеу, өйткені олардың қасиеттері стандартты асқын өткізгіштік теориясынан асып түседі[4].

Теориялық модельдер асқын өткізгіштердің қасиеттерін түсінудің негізі болып табылады. BCS теориясынан бастап S± және S++ модельдеріне дейінгі әртүрлі тәсілдер асқын өткізгіштердегі жұптасу механизмдерін зерттеуге және олардың ерекше қасиеттерін түсіндіруге көмектеседі. Бұл модельдер асқын өткізгіштердің кванттық қасиеттерін, олардың өткізгіштік сипаттамаларын және практикалық қолдану мүмкіндіктерін зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер

1. Y. Kamihara, T. Watanabe, M. Hiroho et al., J. Am. Chem. Soc. 130, 3296 (2008).
2. I. I. Mazin, D. J. Singh, M. Johannes et al., Phys. Rev. Lett. 101, 057003 (2008).
3. A. Moreo, M. Daghofer, A. Nicholson et al., Phys. Rev. B 80, 104507 (2009).
5. V. M. Pudalov, T. E. Shanigina, Ya. G. Ponomarev et al., Nanophysics and Nanoelectronics, Proceedings of the XV International Symposium, March 14- 18 2011 г. Nignii Novgorod, pp. 226-227.

ӘОЖ 84.54

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аманхан А. - 1901-11 тобының студенті
Керимбекова Ж.У. - аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Оқу үрдісіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұл білім беру ұйымдарындағы мамандардың қызметін жетілдіруге бағытталған оқу-әдістемелік материалдар, техникалық және аспаптық құралдар. Олардың ең көп тарағаны – арнайы бағдарламалық қамтамасыздандыруы бар компьютерлер және оларға ақпарат орналастырылған телекоммуникациялық құралдар.

АКТ заманауи бола отырып, мемлекеттік білім стандартының талаптарына толығымен сәйкес келеді, өйткені оларды пайдалану балалардың дамуына ықпал етеді және олардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, сонымен қатар әр адамның шығармашылық қабілеттері мен әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, АКТ-ны пайдалану мектепке дейінгі білім берудің ұйымдық нысандарының вариативтілігі мен көптүрлілігін қамтамасыз етеді, әр баланың білім алу қажеттіліктерін, қабілеттерін және денсаулық жағдайын ескеретін әртүрлі бағыттағы бағдарламаларды құруға мүмкіндік береді [1].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен дидактикалық міндеттер де шешіледі, мысалы:

- Оқытуды ұйымдастыруды жақсарту;
- Оқытуды дараландыруды арттыру;
- Мұғалімнің жұмысын даралау;
- Оқуға деген баланың ынтасын арттыру;
- Оқу процесін белсендіру;
- Оқу процесінде икемділікті қамтамасыз ету.

Логопедиялық жұмыстағы АКТ сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен түзету-дамыту іс-әрекетінің перспективалы құралы болып табылады, бұл:

- Диагностика жүргізу;
- Фронтальды және жеке оқу қызметін ұйымдастыру;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Тәрбиешілермен тәжірибе алмасу.

Балаларды логопедиялық диагностикалау кезеңінде жұмыстың бастапқы кезеңінде балалардың сөйлеуін жазуға арналған дыбыс жазу құрылғысын, микрофонды пайдалану динамикасын қадағалауға, түзету жұмыстарының нәтижелерін байқауға мүмкіндік береді. Бағдарламалық қамтамасыз ету диагностикалық материалдарды сақтауға және өңдеуге қажет.

Тәжірибеде Кириллова, Е.В., О.А. Безрукова, О.Н. Каленкова әзірлеген «Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеу диагностикасы» бағдарлама кеңінен қолданыста [2].

Диагностикалық тексерудің мақсаты - баланың сөйлеуінің дамуының тұтас бейнесін, одан әрі перспективаның мүмкіндігін анықтау. Бұл бағдарламаның көмегімен педагогтар 4-6 жастағы балалардың сөйлеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалай алады. Бұл деңгейді балалар тест түрінде әзірленген

тапсырмаларды орындаған кезде және 3 негізгі көрсеткішті ескере отырып, алынған нәтижелерді жиынтық бағалау арқылы анықтауға болады:

• Лексикалық құзыреттілік, яғни сөздіктің көлемі және сөйлеу жүйесін ұйымдастыру;

• Грамматикалық құзыреттілік, яғни сөзжасамдық дағдылар, сөз өзгерту, синтаксистік дағдылар;

• Фонетикалық-фонологиялық құзыреттілік, оның ішінде фонематикалық есту, сөздердің просодикалық жағы, буындық құрылымы, дыбыстық талдау және синтез дағдылары.

Бұл көрсеткіштер диагностикалық материалды әр жас тобына бөліктерге бөлу үшін негіз болды.

Бұл диагностикалық бағдарлама сөйлеу және тілдік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сөйлеудің психологиялық негізі деп аталатын сөздік есте сақтаудың, есту зейінінің, ойлаудың қалыптасу деңгейінен хабардар етеді. Ұсынылған диагностикалық әдістеме өзінің мәні бойынша айтарлықтай инновациялық болып табылады, өйткені ол тек біліктілік бағалау арқылы сөйлеуді дамыту деңгейін анықтаумен шектелмейді. Бағалау сапалық сипаттамаларды жалпылау негізінде жүргізіледі. Әрбір жасқа арналған жиынтық кестелер зерттеушіні қызықтыратын сөйлеу аспектісіне сәйкес модульдік қатарға оңай біріктірілетін көрсеткіштерді қамтиды.

Демек, тестілеу нәтижелері бойынша мүмкін болатын максималды баллға қатысты өлшенетін баланың сөйлеуінің дамуының жалпы бағасын ғана емес, сонымен қатар сөйлеудің әрбір компонентінің егжей-тегжейлі сипаттамасын алуға болады.

Бұл сипаттама өте маңызды, өйткені балаларда сөйлеу компоненттерінің дамуы кейде біркелкі емес жүреді. Егер біз тек жалпы ұпай санын ескерсек, онда бірнеше бала бірдей болған жағдайда, біз шынайы көріністі көрмейміз. Сонымен қатар, тек жалпы сан негізінде біз барлығына бірдей логопедиялық қолдау бағытын анықтай алмаймыз.

Сынақ нәтижелері бағдарламада жиынтық кестелерде, диаграммаларда және сөйлеу дамуын тексерудің дайын қорытынды хаттамасында көрсетіледі. Бағдарлама авторлары диагностикалық тексеру процесін үзу, содан кейін қайта оралу мүмкіндігін қарастырады.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жеке оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қазіргі уақытта әртүрлі арнайы компьютерлік технологиялар бар:

• «Күн сарайы»;

• «Жолбарыстарға арналған ойындар»;

• «Сөйлеуді дамыту. Дұрыс сөйлеуге үйрету»;

• «Ойнаймыз және үйренеміз»;

• «Дельфа - 130, 141, 142» тренажеры, т.б.

Компьютерлік технологиялар – бұл сәйкес бағдарламалық құралдарды қолдануға негізделген және оқу процесін немесе нақты білім беру мәселесін шешу алгоритмін анықтауға негізделген педагогикалық нұсқаулар жүйесі.

Арнайы білім беруде қолдану үшін әзірленген компьютерлік технологиялардың ерекшелігі дамуында ауытқуы бар балалардың жалпы заңдылықтары мен спецификалық ерекшеліктерін ескеру, сонымен қатар олардың даму бұзылыстарын түзетудің дәлелді әдістерге негізделгендігі [24].

✓ «Жолбарыстарға арналған ойындар» - дамуында ауытқуы бар балалардың сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзету мақсатында Лизунова Л.Р. әзірлеген заманауи ақпараттық-коммуникациялық технология. Бұл технологияны әзірлеуге дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту әдістемесі негіз болды [3].

«Жолбарыстарға арналған ойындар» технологиясы тапсырмалардың кең ауқымын шешуге мүмкіндік береді.

✓ Арнайы компьютерлік логопедиялық «Күн сарайы» бағдарламасы фонетикалық және фонематикалық процестерді түзетуге бағытталған жаттығуларды ұсынады.

Бұл бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларға арналған, сонымен қатар оны бастауыш мектеп жасындағы балалармен түзету жұмыстарында қолдануға болады. Бағдарламаны жеке және фронтальды сабақтарда да қолдануға болады.

Сонымен, алалия - сөйлеудің күрделі жүйелі бұзылуы, өйткені барлық сөйлеу операциялары бұзылған. Сонымен қатар, бұзылыстың құрылымында сөйлеу және сөйлеуден тыс белгілердің көріністерінің көптеген нұсқалары бар.

Алалияны түзетудегі күрделі жұмыс жүйесінің мазмұны сөйлеу әрекетінің тетіктерін жасаумен, сөйлеудің коммуникативті құрал ретінде қалыптасуымен және барлық психикалық қызметтердің дамуымен сипатталады.

Әдебиеттер

1. Грибова, О.Е. Что делать если Ваш ребенок не говорит. — М.: Айрис-пресс, 2016. - 48 с.
2. Кириллова, Е.В. Логопедическая работа с безречевыми детьми: Учебно-методическое пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2021. – 64 с. (Библиотека Логопеда).
3. Лизунова, Л.Р. Компьютерная технология коррекции общего недоразвития речи «Игры для Тигры»: Учебно-методическое пособие / Изд. 2доп. и перераб. – Пермь, 2018. – 60 с.
4. Лынская, М.И. Информационные технологии в работе с безречевыми детьми / М.И.Лынская // Логопед. – 2017. - №3. – с. 12-17.

УДК 621.5

ГЕОТЕРМАЛДЫҚ ЭНЕРГИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН СТИРЛИНГ ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Амидуллаева М.Б. – МЕП-24-2на топтың магистранты
Абдуалиева М.А. – PhD доктор, доцент

Кіріспе

Стирлинг қозғалтқышы – жұмыс денесі жабық көлемде қозғалып, сыртқы жылу көзінен энергия алатын жылу машинасы. Оның негізгі артықшылығы – экологиялық тазалығы мен энергия көздерінің алуан түрлілігін пайдалану мүмкіндігі. Стирлинг қозғалтқыштары автомобиль, аэроғарыш, теңіз көлігі және әскери техника салаларында қолданылады. Олардың тиімділігі Карно цикліне жақын, бұл дәстүрлі ішкі жану қозғалтқыштарымен салыстырғанда энергияны үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Стирлинг қозғалтқышының жұмыс принципі

Стирлинг қозғалтқышы қыздыру және салқындату процестерінің кезектесуі арқылы жұмыс істейді. Қозғалтқыштағы газ қыздырылған кезде оның көлемі ұлғайып, механикалық жұмыс өндіреді. Ал газ суығанда оның көлемі азайып, қайтадан бастапқы қалпына келеді. Бұл процестер изотермалық және адиабаталық термодинамикалық заңдарға негізделген. Қозғалтқыштың жоғары тиімділігі оның регенератор элементімен жабдықталуында жатыр, бұл жылу энергиясының бір бөлігін қайтаруға мүмкіндік береді.

Конфигурациялар мен қолдану салалары

Стирлинг қозғалтқыштары үш негізгі типке бөлінеді: α, β және γ. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қолдану аясы бар. α-типті қозғалтқыштар екі бөлек цилиндрден тұрады, біреуі ыстық, екіншісі суық, бұл олардың тиімділігін арттырады. β-типті қозғалтқыштар бір цилиндрден тұрады, онда ығыстырғыш және жұмыс поршені бірге орналасқан. Ал γ-типті қозғалтқыштар екі бөлек цилиндрден тұрады, бірақ ығыстырғыш бөлек орналасқан.

Стирлинг қозғалтқыштары көптеген салаларда қолданылады. Сұңғуір қайықтарда олар тыныш жұмыс істейтіндіктен және ұзақ уақыт бойы ауа жеткізуді қажет етпейтіндіктен қолданылады. Сондай-ақ, олар күн энергиясын электр энергиясына айналдыру жүйелерінде, геотермалдық станцияларда және автономды генераторларда пайдаланылады.

Артықшылықтары мен кемшіліктері

Стирлинг қозғалтқыштарының негізгі артықшылықтарына олардың көп отындығы, төмен шу деңгейі, экологиялық тазалығы және ұзақ қызмет ету мерзімі жатады. Олар жанармайдың кез келген түрінен жұмыс істей алады және жылу көздерін тиімді пайдаланады. Сонымен қатар, бұл қозғалтқыштар жеңіл техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді.

Алайда, олардың кемшіліктері де бар. Жылу алмастырғыштардың тиімділігі шектеулі болғандықтан, қозғалтқыштың салмағы мен өлшемі ұлғаяды. Сондай-ақ, олар ішкі жану қозғалтқыштарымен салыстырғанда қуатты баяу өзгерту мүмкіндігіне ие.

Қорытынды

Стирлинг қозғалтқыштары – экологиялық таза әрі тиімді энергия көзі болып табылады. Олардың болашақта кеңінен қолданылуы күтілуде, әсіресе жаңартылатын энергия көздеріне негізделген жүйелерде. Бұл қозғалтқыштардың технологиялық жетілдірілуі және материалдардың дамуы оларды одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Стирлинг қозғалтқыштары тұрақты әрі таза энергия көзіне көшу жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер

1. Г. Уокер. Двигатели Стирлинга. Мәскеу: Энергоатомиздат, 1995.
2. NASA зерттеу материалдары. 2024.
3. Stirling Energy Systems компаниясының есептері. 2023.
4. Жаңартылатын энергия көздері және олардың қолданылуы. ҚР Энергетика министрлігі есебі, 2022.

УДК 538.9

АНАЛИЗ КАЧЕСТВА ВОДЫ МЕТОДОМ СПЕКТРОФОТОМЕТРИИ В УЛЬТРАФИОЛЕТОВОЙ И ВИДИМОЙ ОБЛАСТИ

Аминова Д.О. – студент группы ЕП-21-3р
Алипбекова Ж.К. – PhD, старший преподаватель

Статья рассматривает проблему загрязнения водных ресурсов. Основное внимание уделяется спектрофотометрическому методу анализа воды, который базируется на взаимодействии химических веществ с электромагнитным излучением в ультрафиолетовом (УФ) и видимом диапазонах спектра. Представлены основные принципы работы спектрофотометров и их использование для анализа природных и сточных вод. Изложены основные компоненты подготовки образцов и преимущества метода, такие как высокая точность, чувствительность и возможность автоматизации анализа. В статье

подчеркивается роль спектрофотометрии в современных структурах экологического мониторинга, промышленного контроля и охраны окружающей среды.

5. Суздалев И.П.. Нанотехнология: Физико-химия нанокластеров, наноструктур и наноматериалов изд. 2-е, М.: «Либроком»,2009.-592 с.

ӘОЖ 821.512

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Ахмедова Я. -5 д сынып оқушысы

Султанова А.А. - мұғалім

Туркестанская область, Сайрамский район, село Карасу ОШ №14 имени М.Сапарбаева КГУ

Қазіргі білім туралы ғылым білім беру процесінде ең маңызды нәрсені – әр оқушының жеке басын, оның белсенділігін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды құру қажеттілігі туындаған сәтке жақындады. Оқушы өз жұмысының жаңа нәтижелерін алуға және болашақта оларды практикалық іс-әрекетте сәтті қолдануға ұмтылуы үшін осындай оқу жағдайларын жасау қажет. Бүгінгі таңда біз оқушыларымыздың не күтетіні туралы ойланбай тұра алмаймыз. Болашақ олардан таңдалған мамандық бойынша ғана емес, сонымен қатар заманауи технологиялар саласында да үлкен білім қорын талап ететіні белгілі. Бүгінгі таңда ұсыныстардың көпшілігі минималды компьютерлік білімді қажет етеді, сондықтан мамандарды даярлау кезінде заманауи ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге тереңірек енетінін ескеру өте маңызды. Қазақ тілі объективті түрде күрделі пәндердің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық туғызады. Сонымен қатар, әр топта осы пәнге қабілеті айқын Оқушылар саны бар. Мұғалімнің міндеті – оқуды ұйымдастырудың икемді түрлерін іздеу. Мен өз жұмысымда ойын технологиялары, топтық

технологиялар, денсаулық сақтау технологиялары, компьютерлік технологиялар, тұлғаға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды қолданамын.

Қазақ тілі сабақтарында компьютерді пайдалану: 1) оқылатын тілдік құбылыстарға оқытуды көрнекі түрде ұсынуға, 2) оқылатын тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. 3) білімді, белгілі бір дәрежеде дағдыларды қалыптастыруды бақылау. Интерактивті тақта арқылы оқыту әдеттегі оқыту әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді, дегенмен сабақты сәтті өткізудің негіздері бірдей. Ең алдымен, кез-келген кәсіп, оның ішінде интерактивті технологияларды қолдана отырып, нақты жоспар мен құрылымға ие болуы керек, белгілі бір мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуі керек. Мұның бәрі оқушыларға материалды жақсы меңгеруге және оны бұрыннан білетін нәрселермен байланыстыруға көмектеседі. Мұғалім мен оқушының интерактивті шығармашылығы шексіз. Мысалы, "Менің сүйімдік қалам" тақырыбы бойынша сабақты дайындау барысында оқушылар тақырып бойынша материал жинайды, мәтіндерді таңдайды, оларды қазақ тіліне аударады және презентациялармен сөз сөйлейді. Мұндай қойылымдар кезінде дикция, қазақ дыбыстарының дұрыс айтылуы, шығармашылық қабілеттері, сынып алдында сөз сөйлеу қабілеті пысықталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану түрлі иллюстрациялық-ақпараттық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, материалды студенттердің өздері интернеттен табады, презентациялар жасайды, осылайша акт студенттердің тәуелсіздігін, сабаққа материалды табу, таңдау және рәсімдеу қабілетін дамытады. Өз тәжірибемде тұлғаға бағытталған технологияларды қолдана отырып, мен белгілі бір білім беріп қана қоймай, олардың оқуға, шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығын дамытуды басты міндет ретінде қоямын; алған білімдерін өз бетінше пайдалануға ұмтылу; жеке көзқарасты ескеру; оқу процесін диалог түрінде, оқушымен демократиялық стильде құру.

Осындай жаңашылдықтың бір жолы-мен әр түрлі дидактикалық материалдың дамуы мен қолданылуын көремін, оны құру оқулық тапсырмаларындағы шектеулерді толтыруға, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын оқыту формаларын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мұндай карточкаларды қолдану студенттер Дағдылар мен дағдыларға ие болады. Оқушылар жаңа нәрселерді үйреніп, біліп, есте сақтап, шығармашылықпен айналысып жатқанын байқамайды.

Зияткерлік дағдыларды мақсатты дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі - "сыни ойлауды дамыту"технологиясын қолдану. Бұл технология білімнің әртүрлі салаларында өсіп келе жатқан және үнемі жаңарып отыратын ақпараттық ағынмен жұмыс істей білу сияқты білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді; өз ойларын (ауызша және жазбаша) басқаларға қатысты анық, сенімді және дұрыс жеткізе білу; әртүрлі тәжірибелерді, идеялар мен идеяларды түсіну негізінде өз пікірін дамыта білу; проблемаларды шеше білу; өз бетінше оқумен айналысу қабілеті (академиялық ұтқырлық); топта ынтымақтасу және жұмыс істеу қабілеті; басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас орнату қабілеті.

Осы технологияны қолданған кезде сабақтың негізгі кезеңдері-шақыру, түсіну, рефлексия кезеңі.

Шақыру кезеңінде әртүрлі әдістердің көмегімен (жеке / жұптық /топтық жұмыс; ми шабуылы; мазмұнды болжау; проблемалық мәселелер және т.б.) негізгі кезеңге дайындық жүзеге асырылады. Осылайша, бұрын алынған білім сана деңгейіне шығарылады. Енді олар жаңа білімді игеру үшін негіз бола алады, бұл студенттерге жаңа ақпаратты бұрын белгілі және саналы түрде байланыстыруға, жаңа ақпаратты түсінуге сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Түсіну кезеңінде, студент жаңа ақпаратпен немесе идеялармен байланыста болған кезде, ол өзінің түсінігін қадағалап, олқылықтарға назар аударуды үйренеді, оларды болашақта нақтылау үшін бекітеді. Әрқайсысы сөздердің мағынасын қалай болжағаны, оған қандай белгілер көмектескені туралы айтады.

Мұндай жұмыс ақыл-ой әрекетінің белгілі бір әдістерін қолданудың тиімділігін талдауға мүмкіндік береді. Рефлексия кезеңінде оқушылар сабақта білгендерімен байланысы туралы ойланады, жаңа білімді бекітеді, оларға жаңа ұғымдарды енгізу үшін өз идеяларын белсенді түрде қайта құрады. Оқушылар арасында тікелей пікір алмасу оларға әртүрлі көзқарастармен танысуға мүмкіндік береді, әңгімелесушіні мұқият тыңдауға және өз пікірлерін дәлелді түрде қорғауға үйретеді. Рефлексияның соңғы кезеңі алынған білімді, дағдыларды, дағдыларды шығармашылық қолдануды білдіреді.

Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану пәнге деген қызығушылықты қалыптастырады, танымдық және ойлау қызметін, шығармашылық қабілеттерін жандандырады, байқағыштықты дамытады.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілінің көптомдық түсіндірме сөздігі. – 10 том. – Алматы, «Ғылым», 1976 – 1986 жж.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Жауапты редакторы Ш. Құрманбайұлы. – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 бет.
3. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Жауапты редакторы М.Малбақов. 2-кітап. – Алматы, Дайк-Пресс, 2011. – 828 бет.

ӘОЖ 84.54

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аязбай Д. - 1901-21 тобының студенттері
Керимбекова Ж.У. - аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Мектепте оқытудың негізгі міндеті – оқушылардың сөйлеу әрекетін жан-жақты және мақсатты түрде қалыптастыру және дамыту.

С.Н. Цейтлин бастауыш мектепте сөйлеу әрекетін одан әрі жетілдіруге және ана тілінің құрылымын білуге берік негіз қалану керек деп санайды [1]. Жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру, тыңдау және сөйлеу дағдыларын жетілдіру сөйлеу әрекетінің барлық түрлерімен тығыз қарым-қатынаста сөйлеу әрекеті мен тілге қатысты бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырумен, оның құрылымдық заңдылықтарын білумен қатар жүруі керек. Дәл осы жерде «мәтіннен – грамматикаға, грамматикадан – мәтінді тереңірек түсінуге» деген өрлеу принципін ұстану керек.

Л.С. Выготский мектепке келген баланың сөйлеу тілінің ахуалын мұқият зерттеп, оны дамыту керектігін айтады [2].

Бастауыш мектептегі жазу, каллиграфия және грамматика сабақтары қазақ тілінің біртұтас пәнін құрайды.

Кіші сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында сөйлеуді дамыту әдістерін оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту жұмыстарының деңгейлерімен байланыстырамыз.

Айтылым деңгейіндегі бірінші бағыт – дұрыс тыныс алудың, анық дикцияның нәтижесі ретінде түсінілетін сөйлеу техникасы бойынша жұмыс: сөйлеу сөйлеу-қозғалыс аппаратының бұлшықеттерін басқару қабілетін білгенде меңгеріледі. Сөйлеуге үйретудің бұл үлгісінен тіл мәселесіне, сөйлеу мүшелерінің физикалық дамуына көңіл бөлу принципі шығады.

Физикалық және сөйлеу кезіндегі тыныс алуды ажырату. Өмірде тыныс алу еріксіз сипатта болады. Дауыстап оқу және сөйлеу кезінде физиологиялық тыныс алу әдетте жеткіліксіз. Бұл жағдайда сөйлеу тынысы орын алады, процесс басқарылады, ерікті сипатта болады. Бұл үзілістер кезінде жүзеге асырылатын жеткілікті жылдам тыныс алуды, алынған тынысты ұстау үшін қысқа тыныс алуды және сөздер тобының еркін және табиғи айтылуы үшін қажетті баяу дем шығаруды қамтамасыз етеді.

Сөйлеу тынысын дамыту міндеттері.

Біріншіден, көп мөлшерде ауаны жұту емес, ұзақ дем шығаруды үйрету керек.

Екіншіден, сөйлеу кезінде ауаны ұтымды жұмсап, тез арада жаңарта білуге жаттықтыру керек.

Сөйлеу тынысын тәрбиелеу қарапайым тиімді тапсырмаларды, «ұсынылатын жағдайларды», қиялды, ассоциацияларды қою арқылы тыныс алу аппаратына жанама әсер ету арқылы жүзеге асырылуы керек. .

Сөйлеу техникасы бойынша жұмыс істеудегі маңызды міндет – оқушыларды дыбыстарды, буындарды, сөздерді таза, анық айтуға тәрбиелеуден тұратын дағдыларын жетілдіру.

Ерін, тіл, жақ, ауыз бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға бағытталған артикуляциялық гимнастика жүргізу. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын жаттықтыру жаттығуларын ұйымдастыру. Айтылым деңгейінде сөйлеу әрекетін дамыту бойынша жұмыстың екінші бағыты кіші жастағы оқушылардың қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормаларын практикалық меңгеруін ұйымдастыру болып табылады.

Сөйлеудің ауызша түрін ғана еститін және қабылдайтын мектеп жасына дейінгі балада сөйлеу дағдысы табиғи сөйлеу ортасының әсерінен бейсаналық түрде дамиды. Баланың мектепке келуімен айтылу нормаларын меңгерудің негізгі механизмі еліктеу, басқалардың сөзіне еліктеу болып қала береді, ал мұғалімнің сөйлеуі ең маңызды факторға айналады.

Жұмыстың үшінші бағыты –балалардың интонациялық дағдыларын жетілдіру. Бұл күрделі мәселені шешу үшін мұғалім бұл тілдік құбылыстың мәнін жақсы түсінуі қажет. Интонация – тілдің дыбыстық құралы, оның көмегімен сөйлеуші мен тыңдаушы сөйлеу ағымында сөйлемді және оның мағыналық бөліктерін бөліп алады. Күрделі құбылыс ретінде интонация құрылымы келесі элементтерді қамтиды:

1) Ырғақтылық.
2) Қарқындылық
3) Темп немесе ұзақтығы.
4) Үзіліс.
5) Эмоцияны білдіру құралы ретіндегі ерекше тембр.

Интонацияның өзіндік ерекшелігі тиісті жұмысты ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерінен көрінеді.

Н.П. Щетинин бұл құбылысты зерттеудің функционалдық тәсілін жүзеге асыру эмоционалды және семантикалық (логикалық, грамматикалық) интонацияны шартты түрде (білім беру мақсатында) ажыратуды талап етеді. Жұмысты дәл эмоционалды интонацияны терең қарастырудан бастау керек. Эмоциялық интонация бойынша жұмыстың тиімділігі белгілі бір шарттармен қамтамасыз етіледі [3].

Біріншіден, оқушылардың эмоционалды-бағалаушы сөздік қоры жеткіліксіз болғандықтан, эмоциялық күйлердің сөздігін жинақтау үшін арнайы жұмыс ұйымдастырылуы керек. Екіншіден, оқушылардың интонациялық дағдыларын дамытудың маңызды құралы ретінде жанды, табиғи

интонациялардың пайда болуын қамтамасыз ететін сөйлеу жағдаяттарын пайдалану қажет. Шындықтың мәнжайлары өте егжей-тегжейлі болуы керек, бұл балаға өзін кейіпкермен бірге немесе кейіпкердің орнына оңай елестетуге көмектеседі. «Диалогтан монологқа» жолды таңдаған жөн, яғни оқушылардың интонациялық дағдыларын жетілдіру диалогтік сөйлеуден басталып, бірте-бірте монологтық сөйлеуді жетілдіруге көшу керек.

К. Д. Кумарова сөздердің мағыналарын түсіндіру әдістерін келесідей ажыратады:

а) өз бетінше, яғни мұғалімнің тікелей көмегінсіз: сөздің мағынасы суретті-иллюстрация немесе суретті сөздік, оқулық бетіндегі түсіндірме, сөздіктің соңындағы сөздік арқылы нақтыланады.

ә) мұғалімнің көмегімен: өз мәтініне мағынасын ашатын сөзді енгізу; синоним, антоним, паронимдерді таңдау; мұғалімнің мағыналары мен реңктерін түсіндіру; семантизацияның қиын жағдайларын этимологиялық жолмен, сөзжасам арқылы нақтылау; сөздіктерден сөздерді іздеуде мұғалімнің көмегі; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдалануға үйрету [4].

Мектеп оқушылары сөздік ойындарды жақсы көреді: кроссвордтар (өз бетінше шешу және құрастыру), ребустар. Іздеу тапсырмалары ойындық сипатқа ие болады. Әдетте келесі лексико-семантикалық тақырыптар бөлінеді:

- синонимдермен жұмыс;
- омонимдермен жұмыс;
- антоним және пароним сөздермен жұмыс;
- көнерген сөздермен жұмыс;
- көп мағыналы сөздермен жұмыс;
- мағыналық реңктері мен мәнерлілігі бар сөздермен жұмыс;
- жаңадан жасалған сөздермен жұмыс;
- фразеологизмдермен жұмыс;
- сөздің тақырыптық топтарын құрастыру.

Әдетте, зерттеу нысанының әрқайсысы оқушы жұмысының 4 кезеңінен өтеді:

1) Мәтіндегі сөзді табу.

2) Семантизация – сөздікке жазып алу, сәйкес ұғымды қалыптастыру.

3) Берілген лексика-семантикалық топтың сөздерімен жаттығулар тізбегін орындау: синонимдік қатарларды құрастыру, синонимдерді бағалау және т.б.

4) Мәтінге жаңа сөздерді енгізу, яғни оларды белсендіру, коммуникативті мақсатта қолдану.

Әдебиеттер

1 Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка. М.: Владос, 2021 г.
2 Выготский Л.С. Мышление и речь / Л.С. Выготский. – М.:Национальное образование, 2016. – 348 с.
3 Щетинин М.П. Школа третьего тысячелетия. На пути к счастливому человеку. М.: Амрита, 2020 г.
4 К. Д. Кумарова, Г. Н. Жургенбаева. Қазақ тілі. Демонстрациялық материалдар (3+). Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017.

УДК 811.111

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ОБУЧЕНИИ ПЕРЕСКАЗУ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Бадалова Р. - ученица
Мурадова Х.Б. - учитель
Туркестанская область, Сайрамский район, село Карасу ОШ №14 имени М.Сапарбаева КГУ

В современном мире, где информация доступна в огромных количествах, способность эффективно извлекать, анализировать и синтезировать ее является одним из ключевых навыков. Функциональная грамотность, включающая в себя умение работать с информацией, критически ее оценивать и использовать в различных ситуациях, становится все более актуальной в школьном образовании. Формирование функциональной грамотности является одной из задач обновленного стандарта основного общего образования. От педагогов требуют не только развития языковых навыков, но и формирования у обучающихся функциональной грамотности и "мягких" навыков (soft skills). Эти компетенции позволяют ученикам не только овладеть языком, но и адаптироваться к быстро меняющемуся миру, критически мыслить, работать в команде и принимать решения. Обучение пересказу на уроках английского языка предоставляет уникальную возможность развивать функциональную грамотность у обучающихся.

Пересказ как метод имеет свои особенности, и он направлен на развитие ряда ключевых навыков:

- **Функциональная грамотность** - умение работать с текстом, выделять главное, понимать смысл прочитанного и уметь передать его на иностранном языке.
- **Критическое мышление** — необходимость осмыслить информацию, выбрать наиболее важные аспекты для пересказа.

• **Коммуникация** - пересказ развивает способность передавать информацию устно.

• **Умение работать в команде** - групповые пересказы или обсуждения текста помогают обучающимся научиться слушать друг друга, распределять роли, совместно приходить к решениям.

• **Креативность** - составление пересказов, особенно творческих (например, изменение концовки текста или добавление элементов фантазии), развивает способность к нестандартным решениям.

В данной статье рассмотрим пример работы с пересказом для обучающихся 5-9 классов на основе УМК «Английский в фокусе» для 5 класса

Этапы работы с пересказом

Процесс обучения пересказу можно разделить на несколько этапов:

1. **Подготовительный этап** - ознакомление с текстом и его общее понимание. На этом этапе важно, чтобы обучающиеся уловили основной смысл текста, определили его структуру и ключевые идеи. Работа может включать предварительные вопросы для активизации имеющихся знаний и установление целей чтения.
2. **Работа с текстом: выбор информации** - здесь обучающиеся учатся выделять ключевую информацию, важную для пересказа. Как показывает практика, удобным инструментом на этом этапе является заполнение таблиц. Обучающиеся фиксируют основные аспекты текста, такие как события, главные герои, факты и действия. Это помогает не только организовать пересказ, но и облегчает понимание структурных и смысловых связей текста.
3. Заполнение таблицы для пересказа - обучающиеся вносят в таблицу данные в соответствии с информацией, указанной в тексте. Для максимальной эффективности необходимо соблюдать следующие условия: формулировки должны быть краткими и четкими, в таблицу вносим либо 1 ключевое слово, либо словосочетание из 2 слов или 3 слов, одно из которых – предлог/артикль/ незначимая часть речи. Нельзя вносить в таблицу подлежащее и сказуемое вместе или записывать предложения полностью.

Пример таблицы:

country	**food**	**decorations**	**activities**
The UK	Chips, sandwiches, small cakes, ice-cream	balloons	Party games
China	Noodles, soup, red eggs	Red paper	Family dinner, giving money

Этот этап помогает развивать такие навыки, как анализ и систематизация информации. Учащиеся учатся структурировать текст, выделять главное, что развивает их функциональную грамотность.

4.**Составление пересказа** — ученики на основе таблицы формулируют краткий текст пересказа. Важно следить за тем, чтобы пересказ не был дословным повторением текста, а содержал его основные идеи в другой формулировке. Этот этап позволяет развивать навык перефраза, передачи усвоенной информации своими словами. Данные навыки, в свою очередь, развивают навык коммуникации**.** Устное воспроизведение текста улучшает навыки говорения на иностранном языке, учит формулировать мысли ясно и лаконично.

Таким образом, методика пересказа служит важным элементом в формировании всесторонне развитых и подготовленных к вызовам 21-го века школьников. Для развития функциональной грамотности и мягких навыков у школьников через обучение пересказу на уроках английского языка важно адаптировать упражнения в зависимости от уровня их обученности. Вот примеры упражнений для разных уровней:

1. Начальный уровень (5-6 классы)

Упражнение 1: Заполнение таблицы с ключевой информацией

- Цель: развить навыки понимания текста и выделения ключевых слов.
- Описание: ученикам предлагается текст, после прочтения которого они заполняют таблицу, как в примере:

country	**food**	**decorations**	**activities**
The UK	Chips,…	…	…
China	Noodles, …	…	…

Заключение

Обучение пересказу помогает не только в овладении языком, но и формирует важные компетенции, необходимые в жизни. Этот метод способствует развитию функциональной грамотности, критического мышления, навыков работы с информацией и ключевых мягких навыков, что делает его незаменимым инструментом в обучении. Это особенно важно в контексте современных образовательных стандартов, которые требуют не только знания языка, но и способности использовать его на практике. Обучающиеся тренируются работать в команде, анализировать информацию и креативно перерабатывать её, а также эффективно выражать свои мысли в устной и письменной форме. Эти навыки важны не только в рамках школьного обучения, но и в дальнейшем - в повседневной жизни и профессиональной деятельности.

Литература

1. Фастовец, Р.В. Практика английской речи = English Speech Practice: 2-й курс: учеб. пособие для студентов специальности «Современные иностранные языки» учреждений, обеспечивающих получение высш. образования / Р.В. Фастовец, Т.И. Кошелева, Е.В. Таболич; под ред. Р.В. Фастовец. - 2-е изд. - Минск: ТетраСистемс, 2008. - 400 с.
2. Хведченя, Л.В. Английский язык для студентов-заочников. Гуманитарные специальности: учеб. пособие / Л.В. Хведченя, О.И. Васючкова, Т.В. Елисеева [и др.]. - 3-е изд., доп. - Минск: Выш. шк., 2002. - 464 с.

ӘОЖ 616.98

ҚЫРЫМ - КОНГО ГЕМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Балабек Г.Б., Тұрлыбекова Ұ.Қ. - ЕП-23-13к2 тобының студенттері
Калкабаева С.А.- м.ғ.д., профессор

Қырым- Конго геморрагиялық қызбасы дерті бойынша эпидемиологиялық ахуал елімізде алаңдатушылық тудырып отыр. Бізді жұқпаның тез берілуі алаңдатады. Халықтың сауаттылығының жетіспеуі, гигиеналық талаптардың дұрыс сақталмауының арқасында ауру әлі де тіркелуде. Жұқпа болжамы өте күрделі, өлім-жітімділік 30-60% құрайды, 80% жағдайда 20 жастан 60 жасқа дейінгі адамдар шалдығады. Сондықтан бұл індет жағдайы бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы – иксодты кенелердің шағуы арқылы берілетін қызбамен, айқын уланумен, тері және ішкі ағзаларға қан құйылуымен сипатталатын кең таралған табиғи-ошақты трансмиссивті жұқпа. Латын тілінен аударғанда «геморрагия» қансырау деген мағынаны білдіреді. Табиғи ортада вирустың негізгі резервуары мен тасымалдаушысы Hyalomma туыстығына жататын кенелер (Қазақстанның оңтүстік аймақтарында- Dermacentor hivens, басқада орталық республикаларда - H. asiaticym). Табиғаттағы Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының негізгі тасымалдаушылары мен көздері әртүрлі кеміргіштер, үй және жабайы жануарлар, орман тышқаны, кішкентай сарышұнақ, русак қояны, құлақты кірпі, сондай-ақ вирусты өмір бойы сақтап, оны ұрпақтарына тарататын кенелер болып табылады. Берілу механизмі - трансмиссивтік. Берілу жолдары-тасымалдаушылар арқылы жанасулық. Берілу факторлары-кененің шағуы, зарарлы науқас қанының теріге түсуі. Қабылдағыш ағза - халықтың әр түрлі топтары, ауылшаруашылығындағы адамдар, медицина қызметкерлері. Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы жұқпасын 1944-1945 жылдары Қырымда шөп жинау науқанында ауырған әскер мен жер аударылғандардың қанын зерттегенде ресейлік биолог, вирусолог Чумаков М.П. бірінші болып тапқан, ауру қоздырғышын анықтап оның кенемен берілетінін дәлелдеген. 1956ж. Конгода ауырған баланың қанынан антигендік құрамы ұқсас вирус табылған. Қоздырғыш Конго вирусы деп аталды. Сондықтан 1956 жылдан ауру қос атқа ие. Кейінгі 1956-1969 жылдары ұқсас аурулар ошағы Қазақстанда, Өзбекстанда, Түркменстанда, Азербайджанда, Болгарияда, Югославияда, Венгряда, Шығыс және Батыс Африкада, Иранда, Индияда табылды [1]. Қазақстанда бұл геморрагиялық қызба «көкала» деген атпен 1948 жылдан бері белгілі. Қырым -Конго геморрагиялық қызбасының табиғи ошақтары Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында орналасқан. Шымкент қаласы Қырым- Конго геморрагиялық қызбасы ауруынан қолайсыз аймақтар қатарына жатады. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда кене шағу жағдайы 3 есеге өскен. Осы ретте, Шымкент қаласында кенелердің көбеюінің және адамдар арасында Қырым- Конго геморрагиялық қызбасы індетінің тіркелуінің алдын алу мақсатында кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жалғасып жатыр.

Қырым- Конго геморрагиялық қызбасы жұқпасының алдын алу мақсатында біз әдебиеттік шолу жасап, осы індет туралы деректер жинап, ғылыми зерттеу жұмысын жүргіздік. Жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасы бойынша Қырым- Конго геморрагиялық қызбасымен сырқаттанушылықтың орын алу жағдайын және себептерін зерттеу. Жұмыстың міндеттері әдебиеттік шолу жасау, жұқпа туралы деректер жинау, жұқпаның таралу жағдайын қарастыру, эпизоотологиялық мәліметтер жинау, дерт болжамы мен санитарлық –эпидемияға қарсы шаралармен танысу. Зерттеу әдістері статистикалық талдау, ретроспективті эпидемиологиялық талдау.

Қызбаның қоздырғышы, қан тамыр эндотелиінің жоғарғы тропизм қасиетіне ие буньявирус түрі, нейровирус типті арбовирус тобына жататын РНК-лы вирус. Қоздырғыш сфера пішіндес болып келеді. Қоршаған ортада тұрақсыз. Қайнатқан кезде вирус бірден жойылады, 37˚С – 20 сағаттан соң, 45˚С – 2 сағаттан соң. Кептірілген қалыпта вирус 2 жыл шамасында өмірге қабілеттілігін сақтайды. Зақымдалған жасушалардың цитоплазмасында басымырақ орналасады. Терінің кене шаққан орны немесе науқас адамның қанымен байланысты болған кезінде терінің зақымдану орны вирустың ену қақпасы болып табылады. Шаққан кезде жергілікті белгілері айқын емес. Жұқпаның екінші сатысында вирус көп мөлшерде қанға еніп, жалпы ауыр интоксикация байқалады, қан тамыр эндотелиі зақымданып және олардың өткізгіштігінің жоғарылауы салдарынан геморрагиялық диатездер дамиды [2]. Адамдардың зарарлануы жаз-күз мезгілдерінде байқалады (мамыр, тамыз), бұл өз кезегінде кенелердің кешіктірілген белсенділігінің қайталануымен сипатталады [3]. Жұқпа жіті басталады. Инкубациялық кезең кенемен байланыста болғанда 12 күн, адам қанды бөлінулерімен қатынаста болғанда - 9 күнді құрайды. Бастапқыда қалтырау, дене қызуының 39°С -40°С- қа көтерілуі, дененің ауырсынуы, ішінің бүріп ауруы, құсу болады, коньюнктив қан тамырларының қызаруы байқалады. Вирус бүйрек без, гипоталамус, тамыр эндотелиін зақымдайды, соңында ол тамыр қабырғасының өткізгіштігін арттырып қан ұю кешенінінің бұзылуына алып келеді. 2-ші күні геморрагиялық синдром дамиды, қарын үсті мен кеуде торшасының қос жағын, аяқ қолдарын геморрагиялық бөртпе басады. Геморрагиялық кезеңде мұрын, қызыл иек, асқазан-ішек, жатырдан қан кету дамиды, одан науқас өлуі мүмкін [4]. Адамда табиғи вирус қабылдағыштық жоғары. Сауыққан соң 1-2 жыл иммунитет сақталады. Жасанды иммунитет пайда болу үшін зарарланған ақ тышқан мен ақ егеуқұйрықтың жаңа дүниеге келген баласының миынан жасалған формолвакцинаны қолданады. Қырым-Конго геморрагиялық қызбасына қарсы сенімді және тиімді вакцина жоқ.

Эпидемияға қарсы шараларға ауру жұқтырған адамдармен байланыста болғандарды бақылау жатады. Таралу жолдарын болдырмау: малдарды вакцинациялау, дезинфекциялық шараларды жүргізу, жеке гигиена сақтау. Жұқпаға кудік туса, тыныс ағзасын қорғау үшін респираторлы бет перде ауа және қан арқылы жұғатын аурудың, алдын алуға көмектеседі. 16 қабатталған мата 94 % патогендік микроорганизмге, ал мақта-дәкелі маска – 20% -на тосқауыл бола алатыны анықталған [5]. Сонымен, қолдағы құралдар ағзаға жұқпаның кіруіне кепілдік бере алмайды, тек жұғу дозасын азайтады. Тері қабаты мен қызметтік киімді қорғау үшін жеке обаға қарсы қорғаныш құралы қолданылады. Көзге көзілдірік, қолға винилды, латексты қолғап кию керек. Ең әуелі - жеке қауіпсіздік приоритетті болып табылады. Екінші орында –науқасты қорғау. Үшінші орында – басқа адамдарды қорғау. Қазақстан Республикасының қолдануға рұқсат берілген дезинфекция құралымен науқас болған тұрғын үйге, бөлмеге дезинфекция жасалынады. Төсек орын, киім-кешек дезинфекциялық ерітіндіге малынып, содан соң қайнатылады. Заттары дезинфекциялық камерада тазаланады. Ошақта санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі [6].

Практикалық ұсыныстар: табиғат аясында, саяжайда демалған сәттерде, кенеден сақтану керек. Кене жабысу мүмкіндіктері бар жерлерде шалбардың балағын носкидің ішіне, көйлекті шалбардың беліне салып қымтаған дұрыс. Міндетті түрде шашты бас киімнің немесе орамалдың астына жинау керек. Алаңды өңдемей лагерь құруға, шөпке отыруға немесе жатуға болмайды. Арнайы спрей репелленттерін пайдаланып, оларды үш сағат сайын қайталап жағып тұру керек. Шөпті өсімдіктері бар жерлерде жүрген кезде әр 10-15 минут сайын өзара және өзін-өзі тексеруді жүргізу керек. Жұмыстан немесе демалыстан қайтқанда киімді желдетіп, бөлмеге бірден гүлдерді, бұтақтарды, аңшылық олжаларды әкелмеген жөн. Жабысқан кенелерді анықтау және жою үшін үй иттерін және басқа үй жануарларын тексерген абзал. Егер кене шағып алған болса, кенені май тамызып алуға болмайды, қанға тойып алған кене тұншығып, қанды қайтадан жараға төге салуы мүмкін. Ал адам өзі жұлып тастаса, тұмсығы теріде қалып қояды. Оны байқау өте қиын. Ең дұрысы, денедегі кенені пинцетпен бұрап отырып алу. Шаққан жерді тек иод ерітіндісі немесе спиртпен өңдеу керек және міндетті түрде емдеу мекемесіне барған жөн. Осы қарапайым ережелерді орындай отырып, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасын жұқтыру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болатынын естен шығармау керек.

Әдебиеттер

1. Товпинец Н.Н., Евстафьев И.Л. Природная очаговость зоонозных инфекций в Крыму: эпизоотологический и эпидемиологический аспекты., www.pedsovet.org/forum/index.php, 2010.
2. Денсаулық сақтау Министрінің 2006жылғы 15 желтоқсан №623 бұйрығымен бекітілген «Есепке алу және тіркеу кезінде адамның аса қауіпті жұқпалы аурулары жағдайларын анықтау жөніндегі медициналық қызмет саласындағы стандарттар».
3. Есепке алу және тіркеу кезінде адамның аса қауіпті жұқпалы аурулары жағдайларын анықтау жөніндегі медициналық қызмет саласындағы стандарттарға 2 – қосымша «Жұқпалы аурулар жағдайларының жіктемесі» //Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының жіктемесі (А98.0).
4. Амиреев С.А., Муминов Т.А., Сергиев В.П. соавт. //Стандарты и алгоритмы мероприятий при инфекционных и паразитарных болезнях. Алматы, 2008. стр.18-25.
5. Jeffrey M. Caterino, Scott Kahan//In A Page Emergency Medicine. Москва «Медпресс-информ»,2005.с.82-134.
6. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 декабря 2008 года № 682 Об утверждении санитарно-эпидемиологических правил и норм "Организация и проведение санитарно-противоэпидемических (профилактических) мероприятий в очагах Крымской - Конго геморрагической лихорадки в Республике Казахстан".

УДК 372.851

ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Балғабай З. – ЕП-22-11к2 тобының студенті
Мырзабеков Т.М. – оқытушы


Зерттеулер көрсеткендей, зерттеуге негізделген оқыту білім алушылардың математикалық дағдылары мен түсінігін арттыра алады. Математика сабақтарында сұрау тәсілдерін енгізу білім алушылардың деректерді талдау, графиктерді түсіндіру және функционалдық қатынастарды зерттеу қабілеттерін дамыта алады (Lukáč, 2015; Sekerák et al., 2020). Geogebra сияқты интерактивті құралдар математикалық ұғымдарды зерттеуге және зерттеу дағдыларын дамытуға ынталандыратын орта жасай алады (Sekerák et al., 2020). Оқу, жазумен және сөйлеумен ұштастыра отырып, бірегей оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, математикалық сұрауларды қолдауда көптеген функцияларды орындай алады (Siegel et al., 1998). Зерттеулер көрсеткендей, зерттеуге негізделген жоғары математика курстарына қатысу болашақ мамандардың математиканы тиімді оқыту туралы түсініктерін айтарлықтай өзгерте алады, ойлау дағдыларын дамытуға және математикалық түсініктерді тереңдетуге назар аударады (Stonewater, 2005). Бұл нәтижелер белсенді

қатысуға, тұжырымдамалық түсінуге және негізгі зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ете отырып, математикалық білім беруді жетілдіруге бағытталған зерттеуге негізделген тәсілдердің әлеуетін көрсетеді.

Зерттеулерде қолданылған әдістер мен ұсынылған есептерді қарастырайық.

Беттермен шектелген дененің көлемін есептеңіз $hz = x^2 + y^2, \quad z = h \quad (h > 0)$

Шешуі. Бұл дене төменнен параболоидпен шектелген $z = \frac{x^2 + y^2}{h}$, үстінен z=h жазықтығымен және XOY жазықтығында $x^2 + y^2 \le h$ шеңберге проекциаланады (Сурет 1).



Сурет 1 - Интегралдау облысы

Цилиндрлік координаттар жүйесіне көшеміз:

$$x = \rho \cos \varphi,$$

$$y = \rho \sin \varphi,$$

$$z = z,$$

онда, біздің параболамыз

$$z = \frac{\rho^2 \cos^2 \varphi + \rho^2 \sin^2 \varphi}{h}, \qquad \text{т.е.} \qquad z = \frac{\rho^2}{h}.$$

Дененің көлемі

$$V = \iiint\limits_{(V)} dxdydz = \iiint\limits_{(V^*)} \rho d\rho d\varphi dz = \int\limits_0^{2\pi} d\varphi \int\limits_0^h \rho d\rho \int\limits_{\rho^2/h}^h dz = \int\limits_0^{2\pi} d\varphi \int\limits_0^h \left(h - \frac{\rho^2}{h} \right) \rho d\rho =$$

$$= \int\limits_0^{2\pi} \left(\frac{h\rho^2}{2} - \frac{\rho^4}{4h} \right) \Bigg|_0^h d\varphi = \left(\frac{h^3}{2} - \frac{h^3}{4} \right) \int\limits_0^{2\pi} d\varphi = \frac{\pi h^3}{3}.$$

Тұтастай алғанда, аталған зерттеулер белсенді оқытудың, ізденістерге негізделген іс-әрекеттің және физика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша білім берудегі ғылыми құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Ješková, Z., Lukáč, S., Hančová, M., Šnajder, Ľ., Guniš, J., Balogová, B., & Kireš, M. (2016). EFFICACY OF INQUIRY-BASED LEARNING IN MATHEMATICS, PHYSICS AND INFORMATICS IN RELATION TO THE DEVELOPMENT OF STUDENTS´ INQUIRY SKILLS. *Journal of Baltic Science Education, 15*.
2. Bakhytkul, K., & Asilkhanovna, B.G. (2020). TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS TO THE FORMATION OF RESEARCH SKILLS OF STUDENTS.
3. Hayyu, A.N., Dafik, Tirta, I.M., Wangguway, Y., & Kurniawati, S. (2020). The analysis of the implementation inquiry based learning to improve student mathematical proving skills in solving dominating metric dimention number. *Journal of Physics: Conference Series, 1538*.
4. Sekerák, J., Lukáč, S., & Dobos, J. (2020). DEVELOPMENT OF INQUIRY SKILLS TO ANALYSE AND DETERMINE RELATIONSHIPS BETWEEN VARIABLES IN MATHEMATICS TEACHING USING GEOGEBRA.
5. Lukáč, S. (2015). Stimulation of the Development of Inquiry Skills in Teaching Functions. *International Journal of Information and Communication Technologies in Education, 4*, 18 - 4.
6. Wu, H., & Hsieh, C. (2006). Developing Sixth Graders' Inquiry Skills to Construct Explanations in Inquiry-based Learning Environments. *International Journal of Science Education, 28*, 1289 - 1313.

УДК 372.851

ТУЫНДЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ ТУРАЛЫ


Батырова Д. – ЕП-22-11к2 тобының студенті
Абжапбаров А.А. – ф-м.ғ.к., доцент

Туынды ұғымының математикалық және физикалық түсіндірмелері бар (Сурет 1). Bergues (2019) және басқалар модельдеу және эксперименттік демонстрациялар арқылы оның физикалық және геометриялық мағыналарына баса назар аудара отырып, туынды ұғымды мағыналы меңгеруді жеңілдету үшін бес сатылы процедураны ұсынады. Anuarbekova A. K., Ysmagul R. S. (2015) "қалың" туындыларды кішігірім, бірақ шексіз емес өзгерістердің коэффициенттері ретінде енгізе отырып, туындыларды түсінудің теориялық негіздерін кеңейтуді пысықтайды. Hilfer (2019) негізгі математикалық идеялар мен физикалық теориялардың қысқаша сипаттамаларын ұсына отырып, бөлшек туындылар мен интегралдардың әртүрлі математикалық және физикалық интерпретацияларына жан-жақты шолу жасайды. Бұл еңбектер туындыларды олардың математикалық тұжырымдамасынан тыс түсінудің маңыздылығын, олардың ғылым мен техникада практикалық қолданылуын баса көрсете отырып, ұжымдық түрде көрсетеді.

Есеп. Ауадағы дененің салқындау жылдамдығы дене температурасы мен ауа температурасы арасындағы айырмашылыққа пропорционалды. Ауа температурасы $20°C$. 20 минут ішінде дене $100°C$-дан $60°C$-ға дейін салқындайтыны белгілі. Уақыт бойынша дене температурасының өзгеру заңын анықтаңыз.

Шешімі

t – уақыт, $U = U(t)$ – дене температурасы белгілейік.



Сурет 1 – Туындының графикалық иллюстрациясы

Ондай болса, дене салқындау жылдамдығы туындыға тең болады $v = \frac{dU}{dt}$

Есептің шартына сай $v = k(U - 20)$, мұнда k - пропорционалдық коэффициенті

$$\frac{dU}{dt} = k(U - 20)$$

Енді дифференциалдық теңдеуді шешеміз

$$\int \frac{dU}{U - 20} = \int k dt$$

$$\ln(U - 20) + C_1 = kt + C_2$$

$\ln(U - 20) = kt + \ln C$ жалпы шешімі

$$e^{\ln(U-20)} = e^{kt + \ln C} = e^{kt} \cdot e^{\ln C}$$

$$U - 20 = Ce^{kt}$$

C, k табу үшін есептің шартына жүгінеміз

$U = 100, егер\ t = 0$

$U = 60, егер\ t = 20$

$$\begin{cases} 100-20=Ce^{k\cdot 0} \\ 60-20=Ce^{20k} \end{cases} \quad C=80,$$

$$40=80e^{20k}$$

$$e^{k}=\left(\frac{1}{2}\right)^{\frac{1}{20}}$$

Жауабы: Заңдылық $U(t)=20+80\cdot\left(\frac{1}{2}\right)^{\frac{t}{20}}$

Әдебиеттер

1. Алдибаева Л. Т., Керимова Ж. Н. Дифференциалдық теңдеулер теориясы және есептеу әдістері. – 2014.
2. Anuarbekova A. K., Ysmagul R. S. Қазіргі математикадағы дифференциалдық теңдеулер теориясының рөлі және оның қосымшасы //Engineering Journal of Satbayev University. – 2021. – Т. 143. – №. 5. – С. 51-56.
3. Hilfer, R. (2019). Mathematical and physical interpretations of fractional derivatives and integrals. *Basic Theory*.
4. Bergues, J.M., Casamayor, R., & Arada, D.A. (2019). PROCEDURE TO INTRODUCE THE CONCEPT OF THE DERIVATIVE FROM A MEANINGFUL LEARNING PERSPECTIVE. *EDULEARN19 Proceedings*.

ӘОЖ 512.13

САНДАРДЫҢ БӨЛІНГІШТІГІНЕ БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

Батырова Д. - ЕП-22-11к2 тобының студенті
Дуйсебаева П.С. - магистр, аға оқытушы

Сандар теориясы, шынымен де, өте көне ғылым саласы болып табылады. Ол сандар мен олардың қасиеттерін, құрылымдарын, өзара қатынастарын зерттейді. Евклидтің «Негіздер» атты еңбегі тек геометрия саласында ғана емес, сондай-ақ сандар теориясында да үлкен маңызға ие болды. Евклидтің жұмысы математиканың негіздерін қалайды, оның ішінде сандар мен олардың бөлшектері туралы алғашқы түсініктер де бар. Евклидтің іргетасы қаланған сандар теориясы әлі де көптеген маңызды зерттеулер мен қолданбалы аспектілерді қамтып келеді.

Бүтін екі a мен b санын алайық. Осы екі санның қатынасы бүтін сан да, бөлшек сан да болуы мүмкін. a -нын b -ге бөлінетіндігін $b|a$ символымен белгілейміз (ол былай оқылады: b саны a -нын бөлгіші). Енді $\frac{a}{b}$ қатынасы бөлшек сан болсын және де b -нің a -дан аспайтын ең үлкен еселігі bq болсын дейік. Сонда $0 \le r < b$ қатысын қанағаттандыратын r саны табылып,

$$a=bq+r$$

теңдігі орындалады. r саны a -ны b -ге бөлгенде шыккан қалдық деп, ал q саны бөлінді деп аталады.

Енді бөлінгіштіктің анықтамасынан келесідей қасиеттері шығады:

Бөлінгіштікің 1-қасиеті. Егер a мен b сандарының әрқайсысы үшінші c санына бөлінетін болса, онда олардың қосындысы не айырмасы $a \pm b$ де сол c санына бөлінеді.

Бөлінгіштіктің 2- қасиеті. Егер a саны c -ға бөлінетін b санына бөлінсе, онда a саны c санына да бөлінеді.

Бөлінгіштіктің 3- қасиеті. Егер a мен b сандарының әрқайсысы екіншісіне бөлінсе, онда олардың тең болғаны не айырмашылығы тек таңбасында ғана болғаны [1].

Енді сандардың бөлінгіштігіне берілген есептерді шешуге тоқталайық:

Мысал. $n-$ нің кез келген бүтін оң мәндерінді $S_n=n^3+3n^2+5n+3$ –нің 3-ке бөлінетінін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: $S_n=n^3-n+3n^2+16n+3=(n-1)\cdot n\cdot(n+1)+3\cdot(n^2+2n+1).$ Тізбектелген үш бүтін санныі көбейтіндісі 3-ке бөлінеді, олай болса, барлық қосынды да 3-ке бөлінеді.

Мысал. Кез келген алты сандардың ішінде айырмасы 5-ке бөлінетін екі санның табылатынын дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: Санды 5-ке бөлгенде 5 түрлі қалдықтар: 0, 1, 2, 3, 4 шығуы мүмкін. Сонда барлығы алты сан болатындықтан, олардың ішінде 5-ке бөлгенде бірдей қалдықтар беретін екі сан табылады. Олардың айырымы 5-ке бөлінеді.

Мысал. Мына санның $157^{5^{37}}-1$ 13-ке бөлінетінін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: $5^{37}=\underbrace{5\cdot 5\cdot 5\cdot \ldots \cdot 5}_{37\ рет}=5k,$ мұндағы $k\in N$ 5-ке еселік, онда

$157^{5^{37}}-1=157^{5k}-1=(157^k)^5-1=(157^k-1)\cdot(157^{4k}+157^{3k}+157^{2k}+157^k+1).$ Сонда 157^k-1 саны негіздерінің айырымы $157-1=156=13\cdot 12$ -ге бөлінетіндіктен, берілген сан 13-ке бөлінеді.

Мысал. Үш таңбалы санның цифрларының қосындысы 7-ге тең. Бұл сан оның бірліктері мен ондықтарының цифрлары тең болғанда және тек сонда ғана 7-ге бөлінетінін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: $N=100x+10y+z,$ мұндағы $x\geq 1$ және $x+y+z=7$ болсын. Сонда $x=7-y-z$ болатындықтан, бұл санды мына түрде жазуға болады:

$N=700-100y-100z+10y+z=700-90y-99z=$

$=(700-91y-98z)+(y-z)=7a+(y-z).$

N саны 7-ге $(y-z)$ саны 7-ге бөлінгенде және тек сонда ғана 7-ге бөлінеді. y,z - үш таңбалы санның ондықтары мен бірліктерінің цифрлары болатындықтан, $0\leq y+z<x+y+z=7$ (өйткені х-жүздік цифр 1-ден кіші емес). Олай болса, $y+z\leq 6.$ Сонда $0\leq z\leq 6$ және $0\leq y\leq 6$ болатындықтан, $-6\leq z-y\leq 6,$ сондықтан $(z-y)$ саны 7-ге $z-y=0$ немесе $y=z$ болғанда және тек сонда ғана бөлінеді.

Мысал. $n-$нің кез келген натурал мәндерінде $3^{n+2}-2^{n+2}+3^n-2^n$ өрнегінің мәні 10-ға бөлінетінін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: Берілген санды мына түрде жазуға болады:

$3^{n+2}-2^{n+2}+3^n-2^n=3^n\cdot 3^2+3^n-2^n=3^n(9+1)-2^n(n+1)=$

$=3^n\cdot 10-2^n\cdot 5=10\cdot(3^n-2^{n-1})$

Бұдан берілген өрнектің $n-$нің кез келген натурал мәндерінде 10-ға бөлінетінін көреміз.

Мысал. Егер бірнеше бүтін сандардың қосындысы 6-ға бөлінетін болса, онда олардың кубтарының қосындысы да 6-ға бөлінетінін дәлелдеңіздер.

Шешуі: Алдымен а-ның кез келген бүтін мәндерінде a^3-a -ның 6-ға бөлінетіндігін көрсетейік. Расында да, $a^3-a=(a-1)\cdot a\cdot(a+1)$ тізбектес үш бүтін санның көбейтіндісі болатындықтан, оның кем дегенде біреуі 3-ке және кем дегенде біреуі 3-ке және кем дегенде біреуі 2-ге бөлінеді. Сондықтан мына айырма $(a_1^3+a_2^3+\ldots+a_n^3)-(a_1+a_2+\ldots+a_n)$ 6-ға бөлінеді. Ендеше, егер $a_1+a_2+\ldots+a_n$ 6-ға бөлінсе, онда $a_1^3+a_2^3+\ldots+a_n^3$ саны да 6-ға бөлінеді.

Мысал. $1+2+2^2+\ldots+2^{2011}+2^{2012}$ қосындысының 3-ке бөлінбейтінін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: Мына келесі қосындыны қарастырайық:

$1+2+2^2+\ldots+2^{2011}+2^{2012}=(1+2)+2^2\cdot(1+2)+\ldots+2^{2010}=$

$=3\cdot(2+2^2+\ldots+2^{2010})+2^{2012}.$

Соңғы қосындының бірінші қосылғышы 3-ке бөлінеді, ал екінші қосылғышы 3-ке бөлінбейді. Сондықтан барлық қосынды 3-ке бөлінбейді.

Мысал. $5^{2n+1}+3^{n+2}2^{n-1}$ өрнегі n кез-келген натурал сан болғанда 19-ға бөлінетіндігін дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: Математикалық индукция әдісі бойынша: $n=1, 125+27=152=19\cdot 8.$ $n=k$ болғанда $5^{2k+1}+3^{k+2}\cdot 2^{k-1}:19$ болсын. $n=k+1$ болғанда бөлінетінін дәлелдейміз.

$5^{2(k+1)+1}+3^{k+1+2}\cdot 2^{k+1-1}=25\cdot 5^{2k+1}+6\cdot 3^{k+2}\cdot 2^{k-1}=$

$=19\cdot 5^{2k+1}+6(5^{2k+1}+3^{k+2}\cdot 2^{k-1}):19$

Мысал: Кез-келген натурал n үшін $5^{5n+1}+4^{5n+2}+3^{5n}$ саны 11-ге бөлінетінін дәлелдеңіз.

Дәлелдеуі: Математикалық индукция әдісін қолдана отырып дәлелдейміз.

1) $\mathrm{n}=1\Rightarrow 5^6+4^7+3^5=15625+16384+243=32252:11;$

2) $n=k$ болғанда $5^{5k+1}+4^{5k+2}+3^{5k}\vdots 11$ тең болады;

3) $n=k+1$ $5^{5(k+1)+1}+4^{5(k+1)+2}+3^{5(k+1)}\vdots 11$ болатынын дәлелдеу керек

$$5^{5(k+1)+1}+4^{5(k+1)+2}+3^{5(k+1)}=5^{5k+6}+4^{5k+7}+3^{5k+5}\vdots 11,$$

$5^6+4^7+3^5\vdots 11$ болғандықтан және қосылғыштарды бірдей дәрежеге шығарып, 11-ге бөлінетін сан аламыз [2].

Әдебиеттер

1. Оразбаев Б.М. Сандар теориясы. Педагогтық институттарға аналған оқулық. Алматы: Мектеп баспасы, 1970.-391 б.
2. Аширбаев Н.К., Дуйсебаева П.С., Алибекова Ж.Д. Математикадан олимпиадалық есептер. 1996-2006 ж.ж. Оқу құралы. – Шымкент. «Нұрлы Бейне», 2014. – 226 б.

ӘОЖ 517.9

СИММЕТРИЯЛЫ ШТУРМ-ЛИУВИЛЛ ОПЕРАТОРЫНЫҢ СПЕКТРІНІҢ ЕСЕЛІГІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ

Батырова Д.Т. - ЕП-22-11к2 тобының студенті
Бейсебаева А.Ж. – магистр, оқытушы

L - дегеніміз, $L^2(0,\pi)$ кеңістігінідегі, мынадай,

$$Ly=-y''+q(x)y=\lambda^2 y \tag{1}$$

$$y(0)+k_1y(\pi)=0,\quad y'(0)+k_2y'(\pi)=0 \tag{2}$$

шекаралық есепке сәйкес оператор болсын делік, мұндағы $q(x)$ - функциясын $[0,\pi]$ аралығында үзіксіз және нақты делік, оны физиктер потенциал деп атайды, k_1 мен k_2 белгілі комплекс тұрақты шамалар, λ^2 - белгісіз (әзірше) спектралдік параметр, оның мәндері есепті шешу барысында айқындалады. Сонымен, белгілі шамалар: $q(x)$, k_1, k_2, ал белгісіз шамалар: λ^2 - спектралдік параметрдің мәндері, және оларға сәйкес (1)-(2) спектрәлдік есептің шешімдері. Мынадай, $k_1\neq -k_2$ жору жасайық, егер k_1 мен k_2 сандарының біреуі плюс бір, немесе, минус бір болса, ал екіншісі ерікті комплекс сан болса, онда L операторын, бұл сәтте L^+, немесе, L^- деп белгілейік. Бұл $L^\pm$ операторларының шексіз көп екіеселі меншікті мәндері болуы мүмкін. [1], [74-75 б.]. Меншікті мәнге сәйкес меншікті функциялар мен олардың еншілес (присоединенные) функцияларының санын меншікті мәннің еселігі делік. Меншікті мәндер характеристикалық функцияның [1] нөлдері, және осы нөлдердің еселік көрсеткіштері меншікті мәндердің еселіктері болып саналады. Меншікті мәндердің еселіктері туралы мәлімет өте құнды болып саналады, мысалы, [2], [3], [4]. Түпкі векторлар системасына таратқанда, және олардың базистік қасиеттерін зерттегенде, олардың еншілестерінің шексіз көп болған жағдайы ерекше қызығушылық туғызады, мысалы, А.А. Самарский мен Ж.Н. Ионкинің есебі [5], бұл сәтте жоғарыдағы [1] теңдеуде $q(x)=0,$ ал шекаралық шарттарда $k_1=0,\ k_2=1.$ L_c - дегеніміз $L^2(0,\mathrm{c})$ кеңістігіндегі (1) теңдеу мен, мына, $y(0)=0,\quad y'(c)=0$ шекаралық шарттардан туындаған, шекаралық есепке сай, оператор болсын, мұндағы с – дегеніміз $[0,\pi]$ аралығындағы, әйтеуір бір нүкте. Былай, $\sigma(L^\pm),\ \sigma(L_c)$ - деп сәйкесінше $L^\pm, L_c$ - операторының меншікті мәндерінің жиынын айтайық, әрине, еселі меншікті мәндер бұл жиындарда бір-бірден ғана кездеседі.

Теорема 1.

а) Егер $k_1=k_2$ болса, онда $L^\pm$ операторларының, әрбір, екі еселі меншікті мәніне екі сызықты тәуелсіз меншікті функциялар сәйкес келеді;

б) Егер $k_1\neq k_2$ болса, онда $L^\pm$ операторларының, әрбір, екі еселі меншікті мәніне бір меншікті функция мен, оған еншілес, бір функция сәйкес келеді;

в) Егер $q(x)$ функциясы мынадай,

$$q(x)=q(\pi-x),\qquad x\in[0,\pi] \tag{3}$$

болса, онда, $k_1 = k_2$ сәтіндегі сыңарлы оперторлардың меншікті мәндері нақты.

г) $L^{\pm}$ операторларының меншікті мәндерінің еселіктері екіден артық емес.

Ескерту 1. Екінші ретті, сыңарлы операторлардың санаулы меншікті мәндерінің еселік көрсеткіштері екіден жоғары болуы мүмкін. Мысалы, [6], мына [0,1] аралығында (1) теңдеу мен, мына, $y'(0)-2\left(1+\sqrt{\pi^2+1}\right)y(1)=0,\ y'(1)+2\left(1-\sqrt{\pi^2+1}\right)y(0)-4y(1)=0$

шекаралық шарттардан туындаған оператор үшін, $\mu_0 = (2\pi)^2$ мәні, үш еселі меншікті мән.

Теорема 2. Егер $q(x)$ функциясы, мына,

$$\text{а)}\ q(x)=q(\pi-x),\quad x\in\left[0,\frac{\pi}{2}\right]; \tag{3}$$

$$\text{б)}\ q(x)=q\left(\frac{\pi}{2}-x\right),\quad x\in\left[0,\frac{\pi}{4}\right]; \tag{6}$$

шарттарды қанағаттандырса, онда $L^{\pm}$ операторының әрбір меншікті мәні екі еселі, онан-да әрірек, $\sigma\left(L^{\pm}\right)=\sigma\left(L_{\frac{\pi}{2}}\right)$ теңдігі орындалады.

Теорема 3. Егер $q(x)$ функциясы, келесі,

$$\text{а)}\ q(x)=q(\pi-x),\quad x\in\left[0,\frac{\pi}{2}\right]; \tag{3}$$

$$\text{б)}\ q(x)=q\left(\frac{\pi}{2}-x\right),\quad x\in\left[0,\frac{\pi}{4}\right]; \tag{6}$$

$$\text{в)}\ q(x)=q\left(\frac{\pi}{4}-x\right),\quad x\in\left[0,\frac{\pi}{8}\right] \tag{7}$$

шарттарды қанағаттандырса , онда $\sigma\left(L^{-}\right)$ жиынынан шексіз көп екі еселі меншікті мәндерді бөліп алуға болады, тіпті онан-да әрірек, мына, $\sigma\left(L^{-}\right)=\sigma\left(L_{\frac{\pi}{4}}\right)$ теңдігі орындалады.

Дәлелі. Біз жоғарыдағы 1 теореманы дәлелдейік. Жоғарыдағы (1) теңдеудің, мына, $C_0(\lambda,0)=S_0'(\lambda,0)=1,\quad S_0(\lambda,0)=C_0'(\lambda,0)=0$ шарттарға сай шешімдерін сәйкесінше, былай, $C_0(\lambda,x),\ S_0(\lambda,x)$ белгілейік. $L^{\pm}$ операторының, λ_0 - меншікті мәніне сәйкес екі меншікті функциялары бар болсын делік, әрине, оларды өзара сызықтық тәуелсіз деп жоримыз. Онда әрбір $C_0(\lambda,x),\ S_0(\lambda,x)$ шешімдері жеке – жеке (2) шарттарды қанағаттандыруы тиісті. Енді $L^{\pm}$ операторларының анықтамаларын ескерсек, бұл нәрсе, тек $k_1 = k_2$ сәтінде мүмкін. Сондықтан, екі сызықтық тәуелсіз меншікті фукнциялары бар $L^{\pm}$ операторлары жалқы оператор болады. Осыдан теореманың бірінші бөлігі шығады. Теореманың қалған бөліктерін дәлелдемес бұрын, оларға қажетті лемманы келтірейік.

Әдебиеттер

1. Наймарк М.А. Линейные дифференциальные операторы. М.: Наука -1969. -526 с.
2. Садовничий В.А.Теорема единственности решения обратной задачи спектрального анализа в случае дифференциального уравнения с периодическими граничными условиями,Дифферкециальные уравнения.-1973.Т.9.-№2.-С.271-277.
3. Егоров Ю.И.,Шубин М.А.Линейные дифференциальные уравнения с частными производными.Основы классической теории.Серия:Современные проблемы математики.-М.:-1988.-Т.30.-262с.
4. Левитан Б.М.,Саргсян И.С.Операторы Штурма-Лиувилля и Дирака.-М.:Наука.-1988.-432с.
5. Ионкин Н.Н. Решение одной краевой задачи теории теплопроводности с неклассическим краевым условием, Дифференциальные уравнения. – 1977. Том.13. -№2. – С.299-304.
6. Блощанская С.К.О существовании присоединенных функций второго порядка, ДАН СССР,-1982.т.262-№5.-С.1036-1039.

ӘОЖ 534.2

СҰЙЫҚ ДИЭЛЕКТРИКТЕРДІҢ НАНОСЕКУНДТЫҚ БҰЗЫЛУЫНЫҢ КЕҢІСТІКТІК-УАҚЫТТЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Башкараева Г.- ЕП-21-3к6 тобының студенті
Серикбаева Г.С. - магистр, аға оқытушы

Сұйықтардың біртекті өрістердегі бұзылуы кезінде, кернеулік мәндері тесіп өту кернеулігіне жақын болғанда, разрядтың қалыптасу уақыты $t_{қал}$ және разрядтың статистикалық кідіру уақыты$t_{кід}$ұғымдары қолданылады, олар соққылы ионизация туралы түсініктермен байланысты. Бұл жағдайда статистикалық кідіру дегеніміз – ұзақ уақыт бойы кернеу берілген режимде импульс амплитудасының тесіп өту кернеулігі мәніне жетуінен бастап, тесіп өтудің қалыптасу сәтіне дейінгі уақыт. Егер кернеу тесіп өту кернеулігінен бірнеше есе асып кетсе, статистикалық кідіру болмайды, ал қалыптасу уақытыбелсенді кідіру деп аталады. Статистикалық кідіру уақыты экспоненциалды үлестірім заңына, ал разрядтың қалыптасу уақыты – қалыпты үлестірімге бағынады.

Сұйықтың бұзылуы тіпті қатты асыра кернеуленген аралықтарда да каналдың қалыптасу уақыты мәндерінің шашырауына әкеледі. Бұл шашырау сұйықтағы тесіп өту каналының дамуындағы стохастикалық сипаттың көрінісі болып табылады. Алайда, бұзылу уақытының мәндерінің ауытқуы сыртқы себептерге де байланысты болуы мүмкін. Мысалы, бір үлгіні импульстар сериясымен бұзған кезде, арнаның қалыптасу уақытына алдыңғы разрядтың әсерінен осы үлгінің күйінің өзгеруі әсер етуі мүмкін. Разряд процесінде сұйықтықта бастапқы заттың ыдырауына әкелетін электрохимиялық процестер жүреді. Бұл жағдайда ыдырау өнімдерінің өткізгіштігі жоғарылауы мүмкін. Өткізгіш бөлшектердің болуы бұзылу уақытының нәтижелерін бұрмалайды, сондықтан оларды электродтар арасындағы аралықтан алып тастау қажет. Сонымен қатар, газ көпіршіктерінің түзілуі мүмкін, оларды да жою керек, себебі бұл құбылыс газды қуыстарда тесіп өтудің пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе тұтқырлығы салыстырмалы түрде жоғары сұйықтарда, мысалы, трансформатор және вакуумдық майларда өте маңызды[1].

Бұзылудан кейін электрод аралық аралықта үлгінің күйін қалпына келтіру жылдамдығын анықтау үшін алдын-ала сынақтар жүргізу керек, мысалы, трансформатор майымен.

Мұндай сынақтарды *d=1 мм*кезінде 10–100 атуданекі серия жасау арқылы орындауға болады

- бірінші жағдайда разрядтар бір-бірінің артынан 2 минуттық интервалмен орындалады, аралықтың қалпына келуі тек конвекция есебінен жүреді;

- екінші жағдайда үлгі 10 секунд бойы ұяшық ішінде араластырылады, разрядтар арасындағы уақыт аралығы 2 минутты құрайды.

Gamification is based on several important psychological models of learning and motivation. Self-Determination Theory is just one of many guiding theories that explain gamification’s potency. Self-determination theory proposes that people are motivated by these three things: autonomy, competence and relatedness. Gamified language learning strategies respond to these psychological needs by presenting challenges that correspond to individual learner abilities and accounting for gradual progress. Another important theory is Flow Theory from Mihály Csíkszentmihályi. It is the optimal state of deep engagement that arises from tasks that are neither too complex nor too easy for the individual. When a teacher ensures that the challenge and the learner's ability match. Then the student can be in flow to absorb a lot. Also, the behaviorists believed that giving something nice (badges, points or other

rewards) will reinforce our learning of specific behaviour and encourage people to continue on practicing or repeating (which is very important to learn a new language).

How gamification stimulates language development is due to both cognitive and affective. Immersive and interactive settings can reduce anxiety levels, instil confidence and promote retention of language output over time. When we introduce interesting game elements, like a narrative-based feature (an quests) in educational frameworks, it anchors the learner in a virtuous cycle of feedback and success. As a result, the learner achieves mastery over time. Gamification has great potential to renew language learning, thanks to the backing of various psychological theories that align with games. When teachers align games, motivation, and actual studies, they are able to give their students the best experience, which the students find fun, smart and interesting. Gamification is not an ephemeral trend but a powerful, evidence-based tool for meaningful and lasting engagement with language learning.

Using game like mechanics in language learning has become very popular in recent years, mainly due to their ability to motivate learners, engage them and help in retention. Regular teaching fails to maintain the curiosity of students for long. On the other hand, game-like elements, such as points, quests, or badges, bring dynamism to education. This paper reviews common types of gamification, explains their psychology and what AI and virtual realities may do in future for language learning.

The important part of gamification is to overlay aspects of game-design such as points, levels, badges, leaderboards, quests, etc. into existing classes, rather than replacing the lesson plans with one stand-alone game. We can motivate students/learners to continue their participation through the reward of accomplishments, mapping of learner progression, and healthy competition. When students take on a quest or a role-playing game that is narrative-based, then they use their language skills in a context, instead of rote learning it. This shows us the usefulness of the target language which leads to deeper processing and in turn, better retention.

Gamification is based on well-established psychological theories and is effective for various reasons. The motivation of people will have an increased effect if you offer them autonomy. Gamification frameworks meet these psychological needs by providing personalized challenges, adjustable difficulty levels, and social interaction or cooperation which can motivate learners to engage in further study. According to psychologist MihályCsíkszentmihályi, people go into a state of Flow when performing an activity that challenges their skill level. Gamification elements can help to keep language learners in this Flow zone so they do not become bored or frustrated. With behaviorist theories, positive reinforcement works well. Points, badges, and other rewards lead to repeat engagement, forming a habit of engaging with the language[2].

There are various techniques that show the impact of gamification in learning a language. Teachers provide points, levels, and badges to create a gradual and well-defined journey that students can visualize and celebrate each step along the way. Lessons become exciting stories through quests. These help us feel in control and get into character to learn in play-based situations. Leaderboards can further boost social motivation, but too much competition can lead to stress or loss of intrinsic motivation.

Technology has widened the scope and range of gamifications. Popular apps like Duolingo use streak counters, achievement badges, and leaderboards to ensure practice. Memrise also uses a mixture of spaced repetition, competitions, and flashcard interactions to help users learn vocabulary. Apps like Kahoot and Quizizz create enjoyment through quizzes and competition, while Mondly, Babbel, and LingQ are complete systems with gamified lessons for varied end goals. In addition, VR and AR can contribute to simulating and hyperrealistic sets where learners can practice speaking in contexts similar to those found in real life. Simultaneously, chatbots and adaptive learning systems powered by artificial intelligence (AI) enhance this game-like process by providing real-time, personalized feedback and automatically adjusting content to the advancing level of the learner [3].

There is research showing that gamification is useful for boosting people's motivation and engagement and ensuring that they study regularly. Students tend to follow through on language practice schedules at a higher rate when rewards are provided digitally, and interactive, repetitive tasks help to encode linguistic structures into memory more effectively. But there are some pitfalls Putting too much focus on outside rewards like points, trophies and competition can take away intrinsic motivation as students rely on them. Taking competition to extremes may, in fact, heighten stress or cause burnout, missing out on meaningful language learning. Also, when students concentrate more on these game mechanics, they can develop a superficial and not very deep understanding of these language concepts.

In the years ahead, new technologies, driven by artificial intelligence and algorithms with the ability to adapt, promise new gamified language learning environments. AI systems can personalize how hard or easy the game is. Learners can be challenged without losing focus. VR and AR applications are likely to push the boundaries of immersion even further in the future, allowing for more nuanced social and dialogue tasks in quasi-authentic settings. At the same time, cooperative and multiplayer gamification paradigms might stress working together to solve problems and help each other to learn. More and more schools and universities will use the tools. As such, the gamified & pedagogically sound approach will lead to more impactful & engaging language learning.

To put it simply, various game mechanics like points, quest, levels, competition, etc. will bring a change in the language learning… With the help of emergence of digital platform and immersive technologies these gamified spaces become more engaging, versatile, visually attractive and socially vibrant. But, teachers, researchers and developers must take care to not rely heavily on external stimuli. When motivational game elements and substantial language abilities development are adequately balanced, learners will benefit from long-term increased engagement, mastery, and prolonged proficiency.

References

1. Werbach K., Hunter D. The Gamification Toolkit: Dynamics, Mechanics, and Components. – Philadelphia: Wharton Digital Press, 2020. – 128 p.
2. Sailer M., Homner L. The gamification of learning: a meta-analysis // Educational Psychology Review. – 2020. – Vol. 32, No. 1. – P. 77–112.
3. Landers R. N., Bauer K. N., Callan R. C. Gamification of task performance with leaderboards: A goal-setting experiment // Computers in Human Behavior. – 2021. – Vol. 124. – P. 106-180.

ӘОЖ 632.1/8

КАРТОПТЫ АЛҚАПТАРДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ЗИЯНКЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

Әлмен А.С. - ЕП 21- 12к1 тобының студенті
Кемелбекова Г.А. - аға оқытушы

Түйнекті дақыл картоп - (тұқымдасы Solanaceae, Solanum tuberosum L.) наннан кейінгі екінші құнды азықтар қатарына жатады және ауылшаруашылығында астық дақылдарымен қатар үлкен сұранысқа ие.

Картоптың ертеректе бір ғана түрі белгілі болған болатын болса, кейінгі жылдары тұраралық гибридтендіру бойынша кеңестік ғалымдардың Букасов С.М., Юзенчук С.В., Вавилов И.Н. және тағы басқалардың зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жабайы картоптың бірнеше жаңа іріктемелері шығарылды, негізінен бір жылдық өсімдік ретінде өсіріледі.

Картоптың басқа дақылдарға қарағанда өнімділігінің жоғары болуы, төменгі температураға төтеп бере алуы және әртүрлі ауруларға төзімділік көрсетуі сияқты ерекше қасиеттері бар еекні анықталған, дегенмен кей кездері картопта егу кезеңіндесол жердің климаты үшін жарамсыз іріктемелерін өсіру, дұрыс тұқымдық сортты таңдамау, күтімді дұрыс жасамау және суғару жұмыстарын да дұрыс жүргізбеу, картоп зиянкестері мен ауруларын уақтысында күреспеу салдарынан өнімділік анағұрылым төмендейді, сол себепті жергілікті жердің климаттық ерекшеліктеріне адаптацияланған іріктемелерді өсірген жөн.

Зиянкестермен ауырлар барлық картоп өсіретін диқандардың негізгі пробдемасы болып табылады. Картопты өсіру кезеңінде суаруды мөлшермен, мезгілімен дұрыс жүргізу маңызды рөл атқарады, себебі су беру кезеңі бұзылған кезде, дұрыс күтім жасамағанда немесе картоп өсірудің алғашқы кезеңінде және түйнектеу кезеңінде зиянкестер мен аурулар дақылға үйір келеді, бақылау арқылы осы жағдайдың алдын алу керек.

Мысалы, шамадан артық суғару фитофтороз ауруының пайда болуына, ал жоғарғы температура саңырауқұлақ аурулары пайда болуына алып келеді.

Түйнек жемісті дақылдарға әсіресе омыртқасыз жануарлардан- өсімдік қоректі кенелер, жұмыр құрттар, бунақденелілер, жаланаш шырыштар, ұлулар, ал омыртқалы жануарлардан -кеміргіштер үлкен зиян келтіреді.

Қоректену жағдайына қарай зиянкестер үлкен үш топқа жіктеледі:

-монофагтар өсімдіктердің бір ғана түрімен қоректенетіндер;

-олигофагтар бір тұқымдасқа жататын көптеген түрлерімен қоректенетіндер;

-полифагтар өсімдіктердің көмтеген түрлерімен қоректенетіндер;

Зерттеу барысында біз республикамыздың картопты алқаптарында мына төмендегі зиянкестер мен аурулар түрлерінің кең таралғанын байқадық:

Сақина шірігі– бұл ауру ескі түйнектерден жас түйнектерге өсімдіктің тамыр жүйесі арқылы, сондай-ақ сау және жұқтырған түйнектермен тікелей байланыста болады. Бұл ауру шыңдардың мерзімінен бұрын қурап, одан әрі шіріп кетуімен көрінеді. Көп ұзамай картоп түйнектері де жұқтырылады, олардың беті қоңыр және қызғылт дақтармен жабылған. Түйнектің целлюлозасы жұмсақ болады және шіріп кетеді, түйнектегі тамыр сақинасы біртіндеп қара түске айналады. Картоптың кең таралған вирустық ауруы.




Сурет 1- Сақина шірігі

Бұл ауру дақылға өсімдіктің тамыр жүйесі, түйнектері арқылы тез жұғады. Түйнекті сақина тәрізді пішінде шірітеді, яғни картоптың жасұнығы жұмсарып, тез шіріп кетеді, кейде анық байқалмай жасырын түрде болады да сақтау кезеңінде өнімділікті 45% - ға дейін төмендетіп жібереді. Негізінен дақыл бұл арумен гүлдеу кезеңінде немесе өнімді жинау кезенінде зақымдалады. Біраз елдерде бұл *сақина шірігі* карантиндік ауру болып саналады және сақиналы шірік қоздырғышы бар картоптарды сертификаттауға мүмкіндік бермейді.

Фитофтороз – ауруы картопқа қауіпті ауру болып табылады, негізінен өсімдіктің тамыры мен жапырағын жаралайды, жапырақ тақтасының шетімен ұштарында, сабақтарында домалақ дақтар пайда болып, соңынан өсімдікті қуратып тастайды. Дегенмен соңғы кезеңдерде отандық селекционерлер түраралық будандастыру арқылы фитофторозға төзімдірақ жаңа іріктемелер шығарылуда, атап айтар болсақ: Островский, Лорх, Львовский, Народный.

Қотыр – бұл ауру да картоп егістігінде кең таралған, бұны топырақта кезесетін паразитті саңырауқұлақтар таратады. Қотырмен түйнектер зақымданған кезде құрғақ жаралармен жабылады. Түйнектерге құрғақ жаралар әсер етеді. Түйнектердегі қотыр жемістің сапасын нашарлатып, жеуге жарамсыз болып қалады және егуге де жарамсыз болады.

Сымқұрттары- картопқа құмар зиянкес, дақылдың тамыры мен түйнектерін зақымдайды, салдарынан картоп тауарлық құнын жоғалтып, жағымсыз иістеніп, шіриді. Зиянкестің сымқұрт деп аталуының негізі денесі меттал сым тәрізді қатты хитинді болып келетін құрт, көлемі шамамен 20-25 мм шамасында сары немесе қызғылт қоңырқай түсті болып келеді.



Сурет 2- Сымқұрт

Колорадо қоңызы- топырақта қыстап, көктемде бетіне шығады. Біздің республикада колорадо қоңызы бір маусымда екі ұрпақта дамиды. Колорадо қоңызы – салыстырмалы түрде үлкен жәндік.Оның пішіні сопақ, дөңес, өлшемдері әртүрлі болуы мүмкін: ұзындығы 8-ден 12 мм-ге дейін, ені 7 мм-ге дейін. Жәндіктердің үстіңгі бөлігінде ерекше 5 қара жолақ бояуы бар, сары, қызғылт- сары түсті. Бұл зиянды жәндіктің қанаттары өте жақсы дамыған, бұл оның ұзақ қашықтықта кедергісіз қозғалуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Айтбаев Е.Т., Шивченко В.К., Тоқбергенова А.Ж., Хасанов В.Т. Картоп дақылының шығу тарихы. Сер. с/х ветеринария и биология наук. 2010. № 3.- Б. 37-47.
2. Ильясова А.Б., Кудасова Д.Е., Шингисбаева Ж.А., Туралиева М. Картоптың кең тараған аурулары және зиянкестерін зерттеу. Шәкәрім Университетінің Хабаршысы. Техникалық ғылымдар сериясы. 2020;(3(91)):237-245.
3. Томбаева Д.К. Агротәсілдердің тұқымдық картоп түйнектерінің шығымы мен өнімділігіне әсері // Жаршы. - 2008. № 5. -Б. 8-10.
4. Малюга А. А. Сухие фомозно-фузариозные гнили клубней картофеля при хранении // РАСХН. Сиб. отделение Сиб НИИЗХим. Новосибирск, 2017. С. 108.

ӘОЖ 378.147

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ (ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЦИКЛДІК ПӘНДЕР НЕГІЗІНДЕ)

Әсетханова Е.С. - география-тарих мамандығы 3 курс студенті
Балтабаева А.Д. -химия және биология кафедрасы оқытушысы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

География сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін арттыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.Соған сәйкес соңғы жылдары білім беру

саласында «тренд оқыту» ұғымы кеңінен қолданылуда. Білім берудегі тенденциялық өзгерістердің бірі болып саналатын «тренд оқыту» технологиясының оқу процессіндегі тиімділігін айқындау менің зерттеу жұмысымның өзектілігі болып отыр.

География сабағында білім берудің замануи трендтерін қолданудыңтиімділігін айқындау, оның оқушылардың білім дағдысын көтеруге ықпал етеді.

«Тренд» деген сөз ағылшын тілінен «тенденция» деп аударылады. Трендте болу «уақытқа сәйкес келу» және осы саладағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуды білдіреді.Соның ішінде педагогикалық білім берудегі оқушылардың білім деңгейін көтеруге бағытталған заманауи трендтерге тоқталамыз.Білім беру жүйесіндегі трендтер – оның өзгерісіндегі тенденциялар [1].

Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің әзгеру процестері. Соңғы он жыл бойындабілім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді.Білім беру үрдесіндегі тренд оқыту технологиясы түрлері 1-кестеде көсетілген.

1 кесте.Білім беру үрдісіндегі тренд технологиясының жіктелуі.



Жоғарыда көрсетілген білім берудегі тренд технологиялардан Smart-оқыту жүйесін тиімді оқыту формасы деп атап көрсетуге болады.Заманауи білім берудің трендінің бірі - Smart-оқыту. Қазіргі заманғы ақпараттыққоғам біртіндеп Смарт-қоғамға (Smart Society) қадам басып келеді.**SMART** технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және SMART қала, SMART фон, SMART қондырғы, SMARTорта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Яғни, E-learning орнына SMART-learning келуі,ақпараттық. қоғам орнына «SMART қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Қазір елордамызда даSMART мектептер қалыптасып келеді [2].

География сабақтарында SMART оқытудың құралдары:

-сандық оқыту құралдары;

-ақпараттық оқыту құралдары;

-технологиялық оқыту құралдары;

География сабағында SMART оқытудың бағыттары:

-сандық басты ресурстарды арттыру;

-онлайн сабақтардың белсенділігін арттыру;

- SMART контенттерін пайдалану жүйесін құру;

-контент–ақпараттық ресурстарды, кез-келген веб- сайтты маңызды ақпаратпен не мазмұмен толтыру.

-оқу контенттері көптеген қаражатты қажет етеді.

S – Self Directed (өзін-өзі оқытуға бағдарланған)

M - Motived – (белсенді танымдық іс-әрекетті негіздейді)

A – Adaptive – (білім беру субъектісіне бейімделген)

R – Resourse Free – (білім беру ресурстарына еркін қолжетімділігі бар)

T – Technology Embedded – (технологиялармен қамтамасыз етіледі).

Келесі ұтымды педагогикалық заманау тренд ол-**STEM-оқыту**. STEM-оқыту білімі мұғаліммен оқушының бірлескен жұмысын қамтитын, жобалық іс-шараларды жүргізуге көмектеседі.

Мұғалім кеңесші ретінде әрекет етеді:

- фактілерді іріктеуге көмектеседі тұжырымдау;
- гипотезалар, жобаның эксперименттік бөлігін ұйымдастыру;
- үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытады;
- Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін алған білімдерін қолдануға үйретеді;
- жұмыс нәтижелерін ұсыну, өз ұстанымын қорғау.

Яғни, STEAM-бұл бірнеше пәндік салаларды біріктіретін жаңа білім беру технологиясы: сыни ойлауды, зерттеу құзыреттілігін және топтық жұмыс дағдыларын дамыту.

STEM оқушыларда сыни ойлауды, топта немесе жобада жұмыс жасаудағдыларын, әрекетті жоспарлау және талдау қабілеттіліктерін, ғылыми-танымдықақпаратпен жұмыс жасай алу және белсенді қарым-қатынас құра білу, техникалықпәндерге қызығушылығын арттыруды, жобаларға креативті, жаңашыл көзқарастарындамытуды көздейді. STEM – білім беру оқушылардың білу және істей алу қабілеттерінөнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер мен тәжірибелік форматтарда көрсетукөздейді.Күтілетіннәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардыңөмірлік және

болашақтағы кәсіби жетістіктері, өз күштеріне деген сенімділіктің болуы.Мектебімізде сабақтарда арнайы технологиялық зертханалық және оқу жабдықтары,сонымен қатар 3D-принтер, басқа да жабдықтар пайдаланылады [3].

Интерактивті оқыту –география сабақтарында педагогикалық тиімді танымдық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін оқу ойындары мен жағдайлары түріндегі мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыратын қазіргі тред оқытутехнологияларының бірі.Тренд оқыту жүйесі ішіндегі ең қолданбалы оқыту әдісі болып табылады.Мұғалім бақылаудың әртүрлі формаларын дамыта отырып, оқушыларды осы процеске тартады, осылайша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады(әр түрлі презентациялар жасау), балаларды көпшілік алдында сөйлеуге үйретеді [4].

Жалпы оқу үрдісіндеТрендтік технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

-Шығармашылық қабілеттерін дамыту;

-Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;

-Оқу мотивациясын арттыру;

-Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;

-Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Қазіргі білім берудің негізгі тенденцияларының бірі-жеке оқытуға көшу. Жаппай тәсілге негізделген дәстүрлі оқыту моделі қазір ескірген. Студенттердің оқу қабілеттері, қызығушылықтары мен қарқыны әртүрлі, сондықтан оқу процесін әр оқушыға бейімдеу маңызды. Дифференциалды тәсіл және икемді Оқу материалдары сияқты әдістерді қолдану студенттерге оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге және олардың қажеттіліктеріне сәйкес дамуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруді қамтиды, бұл оларға тиімді білім алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары жыл сайын білім беру саласына тереңдей түсуде. Олар үйреншікті әдістер мен оқыту әдістерін өзгерте алады. Мүмкіндіктер білім беру процестерін жақсартады және оқыту тәсілдерін қайта қарауға мәжбүр етеді. Сонымен қатар, АИ-нің білім беру саласына кері әсері туралы бірқатар сұрақтар туындайды. Оларға қоғам қазір жауап іздеуі керек.

Және білім беру индустриясы үшін үлкен әлеуетке ие. Ең алдымен, ол мұғалімдерден көп уақытты қажет ететін күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруды өз мойнына алады. Жасанды интеллект студенттер мен мектеп оқушыларын оқытуда жетекші бола алады.

Қазіргі білім беру жүйесінің деңгейі жыл сайын дамуда. Соған географияны оқыту процесінде жаңа оқыту технологиялары мен заманауи трендтер оқыту маңызды рөл атқарады.Оқушылардың бойындағы қабілеттерін ескере отырып, визуалды және де онлаин тапсырмаларды жедел орындауға мүмкіндік береді. Сол себепті болашақ педагогтер мен оқытушыларға көмекші құрал болады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике обучение на основе исследование, игр, дискуссий. Рига НПЦ “Эксперимент”, 1995. 175с
2. Құлқараев А. ««E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./ /Электрондық мектеп. - №2 - 2013.
3. Курс «Современные образовательные технологии и SMART» – ваш гид по новым возможностям использования ИКТ на уроке. URL:http://edguru.ru/blog/edutrends.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015

ӘОЖ 691.32

ӘРТҮРЛІ МЕТАЛ ҚОРЫТПАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Жаксыбай А. Н.- ЕП-21-3К3 тобының студенті
Ортаева К. А.-п.ғ.к., доцент

Металлдар жалпы химиялық қасиеттеріне байланысты металдар және бейметалдар болып 2-ге бөлінеді.

Өнеркәсіпте және күнделікті өмірде қолданылатын металл бұйымдары сирек таза металдардан тұрады, мысалы, шамамен 99,9% металл пайызы бар алюминий немесе мыс сым, көптеген басқа жағдайларда қорытпалар туралы айтылады. Қорытпалар-екі немесе бірнеше металдардан, сондай-ақ металл күйіне тән қасиеттері бар металдар мен бейметалдардан тұратын жүйелер.

Қорытпалар — екі немесе одан көп құраушылардан құралған (химиялық дербес заттар) балқымалардың қатаюы нәтижесінде түзілетін денелер.

Металдық қорытпалар — тек қана металдан (мыс., латунь – мыс пен мырыштың қорытпасы), не болмаса құрамында аз мөлшерде бейметалдық заттар қоспасы бар металдан (мыс., шойын мен болат — темірдің көміртекпен қорытпасы) тұруы мүмкін.

Бейметал қорытпалар — бейметалдық заттардан, мыс., табиғи (гранит, гнейс, базальт) және жасанды силикаттар (шыны, қождар), тұздар мен органикалық заттар Қорытпаларынан тұрады.

Қорытпаларды пісіру, электролиздеу, қатты күйінен бірден буға айналдыру (возгонка) әдістерімен де алуға болады. Әр түрлі құраушыларды араластырып қорыту әдісі көп тараған. Көптеген Қорытпалардың кейбір түрлері ерте заманнан пайдаланылып келеді (қ. Қола). Қорытпалар, негізі темір, мыс, алюминий, магний, титан, қорғасын мен қалайы Қорытпаларға бөлінеді.

Металдардың қасиеттері:

- Химиялық (ерігіштік,коррозиялық беріктік,қышқылдану және т.б)
- Механикалық (беріктілік,аққыштық, иілгіштік,қаттылық,тұтқырлық және т.б)
- Технологиялық (созылымдылық,балқытылу және т.б)
- Физикалық(түс,тығыздық,балқығыштық,магниттік және т.б қасиеттері)

Металдардың механикалық қасиеттері, металдарға түскен жүктемеге қарсыласуын сипаттайды. Ал, металдардың механикалық сипаттамасы олардың қасиеттерін сандық түрде сипаттайды.

Металдардың негізгі механикалық қасиеттеріне: беріктілік,аққыштық, иілгіштік,қаттылық,тұтқырлық және т.б жатады.

Металдардың механикалық сипаттамасына:

- уақытша кедергі-беріктіліктің шегі, созылу кезіндегі беріктіліктің шегі- ең үлкен жүктемеге сәйкес келетіндей шартты кернеу,ол үлгінің бұзылуына әкеліп соғады;
- нақты кернеу;
- аққыштықтың физикалық шегі : $\sigma\tau = P\tau / F0$
- аққыштықтың шартты шегі;
- пропорционалдылықтың шартты шегі: $\sigma пц = Рпц / F0$
- беріктік шегі: $\sigma b = Pb / F0$

Металдардың жалпы физикалық қасиеттері.

Қалыпты жағдайда барлық металдар (сынапты қоспағанда, оның балқу температурасы -39 °C) қатты заттар болып табылады.

Металдардың оларға түсетін жарықты шағылыстыру қабілеті олардың арнайы металл жылтырының болуына себеп болады.

Металдардың иісі жоқ.

Металдардың көпшілігінде күміс-ақ немесе күміс-сұр түсті болады. Ерекшелік-мыс (қызыл) және алтын (сары).

Техникада металдар әдетте қара және түсті болып бөлінеді. Әдетте, темір мен оның қорытпалары қара металдарға, ал қалған барлық металдар түсті металдарға жатады.

Электр және жылу өткізгіштік

Металдар жылуды жақсы өткізеді. Негізінде барлық металдар электр тогын жақсы өткізеді, бұл кристалдық торда еркін қозғалуға қабілетті электрондардың болуына байланысты болып келеді. Электр тогының өте жақсы өткізгіштері - Алтын Au, мыс Cu және күміс Ag .

Иілгіштік

Металдар көбінесе пластикалық болып табылады. Оларды байлап, сымға салып, басуға болады. Ерекшелік - сурьма мен висмут, олар өте нәзік болып келеді және соққыға тез иіліп майысады.

Металдардың сыртқы қабатында бірден төртке дейін ғана электрондар алады. Сондықтан олар валенттілік электрондарын беріп оң зарядты иондарға оңай айналады. Бұл электрондар белгілі бір атомдарға тән болмай, барлық атомдарға ортақ болады.

Металдардың физикалық қасиеттері металдық байланыс арқылы түсіндіріледі. Металдар электр тогын және жылуды жақсы өткізеді. Олардың электр өткізгіштігі металдардағы бос электрондардың болуына байланысты. Бос электрондар потенциалдардың айырмасының шамалы әсерінің өзінен теріс полюстен оң полюске қозғала бастайды. Сонымен металдардың электр өткізгіштігі олардағы бос электрондардың болуына ғана байланысты емес, сонымен қатар металдардың ішкі құрылысына және электрондардың жылжуына көмектесетін жағдайларға да байланысты болады.

Металдарды тустеріне қарай шартты түрде қара және түсті деп екі топқа бөледі. Қара металдарға темір мен оның құймалары және темірмен құйма түрінде қолданылатын хром және марганец жатады. Қалғандарын түсті металдар дейді. Осыған байланысты темір және оның құймаларын өндіретін өнеркәсіпті қара металлургия, ал қалған металдарды өндіретін өнеркәсіптерді түсті металлургия деп атайды.

Қасиеттері әр түрлі металдардың химиялық қосылыстары түзіледі, оларда валенттілік заңдылығы сақтала бермейді. ($MgPb$, Mg_2Si, Al_4C_3, $AuZn$, $AuZn_3$, т.б.)

Әдебиеттер

1. Бакенов М. «Қазақстанның минералды ресурстары», Алматы, Қазақстан, 1967, 60 бет
2. Әзиев Ә. «Қазыналы Сарыарқа», Алматы, Қазақстан, 1978, 199 бет
4. Нұралин Н. «Қазыналы қойнаулар», Алматы, Қазақстан, 1983, 160 бет
5. Райхан Н. «Жыл қорытындысы», Ақиқат, 2000, №4, 16-21 бет

ӘОЖ 691.32

ӘРТҮРЛІ МЕТАЛ ҚОРЫТПАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Жаксыбай А. Н. - ЕП-21-3К3 тобының студенті
Ортаева К. А. - п.ғ.к., доцент

Металлдар жалпы химиялық қасиеттеріне байланысты металдар және бейметалдар болып 2-ге бөлінеді.

Өнеркәсіпте және күнделікті өмірде қолданылатын металл бұйымдары сирек таза металдардан тұрады, мысалы, шамамен 99,9% металл пайызы бар алюминий немесе мыс сым, көптеген басқа жағдайларда қорытпалар туралы айтылады. Қорытпалар-екі немесе бірнеше металдардан, сондай-ақ металл күйіне тән қасиеттері бар металдар мен бейметалдардан тұратын жүйелер.

Қорытпалар — екі немесе одан көп құраушылардан құралған (химиялық дербес заттар) балқымалардың қатаюы нәтижесінде түзілетін денелер.

Металдық қорытпалар — тек қана металдан (мыс., латунь – мыс пен мырыштың қорытпасы), не болмаса құрамында аз мөлшерде бейметалдық заттар қоспасы бар металдан (мыс., шойын мен болат — темірдің көміртекпен қорытпасы) тұруы мүмкін.

Бейметал қорытпалар — бейметалдық заттардан, мыс., табиғи (гранит, гнейс, базальт) және жасанды силикаттар (шыны, қождар), тұздар мен органикалық заттар Қорытпаларынан тұрады.

Қорытпаларды пісіру, электролиздеу, қатты күйінен бірден буға айналдыру (возгонка) әдістерімен де алуға болады. Әр түрлі құраушыларды араластырып қорыту әдісі көп тараған. Көптеген Қорытпалардың кейбір түрлері ерте заманнан пайдаланылып келеді (қ. Қола). Қорытпалар, негізі темір, мыс, алюминий, магний, титан, қорғасын мен қалайы Қорытпаларға бөлінеді.

Металдардың қасиеттері:

- Химиялық (ерігіштік,коррозиялық беріктік,қышқылдану және т.б)
- Механикалық (беріктілік,аққыштық, иілгіштік,қаттылық,тұтқырлық және т.б)
- Технологиялық (созылымдылық,балқытылу және т.б)
- Физикалық(түс,тығыздық,балқығыштық,магниттік және т.б қасиеттері)

Металдардың механикалық қасиеттері, металдарға түскен жүктемеге қарсыласуын сипаттайды. Ал, металдардың механикалық сипаттамасы олардың қасиеттерін сандық түрде сипаттайды.

Металдардың негізгі механикалық қасиеттеріне: беріктілік,аққыштық, иілгіштік, қаттылық, тұтқырлық және т.б жатады.

Металдардың механикалық сипаттамасына:

- уақытша кедергі-беріктіліктің шегі, созылу кезіндегі беріктіліктің шегі- ең үлкен жүктемеге сәйкес келетіндей шартты кернеу,ол үлгінің бұзылуына әкеліп соғады;
- нақты кернеу;
- аққыштықтың физикалық шегі : $\sigma\tau = P\tau / F0$
- аққыштықтың шартты шегі;
- пропорционалдылықтың шартты шегі: $\sigma пц = Рпц / F0$
- беріктік шегі: $\sigma b = Pb / F0$

Металдардың жалпы физикалық қасиеттері.

Қалыпты жағдайда барлық металдар (сынапты қоспағанда, оның балқу температурасы -39 °C) қатты заттар болып табылады.

Металдардың оларға түсетін жарықты шағылыстыру қабілеті олардың арнайы металл жылтырының болуына себеп болады.

Металдардың иісі жоқ.

Металдардың көпшілігінде күміс-ақ немесе күміс-сұр түсті болады. Ерекшелік-мыс (қызыл) және алтын (сары).

Техникада металдар әдетте қара және түсті болып бөлінеді. Әдетте, темір мен оның қорытпалары қара металдарға, ал қалған барлық металдар түсті металдарға жатады.

Электр және жылу өткізгіштік

Металдар жылуды жақсы өткізеді. Негізінде барлық металдар электр тогын жақсы өткізеді, бұл кристалдық торда еркін қозғалуға қабілетті электрондардың болуына байланысты болып келеді. Электр тогының өте жақсы өткізгіштері - Алтын Au, мыс Cu және күміс Ag .

Иілгіштік

Металдар көбінесе пластикалық болып табылады. Оларды байлап, сымға салып, басуға болады. Ерекшелік - сурьма мен висмут, олар өте нәзік болып келеді және соққыға тез иіліп майысады.

Металдардың сыртқы қабатында бірден төртке дейін ғана электрондар алады. Сондықтан олар валенттілік электрондарын беріп оң зарядты иондарға оңай айналады. Бұл электрондар белгілі бір атомдарға тән болмай, барлық атомдарға ортақ болады.

Металдардың физикалық қасиеттері металдық байланыс арқылы түсіндіріледі. Металдар электр тоғын және жылуды жақсы өткізеді. Олардың электр өткізгіштігі металдардағы бос электрондардың болуына байланысты. Бос электрондар потенциалдардың айырмасының шамалы әсерінің өзінен теріс полюстен оң полюске қозғала бастайды. Сонымен металдардың электр өткізгіштігі олардағы бос электрондардың болуына ғана байланысты емес, сонымен қатар металдардың ішкі құрылысына және электрондардың жылжуына көмектесетін жағдайларға да байланысты болады.

Металдарды тустеріне қарай шартты түрде қара және түсті деп екі топқа бөледі. Қара металдарға темір мен оның құймалары және темірмен құйма түрінде қолданылатын хром және марганец жатады. Қалғандарын түсті металдар дейді. Осыған байланысты темір және оның құймаларын өндіретін өнеркәсіпті қара металлургия, ал қалған металдарды өндіретін өнеркәсіптерді түсті металлургия деп атайды.

Қасиеттері әр түрлі металдардың химиялық қосылыстары түзіледі, оларда валенттілік заңдылығы сақтала бермейді. (MgPb, Mg_2Si, Al_4C_3, AuZn, $AuZn_3$, т.б.)

Әдебиеттер

1. Бакенов М. «Қазақстанның минералды ресурстары», Алматы, Қазақстан, 1967, 60 бет
2. Әзиев Ә. «Қазыналы Сарыарқа», Алматы, Қазақстан, 1978, 199 бет
3. Нұралин Н. «Қазыналы қойнаулар», Алматы, Қазақстан, 1983, 160 бет
4. Райхан Н. «Жыл қорытындысы», Ақиқат, 2000, №4, 16-21 бет

ӘОЖ 514.123

ФИЗИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жақсыбек А.М. - ЕП-21-11к2 тобының студенті
Алибекова Ж.Д. – магистр, аға оқытушы

Түзусызықты қозғалыс жылдамдығы. Егер материалдық нүктенің қозғаласының жылдамдығы күштің әсер ету сызығы бойымен бағытталса, онда материалдық нүктенің қозғалысы түзу сызықты болады. Қозғалыс сызығын Ox осі деп алайық. Ньютонның екінші заңынан нүктенің қозғалысының дифференциалдық теңдеуін аламыз

$$m\frac{dv}{dt} = X \qquad (1)$$

мұндағы $\frac{dv}{dt}$ — үдеу (v жылдамдығының t уақыт бойынша туындысы), m — қозғалып келе жатқан нүкте массасы, X — күш шамасы.

X күші t уақыттан тәуелді функция ретінде берілсін t: X — X (t), t-=t_0 бастапқы жылдамдық v = v_0 болсын. (1) теңдеуді интегралдай отырып, жалпы шешімді аламыз:

$$v = \frac{1}{m}\int_{t_0}^{t} X(\tau)d\tau + C$$

С тұрақтысын t =t_0 болғандағы v=v_0 шартынан анықтап аламыз, сонда

$$v = \frac{1}{m}\int_{t_0}^{t} X(\tau)d\tau + v_0$$

Бұл шешімді $mv - mv_0 = \int_{t_0}^{t} X(\tau)\,d\tau$ (2)

түрінде жазып аламыз. Бұл өрнек келесі заңды сипаттайды: нүктенің шектеулі уақыт аралығындағы қозғалысының өзгеруі әсер етуші күштің осы уақыт аралығындағы импульсына тең болады. Егер X функциясы X = X(x) нүктесінің x координатына тәуелді және қозғалыс x = x_0 бастапқы нүктесінен басталса, онда (1) теңдеудің екі жағын да dx-қа көбейтіп келесі теңдеуді аламыз:

$$m\frac{dv}{dt}dx = X(x)dx\,, \qquad (3)$$

себебі $\frac{dv}{dt} = \frac{dv}{dx}\cdot\frac{dx}{dt} = v\frac{dv}{dx}$

Интегралдай отырып $\frac{mv^2}{2} = \int_{t_0}^{t} X(x)\,dx + C$

$x=x_0$ болғанда $v=v_0$ бастапқы шартынан C тұрақтысының мәнін анықтаймыз: $\frac{mv_0^2}{2} = C$ осылайша, келесі түрдегі дербес интегралды табамыз:

$$\frac{mv^2}{2} - \frac{mv_0^2}{2} = \int_{tx_0}^{x} X(x)dx \qquad (4)$$

Бұл қатынас нүктенің $x - x_0$ қашықтыққа орын ауыстыруы кезіндегі кинетикалық энергияның өзгеруі күштің осы аумақтағы жұмысына тең болатынын көрсетеді. Бұл қатынас күш орын ауыстыру функциясы ретінде беріліп, нүктенің жылдамдығын да орын ауыстыру функциясы ретінде өрнектеу қажет болғанда өте қолайлы.

Мысал (Оқтың қозғалысы). Оқ $y_o = 400$ м/с жылдамдықпен қозғалып келе жатып, қалыңдығы h=20 см қабырғаны тесіп өтіп, одан $v_1=100$ м/с жылдамдықпен шығады. Қабырғаның кедергі күшін оқы қозғалысының жылдамдығының квадратына пропорционал деп алып, оқтың қабырғаның ішіндегі қозғалысының T уақытын табу керек.

Шешуі. Ньютонның екінші заңына сәйкесоқтың қозғалысының дифференциалдық теңдеуі келесі түрде болады: (минус таңбасы кедергі күші жылдамдық бағытына қарама-қарсы бағытталғандықтан қойылып отыр).

$$m\frac{dv}{dt} = -kv^2 \qquad (5)$$

Бұл айнымалылары ажыратылатын дифференциалдық таңдеу. Айнымалыларды ажыратып, $\frac{k}{m}$ қатынасын k_1 арқылы белгілеп алып, $\frac{dv}{v^2} = -k_1 dt$ аламыз, бұдан шығатыны

$$-\frac{1}{v} = -k_1 t - C \quad \text{немесе} \quad \frac{1}{v} = k_1 t + C.$$

$t = 0$ болғандағы $v = v0$ болатын бастапқы шартынан $C=l/v_0$ тауып аламыз; сондықтан

$$\frac{1}{v} = k_1 t + \frac{1}{v_0} \qquad (6)$$

Егер осы қатынаста $v = v_1$ қойсақ, $t = T$ және ізделінді T уақыты

$$\frac{1}{v_1} = k_1 T + \frac{1}{v_0}$$

теңдеуінен анықталады, одан табатынымыз:

$$T = \frac{1}{k_1}\left(\frac{1}{v_1} - \frac{1}{v_0}\right) \qquad (7)$$

T үшін алынған өрнекте белгісіз k_1 шамасы қатысады. Оны анықтау үшін (6) жалпы шешімін былай жазып аламыз:

$$\frac{dx}{dt} = \frac{v_0}{1 + k_1 v_0 t}$$

мұндағы v жылдамдығы $\frac{dx}{dt}$ арқылы алмастырылған. Бұл теңдеуді интегралдай отырып табатынымыз:

$$x = \frac{1}{k_1}\ln(1 + k_1 v_0 t) + C_1$$

t = 0 болғанда x = 0 (оқ қабырғаға еніп барады), сондықтан $C_1 = 0$; t=T болғанда x = h (оқ қабырғадан шығып келеді), сондықтан $h = \frac{1}{k_1}\ln(1 + k_1 v_0 T)$. (7) теңдігінен $v_1 = \frac{v_0}{1 + k_1 v_0 T}$ табамыз, одан $1 + k_1 v_0 T = v_0 / v_1$ шығады. $1/k_1$ табылған мәнін (7) өрнегіне қойып, T ізделінді уақытын анықтауға арналған формуланы аламыз:

$$T = \frac{h}{\ln \frac{v_0}{v_1}} \left(\frac{1}{v_1} - \frac{1}{v_0}\right) \qquad (8)$$

Сандық есептеулер жасай отырып (v_0 = 400 м/с, v_1=100 м/с, h = 20 см деп алып), T = 0,00108 с деген шешімді аламыз.

Әдебиеттер

1. Аширбаев Н.К., Қаратаев Ж., Алтынбеков Ш.Е. Дифференциалдық және интегралдық есептеулер. I том. Шымкент, 2013ж
2. Аширбаев Н.К., Қаратаев Ж., Алтынбеков Ш.Е. Дифференциалдық және интегралдық есептеулер. II том. Шымкент, 2013ж

ӘОЖ 373.3:159.923.2

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ

Жақсыбек С.Ж. –МТП-23-2нк тобының магистранты
Жияшева Ж.Ш. – Phd доктор, аға оқытушы

Қазіргі замандағы білім беру жүйесі қоғамның қарқынды дамып келе жатқан технологиялық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне бейімделуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш білім педагогтерінің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Зерттеу құзыреттілігі педагогикалық процестерді жетілдірудің негізі ғана емес, сонымен қатар оқыту сапасын арттырудың құралы болып табылады. Бұл құзыреттілік арқылы педагогтер өз жұмысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың қажеттіліктеріне жауап бере алады.

Зерттеушілік әрекетінің ерекшелігі мен мәнін амал-әрекеттің тәсілдері мен құралын сипаттау, мәселені қою, зерттеу нысанын бөлшектеу, эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді сипаттау мен түсіндіру, болжамды ұсыну және алынған білімді тексеру арқылы анықтауға болады. Зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз – жаңалықты оқу үдерістерінде анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекет деген түсініктеме береміз. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады [1].

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру – бұл білім беру жүйесінің дамуы мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды бағыттардың бірі. Бастауыш мектеп деңгейінде зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеру педагогтердің кәсіби дамуын жетілдіріп, оқушыларға сапалы білім беру үдерісін дамытуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда педагогтер тек білім беруші ғана емес, сондай-ақ зерттеуші, жаңалық ашушы рөлін де атқарады. Осыған орай, педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен әдіснамасына деген қызығушылықтары мен құзыреттіліктері үнемі артып отыруы тиіс.

Зерттеу құзыреттілігі болашақ педагогтың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға, білім беру саласында жаңашылдықты енгізуге мүмкіндік береді. Бұл процесс оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының жаңаруы, білім беру әдіс-тәсілдерінің жетілдірілуі, сондай-ақ педагогикалық процестің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Қазіргі педагогикалық білім беру жүйесі зерттеу әдістерін оқытуды қолға ала отырып, студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық білім беру үдерісінде теория мен практиканы ұштастырып, зерттеу жұмыстарын қалыптастыру мәселесі ерекше маңызды.

Педагогикалық зерттеу құзыреттілігі болашақ мұғалімнің сыни ойлау қабілетін арттырып, оның білім беру саласындағы проблемаларды шешуде инновациялық әдістерді қолдануына жол ашады. Зерттеу жүргізу дағдылары педагогтарды тек ақпаратты жинау мен талдауға ғана емес, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін

тәжірибеге енгізуге де үйретеді. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің сапасын арттырып, оқушылардың жетістіктерін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазіргі кезде мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді [2]. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Зерттеушілік іс-әрекетте оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті екеуі қатар қолданылады. Оқу-зерттеу іс-әрекеті – оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамдас компоненті, оқытушылардың ұйымдастыруымен және студенттердің таным үдерісінің белсенді атсалысумен құрылады. Оқу-зерттеу іс-әрекеті қосымша уақытты қажет етпейді, алайда студенттерді толық шығармашылық әрекетке қатысуына ықпал етеді. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті – оқу үдерісінен тыс орындалады, ол оқу жоспарына қосылмайды, бұл іс-әрекетті ұйымдастырудың негізгі принципі студенттердің өз еркімен және өз бетімен орындалуы тиіс

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы студентті ізденуге баулудың әлде қайда жоғары дәрежесімен сипатталады және әдетте, оқу үдерісінің шеңберіне сыймайды, студенттердің ғылыми ұйымдары мен үйірмелерінде және ғылыми зертханаларда зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми-зерттеуге қатыса отырып, студент алған білімдерін бекітеді, толықтырады және оны жоғары сатыға көтереді. Олар өз бетімен жұмыс жасаудың әдістерін меңгереді, ғылыми эксперименттің әдісін игереді, оның қорытындысын түсінікті жолмен өңдейді және алынған мәліметтерден қорытынды жасайды. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары аясындағы білім, білік, дағды болашақ мамандарды дайындаудың іргетасы болып табылады және жеке тұлғаның дамуында маңызды орын алады. Оқу-зерттеу іс-әрекетіндегі басты ерекшелік ол оқытушының ұйымдастыруымен және білім алушының іс-әрекетінен тұрады. Зерттеу проблемасын анықтау, зерттеу болжамын, мақсатын, міндеттерін анықтауда оқытушы мен студенттің бірлесе жұмыс жасауының нәтижесі. Оның пікірінше, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде студент өзбетінше зерттеу жүргізеді, оқытушы тек бақылаушы қызметін атқарады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті жаңа білім алуға бағытталған, оқу-зерттеу іс-әрекеті – субъективті жаңа білім алуға бағытталған, яғни нақты осы субъект үшін жаңа білім [3].

Зерттеушілік іс-әрекет үдерісінде зерттеушілік дағды мен іскерлік қалыптасады, бұл білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын тұлғалық сапалар мен зерттеушілік әрекеттердің әдіс-тәсілдерін меңгертеді. Зерттеушілік іскерлік ұғымына жасалған талдауларға сүйенсек, келесідей қорытынды жасауға болады. Зерттеушілік іскерлік – бұл зерттеу тапсырмаларын орындауда зерттеудің сәйкес әдіс-тәсілдерін саналы түрде қолдана алу іскерлігі болып табылады. Зерттеушілік іс-әрекет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің материалдарды талдауы, қорытынды жасауы, болжам құра білуі, зерттеу нәтижелерін теориялық интерпретация жасап, рәсімдеуі және оны қоғамда жария етуімен сипатталады. Өзіндік зерттеу жұмысын жүргізу теориялық және әдіснамалық білім негізінде қалыптасады, олар мақсатты қою, жоспарлау, зерттеу жұмысын орындау, рефлексия осыларды іске асыруда зерттеушілік іскерлікті қолдануы, ғылыми диалогқа түсе білуі, дискуссия және т.б., көрініс табады.

Қорыта келе, бастауыш білім педагогтерінің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесі олардың кәсіби дайындық деңгейін арттырумен қатар, шығармашылық және инновациялық ойлау қабілеттерін дамытуды қамтиды. Мұндай құзыреттілік педагогтердің күнделікті тәжірибесінде жаңа технологияларды енгізуге, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға және оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Ахатаева Ұ.Б., Амирова А.С. «Зерттеу» мен «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні мен сипаты // «Педагогикалық инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2019. – Б. 19-22.
2. Ахметова, Г. Қ., Шәймерденова, З. С. Зерттеу құзыреттілігін дамытуға бағытталған инновациялық әдістемелер. Білім және қоғам, 2020. 5(89), 78–84.
3. Мырзағали А. Болашақ педагогтардың зерттеу құзыреттілігін арттырудағы мәселелер мен шешімдер. Педагогикалық зерттеулер және тәжірибе 2020. 2(15), 88–92.

ӘОЖ 635.22

ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ ӨСІРІЛЕТІН ЖҮГЕРІ ІРІКТЕМЕЛЕРІ

Жақсылық Қ.Қ. - ЕП-21-12к2 тобының студенті
Кемелбекова Г.А. - аға оқытушы

Жүгері — әлемдегі ең маңызды астық дақылдарының бірі және Қазақстанның ауыл шаруашылығында ерекше орын алады. Оңтүстік өңір, оның ішінде Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстары жүгері өсіру үшін ең қолайлы аймақтар болып саналады. Оңтүстік өңірде өнімділікті арттыру үшін дұрыс іріктемелер мен тиімді агротехникалық шаралар қажет. Жүгері — мемлекеттік деңгейде ауыл шаруашылығы мәселелерін шешу үшін маңызды дақылдар санатына жататын құнды азықтық және азықтық өсімдік. Жүгерінің құлағында: көмірсулар (65-70%), ақуыз (9-12%), майлар (4-8%), минералды тұздар, дәрумендер бар. Сондай-ақ микроэлементтер - калий, фтор, мыс, йод, молибден, алтын. Жүгерінің қайнатылған құлақтары өте дәмді және құнарлы, емдік қасиеттері бар. Дәннен ұн, жарма, жарма, консервілер (тәтті жүгері), крахмал, этил спирті, декстрин, сыра, глюкоза, қант, меласса, сироптар, бал, май, аскорбин қышқылы алынады. Бұл дақыл егістікте негізінен мал азығы ретінде өсіріледі. Жүгері дәнін, сондай-ақ, мысалы, сабағынан сүрлемді кез келген ауылшаруашылық малына беруге болады. Жүгері жемінің басты артықшылығы, шошқа, ірі қара, қоян, құс өсіруге маманданған шаруа қожалықтарының иелері оның жоғары тағамдық құндылығын қарастырады. Бұл жағынан жүгері көптеген дәнді дақылдардан жоғары.

Оңтүстік Қазақстанда жүгері өсіруге арналған қазіргі таңда 15-20-ға жуық сорт пен гибридтер өсіріледі. Бұл сорттар әртүрлі пісу кезеңдеріне, климаттық жағдайларға және қолдану мақсаттарына (мал азығы, азық-түлік, биоотын) байланысты сұрыпталады.

Бандюель сорты — жүгерінің жоғары өнімділік пен сапа көрсеткіштерімен ерекшеленетін, әсіресе Қазақстанның оңтүстік аймақтарына бейімделген тұқымдық сорттарының бірі.Бандюель — ерте пісетін гибридті жүгері сорты. Ол өнімділігі жоғары және әртүрлі агротехникалық жағдайларға бейімделген. Жүгері өсімдігінің бұл сорты орташа және кеш пісетін сорттардан ерте пісуімен ерекшеленеді, бұл оған ұзақ әрі ыстық жаз кезеңінде жақсы өнім алу мүмкіндігін береді.Бандюель сортының пісу кезеңі қысқаша, шамамен 80-90 күн аралығында. Бұл сорттың ерте пісуі оның өнімділігі мен жер өңдеу мерзімдерін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның өсу кезеңінің қысқалығы көбінесе қатты ыстық және құрғақ климаттық жағдайларда ерекше маңызды болады.Бұл сорт ауруларға төзімді болып келеді. Әсіресе жүгерінің басты аурулары — ұнтақты зең және түрлі зиянкестерден қорғау қабілеті жоғары. Сонымен қатар, арамшөптермен күресу үшін де арнайы агротехникалық шаралар қолданылады.

Бадырақ — ерте пісетін жүгері сорты. Ол орташа немесе қысқа пісу кезеңіне ие, яғни бұл сорт 100-120 күн ішінде пісіп-жетіледі. Осылайша, ол жылы климаттық жағдайларда жақсы өнім беретін өсімдік болып табылады.Бұл сорт жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Бадырақ жүгерісінің гектарынан алынатын өнім орташа есеппен 8-12 тоннаға дейін жетуі мүмкін. Өнімділік көрсеткіші топырақ жағдайлары мен агротехникалық шараларға байланысты өзгеруі мүмкін. Әсіресе оңтүстік өңірлерде Бадырақ жүгері сортын өсіру тиімді, себебі ол ыстық және құрғақ климатқа жақсы бейімделген.Бадырақ сортының дәндері ірі, сапалы және крахмалға бай. Оның құрамында мал азығына қажетті заттар көп болғандықтан, бұл сорт мал шаруашылығында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, бұл сорттың дәні биоотын өндірісінде де тиімді қолданылуы мүмкін.Бұл сорт Қазақстанның оңтүстік аймақтарына өте жақсы бейімделген. Ыстық жаз бен құрғақшылыққа төзімділігі жоғары, себебі оның тамыр жүйесі терең және құрғақшылыққа қарсы жақсы бейімделген. Сонымен қатар, суаруды дұрыс ұйымдастыру арқылы өнімділік деңгейін одан әрі арттыруға болады.

Мирон 117 — ерте пісетін гибридті жүгері сорты. Оның пісу кезеңі шамамен 85-90 күнді құрайды, яғни бұл сорт қысқа немесе орташа пісу мерзімімен ерекшеленеді. Ерте пісу оның ыстық климатта жақсы өсіп-жетілуіне мүмкіндік береді, әсіресе Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде.Мирон 117 сорты жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Бұл сорттың гектарынан алынатын өнім орташа есеппен 10-12 тоннаға дейін жетеді. Дегенмен, өнімділік топырақ жағдайына, суару жүйесіне және агротехникалық шараларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мирон 117 сортын дұрыс агротехникалық тәсілдермен өсіру өнімділікті айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.Мирон 117 сортының дәні ірі және сапалы. Ол мал азығы ретінде өте қолайлы, себебі дән құрамында крахмал және басқа да пайдалы заттар көп болады. Бұл сорттың дәні биоиндустрияда да, соның ішінде биоотын өндірісінде де қолданылады.Мирон 117 сорты Қазақстанның оңтүстік аймақтарына жақсы бейімделген. Ол ыстық және құрғақ климатта да жақсы өнім береді, себебі оның тамыр жүйесі терең және құрғақшылыққа төзімді. Сонымен қатар, бұл сортты суару әдістері арқылы өнімділікті арттыруға болады.Мирон 117 сорты негізінен мал азығы үшін өсіріледі. Оның дәні мен сабағы малға азық ретінде беріледі. Сонымен қатар, бұл сорт биоотын өндірісі үшін де қолданылуы мүмкін, себебі оның құрамында крахмал көп.

Лорд 186 — жүгері өсімдігінің жоғары өнімді, ерте пісетін және климаттық жағдайларға төзімді сорттарының бірі. Бұл сорттың селекциясы мен қолданылуы мал шаруашылығында және агротехникалық салада жоғары бағаланады.Лорд 186 — ерте пісетін гибридті жүгері сорты, пісу кезеңі 90-100 күн аралығында болады. Бұл сорттың ерте пісуі оған жылы климаттық аймақтарда жақсы өсу және өнім беру мүмкіндігін

Қосымша курстар мен онлайн оқыту платформаларын пайдалану (Coursera, edX, Udemy, Khan Academy).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу

Олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу.

Ғылыми зертханалар мен стартаптарда тәжірибе жинақтау.
Қолданбалы зерттеулер жүргізіп, тәжірибе жүзінде білімді бекіту.
Тәжірибелік машықтарды дамыту
Практикалық жұмыстарға қатысу (стажировка, тағылымдамалар).
Кәсіби ұйымдар мен ғылыми қауымдастықтарға мүше болуға ұмтылу.
Ғылыми конференцияларға қатысып, заманауи зерттеулерді меңгеру [3].

Қорытындылай келе, жаратылыстану ғылымдарына негізделген мамандықтар болашақтың ең өзекті бағыттарының бірі. Қоршаған орта өзгеріп, технология дамыған сайын экология, биотехнология, жасанды интеллект, энергетика және ғарыштық зерттеулер саласындағы мамандарға сұраныс арта береді.

Бұл саладағы мамандықтарды игеру үшін үздіксіз білім алу, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу, практикалық дағдыларды дамытып, жаңа технологияларды меңгеру аса маңызды. Қазақстанның да осы бағыттарда бәсекеге қабілетті болу үшін жастарға сапалы білім беріп, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымдарын одан әрі дамыту қажет.

Жаратылыстану ғылымдарына негізделген мамандықтар – болашақтың іргетасы. Бұл салаларда білім алып, тәжірибе жинақтаған жастар жаһандық мәселелерді шешуге үлес қосып, қоғамның тұрақты дамуына ықпал ете алады.

Әдебиеттер.

1. Современные профессии в сфере естественных наук — подборка. СТАТЬЯ
2. https://www.unipage.net/ru/natural_sciences_professions
3. Болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар қандай? АВТОРЫ: Назерке Муса
4. https://bilimland.kz/kk/news-articles/articles/bolashata-sranysa-ie-bolatyn-mamandytar-anday
5. 150 профессий будущего.СТАТЬЯ. АВТОР: Александр Корзун, Андрей Абрамов, Никита Нестеров
6. https://trends.rbc.ru/trends/education/5d6e48529a7947777002717b?from=copy

ӘОЖ 74.202.4:004.8 М78

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН КЕМШІЛІКТЕР

Иманқұлова Н.Т. -6В01512 География-Тарих білім беру бағдарламасының 3-курс студенті
Мукаев Ж.Т. - PhD., қауымдастырылған профессор.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

.

Жасанды интеллект біздің өміріміздің көптеген салаларында, соның ішінде білім беруде белсенді қолданылады. Бұл мақалада біз білім беру процесінде жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырып өтеміз.

Жасанды интеллект әр оқушының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін жеке оқу бағдарламаларын құруды қамтамасыз ете алады. Бұл тиімді оқу процесін және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл тақырыпты егжей-тегжейлі түсіну үшін білім беруде жасанды интеллектті қолданудың барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін толықтай ескеру қажет.

Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың негізгі артықшылықтарының бірі оқу процесін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай бейімдеу мүмкіндігі болып табылады. Жасанды интеллект құралдары әр оқушының күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ жеке оқу жоспарларын құру үшін оқу процестерін талдай алады. Бұл студенттерге өздеріне ыңғайлы қарқынмен оқуға мүмкіндік беріп, ақпаратты жедел меңгеріп есте сақтауға көмектеседі. **[1]**

Жасанды интеллекттің білім берудегі тағы бір артықшылығы-оның білім алушыларға нақты уақыт режимінде көмектесе алу қабілеті. Жасанды интеллект жүйелері студенттерге өздерінің кателіктері мен кемшіліктерін жетілдіруге мүмкіндік беретін тапсырмалар мен сынақтар бойынша жедел кері байланыс бере алады. Мұндай кері байланыс оқу процесінде өте маңызды, өйткені ол студенттерге өз кателіктерінен сабақ алып, қажетті түзетулер енгізуге жағдай жасайды.

Жасанды интеллект алгоритмдері студенттердің жауаптарын өз форматында талдап, түсініп, тиімді қарым-қатынас пен жекелендірілген ұсыныстар бере алады. Бұл оқудың тиімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар студенттердің қажетті уақытта тиісті көмек алуын қамтамасыз етеді.

Оған қоса, жасанды интеллект арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін білім беру құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Оқытушылар жасанды интеллект көзін бағалау құралы ретінде қолданып, қолмен жазатын бағалауға кететін уақытты үнемдейді. Бұл оқытушыларға білім алушыларға кері байланыс пен мағыналы ұсыныстар беріп, олармен ақпарат алмасуға, кері байланыс алуға және әр білім алушының кемшіліктерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.**[2]** Сондай-ақ, төмендегі тағы басқа артықшылықтарын атап өтуге болады.

Қатысуды арттыру. Жасанды интеллект интерактивті мазмұн, геймификация және білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандыратын бейімделген оқыту платформалары арқылы оқу процесін қызықты ете алады.

Тиімділік. Жасанды интеллект оқу тапсырмаларын бағалау және жоспарлау сияқты арнайы тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік беріп, оқытушылардың уақытын үнемдейді.

Сапалы білімге қол жеткізу. Жасанды интеллектке негізделген онлайн курстар мен білім беру платформалары шалғай немесе аз қамтылған аудандардағы оқушыларға сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қол жетімділік 24/7. Жасанды интеллектке негізделген чатботтар мен виртуалды тәрбиешілер тәулік бойы үздіксіз көмек көрсетіп, сұрақтарға жауап бере алады. Бұл жұмыстан тыс уақытта көмекке мұқтаж студенттерге қол жетімділікті арттыра түседі.

Деректерді талдау. Жасанды интеллект мұғалімдерге оқушылардың үлгерімі туралы ақпарат беру арқылы деректердің үлкен көлемін талдап, проблемалы студенттермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Алайда, білім беруде жасанды интеллектіні қолданудың да бірқатар кемшіліктері бар.

Біріншіден, жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін білім беру мекемелерінде қол жетімділік бола бермейтін сапалы және сенімді мәліметтер болуы тиіс.

Екіншіден, жасанды интеллектті қолдану оқушылардың әлеуметтік белсенділігінің төмендеуіне әкеліп, көптеген тапсырмалар адамдардың қатысуынсыз автоматты түрде орындалуы әбден мүмкін. **[3]**

Шамадан тыс қолдану. Жасанды интеллект технологиясына шамадан тыс құмарлық оқу процесінде сапалы білім беретін оқытушының рөлін төмендетуі мүмкін. Бұл адамның өзара әрекеттесуіне және білім берудің эмоционалды компонентіне байланысты оқытудың маңызды аспектілерін жоғалту қаупін тудырады.

Контекстті түсіну, стандартты емес жағдайларды шешу және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне толық бейімделу мәселелері.

Инфрақұрылым мен ресурстарға қажеттілік. Білім беру мекемелерінде жасанды интеллект технологияларын оқыту процесіне енгізу жабдықталуға, бағдарламалық жасақтамаға және жалпы оқытуға айтарлықтай инвестиция көлемін қажет етеді.

Техникалық мәселелер. Жасанды интеллект жүйелері оқу процесін бұзып, жүйелік ақаулар сияқты техникалық мәселелерге әкеледі.

Сондықтан білім беруде жасанды интеллектті сақтықпен қолдану маңызды. Жасанды интеллект адамның қатысуы мен қолдауын алмастырмауы тиіс. Білім берудегі жасанды интеллект білім алушылардың оқу процесінде төңкеріс жасауы әбден мүмкін. **[4]**

Өз тәжірибесінде мұғалім алғашқы кезеңдерде жасанды интеллектті қолданып, оқушылардың білімін бағалауды тездету мақсатында тиімділік туғызады. Бұл жұмыстарды бағалау кезінде тексеруге жұмсалатын уақытты үнемдеуге, бағалаудың объективтілігін арттыруға, білім алушыларға нақты уақыт режимінде кері байланыс беру мүмкіндігін арттырады.

Дегенмен, білім берудегі жасанды интеллекттің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін мұқият талдау маңызды. Шектеулер мен ықтимал кемшіліктерді түсіну білім беруде жасанды интеллект технологияларын тиімді және жауапты пайдалануды қамтамасыз етуге көмектеседі. Адамның басшылығы мен жасанды интеллекттің көмегі арасындағы дұрыс тепе-теңдікті табу арқылы біз екі әдістің де артықшылықтарын барынша пайдалануға жол ашатын оқу ортасын жасай аламыз.

Осылайша, білім беруде жасанды интеллектті қолданудың оң және теріс жақтары болатыны анық. Жасанды интеллект адам еңбегін алмастырмай, оны тек толықтыруы керек екенін барлығымызға түсіну маңызды.

Әдебиеттер

1. https://edutoria.ru/blog/post/iskusstvennyy-intellekt-v-obrazovanii-kak-ispolzovat-varianty-primeneniya
4. Искусственный интеллект в образовании: плюсы и минусы, варианты применения
2. https://dzen.ru/a/ZagD1NGdX0u1Z06_ Применение искусственного интеллекта в образовании, его преимущества и недостатки
5. 3.https://www.teacherjournal.ru/categories/6/articles/3174 Использование искусственного интеллекта в образовании: возможности и ограничения
6. Автор: Преснякова Екатерина Александровна
7. 4.https://vc.ru/u/1856197-novak-roman-aleksandrovich/763382-rol-iskusstvennogo-intellekta-v-obrazovanii-preimushestva-i-nedostatki
8. Роль Искусственного Интеллекта в образовании. Преимущества и недостатки. Автор: Новак Роман Александрович

ӘОЖ 37.035:378 ББК 74.03

ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

Иманқұлова Н.Т-6В01512 География-Тарих білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.
Ботабекова А.Р-Білім беру жоғары мектебінің оқытушысы., тарих ғылымдарының магистрі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Тарихи білім берудің мазмұнының басты элементі-білім. Себебі тарихи білім- дүниетанымды қалыптастырудың басты құралы. Тарихты оқи отырып оқушы әртүрлі даму кезеңдеріндегі адамдармен, заттармен, оқиғалармен танысады. Қоғамдық-тарихи процесс кеңістік пен уақыт аралығында жүзеге асатын болғандықтан, уақыт бойынша фактілерді анықтау – хронология білімін, ал кеңістік арқылы анықтау – тарихи география білімін талап етеді. Осы мақалада білім беру арқылы тарихи сананы қалыптастырудың маңызы, әдістері мен мәселелері талқыланады.

Тарихи білімді қалыптастыру аса маңызды. Тарихи білім мынадай құрамдас бөлімдерден тұрады: тарихи фактілер, тарихи даталар мен хронологиялар; тарихи фактілердің кеңістікпен, уақытпен байланыстылығы; тарихи түсініктер; тарихи ұғымдар; тарихи заңдылықтар. Олар-тарих білімдер төмендегідей үш категорияға бөлінеді: тарихи уақыт; тарихи кеңістік; тарихи қозғалыс [1].

Тарихи сана және оның маңызы

Тарихи сана – адамның өз халқының, елінің, әлемнің тарихи даму жолын түсінуі және осы түсініктер арқылы қоғамда өз орнын айқындауы. Ұлттық тарихи сана халықтың мәдени мұрасын сақтауға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ол тек өткен оқиғаларды жаттап алу емес, сонымен қатар оларды талдау, баға беру және қазіргі мәселелермен байланыстыруды қамтиды.

Білім беру жүйесі – тарихи сананы қалыптастырудың негізгі құралы

Білім беру – тарихи сананы қалыптастырудағы ең тиімді және кең тараған жол. Мектеп бағдарламалары, жоғары оқу орындары және қосымша білім беру курстары арқылы оқушыларға тарихи білім мен ұлттық құндылықтарды жеткізу жүзеге асырылады.

1. Мектептегі тарих пәні

- Тарих пәні оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруға ықпал етеді. Мектеп бағдарламалары арқылы оқушыларға қазақ халқының тарихы, әлемдік өркениеттер және тарихи сабақтастық туралы жүйелі білім беріледі.
- Жаңа педагогикалық әдістер (интерактивті сабақтар, жобалық жұмыстар) тарихи оқиғаларды есте сақтауға және оларды талдауға мүмкіндік береді..

2. Жоғары оқу орындарындағы тарихи білім

- Университеттерде тарих саласына тереңірек талдау жасау арқылы студенттерге тарихи сананы дамыту мүмкіндігі беріледі.
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары және архив материалдарымен жұмыс істеу тарихи фактілерді сын тұрғысынан қарастыруға жағдай жасайды.

3. Қосымша білім беру көздері

- Мұражайлар, тарихи-мәдени орталықтар мен экспедициялар оқушыларға тарихи оқиғаларды көзбен көруге және тереңірек түсінуге жағдай жасайды.
- Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар тарихи білімді насихаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады [2].

Тарихи түсініктерді қалыптастыру. Тарих пәнінің көптеген пәндерден ерекшелігі – негізінен өте ертедегі фактілерді, оқиғаларды баяндайтындығында. Оларды құр атап айта салсақ оқушыда ешқандай білім қалыптаспайды. Білімді қалыптастыру үшін өткен оқиғаның, фактінің бейнесін оқушының көз алдына келтіре отырып, оларда сол оқиға туралы түсінік қалыптастыруымыз керек. Ал, түсініктер сезу, сезіну арқылы қалыптасады, ол екі тәсілдің көмегімен жүзеге асады: көру арқылы –демек көрнекі, техникалық т.б. көрінетін құралдар көмегімен және мұғалімнің тарихи фактіні суреттер, сипаттай айтуымен. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін қандай факті, оқиға туралы тарихи түсінік қалыптастыратынымызды білуіміз керек.

Тарихи ұғымдарды қалыптастыру. Кез келген пәнді, ғылымды білу, меңгеру деген, оның ұғымдар жүйесін меңгеру деген сөз. Мектеп қабырғасында оқушылар тарих пәнін жеті жыл оқығанда оларда 300-дей ұғым қалыптасады. Әрине олар тек тарих пәнінің ұғымдары емес. Тарихи білімді меңгеруде ұғымдарды қалыптастыру маңызды орын алады.

Оқыту барысында тарихи түсінік те, ұғым да қатар қалыптаса береді. Бірақ айырмашылығы мынада. Тарихи түсінік әр оқушы да түрліше қалыптасуы мүмкін, ал ұғым бәрінде бірдей қалыптасады немесе қалыптасуы тиіс [3].

Білім берудің тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі көздері

1.*Оқулықтар мен әдістемелік материалдар*

Оқулықтар тарихи фактілерді жүйелі түрде жеткізетін негізгі білім көзі. Олар арқылы оқушылар ел тарихы мен әлемдік оқиғаларды меңгереді.

Әдістемелік құралдар мұғалімдерге сабақ беру барысында тарихи тақырыптарды түсіндіруде қолдау көрсетеді.

2.Мұрағаттық құжаттар мен тарихи деректер

Мұрағаттық материалдар тарихи оқиғалардың шынайылығын растайтын маңызды дереккөздер болып табылады. Оларды зерттеу оқушыларға нақты дәлелдер негізінде тарихи фактілерді түсінуге мүмкіндік береді.

Түпнұсқа құжаттармен жұмыс жасау тарихи сананы қалыптастырудың аналитикалық қырын дамытады.

3.Көркем әдебиет пен өнер

Көркем әдебиет тарихи оқиғаларды бейнелі түрде жеткізудің құралы ретінде оқушылардың тарихи оқиғаларға эмоционалдық қатынасын қалыптастырады.

Өнер туындылары (картина, мүсін, кино) тарихи оқиғалардың мәнін визуалды түрде жеткізеді.

4.Этнопедагогика және ауыз әдебиеті

Этнопедагогика халықтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары арқылы тарихи құндылықтарды сақтаудың маңызды жолы болып табылады.

Мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер – тарихи сананы қалыптастырудың ауызша жеткізілетін негізгі көздері.

5.Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар

Онлайн ресурстар, цифрлық платформалар және тарихи деректер базалары тарихи білімді заманауи форматта ұсынады.

Қашықтан оқыту жүйелері арқылы оқушылар мұрағат құжаттары мен тарихи материалдарға қол жеткізе алады.

Білім көздерін тиімді пайдалану жолдары

1. Интерактивті әдістерді қолдану

Сабақтарда виртуалды мұражайлар, 3D модельдер, мультимедиалық материалдарды пайдалану оқушылардың тарихи оқиғаларды көрнекі түрде түсінуіне көмектеседі.

2.Практикалық тәжірибелер

Тарихи экспедициялар, жобалық жұмыстар, тарихи тұлғаларға арналған рөлдік ойындар тарихи білімді тәжірибеде бекітудің тиімді әдісі болып табылады.

3.Тұлғалық бағдарланған оқыту

Тарихи материалдарды жеке тұлғаның қызығушылығына бейімдеу арқылы тарихи сананы терең қалыптастыруға болады [4].

Тарихи сананы қалыптастыруда білім беру жүйесінің көздері маңызды рөл атқарады. Олар ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етеді. Білім көздерін тиімді пайдалану арқылы жас ұрпақты тарихи саналы, ұлттық құндылықтарды бағалайтын және болашаққа жауапкершілікпен қарайтын азамат ретінде тәрбиелеу – қазіргі заманның басты міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер

1. Мақала авторы: Гүлбаршын Қырғызхан, Оқыту үрдісінде тарихи білімді қалыптастыру сатылары
2. https://eduindex.kz/methodical-articles/857-oytu-rdisinde-tarihi-bilimdi-alyptastyru-satylary.html
3. СТАТЬЯ. Историческое сознание: как понимать и зачем важно.
4. https://faqguru.ru/faq/znacheniya/istoriceskoe-soznanie-kak-ponimat-i-zacem-vazno
5. Нәбиев Е.А. цифрлық мектеп // Қазақстан мектебінің директоры. – Астана, 2010. – № 1. – С. 6-9.
6. Мақала авторы: Гүлбаршын Қырғызхан, Оқыту үрдісінде тарихи білімді қалыптастыру сатылары
7. https://eduindex.kz/methodical-articles/857-oytu-rdisinde-tarihi-bilimdi-alyptastyru-satylary.html

УДК 811.111

ОСОБЕННОСТИ ДИСТАНЦИОННЫХ ЗАНЯТИЙ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Ислам С.- ученица

Чилингарова Н.Ш. - учитель

Туркестанская область, Сайрамский район, село Карасу ОШ №14 имени М.Сапарбаева КГУ

Технологии дистанционного обучения иностранным языкам – онлайн-тесты по лексике и грамматике, учебные аудио- и видео материалы и пр., применяются уже достаточно давно. Поэтому переход на дистанционную форму обучения английскому языку в 2020 году был осуществлен без особых трудностей и без ущерба для всех основных видов речевой деятельности – изучение новых лексико-грамматических единиц, говорение, аудирование, письмо.

Проведение занятий в формате видеоконференций в программе «Zoom», использование Google-форм позволило сохранить эффективность занятий, увеличить мотивированность к изучению предмета, а также

более рационально использовать учебное время. Применение технических средств и электронных образовательных ресурсов – презентаций, аудио- и видео файлов, электронных схем и таблиц, иллюстраций – усилило визуальную составляющую урока, сделало материал более наглядным и запоминающимся.

И все же, даже при планировании и проведении дистанционного занятия соблюдались традиционные этапы работы:

проверка «присутствующих» и «отсутствующих»

представление новой темы, ознакомление с новой лексикой и грамматикой (контроль за произношением, правильностью выполнения заданий со стороны преподавателя)

чтение и перевод текста по теме (с пояснением новых лексических единиц)

ответы на вопросы (если учащиеся хорошо владеют навыками говорения, спонтанной речи)

оценка деятельности учащихся на занятии

объяснение домашнего задания, самостоятельной работы

Для осуществления проверки устных ответов учащимся было предложено составлять рассказ по теме, записывать его в тетрадь, прислать фото и записать голосовое сообщение в мессенджере. Подобный формат приема работ дает возможность преподавателю проконтролировать правильность произношения слов, использования нужных лексических единиц и грамматических оборотов.

Проведение дистанционных занятий также позволило организовать индивидуальное освоение материала учащимися, каждому из них было необходимо проделать большую часть самостоятельной работы для освоения иностранного языка, и в то же время сохранялась возможность творчески подойти к выполнению заданий.

Несмотря на многие преимущества онлайн-обучения, данный формат занятий имеет и свои недостатки:

технические проблемы (отключение электричества, интернета) могут привести к отмене занятия звуковые помехи могут помешать преподавателю вести занятие, а ученику – работать устно ограничение длительности занятия в связи с пагубным влиянием на организм длительного нахождения перед компьютером и в сидячем положении усложнение реализации таких приемов, как составление диалогов, технология сотрудничества, отработка навыков монологической речи.

Тем не менее, даже проводя дистанционные занятия, необходимо соблюдать все важные аспекты традиционного подхода к учебному процессу, такие как выставление оценок за выполненные работы и обозначение срока сдачи работ. При назначении сроков важно руководствоваться здравым смыслом. С одной стороны, срок сдачи должен быть удобен преподавателю, чтобы успеть проверить и выставить оценки, подготовить комментарии и рекомендации. Но не стоит забывать и о рациональном подходе к свободному времени учащихся. Планируя уроки и домашние задания, самостоятельные работы, надо учитывать соблюдение режима труда и отдыха. Учащийся не обязан делать домашнее задание в строго отведенное, указанное преподавателем время. Своим свободным временем учащийся волен распоряжаться, исходя из своего распорядка дня. К тому же надо учитывать, что у учеников, так же как и у преподавателей, тоже могут возникнуть технические проблемы – отключение электричества, интернета, проблемы с техникой, иные обстоятельства. Поэтому нужно оставлять временной запас, чтобы избежать дополнительной стрессовой нагрузки от учебного процесса, психологического дискомфорта из-за роста задолженностей.

Подводя итоги, стоит отметить, что перемены в любой сфере деятельности неизбежны, в том числе и в образовании. Но в любой ситуации надо оставаться профессионалом, который следует и классическим принципам образования, и готов учиться новому, осваивать новые технические возможности, который понимает, что современные проблемы требуют современных решений. Но самое главное – нужно помнить о принципе гуманности образовательного процесса, учитывать интересы всех его участников. Обучение в любом формате должно приносить положительные эмоции, вызывать интерес к изучаемому предмету и, конечно, давать полезные, практически применимые знания.

Литература

1. Агабекян, И. П. Английский язык для ссузов : учебное пособие И. П. Агабекян.– Москва: Проспект, 2015.
2. Шереметьева, А. Английский язык. Аудирование : учеб. пособие / А. Шереметьева. –Москва: Издательство «Лицей», 2010.
3. Методические материалы, тексты, билеты, книги и учебные пособия по английскому языку:сайт. – Москва, 2006.

ӘОЖ 514.123

БЕТТІҢ ТЕҢДЕУІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ РЕТТІ БЕТТЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Исмаилова М.Р. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Алибекова Ж.Д. – магистр, аға оқытушы

Аналитикалық геометрияда кез келген бетті нүктелердің геометриялық орны ретінде қарастырады, сонымен қатар беттің мұндай анықтамасында оның барлық нүктелеріне тән ортақ қасиеті қамтылған.

Аналитикалық әдістің маңызды идеяларының бірі беттің геометриялық қасиеттері осы бетті құрайтын нүктелердің координаттарында бейнеленетінін анықтау болып табылады. Берілген геометриялық орынның барлық нүктелері ие болатын ортақ қасиет бұл нүктелердің координаттарын

$$\Phi(x,y,z)=0 \qquad (1.1)$$

теңдеуімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

(1.1) теңдеуін S бетінің теңдеуі деп атайды, ал оның бойында жатқан кез келген M нүктесінің қандай да бір берілген *Oxyz* тікбұрышты декарт координат жүйесіне қатысты *x, y, z* координаттарын – ағымдық координаттар деп аталады.

Беттер олардың декарттық координат жүйесіндегі теңдеулер бойынша алгебралық және трансценденттік болып бөлінеді. Егер алгебралық беттің теңдеуі түрлендірулерден кейін (1.1) түріне келтіріле алатын болса, онда бұл теңдеу 2 ретті бет болады, (1.1) теңдеуінің сол жақ бөлігі *x, y, z* қатысты екінші ретті бүтін көпмүше.

Беттің мұндай теңдеуін құрудың ең қарапайым мысалын қарастырайық, мұнда біз беттің геометриялық қасиеттеріне сүйенетін боламыз.

Мысал. Центрі $C(x0, y0, z0)$ және радиусы R болатын шар (сфера) бетінің теңдеуін табу керек.

Шешуі. Сфераның анықтамасы бойынша оның центрі $C(x0, y0, z0)$ нүктесінен кез келген $M(x, y, z)$ нүктесіне дейінгі қашықтығы тұрақты әрі R радиусына тең болады, яғни

$$|CM| = R.$$

$M(x, y, z)$ және $C(x0, y0, z0)$ нүктелерінің ара қашықтығы $|CM|$

$$|CM| = \sqrt{(x-x_0)^2+(y-y_0)^2+(z-z_0)^2}$$

формуласы бойынша анықталады.

Демек,

$$\sqrt{(x-x_0)^2+(y-y_0)^2+(z-z_0)^2} = R$$

немесе

$$(x-x_0)^2+(y-y_0)^2+(z-z_0)^2 = R^2 \qquad (1.2)$$

Алынған (1.2) теңдеуі ізделінді сфераның теңдеуі болып табылады, себебі кез келген нүктенің координаттары оны қанағаттандырады және берілген сферада жатпайтын нүктелердің координаттары қанағаттандырмайтыны анық.

Атап айтқанда, егер сфераның центрі координат басымен беттессе, онда сфераның (1.2) теңдеуі

$$x^2+y^2+z^2 = R^2 \qquad (1.3)$$

түріне келеді.

Сфераға ағымдағы координаттарға қатысты екінші ретті теңдеу сәйкес келетінін атап өтеміз. Шынында, (1.2) теңдеуінде жақшаларды ашатын болсақ, онда

$$x^2+y^2+z^2-2x_0x-2y_0y-2z_0z+\left(x_0^2+y_0^2+z_0^2-R^2\right)=0 \qquad (1.4)$$

аламыз. (1.4) теңдеуі *x, y, z*-ке қатысты екінші ретті мүшелерді, сонымен қатар *x, y, z*-ке қатысты бірінші ретті мүшелерді және $x_0^2+y_0^2+z_0^2-R^2$ бос мүшесін қамтиды.

Осылайша, нүктелердің геометриялық орны ретінде қарастырылатын кез келген бет оның нүктелерінің координаттарын байланыстыратын (1.1) теңдеуімен берілуі мүмкін. Сол арқылы бұл беттің геометриялық қасиеттерін зерттеуді оған сәйкес келетін теңдеудің аналитикалық қасиеттерін зерттеуге келтіруге мүмкіндік береді. Керісінше, *x, y, z* айнымалыларының арасындағы кез келген (1.1) теңдеуі жалпы айтқанда бетті *x, y, z* координаттары осы теңдеуді қанағаттандыратын нүктелердің геометриялық орны ретінде анықтайды.

Әдебиеттер

1. Ушаков, А.В. Об изучении поверхностей второго порядка в педагогическом вузе // Современное педагогическое образование. 2023. №4. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ob-izuchenii-poverhnostey-vtorogo-poryadka-v-pedagogicheskom-vuze (дата обращения: 08.05.2024).
2. Александров, П.С. Лекции по аналитической геометрии. / П.С.Александров.- М.: Наука, 1968.-912 с.

ӘОЖ 378

SCRATCH БАҒДАРЛАМАЛАУ ОРТАСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ЖОБАЛАРЫН ҚҰРУ

Кабылбек Б. - 3 «Ә» сынып оқушысы
Атенова Б.А. - мұғалім
Абдраш Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектеп

Бағдарламалау бұл компьютермен байланысу әдісі, ол дегеніміз, адамның компьютермен машинатілінде сөйлеуі. Бағдарламалау тілін пайдаланады және де адамбелгілі бір жағдайларда шешілетін белгілі бір тапсырмалар береді. Бағдарламалау тілінде шағын бағдарламадан бастап, кез - келген жоба және қосымшалар жасауға болады. Басқаша айтқанда, бағдарламалау компьютерлендірілген бағдарламаны жасау процессі.

Бағдарламалау XX ғасырдың 50 жылдарында пайда болған. Бірінші идеяларды Чарльз Бейбидж (1972-1871) ойлап тапқан. Ол компьютердің әкесі болып есептеледі. Чарльз Бейбидж жаппай есептеу машиналардың принциптарын тура сипаттаған. Ең алғашқы танымал және қаражатты, жоғары баға берілген бағдарламалау тілі – Fortran программалау тілі 1954 жылдан бастап 1957жылға дейін Джон Бакустың бастамасымен IBM корпорациясының зерттеу командасы жасаған. Әлем бойынша 8500 шамасында бағдарламалау тілдері бар, бірақ ең көп қолданылатыны тым көп емес.

Scratch - Балалар мен жасөспірімдерге арналған визуалды оқиғаларға негізделген бағдарламалау ортасы. Бұл бағдарламалау тілін 2008 жылы MIT профессоры Митчелл Ресник басқаратын «Өмір бойы балабақшадағы зерттеу тобы» деп аталатын зерттеу тобында бағдарламашылардың шағын тобы құрған. Бұл бағдарламаның мақсаттары туралы Митчелл Ресник былай деді: «Біздің мақсатымыз – балалар жасай алатын, бөлісетін және зерттей алатын нәрселердің ауқымын кеңейту. Scratch жобасына қатысу арқылы балалар шығармашылық ойлауға және жүйелі мәселелерді шешуге үйренеді – бұл жұмыста табысты болу үшін маңызды дағдылар» деп айтқан еді.

Бұл атау музыкалық тақырыптарды араластыру үшін винил жазбаларын алға-артқа айналдыратын хип-хоп диджейлері қолданатын скретч техникасынан шыққан. Сол сияқты, Scratch графика мен фотосуреттерді, музыка мен дыбыстарды араластыруға мүмкіндік береді. Ағылшынша аудармасы "тырнау", "тырнау", "тырнақпен қазу". Сондықтан бағдарламаның символы – мысық. «Скретчер» мысық – Скретч бағдарламалау тілінің ресми кейіпкері.

Скретч 1.4 Squeak тілінде жазылған және 2.0 және 3.0 желілерінде жұмыс істеуге арналған. Scratch 2.0 Flash және ActionScript бағдарламаларында қайта жазылады. Scratch 3.0 (соңғы нұсқасы) - Бұл кеңейтілген нұсқа HTML5 жүйесінде Scratch 2.0 және WebGL қозғалтқышы арқылы құрастырылған, бұл оны мобильді құрылғылар мен планшеттерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ағымдағы нұсқасы - Scratch 3.6 - 2019 жылдың қаңтарында шығарылды.


Scratch арифметикалық функцияларды (есептеу, алу, көбейту, бөлу, бөлу қалдығы және т.б. толық есептеу) қамтиды. Қолданыстағы операциялар жиынтығы сызықтық алгоритмдерді және сандық деректермен операцияларды қолдана отырып, бағдарламаларды құру тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді. Scratch бағдарламасында математикалық өрнектерді бағалау кезінде арифметикалық амалдарға арналған басымдық ережелерін бір-бірінің үстіне жиналған жасыл блоктары бар сценарий жасау арқылы орнатуға болады. Барлық жобалар scratch 3.0 ортасында жасалған.

Жоба1.«Натурал сандардың жұп немесе тақ сандарының анықтамасы»

Спрайттар мен фон бағдарламаларда визуализация үшін пайдаланылады. Сенсор блогы бар негізгі бағдарлама (іздеу және күту). Орындау үшін бірінші нөмірді спрайт сұрайды.Oqıga Blog көмегімен пернетақтадан таңбаларды енгізгеннен кейін біз жаңа хабарлама (жауап) жасап, кейіпкерлерді spraittarga жібереміз. Басқару блогында шартты операторды (егер... әйтпесе) оператор блогын (2-ге бөлгеннен кейінгі қалдық) пайдаланып есептеуді орындап, нәтижені шығарамыз.

Жоба2.«Математикалық тренажерді бағдарламалау» 1-сурет

Бағдарламада визуализация үшін редактор жасаған спрайттар мен фон пайдаланылады. Блоктар блогының (есептеу немес қосу) негізгі бағдарламасын пайдаланыңыз. «Выдать случайное число» командасы арқылы экранда сандар пайда болғаннан кейін біз жаңа хабарлама (жауап бер) жасап, сандарды спрайтқа жібереміз. Оператор блогын пайдалана отырып, шартты операторларды қолданамыз (егер... әйтпесе), есептеулер жүргізу үшін оператор блогын қолданамыз (көбейту нәтижелері) және нәтижені шығарамыз.



Сурет 1."Математикалық тренажерді бағдарламалау" скрипті

Жоба3.«Тіктөртбұрыштың периметрі мен ауданын есептеу»

Бұл жобаны жасау үшін a және b қабырғалары бар тіктөртбұрышты көрсететін және әріп үлгісінде тіктөртбұрыштың ауданы формуласын сипаттайтын фон дайындаңыз. Бағдарлама тіктөртбұрыштың А және В қабырғаларының ұзындықтарын сұрайды және нәтижелерді - оның периметрі мен ауданын береді.

Қорытындылай келе, оқушылар математикалық есептерді модельдеу үшін Scratch ортасында жасалған жобаларды өздері құра алатынын көрсетеді. Жасалған үлгілік жобалардың мысалдары: «Натурал сандардың жұп немесе тақ санын анықтау», «Математикалық тренажер», «Тіктөртбұрыштың периметрі мен ауданын есептеу» алгоритмі дұрыс таңдалғандықтан, есептеулер толық және дәл.

Зерттеу жұмысымыздың мақсатына қол жеткізілді: Scratch ортасы математикалық есептерді шешуге бағытталған жобаларды құруға мүмкіндік береді. Орындалған жұмыстардың нәтижелері бұл гипотезаны растады және эксперименттік зерттеу нәтижелері Scratch ортасының математикалық есептерді шешуге бағытталған жобаларды құрудың үлкен мүмкіндіктері бар екенін анықтады.

Әдебиеттер

1. Патаракин Е. Д. scratch ортасын пайдаланушыға арналған нұсқаулық / Е. Д. Патаракин [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі:http://anngeorg.ru/files/Rukovodstvo.pdf
2. Патаракин Е.Д. ортада Скретч дайындауды үйрену: оқу құралы / Е. Д. Патаракин. – М: Интуит.ру, 2008. - 61 б.
3. Рындак в.г. Scratch бағдарламалау ортасындағы оқушының жобалық қызметі: оқу-әдістемелік құрал / в. г. Рындак, В. О. Дженжер, Л. в. Денисова. – Орынбор: Орынбор. мемлекеттік басқару, 2009. – 116 б.

УДК 372.851

ВЫЧИСЛЕНИЕ ОБЪЕМА ТЕЛА ПЕРЕХОДЯ К ЦИЛИНДРИЧЕСКИМ КООРДИНАТАМ

Калдыбек Н. – студент группы ЕП-22-11тк
Мырзабеков Т.М. – преподаватель

Вычисление объема тела с помощью интегралов – это важный инструмент в математическом анализе, особенно в многомерной геометрии и физике (Асланов Р., Ли О, 2014). Основной метод для нахождения объема заключается в использовании кратных интегралов, которые суммируют малые элементы объема на поверхности тела. Рассмотрим, как это работает, и особенности вычислений в цилиндрических координатах.

Задача. Найти двойным интегрированием объем тела, ограниченной сферой $x^2 + y^2 + z^2 = a^2$ и цилиндром $x^2 + y^2 = ax$ (параметр считать положительным). (Задача Вивиани).

Решение:




Рисунок 1. Тело, построенное на 3D Geogebra

1 способ. Перейдем к цилиндрическим координатам,

$$\begin{cases} x = \rho\cos\varphi \\ y = \rho\sin\varphi, \\ z = z \end{cases} \qquad \iiint\limits_D dxdydx = \iiint\limits_V \rho\cdot d\varphi d\rho dz$$

$$x^2+y^2+z^2=a^2 \qquad x^2+y^2=ax$$

$$\rho^2\cos^2\varphi+\rho^2\sin^2\varphi+z^2=a^2 \qquad \rho^2\cos^2\varphi+\rho^2\sin^2\varphi=a\rho\cos\varphi$$

$$z^2=a^2-\rho^2,\quad z=\pm\sqrt{a^2-\rho^2} \qquad \rho^2=a\rho\cos\varphi, \qquad \rho=a\cos\varphi$$

$$\int\limits_0^{\pi} d\varphi \int\limits_0^{a\cos\varphi} \rho d\rho \int\limits_{-\sqrt{a^2-\rho^2}}^{\sqrt{a^2-\rho^2}} dz = \int\limits_0^{\pi} d\varphi \int\limits_0^{a\cos\varphi} \rho d\rho \cdot z\Big|_{-\sqrt{a^2-\rho^2}}^{\sqrt{a^2-\rho^2}} = 2\int\limits_0^{\pi} d\varphi \int\limits_0^{a\cos\varphi} \rho\sqrt{a^2-\rho^2}\,d\rho =$$

$$= -\int\limits_0^{\pi} d\varphi \int\limits_0^{a\cos\varphi} \sqrt{a^2-\rho^2}\,d\left(a^2-\rho^2\right) = -\int\limits_0^{\pi} d\varphi \cdot \frac{2\left(a^2-\rho^2\right)\sqrt{a^2-\rho^2}}{3}\Bigg|_0^{a\cos\varphi} =$$

$$= -\int\limits_0^{\pi} d\varphi \left[\frac{2\left(a^2-a^2\cos^2\varphi\right)\sqrt{a^2-a^2\cos^2\varphi}}{3} - \frac{2a^3}{3}\right] =$$

$$= -\int\limits_0^{\pi}\left(\frac{2a^3\sin^3\varphi}{3} - \frac{2a^3}{3}\right)d\varphi = -\frac{2a^3}{3}\int\limits_0^{\pi}\left(\sin^3\varphi-1\right)d\varphi = -\frac{2a^3}{3}\int\limits_0^{\pi}\sin^3\varphi d\varphi + \frac{2a^3}{3}\int\limits_0^{\pi} d\varphi =$$

$$= \frac{2a^3}{3}\int\limits_0^{\pi}(1-\cos^2\varphi)d\left(\cos\varphi\right) + \frac{2a^3\pi}{3} = \frac{2a^3}{3}\left[\cos\varphi\Big|_0^{\pi} - \frac{\cos^3\varphi}{3}\Big|_0^{\pi}\right] + \frac{2a^3\pi}{3} =$$

$$= \frac{2a^3}{3}\cdot\left(-\frac{4}{3}\right) + \frac{2a^3\pi}{3} = \frac{4}{3}a^3\left(\frac{\pi}{2}-\frac{2}{3}\right)$$

Использование интегралов для вычисления объема тела в цилиндрических координатах является мощным методом, особенно для тел с осевой симметрией (Сабитов, 2013). Он позволяет упростить задачу, сделав её более поддающейся аналитическому решению, а также минимизировать количество вычислений благодаря удобной форме элемента объема в этих координатах.

Литература

1. Сабитов И. Х. Об одном методе вычисления объемов тел //Сибирские электронные математические известия. – 2013. – Т. 10. – №. 0. – С. 615-626.
2. Асланов Р. М., Ли О. В. Лабораторный практикум по математическому анализу с применением информационных технологий //Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Информатизация образования. – 2014. – №. 1. – С. 95-103.
4. Энбом Е. А., Иванова В. А. Особенности формирования и развития исследовательской компетентности студентов в процессе изучения дисциплины «Высшая математика» в техническом вузе //Самарский научный вестник. – 2015. – №. 1 (10). – С. 140-144.

ӘОЖ 517.929.7

ШТУРМ-ЛИУВИЛЛДІҢ БАЙЫРҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІ

Камал А. – ЕП-22-11к1 тобының студенті
Мүсірепова Э.Б.– PhD, аға оқытушы

Бұл мақалада Штурм-Лиувиллдің шекаралық есептері, соның ішінде Дирихле есебі қарастырылады. Дирихле есебі дифференциалдық теңдеулердің маңызды түрлерінің бірі болып табылады және белгілі бір шекаралық шарттарды қанағаттандыратын шешімдерді табуға бағытталған.

Мұнда$Ly = -y''(x)$ дифференциалдық операторы қарастырылады, мұндағы *y(x)* — екі рет үздіксіз дифференциалданатын белгісіз функция. Бұл теңдеуге Дирихле шарттары ретінде y(0)=0және y(1)=0шекаралық мәндері беріледі.

Бұл есептің маңыздылығы — физика, инженерия және қолданбалы математикадағы көптеген процестерді сипаттауда. Мысалы, жылуөткізгіштік, тербелістер және толқындық процестер Дирихле шекаралық есебінің шешімдеріне сүйенеді.

Осылайша, бұл бөлімде Дирихле есебінің мәні түсіндіріліп, оның шешу әдістері қарастырылады.

Дирихленің есебі

Мына,

$$Ly = -y''(x), x \in (0,1), \quad (1)$$

$$y(0) = 0, y(1) = 0, \quad (2)$$

шекаралық есепті Дирихленің есебі дейді, мұндағы *f(x)* –дегеніміз $[0,1]$ аралығында үзіксіз функция, оны теңдеудің оң жағы немесе бос мүшесі деп атайды,ал *y(x*) – екі рет үзіксіз дифференциалданатын белгісіз функция. Сонымен, Дирихленің есебі дегеніміз (2) шекаралық шарттарды қанағаттандыратын (1) теңдеудің шешімін табу есебі екен.

Екінші ретті кәдімгі дифференциалдық теңдеудің шешімдері жиыны екі тұрақты шамалар арқылы өрнектелетініні бізге белгілі, олай болса (2) шекаралық шарттар оларды бірмәнді анықтайды деп күтуге болады. Осы ойды іске асыру мақсатында (1.1) теңдеуді $[0, x]$ аралығында интегралдаймыз:

$$y'(x) = -\int_0^x f(t)dt + y'(0), \quad (3)$$

мұндағы у’(0) – бізге беймәлім шама.Енді осы теңдікті [x, 1] аралығында интегралдасақ,

$$\underbrace{y(1)} - y(x) = -\int_x^1 \int_0^t f(\xi)d\xi\, dt + (1-x)y'(0),$$

$$y(x) = \int_x^1 \int_0^t f(\xi)d\xi\, dt + (1-x)y'(0).$$

Енді *y(0)=0* шекаралық шартынан

$$0 = \int_x^1 \int_0^t f(\xi)d\xi\, dt + y'(0)$$

теңдігін аламыз, демек у’(0) = $-\int_0^1 \int_0^t f(\xi)d\xi dt$.Олай болса,

$$y(x) = L^{-1}f(x) = \int_x^1 \int_0^t f(\xi)d\xi dt - (1-x)\int_0^1 \int_0^t f(\xi)d\xi dt. (4)$$

Енді өрнекті ықшамдау мақсатында, екі реттік интегралдарды бөліктеп интегралдау арқылы бір реттік интегралдарға келтірейік:

$$\int_x^1 \int_0^t f(\xi)d\xi dt = t * \int_0^t f(\xi)d\xi \int_x^1 - \int_x^1 tf(t)dt =$$

$$= \int_0^1 f(\xi)d\xi - x\int_0^x f(\xi)d\xi -$$

$$-\int_x^1 tf(t)dt = \int_0^x f(t)dt + \int_x^1 f(t)dt - x\int_0^x f(t)dt - \int_x^1 tf(t)dt =$$

$$= \int_0^x (1-x)f(t)dt + \int_x^1 (1-t)f(t)dt;$$

$$\int_0^1 \int_0^t f(\xi)d\xi\, dt = t * \int_0^t f(\xi)d\xi \int_0^1 - \int_0^1 tf(t)dt = \int_0^1 f(\xi)d\xi - \int_0^1 tf(t)dt =$$

$$= \int_0^1 f(t)dt - \int_0^1 tf(t)dt = \int_0^1 (1-t)f(t)dt;$$

Сонымен, (4) формула мына түрге

$$y(x) = L^{-1}f(x) =$$

$$= \int_0^x (1-x)f(t)dt + \int_x^1 (1-t)f(t)dt - (1-x)\int_0^1 (1-t)f(t)dt$$

келеді.Мұны әрі қарай түрлендірсек ,

$$y(x) = L^{-1}f(x) = \int_0^x [(1-x) - (1-x)(1-t)]f(t)dt +$$

$$+ \int_x^1 [(1-t) - (1-x)(1-t)]f(t)dt = \int_0^x (1-x)(1-1+t)f(t)dt +$$

$$+ \int_x^1 (1-t)(1-1+x)f(t)dt = \int_0^x t(1-x)f(t)dt + \int_x^1 x(1-t)f(t)dt$$

болатынын көреміз.

Сенімді болу үшін, нәтижені тексеріп көрелік:

$$y(x) = \int_0^x t(1-x)f(t)dt + \int_x^1 (1-t)xf(t)dt,$$

$$y'(x) = x(1-x)f(x) - \int_0^x tf(t)dt - (1-x)xf(x) + \int_x^1 (1-t)f(t)dt =$$

$$= -\int_0^x tf(t)dt + \int_x^1 (1-t)f(t)dt,$$

$$y"(x) = -xf(x) - (1-x)f(x) = -xf(x) - f(x) + xf(x) = -f(x) =$$

$$-y"(x) = f(x).$$

Сонымен, теңдеу орындалатын екен, енді шекаралық шарттарды тексеріп көрелік:

$$y(0) = 0, \qquad y(1) = \int_0^1 t(1-1)f(t)dt + 0 = 0.$$

Енді “мұнан өзгеше шешім бар ма?” деген сұрақ туындайды. Егер (1)-(2) есебінің $y_1(x)$ және $y_2(x)$ деген екі шешімі болса, онда олардың айырымы $u(x) = y_2(x) - y_1(x)$ функциясы мына,

$$-u"(x) = 0,$$

$$u(0) = 0, \qquad u(1) = 0$$

шекаралық есептің шешімі болар еді, мұнан

$$u(x) = Ax + B, \quad u(0) = B = 0, \quad u(1) = A + b = 0, => A = 0$$

демек, $u(x) \equiv 0$.Алынған нәтижені тұжырымдайық.

Лемма 1.1 Егер $f(x)$ функциясы $[0,1]$ аралығында үзіксіз болса, онда (1)-(2) Дирихленің есебінің бір ғана шешімі бар және ол мынау:

$$y(x) = L^{-1}f(x) = \int_0^1 G(x,t)f(t)dt,$$

$$G(x,t) = \begin{cases} t(1-x), & 0 \le t \le x, \\ (1-t)x, & x \le t \le 1 \end{cases}$$

мұндағы $G(x,t)$ – Гриннің функциясы.

Әдебиеттер

1. Г. М. Фихтенгольц – "Дифференциалдықжәнеинтегралдықесептеу", Алматы: Мектеп, 1980.
2. Р. К. Рашевский – "Дифференциалдықтеңдеулер курсы", М.: Наука, 1986.
3. И. Г. Петровский – "Дифференциалдықтеңдеулер", М.: Наука, 1970.
4. В. А. Ильин, Е. Г. Позняк – "Математикалық анализ", М.: Физматлит, 2003.
5. Л. А. Люстерник, С. Б. Соболев – "Элементтер математики", М.: Наука, 1965.

ӘОЖ 37.091.39:51

ТУЫНДЫНЫ ПАЙДАЛАНЫП БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

Кенжебек Н.М - ЕП- 21-11к2 тобының студенті
Маденова А.А.-аға оқытушы

Туынды арқылы популяция (мекендес өсіп-өну) санының қарапайым моделін көрсетейік. Популяция саны – қоршаған ортаны қорғаудың, яғни биоэкологияның ең маңызды мәселесі болып табылады. Популяцияның математикалық моделін құру биологиялық түрдің сан жағынан өсуінің жылдамдығын анықтау есеп ретінде қарастырады.

Популяция динамикасының дәл сипаттамасын 1845 жылы алынған Ферхюльст-Перл теңдеуі береді. Ол теңдеуде популяцияның «Өзін-өзі уландыру» немесе «популяциядағы түр ішіндегі тіршілік үшін күрес» факторы ескерілген.

$$x = \frac{x_0 \mu e^x}{\mu - x_0 + x_0 e^x} \qquad (1)$$

Бұл заң Ферхюльст-Перл моделі деп аталады.

Туындыны қолданып, осы функцияның графигін зерттейік.

$\frac{dx}{dt} = \gamma x \frac{\mu - x}{\mu}$ (2) теңдеуді пайдалана отырып, $x < \mu$ екенін ескерсек, $x'(t)$ барлық $t > t_0$ мәндерінде оң болатыны айқын.(2) теңдеудің екінші ретті туындысын табайық

$$x''(t) = \gamma\left(1 - \frac{2x}{\mu}\right)x'(t) \qquad (3)$$

(1) теңдеудегі х-тің мәнін осы теңдеуге қоямыз. Сонда

$$x''(t) = \gamma\left(\frac{\mu - x_0 - x_0 e^x}{\mu - x_0 + x_0 e^x}\right)x'(t) \qquad (4)$$

Егер $\mu - x_0 - x_0 e^x > 0$ болса, $x''(t) > 0$, яғни $x(t)$ графигі ойыс, ал $\mu - x_0 - x_0 e^x < 0$ болса, $x''(t)<0$ және $x(t)$ функциясының графигі дөңес болады.

$\mu - x_0 - x_0 e^x > 0$ теңсіздігін шешіп, функциясының ойыстық аралығын табамыз:


$$e^x < \frac{\mu - x_0}{x_0}, \gamma t < In\frac{\mu - x_0}{x_0}, t < \frac{1}{\gamma} In\frac{\mu - x_0}{x_0}.$$

Сонымен ойыстың дөңестік аралығын тапсақ ол мына теңсіздікпен беріледі: $\frac{1}{\gamma} In\frac{\mu - x_0}{x_0} < t < \infty; t\frac{1}{\gamma} In\frac{\mu - x_0}{x_0}.$ мәнінде $x''(t) = 0,$ және $x = \frac{\mu}{2}$ болады. Бұдан $M\left(\frac{1}{\gamma} In\frac{\mu - x_0}{x_0}; \frac{\mu}{2}\right)$ нүктесі $x(t)$ функциясының иілу нүктесі екені шығады.

$x(t)$ туындысы t -ның барлық мәндерінде оң болғандықтан оның экстремумы жоқ. Сондықтан $x < \mu$ екенін ескерсек, $t \to \infty$ -да $x(t)$ функциясы мәніне төменнен ұмтылады.

Енді (1) теңдеумен берілген $x(t)$ функциясының графигін сызып көрсетуге болады. (1-сурет)

1-суреттен популяцияның алғашқы саны $\left(x_0 < \frac{\mu}{2}\right)$ аз болса, онда популяцияның өсуі $\left(\frac{1}{\gamma} In\frac{\mu - x_0}{x_0}; \frac{\mu}{2}\right)$ нүктесіне дейін ойыс қисық бойымен жүреді. Бұл нүктеде қисық, иіліп, дөңес болады және $t \to \infty$ -да $x = \mu$ түзуіне



1-сурет

шексіз жақындайды, бірақ ешқашан онымен қиылыспайды. Сондықтан $\mu = \frac{\gamma}{\delta}$ шамасын теория жүзінде берілген жағдайдағы популяция санының максимальды мәні деп атайды.

$x(t)$ функциясының графигі (1-сурет) созылған S әрпіне ұқсас болғандықтан қисықты S -тәрізді қисық деп атайды.

Туындының экономикада қолдануының түсіну үшін өндірістік функцияны қарастырайық. Кез келген өнім өндірісі әртүрлі ресурстардың қолданылуымен байланысты. Осы ресурстардың мөлшерін $x_1,x_2,\ldots, x_n$ деп белгілейді. Егер біздің өнімнің максимал саны у белгілі болса, онда ресурс көлемін $(x_1,x_2,\ldots, x_n), x_1, x_2,\ldots, x_n \geq 0$ жұмсап, $y=f(x_1,x_2,\ldots,x_n)$ – өндірістік функция беріледі дейміз.

1-мысал Ішкі нарықта А тауарына деген сұраныс функциясы $Q_d = 300-5P$ заңдылығымен қалыптасқан. Тұрақты шығын 55 доллар, орташа айнымалы шығын 3 доллар. Мұндағы Q (дана)-тауар көлемі, Р (доллар) – тауар бағасы.

1. Ең жоғары пайда алуға болатын тауар көлемін табыңдар.
2. Ең жоғары пайда алуға болатын тауар көлеміндегітауардың өзіндік құнын табыңдар.
3. Ең жоғары пайданы табыңдар.

Шешуі: Жалпы шығын: $TC=FC+\Delta\ VC\cdot Q=55+3Q\ Q_d=300-5P$ теңдеуінен $P=60-0,2Q$ онда жалпы кіріс (табыс) мынаған тең болады.

$RT=PQ=(60-0,2Q)Q=60Q-0,2Q^2$

Алынатын пайда мынаған тең болады.

$П=RT-TC=60Q-0,2Q^2-55-3Q=-0,2Q^2+57Q-55$

Табыстың, яғни пайданың ең үлкен мәнге ие болу көлемін табу үшін туындыны қолданамыз. Айнымалы Q-ға байланысты функцияның экстремум мәндерін табамыз

$П\cdot=(-0,2Q^2+57Q-55)=-0,4Q+57=0$

0,4Q=57, Q=142,5

$Q_{max}=142,5$(доллар)-өндіретін ең үлкен тауар көлемі.

ТС=55+3·142,5=482,5($)-жалпы шығын.

$J=\frac{TC}{Q}=\frac{482,5}{142,5}=3\frac{22}{57}$*($)* тауардың өзіндік құны.

П=-0,2·$(142,5)^2$+57·142,5-55=4006,25 ($)

Әдебиеттер

1. Көпеш Б., Әшірбаев Н. Қ. Жоғары математика курсының негіздері. –Оқу құралы. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2005.- 290 с.
2. Ахашев Ж. Туындыны және оның алгебралық қосымшасы / Математика және физика.-2006.-№3.
3. Берікжанова Г. Дифференциалдық теңдеуді биологиялық процестерде қолдану / Информатика, физика, математика.-2000.- №4.

ӘОЖ 632. 523 (584 5)

ШЫМКЕН ҚАЛАСЫНДА ЖЕРСІНДІРІЛГЕН ДЕКОРАТИВТІ ӨСІМДІКТЕРДІҢ БИОМОРФОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Кеңесбек А.Қ. ЕП 21- 12к1 тобы студенті
Кемелбекова Г.А. - аға оқытушы

Қалалар мен елді мекендерді көгалдандыру кезінде, оның айналасында қорғаныштық, сәндік ағаштар өсіру үшін сонымен қатар демалыс аймақтарын қалыптастыру үшін ағаш және бұталы өсімдіктердің кең ассортименттін қолдануға болады, осы орайда қала көшелерін шаң - тозаңға төзімді, қоршаған ортаның ластануына тұрақты жаңа сәнді өсімдіктермен байыту заман талабына сай қажеттілік туғызуда, яғни шет елдерден декоративті әртүрлі өсімдіктердің түрлерін жерсіндіруді көптеп қолға алуда.

Жерсіндіру ісінің басты көрсеткіші таңдалған өсімдіктердің жаңа орта жағдайына бейімделу мүмкіндігі, тұрақтылығы және өсуге тез бейімделу көрсеткіштері саналады. Сонымен қатар қаланы көркейту, ормандар өсіру және жасылдандыру жұмыстарында сыртқы ортаның жағдайына төзімді және өнімділігі жоғары өсімдіктер түрлерін анықтау және оларды жерсіндіру ісі ауқымды, маңызды проблема болып саналады. Осы негізде қаланы көркейтуде сыртқы орта әсерлеріне тұрақты өсімдіктердің түрлерін зерттеу және оларды кеңінен қолдануға мүмкіндік жасау керек[1,2].

Қазіргі таңда Қазақстан өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты ғалымдарының жүргізген зерттеу жұмыстары Америка, Сібір, Европа, Қиыр Шығыс, Орта Азия және т.б. елдердің өсімдіктерін интродуценттеуге болатынын көрсеткен, осы мақсатта жаңа өсімдік түрлерін бейімдеу жұмыстарын жүргізу қарқынды қолға алынып жатыр, дегенмен топырақ климаттық жағдайларының қолайсыздығына байланысты интродукциялау жұмыстары көп қиындықтар туғызады.

Сондықтан Шымкент қаласының климаттық жағдайында өсіруге жақсы бейімделген өсімдіктер түрлерін таңдау, сондай-ақ интродуцент декоративті өсімдіктердің жерсіну, даму жағдайына бақылау жұмыстарын жүргізу өзекті болып отыр[3].

Қазіргі күні Шымкент қаласының аумағы 2019 жылғы бас жоспар бойынша 117 мың га ұлғайды. Шымкент қаласы Республикада халық санының мөлшері бойынша **3 орында,** халық саны 1 181 020 адамға өсті (2024ж).

Зерттеу нысаны ретінде тәжірибелерде атмосфералық ластанудың әр алуан деңгейіндегі аудандарда өсетін ағашты-бұталы өсімдіктер алынды, ол өсімдіктер төмендегі кестелерде берілген. Зерттеу жүргізу үшін Шымкент қаласының әр аймағында орналасқан екі нысан таңдалды.

Бірінші зерттеу нысаны: Абай атындағы саябақ.

Екінші зерттеу нысаны: қаладағы аумағы жағынан өте үлкен Асанбай Асқаров атындағы дендрологиялық саябақ.

Шымкент қаласында 36 тұқымдас, 88 туыс , 247 түрден тұратын интродуценттер тіркелген, бұл қаланың жалпы флорасының 40 %- ға жуығын құрайды.

Зерттеу жұмыстары арнайы маршрутты әдіспен жүрді. Интродуценттердің тіршілігін анықтауда салыстырмалы морфологиялық-географиялық әдісколданылды.

Үлкен қалаларда өсетін өсімдіктер көптеген факторлардың әсерін қолайсыз жағдайларға көп ұшырайтыны белгілі әсіресе антропогенді факторлардың әсері өтеауыр тиеді. Өсімдіктердің табиғи түрде өсуіне қарағанда қала жағдайында өсуі әлдеқайда ерекше болады. Өсімдіктер табиғи жағдайдан, өзге жерге түскенде бейімделу теккана биологиялық, физиологиялық процесстерді ғана өзгертпей, сонымен бірге морфологиялық, анатомиялық құрылымын да өзгертіп, нәтижесінде жапырақ тақтасының өлшемі мен жемісінің өзгерісі де болуы мүмкін[4].

Осы негізде біз де зерттеу нысанымыз бойынша жерсіндірілген декоративті өсімдіктердің биоморфологиясына зерттеу жасадық

Зерттеу қаланың әртүрлі бөлігінде, климаттық жағдайы ұқсас және де ластануы жағынан әртүрлі аудандардағы екі түрлі нысанда отырғызылған интродуценттермен жүргізілді.

Жапырақ тақтасының ұзындығымен ені, олардың ауданы мен формасын анықтайтын басты параметр болып табылады.

Біз байқау нысандарында өсірілген өсімдіктердің 3 түрінің жапырақ тақталарының сызықты параметрлерін, биоморфологиялық көрсеткіштерін анықтап салыстыра отырып (1,2,3) кестелерде енгіздік.

Кесте 1–Бірінші нысан өсімдіктері жапырақ пластинасының ұзындығының биометриялық көрсеткіштері

№	Жерсіндірілген ағаш түрлері	Орта сандық көрсеткіш M±m, мм	Вариац. коэф-т, %	Дәлдік, P, %	min	max
1	Вавилондық тал - Ива вавилонская – Salix babilonica	88,17 ± 4,18	25,95	4,75	55	145
2	Европалық форзиция - Форзиция европейская – Forsythia *F. europaea*	39,37 ± 1,57	21,05	3,84	20	49
3	Үш тікенді гледичия - Гледичия трехколючковая – Gleditsia triacanthos;	28,33 ± 1,17	22,66	4,14	15	36

Кесте 2 – Бірінші нысан өсімдіктері жапырақ тақтасы енінің биометриялық көрсеткіштері

№	Жерсіндірілген ағаш түрлері	Орта сандық көрсеткіш M±m, мм	Вариац. коэф-т, %	Дәлдік, P, %	min	max
1	Вавилондық тал - Ива вавилонская – Salix babilonica	10,77 ± 0,50	25,34	4,63	8	18
2	Европалық форзиция - Форзиция европейская – Forsythia *F. europaea*	23,50 ± 0,80	21,29	3,89	10	25
3	Үш тікенді гледичия - Гледичия трехколючковая – Gleditsia triacanthos;	11,57 ± 0,34	15,89	2,90	8	14

Кесте 3 – Екінші нысанға жерсіндірілген жапырақ тақтасы ұзындығының биометриялық көрсеткіштері

№	Ағаш түрлерінің аттары	Орташа арифметикалық көрсеткіш M±m, мм	Вариац. коэф-т, %	Дәлдік, P, %	min	max
1	Вавилондық тал - Ива вавилонская – Salix babilonica	79,27 ± 3,95	27,32	4,99	50	108
2	Европалық форзиция - Форзиция европейская – Forsythia *F. europaea*	62,07 ± 2,62	23,13	4,22	33	84
3	Үш тікенді гледичия - Гледичия трехколючковая – Gleditsia triacanthos;	36,97 ± 1,59	23,53	4,30	24	57

Зерттеу барысында Шымкент қаласындағы екі аймақта жерсіндірілген 3 түрлі өсімдіктердің биоморфологиялық қасиеттері бойынша салыстырулар жасалды, нәтижесінде антропогенді факторлар мен экологиялық факторлардан қашық болған сайын жерсіндірілген ағаштардың өсуімен дамуында оң өзгерістер болатынын байқадық.

Әдебиеттер

1. Байсейітова Н.М. Өндірістік қалдықтардың қоршаған ортаға негативтік әсерін биологиялық тұрғыдан бағалау: Шымкент қорғасын заводының негізінде: автореф. биол. ғыл. канд.: 03.00.16. – Алматы, 2001. – 30 б.
2. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері: Ғылыми және халық атаулары. – Алматы: Ғылым, 1977. – 286 б.
3. Сихимбаева С.М. Шымкент қаласының урбанофлорасы. Монография.-Шымкент: Әлем. 2014.– 168б.
4. Исаева А.У. и др. Оценка современного состояния окружающей среды в ЮКО // Шымкент и этапы становления науки и образования в Средней Азии и Казахстана. – Шымкент, 2000. – Ч. 2. – С. 140-142.

ӘОЖ 51

6-8 СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА КУРСТАРЫНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Кеңесбек Н.А. – ЕП-23-11к2 топ студенті
Сабырханова П.Ш. – аға оқытушы

Казіргі білім беруді ізгілендіру кезеңінде пәнаралық байланыстың алатын орны ерекше. Пәнаралық байланыс әр түрлі ғылым негіздерін оқытудың мақсаты мен мазмұнының ұштастыруына, сондай-ақ оқушылардың білімі мен нанымын қалыптастыруға, олардың іскерліктері мен танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Пәнаралық байланыстың мақсаты - оқушылардың дуниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, табиғат құбылылыстарының біртұтастығын және өзара байланысын көрсету, бір пәннен

Ежедневно люди общаются друг с другом и с представителями других культур, которые могут быть непохожими друг от друга.Эти различия могут быть как в языке, так и в национальной кухне, одежде, обычаях и отношении к работе. Безусловно, этоделает подобные связи трудными, иногданевозможными. На сегодняшний день подобные противоречия жизни — это взаимодействие и взаимопонимание разных народов и культур.Этот вопрос нуждается вмаксимальной осмотрительности. Высшая сила коммуникации управляет человечеством и влияет на его жизнь, развитие, действия, общие знания и природу творения.Как часть этого, он управляет своим самосознанием. Отношения между людьмитребуется изучить и понять: что мешает или, наоборот, что способствует этому. Любая попытка сделать это важна и уместна, поскольку взаимодействие является важной составной жизни всего человечества, основой существования людей.

Главной особенностью казахстанской межкультурной коммуникации является то, что люди, проживающие в Казахстане,постоянно взаимодействовали с представителями других культур и языков. Также существует коммуникация между нациями и коммуникация внутри наций.Хотелось бы отметить

следующее: необъятная территория проживания казахов разделила их на три жуза. Это страна, поделенная на три части, каждая из которых со своей собственной культурой и языком,Они отличаются друг от друга своими обычаями, этикой общения, мышлением и менталитетом.Жуз – это название политико-территориальной структуры казахов. Поскольку подобная столетняя структура является одной из важных в Евразиидля кочевых народов на обширном пространстве земли. Она охватывает 2 миллиона 725 тысяч километров. В серединеказахское сообщество разделено на более сложные сегменты, основанные на местных географических особенностях,т.е. в отрасли в соответствии с их природой и сформированы как система управления. Таким образом, мы видим, что существующей централизованной системы образования, информации, культуры и экономикинет. Иначе говоря, когда это еще не было централизовано, еще не было национализировано у казахов, у жузов. Между ними была огромная разница. Сегодня же мы можем попасть с запада на восток в мгновение ока, как мы это делаем сейчас.Свободно перемещаемся и коммуницируем между собой. Раньше же, действительно, из-за необъятности степи казахи не признавали друг друга как представителей чужой культуры.Очевидно, что возникали трудности в отношениях и общении друг с другом. Поэтому сейчас мы называем такое вмешательство межкультурной коммуникацией.Мы говорим, что казахское общество не является местом внутреннего или межэтнического общения,коммуникацией. Мы знаем, что у каждого племени существуют свои обычаи, традиции, система мышления и экономика. Они учатся друг у друга и живут бок о бок, как будто смешиваясь с другими народами. Итак, после постепенной централизации мы стали единой страной. Страной, которая изучает язык во взаимосвязи с культурой, выявляет ценности нации в содержании языковых единиц и рассматривает языковые единицы как культурные индикаторы и памятники этой страны.И специальные исследования на тему межкультурной коммуникации только начали набирать обороты. Эта тема представляет интерес для исследователей сопоставительной, сравнительной грамматики, а также для представителей других национальностей и культур.

Итак, язык — это совокупность всех слов, которые помогают конкретной нации выражать свои мысли,развивая при этом человеческое мышление, исторические и культурные традиции из поколения в поколение. Инструмент, который собирает и сохраняет культуру, которая передает информацию, накопленную предыдущими поколениями. Слово же — функциональная форма языка, языковое средство, используемое для общения между людьми в определенном времени и пространстве.Культура — это сумма достижений человечества в его производственной, социальной и духовной жизни; уровень, степень развития психической деятельности нации, класса, народа. Это результат деятельности группы людей во всех сферах и факторах человеческого общества (идеи, верования, обычаи) сложного и сложившегося образа жизни.Культурная антропология — это изучение того, что делает человека человеком и отличает его от других живых существ. То есть наука, изучающая единый процесс формирования культуры живого человека.Коммуникация – это процесс общения посредством слов, с использованием языка и, что наиболее важно, посредством собственного опыта.

Литература

1. Ахметжанова З., Лингвокультурология: теория и практика. А: Елтаным, 2017.
2. Куликова Л.В., Межкультурная коммуникация: теоретические и прикладные аспекты (на
1. материале русской и немецкой лингвокультур). Красноярск, 2004.
2. Карасик В.И., Языковой круг: личность, концепт, дискурс: Монография. 2 изд. М.: Гнозис,2004.

ӘОЖ 519.2

ЫҚТИМАЛДЫҚ ҮЛЕСТІРІМДЕГІ ТЕҢСІЗДІКТЕР

Құлыбек Н.Ә. – ЕП-21-11к1 тобының студенті
Нышанбаева Ж.У. – аға оқытушы

Ықтималдық теңсіздіктер - бұл ықтималдық теориясындағы өте кең бөлімі және зерттеуге қызықты тақырып болып табылады. Ықтималдық үлестірімдерінде анықталған көптеген нормалар мен функционалдар бар.

Біздің зерттеумізде осы функционалдардың проекциялық қасиетін қарастырамыз. Кейбір функционалдарда бұл қасиет бар екені белгілі, оны тексеру әдетте қиындық тұғызады, дегенімен бұл зерттелетін функционал туралы біраз түсінік береді. Осы жұмыста біз функционалдарды қарастырып олардың проекциялық қасиеттерін дәлелдеу бойынша жасаған зерттеулерді ұсынамыз.

Есептің қойылымы. Барлық d-өлшемді үлестірімдер жиынтығында ф-функционалы болсын. Xарқылы d-өлшемді кездейсоқ векторды белгілейік, ал $\phi(X)$ - Xвекторының таралуындағы ф функционалының мәні.

Осы орайда көптеген функционалдарды ойлап табуға болады, мысалы біз келесі функционалды қарастырайық:

$$\phi_{max}(X) = \sup_{x \in R^d} f_X(x),$$

мұнда $f_X(x)$ - X-тің таралу тығыздығының функциясы. Бұл функция барлық абсолютті үздіксіз үлестірімдердің ішкі жиынында анықталады.

Келесі анықтаманы қарастырайық.

Анықтама.

Егер $a_1^2 + \cdots + a_n^2 = 1$ шартымен кез келген $a_1, \ldots, a_n$ салмақтары үшін $\phi(a_1X_1 + \cdots + a_nX_n) \leq C$ орындалып, $\forall n \in N$ және кез келген $\phi(X_i) \leq 1, i = 1, \ldots, n$ тәуелсіз бірдей үлестірілген кездейсоқ $X_1, \ldots, X_n$ векторлары үшін C > 0 әмбебап тұрақтысы болса, онда функционал проекциялық қасиетті қанағаттандырады деп айтамыз.

Осы анықтаманың негізгі мағынасы - кездейсоқ $X_1, \ldots, X_n$ векторын $A = a_1, \ldots, a_n$ бірлік векторына проекциялау болып табылады, өйткені $a_1^2 + \cdots + a_n^2 = 1$ шартындағы A векторы – бірлік векторы екені мәлім, ал $a_1X_1 + \cdots + a_nX_n$ – кездейсоқ вектордың A векторына проекциясы және де бұл мағынада біз проекцияны векторға емес, гипержазықтықта қарастыра аламыз. ϕ_{max} функционалы барлық $d \in N$ үшін проекциялық қасиетті қанағаттандыратыны белгілі және біз оларды дипломдық жұмысымызда толыққанды ашып көрсетеміз.

Сонымен қатар, басқа да функционалдарды қарастыруға болады. Мысалы,

$$I_1(X) = \int_{R^d} |\nabla f_X(x)| dx = \mathbb{E}(|p_X(x)|),$$

Мұнда $p_X(x) = \frac{\nabla f_X(x)}{f_X(x)} = \nabla log(f_X(x))$, және $I_2(X) = \mathbb{E}(|p_X(x)|^2)$, немесе $k \in N$ үшін жалпы тұжырымда: $I_{2k}(X) = \mathbb{E}(|p_X(x)|^{2k})$.

Жоғарыда біз тек $d = 1$ жағдайы үшін функционалдар проекциялық қасиетін қанағаттандыратыны дәлелдедік. I_1 және I_{2k} үшін дипломдық жұмыста дәлелдеуді келтіреміз.

Осы орайда, зерттеулерді жүргізуге негіз болатын сұрақтар пайда болады. Мысалы, осы қасиетті қанағаттандыратын басқа да функционалдар бар ма?

Зерттеу жүргізу барысында біз келесі белгілі функционалды да зерттеп көрдік:

$$\phi_{L_p} = (\int_{R^d} |(f_X(x)|^p dx)^{1/p}$$

Сондай-ақ, бұл мәселе I_1 және I_{2k} функционалдары үшін де қызықты болатыны сөзсіз. Осы орайда, біз оларды үлкен өлшемдер үшін жасаймыз, мәселен $d > 1$ мәндері үшін.

Айта кететін жәйт әдеттегі моменттер проективті қасиетті ие болмайды, ал дисперсия керісінше аталған қасиетті қанағаттандырады. Осы тұжырымның дәлелі ретінде біз тәуелсіз кездейсоқ шамалардың қосындысының дисперсиясы дисперсиялардың қосындысына тең екенін қолдандық. Егер біздің моделіміз бірдей қасиетке ие болса, онда ол проективті қасиетті де қанағаттандырады.

Ықтималдық үлестірімдеріндегі функционалдарды зерттеу барысында мағыналы және кең қолданылатын дивергент туралы айтып кетуді жөн көрдік. Олар өздері функционал болып табылмайды, себебі олар екі үлестірімге тәуелді және екі үлестіру арасындағы айырмашылықтың өлшемін анықтайды, бірақ біз үлестірімдердің бірін бекітіп, оларды бір ықтималдық үлестіріміне тәуелді функционалдар ретінде қарастыра аламыз.

Осы зерттеуді жүргізу барысында біздің мақсатымыз функтионалдардың проективті қасиеттеріне ие болуын ғана тексеру болған жоқ. Біз осы проективтік қасиеті функционалдар үшін не беретінін және оларды қалай біріктіруге болатына жауап іздедік.

Ұсынылып отырған жұмыста біз әртүрлі функционалдарды қарастырдық. Олардың кейбіреулері проекциялық қасиетке ие екендігін көрсетіп дәлелдедік. Барлық функционалдар үшін нәтижелерді толығымен өзбетінше алдық. Әр функционалдың өз құндылығы бар және де олар математиканың түрлі салаларында пайдалануда.

Әдебиеттер

1. Қазешев А.Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. Есептер жинағы. – Алматы. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005. – 184б.
2. Ширяев А.В. Вероятность - 1. 2./А.В.Ширяев. – М.: Изд-во МЦНМО, 2004. – 928 стр.
3. Феллер В. Введение в теорию вероятностей и её приложения. В 2-х томах / В. Феллер. – М.: Мир, 1967. – 1250 стр.

ӘОЖ 534.2

КРИСТАЛДАРДАҒЫ СЕРПІМДІ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ТАРАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ


Құрманәлі М.Б. - ЕП-21-3к5 тобының студенті
Суйеркулова Ж.Н. - магистр, аға оқытушы

Импульстік әдістер радиоэлектроника жетістіктерін серпімді ортада қысқа жоғары жиілікті импульстердің таралу жылдамдығын өлшеу үшін пайдалануға мүмкіндік беретін радиолокациялық технология идеяларына негізделген.

Барлық бағыттағы өлшемдері таралатын толқын ұзындығынан бірнеше есе үлкен үлгіні шексіз ұзартылған орта, ал таралатын толқындарды жылдамдықтары ортаның серпімділік сипаттамаларымен анықталатын жазық толқындар ретінде қарастыруға болады [2]. Осылайша, сызықтық өлшемдері бірнеше миллиметр болатын кристал қазірдің өзінде тербелістердің «шексіз ортасы» болады. Оның жиілігі бірнеше және ондаған мегагерц диапазонында жатыр. Тербелісжиілігін арттыру одан да кішірек өлшемдегі үлгілерді пайдалануға мүмкіндік береді. Қатты денелердің серпімділік сипаттамаларын өлшеуге қызығушылық әртүрлі эксперименттік қондырғыларды құруға себеп болды. Олардың көпшілігі бірегей. Бастапқы болжамдарымыз бойынша мәселенің ықтимал шешімдерін талдау қарапайым, жеткілікті дәл және салыстырмалы түрде оңай орындалатын нұсқа ультрадыбыстық құрылғыға негізделген эксперименттік қондырғы болуы мүмкін екенін көрсетті. Серпімді бойлық және көлденең толқындардың таралу жылдамдықтарын өлшеу үшін УЗИСТТ (қатты дене ультрадыбыстық жылдамдығын өлшеу) импульстік жылдамдық өлшегіші қолданылды, оның өлшеу сызығы түрлендірілген және бөлме температурасынан +180°С дейінгі температура диапазонында жылдамдықты өлшеуге бейімделген.

УЗИСТТ (қатты дене ультрадыбыстық жылдамдығын өлшеу) құрылғысы зертханалық жағдайларда қатты үлгілердегі бойлық және көлденең ультрадыбыстық тербелістердің таралу жылдамдығын өлшеуге арналған. УЗИСТТ (қатты дене ультрадыбыстық жылдамдығын өлшеу) құрылғысымен ультрадыбыстық тербелістердің таралу жылдамдығын өлшеу ультрадыбыстық таралу жылдамдығы белгілі үлгідегі және эталондық сұйықтықтағы ультрадыбыстың таралу уақытын салыстыруға негізделген[4].

Құрылғының жұмыс істеу принципі келесідей (сурет 1). Негізгі осциллятор (мультивибратор) 2 шамамен 2 кГц қайталану жиілігімен айнымалы ұзақтығы бар тікбұрышты импульстарды жасайды. Импульстің алдыңғы шеті жоғары жиілікті импульс генераторын 1 (қысқа импульс генераторы) іске қосады. Қысқа импульс генераторы бір мезгілде өлшеу құрылғысының 8 кварц түрлендіргіштерін және тірек сызығын 9 қоздырады. Бас осциллятордың тікбұрышты импульсінің құлау шеті күту сканерлеу генераторын (күту мультивибраторы) 3 іске қосады, теріс тікбұрышты импульсті қалыптастырады, ұзақтығы оның ішінде катодтық сәуле түтігінің экраны бойынша сәуленің өту уақытын анықтайды 7 .



Сурет 1 - Импульстік қондырғының құрылымдық схемасы.

Өлшеу құрылғысы - параллель бағытта еркін қозғалатын және ультрадыбыстық тербелістерді әлсіз жұтатын материалдан жасалған жұп цилиндрлік штангалар. Сынақ үлгісі 10 штангалардың қарама-қарсы ұштарына арнайы бұрандалардың көмегімен кварцтық пластиналар (эмиттер мен қабылдағыштар) жабыстырылады. Құрылғы екі жұп шыбықтармен жабдықталған - бойлық (Х-кесілген кварц плиталары) және көлденең (Y-кесілген кварц) толқындарды өлшеуге арналған[4-6].

Анықтамалық сызықтағы түрлендіргіштер арасындағы қашықтықты микрометрлік бұранданы пайдаланып 25 мм-ге арттыруға болады, бұл сұйықтық бағанының өлшемі ең үлкен үлгі өлшемін шектейді; Ультрадыбыстық импульстардың ұзақтығы 2÷10мс. Өлшеу құрылғысы арқылы өтетін импульстер және сұйықтық кварц қабылдағыштары арқылы қабылданады. Кең жолақты күшейткіш 4 арқылы күшейтіледі және парафазалық күшейткіш 5 арқылы катодтық сәуле түтігінің 7 тік пластинкаларына беріледі. Құрылғы жалпы электр желісінен қоректенеді, блок 6. Осциллограф экранындағы импульстердің фазалық теңестірілуі ультрадыбыстың екі жолды да жүруіне кететін уақыттың бірдей екенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Мэзон У. Пьезоэлектрические кристаллы и их применения в ультраакустике/ Пер.сангл под. ред. А. В. Шубникова и **С.** Н. Ржевкина. М.: ИИЛ, 1952. 448 с.
2. Voigt W. Lehrbuch der Kristallphysik. Leipzig: B. G. Teubner, 1910. 585 s.
3. Акустические, упругие и неупругие свойства кристаллов галогенатов натрия: монография / В.Н. Беломестных, Э. Г. Соболева - Томск: Изд- во Томского политехнического университета, 2009. 276 с.
4. Bridgman P. W. The compression of sixty - one solid substances to 2500 kg/sm2 determined by a new rapid method. // Proceed. Amer. Acad. Arts Science. 1945. V. 76. P. 9 - 24.
5. Беломестных В. Н., Похолков Ю П., Ульянов В. Л., Хасанов О. Л. Упругие и акустические свойства ионных, керамических диэлектриков и высокотемпературных сверхпроводников. Томск: STT, 2001. 226 с.
6. Solymosi F. Structure and stability of salts of halogen oxyacids in the solid phase. Budapest: Akad. Kiado, 1977. 467 p.

ӘОЖ 004.053

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ АКТ - НЫ ҚОЛДАНУ

Лесбек А.Т. – ЕП-23-17к тобының студенті
Есенкулова З.З. – магистр, оқытушы

Қазіргі әлемде нарықтар мен бизнес салаларына сыртқы күштер үлкен әсер етеді. Бұл күштерге саяси,экономикалық, әлеуметтік және құқықтық факторлар жатады. Дегенмен, бизнес нарығына ең көп әсер ететін күштер технология мен қоршаған орта болып табылады. Барлық салалардағы сияқты, бұл екі күш тамақ өнеркәсібіне де әсер етті. Азық-түлік әрбір адамның негізгі қажеттілігі болғандықтан,осы екі күштің әсері адамдардың азық-түлік қауіпсіздігі туралы алаңдаушылығын арттырды. Бұл тамақ өнеркәсібіне қиындық туғызады. Алайда, бұл мәселелер экологиялық белгісіздік күшейген сайын технологияны азық-түлікті қорғау және қауіпсіздік процедураларына біріктіруді талап етеді. Жалпы,соңғы жылдары жауын-шашын, су тасқыны, жер сілкінісі және жанартаулардың таралуы бүкіл әлемде өзгеріп, ауыл шаруашылығы саласына әсер етті. Нәтижесінде азық-түлік өнімдерін өндіру және тарату да кері әсерін тигізді. Бұл қорғаныс пен қауіпсіздікке үлкен әсер етті. Сондықтан технологиялық инновациялардың жылдамдығы артқан сайын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына қол жеткізілді. Бұл сондай-ақ азық-түлік және ауыл шаруашылығы сияқты салаларға әсер етіп, қауіпсіздік пен қауіпсіздікке әсер етеді.

Клиенттермен тікелей сөйлесу арқылы сайт мазмұнын жақсарту. "Рахат" АҚ үшін ең маңызды мәселенің бірі клиенттермен тығыз байланыс орнату болып табылады. "Рахат" өз тарихын жасап жатқан Қазақстандағы ең ірі кондитерлік өндірушілердің бірі.

Түрлі арналар арқылы тұтынушылардың пікірлерін жинау, "Рахат" АҚ өнімдерін тұтынушылардың қабылдауын түсіну және тұтынушылардың құнды пікірлерін алу Facebook, Twitter, Instagram, блогтар және шолу сайттары сияқты әлеуметтік желілер үшін өте ыңғайлы және тиімді арнаны ұсынады. Әлеуметтік медиа платформалары - тұтынушылардың құнды және мағыналы пікірлерін жинайтын арна. Дүние жүзіндегі миллиардтаған адамдар әлеуметтік медиа қауымдастығы арқылы өз тәжірибелерімен, шолуларымен және жалпыға қолжетімді мәтіндерімен, суреттерімен және бейнелерімен бөлісуге дағдыланған. Бренд тұтынушыларына қолдау көрсету үшін компанияның басты бетін жасау арқылы компания компаниямен неғұрлым еркін, жылдамырақ және оңайырақ байланысқысы келетін құнды тұтынушыларға платформа ұсынады. Бұл телефонмен сөйлескеннен гөрі шынайырақ болуы мүмкін. "Рахат" АҚ мәтіндік хабарламалар жіберу, веб-нысандарды немесе электрондық пошталарды толтыру арқылы тұтынушылардың пікірлерін жинай алатынына қарамастан, алынған жауаптар саны шектеулі және көптеген тұтынушылар бұл әдістерді елемейді. "Рахат" АҚ ақпаратты әлеуметтік медиа платформасында жариялаған кезде әлеуметтік желілерде кері байланыс жиі кездеседі. Көптеген тұтынушылар өздеріне ыңғайлырақ деп санайтын әлеуметтік желілер арқылы шолулар мен пікірлерге қатысуды қалайды және ұнатады. Бұл желілік технологиялардың даму тенденциясы және адамдардың өмір сүру әдеттерінің өзгеруі. "Рахат" АҚ-ға брендтің беделін көтеру және жағымсыз ақпараттың таралуы мен таралуын болдырмау мақсатында басқару, бақылау және бақылау үшін мамандандырылған адами және техникалық ресурстар қажет.

Әлеуметтік пікірлерді тыңдау. "Рахат" АҚ өзінің және бәсекелестерінің брендіне қатысты жағдайды түсіну үшін әлеуметтік медиа платформаларын бақылай алады. Мысалы, тұтынушыларға уақтылы қолдау көрсету және өнімдер мен қызметтерге қатысты мәселелерге тап болған тұтынушыларға олар компаниядан көмек сұраса да, сұрамаса да, кері байланыс беру. "Рахат" АҚ сонымен қатар клиенттердің бәсекелестеріне наразылығы туралы біле алады, өз клиенттеріне ең жақсы шешімдерді ұсына алады немесе бәсекелестерден ерекшеленуді үйренеді.

Нарықтық зерттеулер жүргізу. Сауалнамалар жүргізу, белгілі бір мәселелер бойынша олардың көзқарастары мен пікірлерін түсіну, тұтынушылардың қалауы мен өнімге деген үміттерін одан әрі түсіну үшін әлеуметтік медиа платформаларын пайдалану қызметтерді жақсарту және жаңа өнімдерді әзірлеу үшін өте пайдалы.

Блог мазмұнын іздеу. Әлеуметтік медиа арқылы тақырыптық идеяларды, өнім туралы ақпаратты, мақалаларды, суреттерді немесе бейнелерді жариялау жазылушыларды жалпыға қолжетімді мазмұнды бөлісуге және таратуға және аудиториямен резонанс тудыруға шақырады. АКТ технологиясы - ақпараттық технологияларға (IT) қарағанда салыстырмалы түрде кең термин. Бұл жай ғана компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіру, осылайша деректерді табу, тасымалдау және өңдеу оңай және ыңғайлы болады.

Ұялы телефонды АКТ ретінде қосу "Рахат" АҚ сияқты азық-түлікпен байланысты кәсіпорындарға азық-түлік қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орасан зор пайда әкелуі мүмкін. Өйткені азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімі негізінен ұзақ жеткізу мерзіміне байланысты жеткізу процестері кезінде аяқталады немесе ескіреді. Мұндай жағдайда ауа-райы болжамы талдау үшін маңызды, сондықтан тағамның балғындығын қамтамасыз ету үшін азық-түлікті жеткізу процестерін тиісті ауа-райында бастауға болады. Бұл ұялы телефондарды АКТ ретінде біріктірудің бірінші және басты артықшылығы, өйткені қол

жетімді ауа-райы болжамы азық-түлік жеткізу үшін ең жақсы ауа-райын және азық-түлік жеткізу үшін ең нашар ауа-райын анықтауға көмектеседі.

Бұл ұялы телефондар ауа-райы туралы ақпаратты фирманың жеткізу тізбегінің басқа мүшелерімен бөлісуге де көмектеседі. Азық-түлікті жеткізу процесіне келетін болсақ, азық-түлікті жеткізу процесінде тұтынушы тарапынан сұраныс туындағанға дейін тым ұзақ ұстамаса, оны да қорғауға болады. Бұл сондай-ақ азық-түліктің аз жоғалуына әкеледі. Өйткені қорлар тез және сенімді бола бастайды. Дегенмен, бұған ұялы телефонды біріктіру арқылы қол жеткізуге болады. Себебі бұл байланысты өте жылдам және тиімді ететін ең жақсы технологиялық құрал.

Адамдар азық-түлік сатып алудан бастап таратуға дейінгі барлық процестерге қатысатындықтан АКТ-ны осы адам ресурстарын басқару үшін олардың азық-түлік қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тиімділігін пайдалануға болады.

Әдебиеттер

1. Праджого, Д.Және Олхагер, Дж. (2012). Жеткізу тізбегінің интеграциясы және тиімділігі: ұзақ мерзімді қатынастардың, ақпараттық технологиялар мен алмасудың және логистикалық интеграцияның салдары. Халықаралық Өнеркәсіптік Экономика Журналы, 135 (1).
2. Триенекенс, Дж.Және Зурбиер, П. (2008). Азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігі стандарттары, әзірлемелер мен мәселелер. Халықаралық Өнеркәсіптік Экономика Журналы, 113 (1).
3. Грюнерт, К.Г. (2005). Азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігі: тұтынушылардың қабылдауы және сұранысы. Еуропалық Ауылшаруашылық Экономикасына Шолу, 32 (3).

ӘОЖ 517.382(076)

ОРТОЦЕНТРДІҢ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕСЕП ШЫҒАРУДА ҚОЛДАНУ

Мақсұт Ж.М. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Алибекова Ж.Д. – магистр, аға оқытушы

Ортоцентрдің негізгі қасиеттері


Ортоцентр – бұл үшбұрыштың биіктіктерін қамтитын түзулердің қиылысу нүктесі.

Ортоүшбұрыш немесе ортоцентрлі үшбұрыш – бұл төбелері берілген үшбұрыштың биіктіктерінің ұштары болып табылатын үшбұрыш.


Ортоцентр мен ортоцентрлі үшбұрыштың келесі қасиеттеріне назар аударып, олардың әртүрлі деңгейлі есептерді шығаруда қалай қолданылатынын көрсетейік.


1 қасиет. Ортоцентрге үшбұрыш қабырғасына қатысты симметриялы болатын нүкте оған сырттай сызылған шеңбердің бойында жатады (1 сурет).

2 қасиет. Ортоцентрге үшбұрыштың қабырғасының ортасына қатысты симметриялы нүкте оған сырттай сызылған шеңбердің бойында жатады және үшбұрыштың осы қабырғасына қарама-қарсы төбесіне диаметральды түрде қарама-қарсы.



1 сурет. 1 қасиет







2 сурет. 2 қасиет

3 қасиет. Изогональды түйіндеу кезінде ортоцентр үшбұрышқа сырттай сызылған үшбұрыштың центріне ығысады.

4 қасиет. Үшбұрыш төбесінен оның ортоцентріне дейінгі ара қашықтық осы үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центрінен қарама-қарсы қабырғасына дейінгі ара қашықтықтан екі есе артық.



3 сурет. 3 қасиет




4 сурет. 4 қасиет

5 қасиет. Үшбұрыш төбесінен ортоцентрге дейінгі ара қашықтытың квадраты мен осы төбесіне қарама-қарсы қабырғасының үзындығының қосындысы осы үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің диаметрінің квадратына тең болады.


6 қасиет. Үшбұрыштың төбелері арқылы сырттай сызылған шеңбердің радиустары ортоцентрлі үшбұрыштың сәйкес қабырғаларына перпендикуляр болады.

7 қасиет. Сүйір бұрышты үшбұрыштың ортоцентрі ортоцентрлі үшбұрыштың іштей сызылған үшбұрыштың центрі болып табылады.


8 қасиет. Егер AD және BE — ABC үшбұрышының биіктіктері болса, онда DEC үшбұрышы ABC үшбұрышына |cos ∠B| коэффициент бойынша ұқсас болады.




5 сурет. 5 қасиет



6 сурет. 6 қасиет



7 сурет. 7 қасиет



8 сурет. 8 қасиет

2 қасиетті қолдануға есеп қарастырайық.

1 есеп. AD кесіндісі — ABC сүйірбұрышты үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің диаметрі. Осы үшбұрыштың биіктіктерінің қиылысу нүктелері арқылы BC қабырғасына параллель түзу жүргізілген, бұл түзу AB және AC қабырғаларын сәйкесінше E және F нүктелерінде қияды. DEF үшбұрышының периметрі BC қабырғасынан екі есе үлкен болатынын дәлелдеңіз.

Дәлелдеу.

X пен Y — BD және CD түзулерінің EF түзуімен қиылысу нүктелері болсын. Ортоцентрдің 2 қасиеті бойынша BC түзуі DH кесіндісін қақ бөледі, демек, BC және XY түзулері параллель болғандықтан, Фалес теоремасы бойынша DX және DY кесінділері B және C нүктелері арқылы қақ бөлінеді, демек BC - ΔXDY үшбұрышының орта сызығы болады.

ABD бұрышының тік бұрыш екенін ескереміз, сондықтан XED үшбұрышы тең бүйірлі, осыдан XE=DE. Дәл осылай YF=DF, демек, XY=XE+EF+FY=DE+EF+DF=$P_{\Delta DEF}$=2BC.

2 есеп. ABC сүйірбұрышты үшбұрышында AE және CF биіктіктері жүргізілген. Ортоцентр мен AC қабырғасының ортасы арқылы өтетін түзу мен ABC үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің қиылысу нүктелерінің бірі FHE үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің бойында жататынын дәлелдеңіз.

Дәлелдеу.

BK - ΔABC үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің диаметрі болсын. Ортоцентрдің 2 қасиеті бойынша ортоцентр (H) және AC қабырғасының ортасы (M нүктесі) арқылы өтетін түзу K нүктесі арқылы өтеді. Түзудің шеңбермен екінші қиылысу нүктесі - G нүктесі болсын, онда, ∠BGK бұрышы диаметрге тірелетіндіктен, ∠BGK = 90° => ∠BGH = 90°.

HFBE – шеңберге іштей сызылған төртбұрыш екенін ескереміз, демек B нүктесі ΔFHE үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің бойында жатады. ∠BEH және ∠∠BGH – BH-қа тірелетін бұрыштар, демек BGEH белгі бойынша шеңберге іштей сызылған төртбұрыш => B, G, E, H, F нүктелері бір шеңбердің бойында жатады, демек, ΔFHE үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің бойында жатады.

Әдебиеттер

1. F. Smarandache, «An Important Application of the Computation of the Distances between Remarkable Points in the Triangle Geometry». M., Onix, 2012. – 162c.
2. А.И. Кушнир, «Векторные методы решения задач». М.: Наука, 2011.-212 с.

ӘОЖ 372.851

КВАДРАТ ТЕҢДЕУ ТҮБІРЛЕРІН СЫЗҒЫШ ПЕН ЦИРКУЛЬ КӨМЕГІМЕН САЛУ

Мақсұт Ж.М. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Турсынкулова Э.А. - аға оқытушы, магистр

Салу есебінің берілген элементтерінің ішінде кейбір нүктелер, сондай-ақ кесінділер, бұрыштар және олардың қатынастары болуы мүмкін. Берілген бұрышты үш кесіндінің берілуімен – бұрышы берілген бұрышқа тең үшбұрыштың қабырғаларымен алмастыруға болады. Бұрыштардың берілген қатынасын екі кесіндінің алмастыруға болады.

1 . Теңдеу түбірлерін олардың формулалары бойынша салу:

$$x^2 + px + q = 0$$

теңдеуді коэффициенттердің таңбаларына байланысты бұл теңдеуді мынадай түрде жазуға болады:

$$x^2 + px + q^2 = 0 \quad (1)$$
$$x^2 - px + q^2 = 0 \quad (2)$$
$$x^2 + px - q^2 = 0 \quad (3)$$
$$x^2 - px - q^2 = 0 \quad (4)$$

p>0 түбірлерін жазып алайық: Осы теңдеулердің түбірін жазып аламыз:

$$x_{1/2} = -\frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2} \quad (1')$$
$$x_{1/2} = \frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2} \quad (2')$$
$$x_{1/2} = -\frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} + q^2} \quad (3')$$
$$x_{1/2} = \frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} + q^2} \quad (4')$$

(1')және (2') формуладағы $k = \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$, $\frac{p}{2} > q$ болса, гипотенузасы $\frac{p}{2}$ және бір катеті q кесіндіге тең тік бұрышты үшбұрыштың екінші катеті болады.

(3') және (4') формуладағы $k = \sqrt{\frac{p^2}{4} + q^2}$, болса, катеттері $\frac{p}{2}$ және q кесінділер арқылы тікбұрыштың гипотенузасын сала аламыз.

Гипотенузасы h, катетін k деп аламыз:

$$x_{1/2} = -h \pm k \quad (1'')$$
$$x_{1/2} = h \pm k \quad (2'')$$
$$x_{1/2} = k \pm h \quad (3'')$$
$$x_{1/2} = k \pm h \quad (4'')$$

1°. $x_{1/2} = -h \pm k$ формуланы $x_{1/2} = -(h \pm k)$ немесе $x_{1/2} = -(h - k)$, ал $x_{1/2} = -(h + k)$ болса, h>0 болса, онда (1) теңдеудің екі түбірі теріс болады. Сол себепті осы түзулерді тиісті кесінділер бірдей бола алады.

2°. $x_{1/2} = h \pm k$ формуланы $x_{1/2} = h + k$ және $x_{1/2} = h - k$

Демек, түзулердің екеуі де оң, сол себепті осы кесінділер бірдей болады.

3°. $x_{1/2} = -h \pm k$ және $x_{1/2} = -(h \pm k)$ дан

$x_{1/2} = -(h-k)$ және $x_{1/2} = -(h+k)$

$x_1 > 0$ және $x_2 < 0$

Демек (3) теңдеудің түбірлеріне тиісті кесінділердің бағыттары қарама-қарсы болады,

4. $x_{1/2} = h \pm k$ формуладан

$x_{1/2} = h + k$ және $x_{1/2} = h - k$, $x_1 > 0$ және $x_2 < 0$

Демек (4) теңдеудің түбірлеріне тиісті кесінділердің бағыттары да бір-біріне қарама-қарсы болады.

1. $x_{1/2} = -(h \pm k) = -\frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$ салу үшін ең бірінші $k = \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$ аламыз. Оны салғанда 1-суреттегі $OA = \frac{p}{2}$ гипотенузасы және OB=q катеті тікбұрышты ABO үшбұрыш пайда болады:


$$\triangle \qquad AB = k = \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$$

Табылған k катетті OA гипотенузаға қосып және ода налу үшін A нүктедке k радиусын v доға салып, оны AO түзу арқылы X_1 және X_2 нүктелерде қиылысады.

Салу кезеңі:

$$OX_1 = AO - AX_1 = \frac{p}{2} - k = \frac{p}{2} - \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$$

$$OX_2 = AO + AX_2 = \frac{p}{2} + k = \frac{p}{2} + \sqrt{\frac{p^2}{4} - q^2}$$



1-сурет

Суреттегі OX_1 және OX_2 кесінділер бір бағытта және екеуіде O нүктенің сол жағында (1) теңдеудің екі түбірі де теріс болады.

OX_1 кесінді (4) теңдеудің теріс түбірі OX_2 оң түбірі.

Демек, квадрат теңдеудің түбірлерін, олардың формуласы арқылы салу үшін төмендегідей орындалады:

I. $\triangle$ AOB- тікбұрышты үшбұрыштың (осы үшбұрыш радиус арқылы берілген қабырғасы R арқылы белгілейік R=AB);

OA қабырға горизанталь түзуде жатса, теңдеудегі X алдындағы коэффициенті теріс және оң байланысты, оны O бастап солдан оңға саламыз;

II. Салынған үшбұрыштағы R қабырғалық OA қабырғамен A төбесінен R-радиусы арқылы *v* доға саламыз;

III. AOB үшбұрышы AO қабырғасымен *v* доғаны қиылысқан X_1 және X_2 нүктелері түбірлері болса, O нүктеден оңға орналасқан оң және сол жақа теріс болады.

Бұл мақалада квадрат теңдеу түбірлерін сызғыш пен циркуль көмегімен салу қарастырылады және оны *қолдану төмендегі іскерліктерге ие болуды талап етеді:*

а) Тік бұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдануды;

ә) белгілі элементтер арқылы белгісіз элементтерді табуды;

б) қарапайым формулармен берілген кесінділерді салуды.

Мектеп алгебра курсындағы квадрат теңдеулерді, әдетте, кейбір қарапайым формулалармен берілген кесінділерді циркуль

сызғышпен салу қарастырылады.

Қорыта айтқанда, мақалада қарастырылған мәселелер мен алынған нәтижелердің математикалық сауаттылықты дамытуға тигізер әсері мен практикалық маңызының өзіндік орыны бар.

Әдебиеттер

1. Рахымбеков Д, Мадияров Н.К. Алматы 2015ж.
2. А.Н. Костовский Москва «наука» 1989г.

ӘОЖ 231.4:12.05

ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУЖОЛДАРЫ

Мамыр А. И. –МТП-23-2нк тобының магистранты
Бауыржан Ш.Ж. – магистр оқытушы

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет білімді де білікті жас ұрпақты тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың логикалық ойлау қабілеті жоғары болуы қажет.Қоғамның әлеуметтік экономикаға өтуі жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда оның ойлау деңгейін дамыту жаңа өмірлік мәселелерді шешуді талап етеді. Осыған байланысты мектептің алдына күрделі міндет, өскелең ұрпақтың оқу процесіне ықпалын психологиялық заңдылықтарды, танымдық процестерді есепке алу арқылы жүргізілуі көзделуде.

Оқушылардың санасында белгілі бір білім қоры болмайтын болса, онда олар ойлай да алмайды. Оқушыны жеткілікті білім қорымен қаруландыру және өз бетінше ойлауға үйрету, оқушының білім алуға ынта – жігері, құмарлығы, қызығушылығы, білімдерді меңгеру, оның саналы ақыл – ой дамуының маңызды жолы болады.

Мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процесінде ақыл – ой іс - әрекетін талаптарға байланысты жүйелі түрде қалыптастырып, дамытатын негізгі мекеме болса, мұғалім – оны дамытушы тұлға. Білім берудің жаңа үлгісі жеке тұлғаның дамуына және оқытуды саралауға мүмкіндіктер туғызуға бағытталған. Жеке тұлғаның қалыптасу деңгейінің сапасына қарай қоғамдық - әлеуметтік жағдайлардың үнемі өсіп отыруына сәйкес педагогикалық құралдарды да тұрақты жаңарту қажет болды. Тиянақты қалыптасқан педагогикалық парадигма бойынша педагогикалық технология ұғымы білім мазмұнын құру, оқу – тәрбие әдістерін, оның құралдарын, түрлерін таңдауда, ең қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге біртіндеп сатылап жету кезеңдері қамтылады. Логика ғылымның өз заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары, бар өзіндік бір ерекше дүние деуге болады. Логика – дұрыс ойлаудың заңдары туралы, жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Анықтама, жіктеп-саралау, дәлелдеме, бекерлеу, жалпылау, сияқты логикалық амалдарды әрбір адам өзінің ойлау қызметінде ұдайы қолданып отыр[1].

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуы екі негізгі саты арқылы өтеді. Бірінші сатыда (ол шамамен I - II сынып) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Мұнда көрнекі әсер ету басым болады. Балалар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларына, бейнелеулерге сүйенеді. I - II сыныптың оқушыларын заттар мен жағдайларды олардың қандай да бір жеке сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Балалардың ой қорытулары көрнекі алғышарттарға, қабылдау деректеріне сүйенеді. Қорытынды жасау логикалық дәлелдер негізінде емес, қабылдаған мәліметтерге тура қатынасы жолымен жүзеге асырылады. Бұл кезеңдегі балалар жасайтын жинақтау заттардың көзге түсетін белгілерінің күшті қысымымен болады. Бұл сатыда туындайтын жинақтаулардың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жататын нақты қабылданған белгілер мен қасиеттерді қамтиды. Бастауыш сынып оқушысына олар жасаған жаттығулар нақтылы бақылау жағдайларына, олардың егжей-тегжейлі сөзбен сипаттауға сүйенетіндей етіп беріледі. Мұндай материалдарды салыстыруда балалар ұқсас белгілерді табады және оларды тиісті сөздермен белгілейді. Білімді толық жинақтаудың негізгі критерийі баланың алған білімге сай келетін нақтылы мысал келтіре білуі болып табылады. Осы кезеңде оқытудың көрнекілік ұстанымын кеңіненқолдануға негіз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытудың маңызды факторы, баланың психикалық, ақыл-ой іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін бүкіл оқу үдерісін жолға қою.Оқытудың негізі болып табылатын таным мен қарым-қатынас арасындағы әртүрлі байланыстар оқу үдерісі нәтижесінде жан-жақты кеңейтіледі және ол тек іс-әрекет барысында ғана емес, таным қызметтеріне әсер етеді. Демек, мұғалім жетекшілігімен танымдық іс-әрекет арқылы оқушылар әлемді нақты, жүйелі тану, ғылыми ақиқаттарды меңгеруге көшеді. Нәтижеде, оқыту үдерісінде оқушылар оқу материалының заңдылықтары мен байланыстарын бірінші рет ашушы, танушы жағдайында болады. Бұл танымдық ғылыми зерттеу әдістері оқушылардың оқып үйрену қызметінің әдістері де болып табылады. Оқыту үдерісінде танымның дәлелдеу, жаттығу, талдау, жіктеу, индукция және дедукция, жалпылау мен нақтылау сияқты әдістері қолданылды. Бұл әдістер логикалық ойлау әдістері де болып табылады деп те айтуға болады [2].

Логикалық ойлау – оқушының саналы түрде өз ойларын жүйелі әрі дәлелді түрде құра білуі, мәселелерді шешу үшін дұрыс шешімдер қабылдай алуы үшін өте маңызды дағды болып табылады. Логикалық ойлау баланың интеллектуалдық дамуына ғана емес, оның өмірде кездесетін түрлі жағдайларға дұрыс әрекет етуіне де ықпал етеді. Логика – бұл ақыл-ойдың негізі, әлемді түсіну, өзара байланысты нәрселерді ажырата білу қабілеті. Логикалық ойлау арқылы бала ақпаратты өңдеп, оны қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, логика – математикалық, тілдік, көркем ойлауды дамытуға әсер ететін маңызды құрал.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін мұғалімдер мен ата-аналар түрлі әдістерді жүргізе білулері керек.

1. Математикалық тапсырмалар мен логикалық есептер. Математика сабағында әртүрлі есептер мен логикалық тапсырмаларды шешу баланың ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, фигураларды салыстыру, саны мен пішіні бойынша топтастыру, есептерді шығару балалардың ойлауын тереңдетіп, жүйелі түрде жұмыс істеуге баулиды.

2. Құрылымдық ойындар мен логикалық пазлдар. Логикалық ойындар, пазлдар мен жұмбақтар баланың логикалық ойлауын дамытады. Бұл ойындар балаға өз шешімін табуды үйретіп, бір мәселені бірнеше қырынан қарауға мүмкіндік береді. Мысалы, түрлі түстер мен формалар бойынша тапсырмалар беру балада жүйелілік сезімін қалыптастырады.

3. Арифметикалық жаттығулар мен есептер. Арифметикалық жаттығулар балаларға логикалық ойлауды тереңдетуге мүмкіндік береді. Әсіресе, қарапайым арифметикалық амалдарды шешу баланың сандық ойлауын дамытады.

4. Сұрақ-жауап әдісі. Мұғалім балаларға логикалық сұрақтар қойып, олардың дұрыс жауап табуына көмектеседі. Бұл әдіс баланың назарын дамытып, мәселені жан-жақты қарауға үйретеді.

5. Көрнекіліктер мен суреттер. Көрнекілік әдісі арқылы балаларға абстракциялық ойлау қабілетін дамытуға болады. Мысалы, суреттегі әртүрлі элементтерді сипаттау арқылы баланың логикалық байланысты түсінуін жақсартуға болады.

6. Диалогтық әдіс. Оқушы мен мұғалім арасында диалогтық қарым-қатынас орнату да логикалық ойлауды дамытуға көмектеседі. Мұғалім балаларға сұрақтар қойып, олардың пікірлерін тыңдай отырып, дұрыс логикалық шешімдерге жетуге бағыттайды [3].

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту – олардың мектепте және өмірде табысты болуының кепілі. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға біріншіден - айнала қоршаған ортаны танып білу, екіншіден - баланың тапсырмаларды шешуге деген өзіндік талаптардың күшеюі, үшіншіден - сөздік қорының кеңеюі әсер етеді. Ойлау дағдысын дұрыс қалыптастыру үшін тиімді әдістер мен құралдарды пайдалану маңызды. Мұғалімдер мен ата-аналар баланың логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, оның интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ете алады.

Әдебиеттер

1. Мұқанова, Қ.Ж. \ Бастауыш мектепте логикалық ойлауды дамыту жолдары. – Алматы: Қазақ университеті.2010ж.
2. Шахова, Г.Н. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту. – Алматы: Рауан.2017ж.
3. Жұмабаева, С. Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту әдістемесі. – Астана: Фолиант.2018ж.

УДК 544.33

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ВЫДЕЛЕНИЯ МЕТАЛЛОВ ИЗ ТЕХНОГЕННЫХ ОТХОДОВ

Мамыркулова А.Б. – студент группы ЕП-21-3к3
Пазылова Д.Т. – PhD, доцент

Современные технологии и промышленное производство неизбежно сопровождаются образованием техногенных отходов, содержащих разнообразные металлы, которые могут быть переработаны и использованы повторно. Процесс извлечения этих металлов представляет собой сложный физико-химический процесс, включающий несколько стадий, каждая из которых требует детального изучения и оптимизации для повышения эффективности переработки. В последние годы проблема переработки техногенных отходов привлекает внимание ученых и промышленников, так как она способствует не только рациональному использованию ресурсов, но и минимизации экологического воздействия на окружающую среду.

Для эффективного выделения металлов из техногенных отходов важно понимать их физико-химические особенности, которые включают структуру и состав отходов, а также реакции, происходящие в процессе извлечения металлов. В отходах могут быть представлены различные химические формы металлов: от простых солей до более сложных комплексных соединений, что определяет выбор метода их экстракции. Одним из таких методов является кислотное выщелачивание, которое используется для извлечения ряда металлов, таких как медь, цинк, свинец. Это процесс, при котором металл растворяется в кислотном растворе, образуя металлсодержащие комплексы, которые могут быть затем извлечены с помощью различных методов, таких как электролиз или осаждение.

Важным аспектом процесса экстракции является выбор оптимальных условий реакции. Эти условия включают температуру, концентрацию реагентов, pH раствора, а также время воздействия. Термическая энергия играет важную роль в многих процессах, таких как восстановление металлов из их оксидных форм, что позволяет ускорить реакции и повысить выход металла. Однако этот процесс также требует точной настройки, так как избыточное тепло может привести к образованию побочных продуктов, которые усложняют очистку и выделение металлов.

Еще одним важным фактором является механическое разделение компонентов отходов. Этот этап включает в себя методы, такие как магнитная сепарация, флотация и гравитационное разделение. В техногенных отходах металлы могут быть как в виде отдельных частиц, так и в виде химических соединений, что требует применения различных методов для их выделения. Например, магнитная сепарация эффективно используется для выделения железосодержащих металлов, в то время как для разделения более легких металлов может быть применена гравитационная сортировка. Эти методы активно используются в сочетании с химическими процессами для повышения общей эффективности извлечения.

Кроме того, важным аспектом является влияние различных химических реагентов на процесс экстракции. В зависимости от природы металла, могут применяться различные агенты, такие как сульфиды, кислоты или щелочи, которые влияют на растворимость и осаждение металлов. Например, для извлечения свинца могут быть использованы сульфаты, которые образуют малорастворимые соединения с другими компонентами отходов. Ключевым фактором является также понимание кинетики химических реакций, которая определяет скорость и полноту извлечения металлов из раствора. Этот аспект особенно важен, если целью является высокая степень извлечения металлов при минимальном использовании реагентов и энергии.

В последнее время также стали актуальны методы, использующие нанотехнологии, которые открывают новые перспективы в переработке техногенных отходов. Например, использование наночастиц может значительно повысить эффективность процесса экстракции за счет увеличения площади поверхности для взаимодействия с химическими реагентами. Наноматериалы могут быть использованы для ускорения процессов восстановления металлов или для создания новых сорбентов, которые эффективно захватывают металлы из растворов.

Таким образом, исследование физико-химических особенностей выделения металлов из техногенных отходов представляет собой многогранную задачу, требующую комплексного подхода. Оно включает в себя как теоретические разработки, так и практическую реализацию новых методов переработки, которые обеспечат эффективность и экологическую безопасность процессов. Важно отметить, что каждый процесс требует тщательного контроля, так как даже незначительные изменения в условиях могут существенно повлиять на выход и чистоту конечного продукта.

Литература

1. Валуев Д. В., Гизатулин Р. А. Технологии переработки металлургических отходов. — Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2012. — 256 с.
2. Кокорин В. Н., Григорьев А. А., Кокорин М. В., Чемаева О. В. Промышленный рециклинг техногенных отходов. — Ульяновск: УлГТУ, 2005. — 198 с.
3. Черноусов П. И. Технологии переработки и утилизации техногенных образований и отходов в чёрной металлургии. — М.: МИСИС, 2011. — 320 с.

ӘОЖ 633.581

ЖАНУАРЛАРДЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІГІН САҚТАУ

Махмуджанова М.С. - ЕП-21-12к2 тобының студенті
Бозшатаева Г.Т. - б.ғ.к., доцент

Экологиялық жүйе – бұл үнемі өзара байланыста болатын және жансыз табиғат құрамбөліктерімен (атмосфера, гидросфера және литосфера) тікелей қарым-қатынаста болатын тірі ағзалардың (өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар) динамикалық және тұрақты қауымдастығы (бірлестігі). Экожүйе үздіксіз зат және энергия алмасу арқылы байланысты биотикалық (биоценоз) және абиотикалық (экотоп) бөліктерден тұрады. Оған Күн энергиясы, топырақтың минералды заттары, атмосфера газдары мен су жатады. Олар жылу, оттек, көмірқышқыл газы, су арқылы келетін биогенді заттар, ылғал және т.б. Экожүйе мен заттар айналымын сақтау үшін ағзалардың үш тобы: продуценттер, консументтер мен редуценттер болуы қажет. Қазақстанда биоалуантүрлілікті сақтау үшін 1994 жылы Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенцияға қол қойылды. Осы конвенция шегінде авторлар ұжымы (зоологтар мен ботаниктер) маңызды мемлекеттік құжат – «Биологиялық алуантүрлілікті сақтау және теңдестірілген пайдалану жөнінде ұлттық стратегия мен әрекет жоспарын» жасады (Көкшетау, 1999 ж.). Ол құжатта негізінен еліміздің биологиялық алуан-түрлілігі толық сипатталған [1] .

Жануарлардың биоалуантүрлігін сақтау — бұл экологиялық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету және жер бетінде тіршіліктің әртүрлілігін қорғаудың негізі болып табылады. Биоалуантүрлілік барлық тірі организмдердің, олардың генетикалық ресурстарының және экожүйелердің әртүрлілігі мен тепе-теңдігін білдіреді. Жануарлар биоалуантүрлігінің сақталуы табиғаттың функционалдық қызметтерін жүзеге асыруға және экожүйелердің өміршеңдігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Дегенмен, соңғы бірнеше ғасырда адам әрекеті мен табиғи өзгерістер нәтижесінде көптеген жануар түрлері жойылу қаупіне ұшырауда [2].

Биоалуантүрлілік үш негізгі деңгейде қарастырылады: генетикалық, түрлік және экожүйелік. Жануарлардың түрлік биоалуантүрлілігі барлық тірі организмдердің саны мен әртүрлілігіне қатысты. Бұл деңгейде экожүйелерде тіршілік ететін жануарлар түрлері мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы маңызды

рөл атқарады. Жануарлардың генетикалық биоалуантүрлілігі – бұл әртүрлі популяциялардың арасында генетикалық айырмашылықтардың болуы. Экожүйелік биоалуантүрлілік, өз кезегінде, жануарлардың тіршілік орталарының, мекендерінің, тірі және өлі компоненттерінің байлығын қамтиды [3,4].

Жануарлардың биоалуантүрлігінің қысқаруының негізгі себептері антропогендік факторлармен байланысты. Бұл факторлардың қатарында:

1. Жер пайдалану мен урбанизация: Адамның жерді пайдалану түрлерінің өзгеруі, ауыл шаруашылығының кеңеюі, орман ағаштарын кесу, құрылыс жұмыстарының жүргізілуі жануарлардың мекендеу орындарының қысқаруына әкеледі. Орманның, даланың немесе батпақтың жойылуы жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының азаюына себеп болады.

2. Климаттың өзгеруі: Әлемдік климаттың өзгеруі, ауа температурасының көтерілуі, жауын-шашын мөлшерінің өзгеруі жануарлардың миграциясына, көбею үрдісіне және тіршілік ету ортасына теріс әсер етеді.

3. Ластану: Су, ауа және топырақтың ластануы жануарлар үшін өмір сүруге қолайсыз жағдайлар туғызады. Химиялық заттардың, пестицидтердің, ауыр металдардың топырақ пен судың құрамында болуы жануарлардың денсаулығына зиян келтіреді.

4. Браконьерлік: Браконьерлік табиғатты қорғау мен жануарлар түрлерін сақтау ісіне үлкен зиян тигізеді. Қымбат аң-құстар мен жануарлардың терілері, мүйіздері, тістері үшін заңсыз аң аулау популяциялардың азаюына себеп болуда.

5. Бөтен түрлердің енгізілуі: Жергілікті экожүйелерге бөтен түрлердің енгізілуі, олардың табиғи түрлермен бәсекелестігі экожүйе тепе-теңдігін бұзады. Бұл табиғи түрлердің азаюына немесе жойылуына әкелуі мүмкін.

Жануарлар биоалуантүрлігін сақтау мақсатында көптеген ғылыми және практикалық шаралар қолданылуда. Олардың ішінде:

- Қорғау аймақтарын құру: Ұлттық саябақтар, қорықтар, табиғи резерваттар мен экологиялық коридорларды ұйымдастыру арқылы жануарлар түрлерінің сақталуына мүмкіндік беріледі. Бұл аймақтар табиғи экожүйелердің бұзылуын болдырмайды және түрлердің генетикалық алуан түрлілігін сақтайды.
- Қалпына келтіру бағдарламалары: Кейбір жойылып бара жатқан немесе популяциясы азайған түрлер үшін арнайы қалпына келтіру бағдарламалары жүзеге асырылады. Бұл бағдарламалар көбінесе түрлерді экологиялық жағдайларына сай қайта енгізуді, олардың санын арттыруды және мекендерін қалпына келтіруді қамтиды.
- Генетикалық зерттеулер мен биотехнология: Генетикалық зерттеулер жануарлар түрлерінің популяцияларының құрылымын және олардың генетикалық әртүрлілігін зерттеу арқылы түрлердің өміршеңдігін қамтамасыз ететін стратегияларды дамытуға мүмкіндік береді. Генетикалық модификациялар арқылы кейбір түрлерді қорғау мәселелерін шешуге болады.
- Экологиялық білім беру және қоғамдық сананы көтеру: Қоғамдық сана мен экологиялық білімді арттыру жануарлар әлемін қорғауға қатысты жаңа көзқарастар мен әрекеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мектептерде, университеттерде экологияны оқыту, экологиялық ұйымдардың атқарған жұмыстарының насихатталуы биоалуантүрлікті сақтау ісіне үлкен ықпал етеді.
- Табиғи ресурстарды басқару: Табиғи ресурстарды, әсіресе орманды, су ресурстарын, жерді тиімді және орнықты пайдалану жануарлардың тіршілік ету орталарын қорғауға мүмкіндік береді.

Жануарлардың биоалуантүрлігін сақтау — бұл тек экологиялық мәселе ғана емес, адамзаттың болашағы мен тұрақты дамуы үшін маңызды міндет. Тек жануарлар түрлерін қорғау емес, бүкіл экожүйелердің тепе-теңдігін сақтау да маңызды. Биоалуантүрлікті қорғау мәселесі халықаралық ынтымақтастықты талап етеді, өйткені жануарлар мен өсімдіктердің миграциясы шекараларды білмейді. Ғылыми зерттеулер, халықаралық келісімдер және экологиялық шаралар арқылы ғана біз жануарлар әлемінің әртүрлілігін сақтап, келешек ұрпаққа экологиялық тепе-теңдік қалдыра аламыз.

Әдебиеттер

1. Мухамединова Н.А. Экология және тұрақты даму.- Қарағанды: ЖШС «Medet Group». 2015. – 172б.
2. Сулейменова Н.Ш. Окружающая среда и человек. - Алматы: Эпиграф. 2017. - 284 с.
3. Әбішева Т.О. Қоршаған орта мониторингі. - Алматы: New Book. 2018. – 160б.
4. Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т. Экология.- Алматы: Эверо. 2021.- 176б.

ӘОЖ 591.5

ЕРКІНДІГІ ШЕКТЕЛУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАРДЫ ЭТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Махмуджанова М.С. - Еп-21-12к2 тобының студенті
Бозшатаева Г.Т. - б.ғ.к.,доцент

Адамдар ерте кезден бастап жабайы аңдарды әртүрлі мақсатта қолға үйрете бастаған. Осындай жолмен көптеген үй жануарлары доместикацияланды. Адам оларды азық-түлік, бағалы тері, көлік және т.б. алу мақсатында пайдаланады. Сонымен қатар адамдар тағы аңдарды қызық үшін, цирктерде өнер көрсетуге

үйрету, зообақтарда тамашалау мақсатында ұстап пайдалана бастады. Қазір адамзат қоғамның дүниетанымы, өмір құндылықтары да өзгеріске ұшырады.

Жабайы аңдарды хайуанаттар бағында ұстау туралы қоғамда екі түрлі көзқарастар қалыптасқан, яғни қарсылар мен жақтайтындар. Жақтаушылардың көзқарасы ең алдымен онсыз да азайып бара жатқан жануарлар дүниесін қорғаумен байланысты. Әр мемлекет өзінің территориясындағы жойылып немесе сиреп бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін қорғап, санын арттыруға әркет жасауда. Оның бір жолы ретінде хауанаттар бақтарының ұйымдастырлуы болып табылады.

Қазір елімізде үш ірі зоосаябақ бар.Оның бірі Шымкент қаласында орналасқан болып аумағы 30 гектарға жуық,аймағында 2566 жануарлар мекендейді.Хайуанаттар бағындағы жануарлар қазіргі кезде құстар мен жыртқыштар, тұяқтылар мен приматтар, және де аквариум, террариум болып жіктеледі.

Жұмыстың мақсаты зоосаябақ жағдайында еркіндігі шектелгенжануарлардың этологиялық мінез-құлқының өзгеруін зерттеу болып табылады.

Хайуанаттар бағындағы жануарлардың еркіндіктегі жануарлардан айырмашылығы: кеңістіктің, территориясының, әлеуметтік қарым-қатынастардың және де физикалық активтіліктің жетіспеушілігі, қорегіне байланысты өзгереді. Соның ішінен біз жолбарыстың зообақтағы мінез құлқының ерекшеліктерін және оған әсер ететін негізгі факторларды қарастырамыз [1].

Жолбарыстар-мысықтар тұқымдасына жататын,әлемдегі ең ірі жыртқыштардың бірі болып келетін мысықтар түрі.Олар негізінде зерттеу бойынша жалғыз өмір сүредіжәне олардың мінез құлқының өзгеріп отыруы, бұл өмір сүріп жатқан ортасына байланысты,яғни қоршаған ортасындағы азық-түлік,жер, су т.б.Ал, енді зообақтағы жолбарысты,қарапайым еркіндікте өмір сүретін жолбарыспен салыстырғанда көптеген факторлар әсер тигізеді.Зообақтағы жануарлар көбінесе шектеулі кеңістікте орналастырылып,адам мен басқада жануарлармен әрекеттесуге мәжбүр болады.Олар Азияның түрлі аймақтарында өмір сүреді де территориялық жануарлар болып табылады.Өз аумақтарын қорғау үшін басқа жануарлармен күреседі,сонымен қатар жалғыз өмір сүруге бейімделген,тек жұптасу кезеңінде ғана топтасады.Еркек жолбарыстардың дене ұзындығы ұрғашыларына қарағанда ірілеу,2,5-3 метрге жетеді,ал салмағы 200-300 кг дейін болуы мүмкін.Олардың денесі ерекше қара сызықтары мен дақтары болады,бұл оның табиғатпен үйлесімділігі.Тұмсығы кең және де өткіртырнақтары мен тістері өте мықты болып құрттардан бастап, ірі жануарларды ұстауға көмектеседі [2].Ал, енді олардың еркіндігі шектелу жағдайындағы этологиялық зерттеу жүргізуде мыналарды қарастырылды:

1.Күйзеліс.Жолбарыстар кең аумақта өмір сүріп үйренген,сондықтан бұл зоопарктегі тар кеңістікте олардың мінез-құлқына үлкен әсер етеді.Оларды бейімдеу барысында көптеген қиыншылықтар болады.Мысалы, жақында Нидерландыдан алып келген екі жолбарыстыда осы жердің климатына қойылған кеңістігене қарай бейімделуі өте қиын болды.Сонымен қатар бірнеше жолбарыстар бір жерде болсада күйзеліс туғызудың бір себебі десекте болады.Ал, ең басты белгісі-қоршаудың шекарасынан үнемі қозғалып жиі айналып жүруі.Агрессияның пайда болуынада көрші орналасқан жануарлардың қатты дыбыстар шығаруы,бір- бірінен аумақтарын қорғауға тырысады.

2.Қоректенуі.Олар жыртқыш болғандықтан,күн бойы аң аулаумен айналысатын,бұл жерде ондай мүмкіндіктің болмауы физикалық белсенділігін де шектейді.Сол үшін оларға зообақта дайын тамақ беріледі,әрине ол қызықтыру,белсенділігін арттыру мақсатында түрлі ойындармен ойыншықтарды қолданады.

3.Адамдармен қарым қатынасы.Тұрғылықты мінез құлқының ерекше көрінісі,адамдарға назар аудармайды немесе тыныш тұрады.Дегенмен, адамдардың назарын қарату үшін қимылдайды.Бұл ақылды жануар қоршаудың алдында тұрып оларды бақылауға алады.Кейбіреулері қарым-қатынасқа түсуге бейім болады,яғни адамдарға үйреніп қызығушылық танытады.

4.Қоршаған ортаға бейімделуі.Жолбарыс өзіне тән территориялық мінез-құлықтарын сақтауға тырысады,бірақ бұл жерде олар жиі шектеулі кеңістікте табады,сол себептен де физикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін орындау үшін белгілі бір адаптациялар жасайды.

5.Дауыс шығару және байланыс.Олар әр түрлі дауыстар шығарады,мысалыға кейде арыстан сияқтыда ызыңдау,мияулау және таңарлық бірнеше сигналдары бар.Әр бір дауысының өзі белгілі бір сезімге сәйкес келеді.

6.Отбасылық өмірі.Олар жалғыз өмір сүруге бейімделген болып,тек көбею кезінде ұрғашыларымен бірге болады,басқа уақытта олардың арасында әр түрлі күрестер жүзеге асады.Тек аналық жолбарыс ғана балаларына қамқорлық көрсетеді, еркектері араласпайды.Балалары өсіп жетіле бастаған соң оларда бөлек шығып кетеді,және өздігінен өмір сүруге дайын болады [3,4].

Қазіргі кезде тағы да бір айта кетерлік жағдай,елімізге Нидерландыдан екі жолбарыс алып келінген.Оның мақсаты Балқаш өңірінде 100 жолбарыс популяциясын құру болып табылады. Осылай «Жолбарыстарды қалпына келтіру бағдарламасы» жүзеге асып жатыр.Бірақ екеуін екі қоршауға алып оларды осы аймаққа бейімделуі де біраз уақытты алады.Басшылардың айтуынша, жолбарыстың табиғи қоректенуін қалпына келтіру үшін 2018-2024 жылдар аралығында қорық аумағына 205 бас торай әкелініп, 100-ден астам құлан қоныстандырылып, елік пен жабайы шошқаның саны ұлғайған,(Тұран жолбарыстарының популяциясын қалпына келтіру үшін – 2025 жылы 3-4 жолбарыс Ресейден әкелуі көзделіп жатыр).

Қорытындылай келе, еркіндігі шектеулі жануарлар күйзеліске түсуі әбден мүмкін және олардың мінез-құлқы осы жағдайларға жауап ретінде күрт өзгеруі мүмкін. Сондықтан да, жануарларға жақсы күтім көрсету керек, оларға барынша кеңістік пен әлеуметтік қарым-қатынастар ұсыну маңызды болып табылады, себебі бұл олардың психикалық және физикалық денсаулығына оң әсер етеді. Қазіргі кезде жабайы аңдарды еркіндігі шектелген жағдайда, яғни хайуанаттар бағы, контактылы зообақтарда ұстауға әртүрлі көзқарастар бар. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей көптеген жағдайларда сирек және жойылу қаупі бар бірқатар жануарларды қорғау мен табиғи популяцияларын қалпына келтіруде, хайуанаттар бақтарында ғана сақталып қалған жануарлар есебінен жүзеге асрылғандығы белгілі.

Әдебиеттер

1. Барон Р., Ричардсон Д. Агрессия.-Санкт-Петербург. 1997 ж.-210б.
2. Выготский Л.С., Лурия А.Р. Мінез-құлық тарихындағы зерттеулер.- М. 1993 ж.- 157б.
3. Панов Е.Н. Жануарлардың мінез-құлқы және популяциялардың этологиялық құрылымы. - М.: Ғылым.2013 ж.- 320б.
4. Панов Е.Н. Адам этиологиясы: тарихы мен болашағы // Жануарлар мен адам мінез-құлқы: ұқсастықтары мен айырмашылықтары: Ғылыми еңбектер жинағы. Пущино.2018 ж. Б.61-70

ӘОЖ:616.441

ҚАЛҚАНША МАҢЫ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНА ЖҮЗІНДЕ КҮРЕСУЖОЛДАРЫ

Махмуджанова М.С. - ЕП-21-12к2 тобының студенті
Бозшатаева Г.Т. -б.ғ.к., доцент

Қалқанша маңы безі (паращитовидные железы) адамның денсаулығы үшін маңызды роль атқарады. Бұл бездер мойын аймағында, қалқанша безінің артында орналасқан.Олар организмдегі кальций деңгейін реттейтін паратгормон (РТН) шығарады. Паратгормонның негізгі функциясы — қанның кальций деңгейін қалыпты деңгейде ұстап тұру. Егер кальций деңгейі төмендесе, паратгормон оның мөлшерін арттыруға көмектеседі, ал кальций деңгейі жоғарыласа, бұл гормонның бөлінуі азаяды[1,2].

Қалқанша маңы безінің қатерлі ісігі-бұл бір немесе бірнеше қалқанша маңы бездерінің құрылымында қатерлі ісік пайда болатын онкологиялық ауру.Қалқанша маңы бездері денедегі кальций деңгейін реттейтін паратироид гормонын шығарады.Бұл ауру басқа ауруларға қарағанда сирек кездеседі және көбінесе, 40 жастан асқан,еркектерге қарағанда әйелдер арасында жиі кездесетін ауру.Аурудың өзі басқа түрлері сияқты агрессивті емес,қатерлі ісік өте баяу өседі және ұзақ уақыт бойы метастаз бермеуі мүмкін.Статистика көрсеткендей,5% гормондық белсенді емес ісік процестері,95% гормондық белсенді заттар.Аурудың 2 типі бар-қатерлі ісік,қатерсіз ісік.Егер дер кезінде анықталмаса,денсаулықтың нашарлауынажәне көптеген органдардың жұмысының бұзылуына әкеледі.

Аурудың пайда болу себептері әртүрлі,толық анықталмаған,бірақ ісіктің дамуына әсер ететін факторлар бар:жасы (әрине қарт адамдар ауруды жиі жұқтырады);тұқым қуалаушылық (аутосомды доминантты түрі);витаминдердің жетіспеушілігі (мысалы,йод, кальций, темір, бұл витамин тапшылығының дамуына әкеледі);нашар тамақтану (ағзаға витаминдер жетіспейді және зиянды тағамдар бар);дененің сарқылуы (анорексиядан кейін пайда болады);темекі шегу, көп мөлшерде алкогольді жиі ішу;патологиялық процестер (мысалы, бауыр ауруы,бүйрек ауруы);сыртқы ортаның әсері (ласталған экология, қауіпті аймақтарда тұру).Егер киста немесе аденома дер кезінде емделмесе, ауру қатерлі кезеңге өтіп кетуі мүмкін. Ісік өсіп келе жатқанда ол көрші тіндерге қысым жасай бастайды.Ауру кезінде мынандай белгілер байқалады:иммунитеттің әлсіреуі,жөтел,бас айналу,тәбетінің болмауына байланысты-салмақты жоғалтуы,асқазан-ішек жолдарында проблемалар,іш қату,науқастың мойнында,дауысында өзгерістер байқалады,сүйектері жиі шаншып ауырады,көруі нашарлайды [3,4].Сонымен қатарбұл ауру остеопороз ауруыменде тікелей байланысты,себебі гормон дұрыс бөлінбегендіктен,сүйекке кальций мен фосфор жетіспегендіктен,сүйек тіні тығыздығының кемуімен және сүйектің морт сынғыш болуымен сипатталады.Қалқанша маңы безінің қатерлі ісігі 4 кезеңнен өтеді:

- Біріншісі-ісік жасушалары нашар дамыған болып,қалқанша маңы безі деформацияға ұшырамайды;
- Екіншісі-екі категориямен сипатталады.Бірінші түрі-метастаздардың таралуысыз,екінші түрі-метастаздардың таралуымен,бұл сүйектерден басталып басқа да мүшелерге өтеді.
- Үшіншісі-жұмсақ тіндердің қысылуы(ісік қалқанша маңы безінің капсуласына енеді.
- Төртіншісі-көрші органдардың зақымдануымен,метастаздың кеңінен таралуымен жүреді.

Ауру асқынып кетпеу үшін дәрігер бақылауында болуы керек. Бастапқыда науқас несеп пен қан анализін тапсырады.Бұл ісік маркерлерінің, паратгормондардың және фосфаттардың мөлшерін анықтауға көмектеседі. Егер талдауда кальцийдің жоғары болуы анықталса, бұл алаңдаушылық тудырады. Дәрігер зерттеу үшін тіндерді алып тастау үшін биопсияны тағайындайды. Компьютерлік томография, МРТ және

ультрадыбыстық зерттеу зақымданудың орнын анықтауға көмектеседі [5]. Басқа органдардың зақымданбағанына көз жеткізу үшін бүйректің ультрадыбыстық зерттеуі, өңештің рентгені және эхокардиография тағайындалады.Ауруды емдеуде дәрі-дәрмек жеткіліксіз болады.Осындай емдеу жолдары қарастырылады:

- Хирургиялық араласу. Егер даму кезеңі бастапқы болса, операция кезінде органның өзі әсер етпеуі мүмкін, тек ісіктің өзін алып тастау керек;
- Химиотерапия. Егер басқа мүшелер зақымданса, химиотерапия тағайындалады. Мақсат рак клеткаларын жою. Басқа әдістермен бірге қолдануға болады;
- Сәулелік терапия. Ісікті азайту және ауырсынуды азайту қажет болса, сәулелік терапия тағайындалады.

Ал енді,біз өзіміздің тәжірибеміздегі халықтық медицина мен дәстүрлі емдеу әдістерінің тиімді үйлесімімен емделген науқасымыздың кейсіне тоқталайық, жасы үлкен әйел кісі болған.Бұл ауруы менопауза кезінде,гормондардың дұрыс бөлінбеуі әсерінен пайда болған,яғни жасы 45-46 жасында.Науқастың ауруы 68 жасында анықталғанжәне де хирургиялық жолмен өскен ісікті алып тастаған,сол кезде биопсия жасылынып онкомаркер анализіне талдау жіберіп,оның 4ші кезеңі-қатерлі ісігі анықталды.Өкінішке орай науқасымыздың жүрегінде бірнеше стенд болғандығы себепті химиотерапия қолдануға болмайды деген шешім қабылданды.Эндокринолог мамандарының айтуынша,науқаста 4-ші кезеңі болғандықтан,ПЭТ-тік анықтау барысында метастаз барлық сүйегінде таралып болғандығын айтып,басқа шара қолдана алмаймыз деп,науқастың ары кетсе 2-3ай өмірі қалғандығы туралы мәлімдеді. Науқас халық медицинасына жүгінуді жөн көрді.Бізге бұл ауруды жеңіп шығу үшін Болиголов деген дәрінің көмегі үлкен болды.Яғни,хемлок өсімдігі халықтық медицинада қатерлі ісіктерді емдеу үшін қолданылады. Оның ісіктерді емдеудегі оң әсері анықталған (қуық асты безінің, сүт безінің, бауырдың, асқазанның, жатырдың, өкпенің қатерлі ісігі т.б). Құрамына келетін болсақ, кониин (ең улы), N-метилкониин, конгидрин, псевдоконгидрин, коницеин алкалоидтары бар. Сондай-ақ петроцелин және петросельид қышқылдарының глицеридтері бар майлы май бар. Жемістерде 2% дейін алкалоидтар, жапырақтарда - 0,1% дейін, гүлдерде - 0,24% дейін, тұқымдарда - 2% дейін; 0,08% дейін - эфир майы және кофеин қышқылы. Гүлдерінен кверцетин (Р витамині тобының бөлігі) және кемпферол бөлініп алынған.Науқасқа осы дәріні баяу процессте өзінің ішкізу тәсілімен ішкізілді,сонымен қатар қолдау ретінде сүйектері қатты ауырғаны үшін трамадол дәрісін, дәрігердің нұсқауыменқолданды.Сонымен қатар,емдеу барысында, иммунотерапия қолданылды.Күтілген нәтижеге қарай,науқасымыздың жағдайы жақсарып,ауырсынулар азайып,2 жыл өткеннен кейін келесі талдау нәтижелері,оң нәтижені көрсетті,яғни ағзада бірде бірде бір метастаз қалмағандығы анықталды.Бірақ бұл емдеу өте күрделі және баяу жүретін процесс. Сондықтан, бұл кейс емдеу процесінде халықтық медицина мен дәстүрлі емдеу әдістерінің тиімді үйлесуі мен ағзаның ерекшеліктері ешқашан үміт үзбей емделудің қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Огрызько Т.В., Гузь О.А., Шептуха С.А., Хоперия В.Г. Рак паращитовидной железы: клинико-морфологические особенности // Клінічна ендокринологія та ендокринна хірургія — 2014. Источник: cyberleninka.ru
2. Berman J. Modern classification of neoplasms: reconciling differences between morphologic and molecular approaches. BMC Cancer. 2005; 5:100.Published 2005 Aug 10. doi:10.1186/1471-2407-5-100
3. Yang C., Tabatabaei S.N., Ruan X., Hardy P. The Dual Regulatory Role of MiR-181a in Breast Cancer Cell. Physiol. Biochem. 2017.№ 44. Б. 843–856.
4. Маньковский В.А., Белобородов В.А., Новых Н.Н. Клиническое наблюдение аденомы эктопированной паращитовидной железы // 2018. Источник: elibrary.ru
5. www.google.kz -www.zakon.kz/164316-onkologi-kazakh-Онкология Казахстана, 2010 г. Б.211-213

ӘОЖ 359.4:23

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУДА STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Мәмбетәлі А. Ә. – МТП-23-2нк тобының магистранты
Бауыржан Ш.Ж. - магистр, оқытушы

Білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты білімді STEAM жағдайында шығармашылықпен қолдана білетін бастауыш сынып оқушы тұлғасын тәрбиелеу өзекті әрі зерттеуді қажет ететін зерттеулердің бірі болып табылады. Себебі, интеграцияланған білім нәтижесінде шығармашылық іс-әрекеті дамыған адам қоғамды өзгертуге және өз қызметінің субъектісіне айналуға қабілетті тұлға болып табылады.Осы орайда, ҚР Білім туралы Заңында: «интеграцияланған білім беру бағдарламалары—білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары» делінген. Бұл бізден әр түрлі пәндердің тақырыптары мен оқу мақсаттарын біріктіретін оқу бағдарламаларын әзірлеуді ұсынады.

Ендеше, бұл оқу процесін пәнаралық тәсіл ретінде STEAM білім беру жағдайында ұйымдастыруды көздейді.Бұған сәйкес, Ұлттық білім академиясының ұсынған әдістемелік ұсынымда шығармашылықты STEAM білім беру жағдайында қалыптастырудың жолдары ұсынылған [1]. Бұл дегеніміз STEAM - шығарашылықты қамтитын пәнаралық тәсіл ретінде қарастырылады.Ендеше, оқушыларының ғылым мен білімдіменгеруге, инженерия мен технологияны білуге, математика мен өнерді игеруге деген талпынысыпен қызығушылығын бастауыш сыныптан бастап баулу қажет.STEAM білім беру жағдайында оқу процесін ұйымдастыру оқушыларға жаңа мүмкіндіктер беретіні сөзсіз деп білеміз.

STEAM - мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі. Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет саласынына негізгі әсерін тигізуі мүмкін.

STEAM- дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM- сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEAM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM -сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату[2].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі қарқынды және үнемі жеделдетілген ақпараттық-техникалық прогреспен сипатталады. Мұның нәтижесі білім мен технологияның тез ескіруі болып табылады және адам үнемі бәсекелестік жағдайында болады. XXI ғасырдағы адамның жетістігі толығымен оның жеке және кәсіби қасиеттеріне байланысты, олардың ішіндегі ең маңыздысы – сыни ойлау, шығармашылық қабілеті, тәуелсіздік, өз қызметін өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті. Мұның бәрі білім беру сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Мектептегі алғашқы күндерден бастап оқушыларға қажетті білімді өз бетінше іздеуге, оқу іс-әрекетінің әртүрлі тәсілдерін игеруге және оны шығармашылық тұрғыдан түсінуге тарту керек, сонымен қатар оқушыларда оқуға деген жеке ынтасын ояту керек. Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі бұл ұстанымды ел басшылығы сөзсіз қолдайды. Бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты оқушының өзін-өзі анықтап, өзін-өзі тәрбиелей алатын, әр түрлі іс-әрекеттерден тәжірибе жинай алатын және, ең алдымен, белсенді танымдық іс-әрекет тәжірибесін алатын жеке тұлғаға бағытталған және дамытатын бастауыш мектеп құру қажеттілігін көрсетеді. Мұның бәрі қазақстандық білім беру жүйесін бастауыш мектеп жасынан бастап студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру қажеттілігіне әкеледі.

STEAM интеграцияланғанбілім беру-бұл жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математика пәндерінің білімін кіріктіре оқытуға негізделген білім беру тәсіліретінде қарастырылады. Осы орайда, C.K.Alan өз зерттеуінде: «STEAM білім беру-бұл шығармашылық іс-әрекет пен сыни ойлау дағыларын дамыту үшін бес ғылымды біріктіретін синергетикалық және пәнаралық тәсілретінде» қарастырады. Оның негізгі өзегі-инновациялар мен мәселелерді шешу болып табылады. Демек, бұл тәсіл пәндік білімді біріктіру, мәселені өз еркімен шешу және ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті бар дарынды балаларды тәрбиелеуде маңызды рөль атқарады.

STEAM интеграцияланған оқыту болғандықтан, бірнеше пәндердің тұжырымдамаларын біріктіре алады, сонымен қатар бір субъектінің тұжырымдамасын басқа субъектінің практикасымен байланыстыра алады, мысалы, инженерлік жобалауға геометриялық фигуралардың (математика) қасиеттерін қолдану. Ғылыми зерттеу (мысалы, эксперимент жүргізу) және инженерлік жобалау (ғылыми эксперименттен алынған деректер қолданылуы мүмкін) сияқты екі практиканы ұштастыруда Stem оқытуда жүзеге асады. Математика пәні оқушылар үшін ең қиын пәндердің бірі болып табылады, сондықтан да математика пәнінің мұғалімінің алдына пәнге деген қызығушылықты арттыру, оқушыға мотивация бере отыра, математикалық білім беру міндетітұр. Математиканы оқытуда жаңа инновациялық әдістерді қолдану қәзіргі уақытта өзекті мәселердің бірі, жаңа әдістердің бірі болып саналатын STEM технологиясын математика пәнінде қолданудың бірегей әдістемесі жоқ, әр мектеп өзінің мүмкіндігіне қарай әртүрлі деңгейде қолданады. Stem технологиясын қолдану арқылы мазмұн мен барлау процесі арқылы оқушының бойында даритын ғылыми құзіреттіліктер компонеттердің шешілетінін байқауға болады [3]. Жобалық жұмысты зерттегенде оқушы өзінің болашақ мансабының алғашқы сатыларын бағындыра бастайды, келешекке жоспар құру, оған жетудің жолдарын іздеу секілді тәжірибелер жинақтайды.

STEAM технологиясы арқылы оқытудың негізгі категориялары:

1. Жоспардағы пәндерді STEAM оқыту.
2. Мәселені шешуге бағытталған оқыту (problemcenteredlearning) немесе жобалар негізінде оқыту.
3. Жаңалықтар ашу арқылы оқыту.
4. Технологиялар мен инженерия негізінде оқыту

«Зерттеушілік дағдыларын» анықтауға бірнеше тәсілдер бар. Бірінші көзқарас тұрғысынан зерттеу дағдылары зерттеу іс-әрекетінің өлшемі мен нәтижесі ретінде қарастырылады. Қорыта келе, зерттеу

дағдылары-зерттеу қызметін жүзеге асыру әдісі болып табылатын операциялар жиынтығын саналы түрде игеру, сонымен қатар зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың сәттілігі бұрын алынған дағдыларға байланысты екенін баса айтады. Зерттеу дағдылары оқушының зерттеу қызметіне қосылуының күтілетін нәтижесі деп санайды. Оның пікірінше, бұл дағдылар студенттерге зерттеу өнімін тәуелсіз құруды қамтамасыз ететін арнайы және өзара байланысты әрекеттерді біріктіруді білдіреді. Оқушылардың түсінуі қиынға соғатын тақырыптар таңдалып, сол тақырыптарға STEAM технологиясын қолдана отыра сабақ жоспарлары дайындалды. Тақырыптарды өткенде оқушылар тек ғана математикалық білім алып қоймай, ақпараттық технологиялармен жұмыс жасап, инженерлік сызбалар сызып, кейбір сызбалардың кескінін қағаздан жасап машықтанса, кейбіреулерін 3D модельдеу бағдарламаларымен салып, оларды бояп дизайнерлік құзіреттіліктерін дамыта алды.

Әдебиеттер

1. STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. - 120 б.
2. Ахметова Г.К., Мурзалинова А. STEM образование как направление обновления содержания образования в республике Казахстан// Методист. – 2018. – №4. – С. 2-5.
3. Мынбаева М.О.и др.Қазақстандастеамбілім беру әдістемесіндамытуда «білімкеруені» ұйымыныңтәжірибесі //Вестник университета Ясави. -2023. -Т. 4. -№. 130. -С.361–376.

ӘОЖ 378.1

СЫЗЫҚТЫ ЖҮЙЕНІ АЙНЫМАЛЫНЫ АУЫСТЫРУ КӨМЕГІМЕН ТҰРАҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ ЖҮЙЕГЕ КЕЛТІРУ

Миралиева К.О. - ЕП-21-11к1 тобының студенті
Аширбаев Н.К. - ф.-м.ғ. д., профессор

Айнымалыларды ауыстыру-бұл жиі қолданылатын операция, ол әсіресе жиі қолданылады теңдеулерді жеңілдету мақсатында дифференциалдық теңдеулер теориясында.

№1 есеп қарастырайық.

$$\left.\begin{aligned} \frac{dx}{dt} &= -4x + 2y + 5z, \\ \frac{dy}{dt} &= 6x - y - 6z, \\ \frac{dz}{dt} &= -8x + 3y + 9z. \end{aligned}\right\} \qquad (1.1)$$

жүйесінің жалпы шешімін табу керек.

$$\begin{vmatrix} -4-\lambda & 2 & 5 \\ 6 & -1-\lambda & -6 \\ -8 & 3 & 9-\lambda \end{vmatrix} = 0, \quad \lambda^3 - 4\lambda^2 + 5\lambda - 2 = 0$$

сипаттамалық теңдеуінің түбірлері: $\lambda_1 = 2, \lambda_2 = \lambda_3 = 1.$

Алдымен $\lambda_1 = 1$ жай сипаттамалық санына сәйкес келетін $x = \gamma_1 e^{2t}$, $y = \gamma_2 e^{2t}$, $z = \gamma_3 e^{2t}$

түріндегі дербес шешімді табамыз. γ_1, γ_2 және γ_3 сандарын $\left.\begin{aligned} -6\gamma_1 + 2\gamma_2 + 5\gamma_3 = 0, \\ 6\gamma_1 - 3\gamma_2 - 6\gamma_3 = 0 \end{aligned}\right\}$

жүйесінен табуға болады. Алайда оларды анықтауыштың бірінші қатарының алгебралық толықтауыштарын алуға болады:

$$\begin{vmatrix} -6 & 2 & 5 \\ 6 & -3 & -6 \\ -8 & 3 & 7 \end{vmatrix}.$$

$\gamma_1 = -3, \gamma_2 = 6, \gamma_3 = -6$ немесе (-3-ке қысқарта отырып) $\gamma_1 = 1, \gamma_2 = -2, \gamma_3 = 2$ аламыз. Сондықтан ізделінді шешім: $x_1 = e^{2t}$, $y_1 = -2e^{2t}$, $z_1 = 2e^{2t}$

$\lambda_2 = \lambda_3 = 1$ еселі сипаттамалық санына сәйкес келетін екі сызықты-тәуелсіз дербес шешім құрамыз. (1.4) формула бойынша ол шешім:

$$x = (A_1 t + A_2)e^{2t},\ y = (B_1 t + B_2)e^{2t},\ z = (C_1 t + C_2)e^{2t} \qquad (1.2)$$

түрінде болады.

$A_1, A_2, ..., C_2$ коэффициенттері (1.2) өрнектерді (1.1) жүйеге қойып табылады. Осы ауыстыруды орындап, оны e^t -ге қысқартып:

$$\left.\begin{aligned} A_1 t + A_1 + A_2 &= (-4A_1 + 2B_1 + 5C_1)t - 4A_2 + 2B_2 + 5C_2, \\ B_1 t + B_1 + B_2 &= (6A_1 - B_1 - 6C_1)t + 6A_2 - B_2 - 6C_2, \\ C_1 t + C_1 + C_2 &= (-8A_1 + 3B_1 + 9C_1)t - 8A_2 + 3B_2 + 9C_2. \end{aligned}\right\}$$

аламыз. *t* айнымалысының алдындағы коэффициенттер мен бос мүшелерді теңестіре отырып,

$$\left.\begin{aligned} -5A_1 + 2B_1 + 5C_1 &= 0, \\ 6A_1 - 2B_1 - 6C_1 &= 0, \\ -8A_1 + 3B_1 + 8C_1 &= 0, \\ -5A_2 + 2B_2 + 5C_2 &= A_1, \\ 6A_2 - 2B_2 - 6C_2 &= B_1, \\ -8A_2 + 3B_2 + 8C_2 &= C_1, \end{aligned}\right\}$$

жүйесін аламыз, бұл жерден $A_1 = C_1,\ B_1 = 0,\ A_2 = C_1 + C_2,\ B_2 = 3C_1$ екені шығады, сонымен қатар C_1, C_2 кез келген сандар. Сонда (1.2) шешімі $x = (C_1 t + C_1 + C_2)e^t,\ y = 3C_1 e^t,\ z = (C_1 t + C_2)e^t$ түріне келеді.

$\lambda_2 = \lambda_3 = 1$ сипаттамалық санына сәйкес келетін сызықты-тәуелсіз дербес шешімдер ретінде:

$$\left.\begin{aligned} x_2 &= (t+1)e^t, \quad y_2 = 3e^t, \quad z_2 = te^t, \\ x_3 &= e^t, \qquad y_3 = 0, \qquad z_3 = e^t, \end{aligned}\right\}^*$$ алуға болады. (1.1) жүйесінің жалпы шешімі:

$$\left.\begin{aligned} x &= C_1 e^{2t} + (C_2 t + C_2 + C_3)e^t, \\ y &= -2C_1 e^{2t} + 3C_2 e^t, \\ z &= 2C_1 e^{2t} + (C_2 t + C_3)e^t. \end{aligned}\right\}$$

Әдебиеттер

1. Ашірбаев Н., Тасқараев А., Қаратаев Ж. Жай дифференциалдық теңдеулер. – Шымкент, 2017. –215б.
2. Методические указания для выполнения контрольных работ по высшей математике. – Алма-Ата, 2014. – 87с.
3. Филиппов А.Ф. Сборник задач по дифференциальным уравнениям.– Москва, 2013. –123с.
4. Сулейменов Ж. Дифференциалдық теңдеулер курсы.–Алматы: Рауан, 2018.–254б.

ӘОЖ 517.929.7

ТОПОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАЛДАУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мирахматова Д. – ЕП-21-11к2 тобының студенті
Мүсірепова Э.Б. – PhD, аға оқытушы

Кіріспе

Топология – негізінен алғанда математиканың маңызды салаларының бірі болы келеді және , ол кеңістіктердің құрылымын, олардың ішкі қасиеттерін және үздіксіз бейнелеулерді зерттейді және талдайды. Топологиялық кеңістіктер ұғымы талдауда, функционалдық анализде, дифференциалдық геометрияда және физикада және тағы басқа салаларда кеңінен қолданылады. Бұл мақалада топологиялық кеңістіктердің негізгі қасиеттері қарастырылып, олардың математикалық талдаудағы рөлі көрсетіледі және талқыланады.

1. Топологиялық кеңістіктің анықтамасы және негізгі ұғымдары

Топологиялық кеңістік – жиын мен оның элементтері арасындағы байланысты сипаттайтын математикалық құрылым болып табылады.

Анықтама: Кез келген X жиынының үстінде анықталған ашық жиындар жүйесі τ берілген болса, онда (X, τ) жұбы топологиялық кеңістік деп аталады.

Топологиялық кеңістіктерде кейбір негізгі түсініктер маңызды рөл атқарады: ашық жиындар, жабық жиындар, негізгі топологиялар, шекаралар және шоғырлану нүктелері.

2. Топологиялық кеңістіктердің негізгі қасиеттері

Топологиялық кеңістіктерде әртүрлі қасиеттерді зерттеу маңызды болып табылады, Олардың ішіндегі ең маңыздысы – байланыстылық, компактілік, метризация, үйкелістілік және сепарабельдік десекте болады.

2.1. Байланыстылық

Негізінен байланыстылық топологиялық кеңістіктерде кеңістікті екі бөлек ашық жиынға бөлетін дискреттілік болмайды.

2.2. Компактілік

Компактілік ұғымы жиындардың шектеулілігі мен жабықтығын сипаттайды және қарастырады. Компактілік көптеген математикалық талдауларда маңызды рөл атқарады, әсіресе Гейне-Борель теоремасы Евклидтік кеңістікте компактілікті сипаттайды, талдап және қарастырады.

2.3. Метризация және метрлік кеңістіктер

Кейбір топологиялық кеңістіктерде қашықтық ұғымын енгізуге болады. Мұндай кеңістіктер метрлік кеңістіктер деп аталады және оларда конвергенция, үздіксіздік және компактілік ұғымдары айқын беріледі деп айтсақ болады.

2.4. Үйкелістілік және сепарабельдік

Үйкелістілік кеңістіктің локалды қасиеттерін зерттеуде маңызды, ал сепарабельдік кеңістіктің санаулы нүктелерден тұратын тығыз жиынға ие екенін айқын көрсетеді және талдайды.

3. Топологиялық кеңістіктердің талдаудағы қолданылуы

Топологиялық кеңістіктер функционалдық анализде, дифференциалдық теңдеулерде және ықтималдық теориясында кеңінен қолданылып келінген және қазіргі кездеде кеңінен қолданысқа ие.

3.1. Функционалдық анализ

Функционалдық анализде Гильберт және Банах кеңістіктері сияқты кеңістіктердің құрылымы топология арқылы анықталады және зерттелініп келеді.

3.2. Дифференциалдық теңдеулер

Негізінен топологиялық әдістер сызықты емес дифференциалдық теңдеулерді зерттеуде қолданылады.

3.3. Ықтималдық теориясы және стохастикалық процестер

Топологиялық кеңістіктер ықтималдық теориясында кездейсоқ шамалардың жинақталу принциптерін зерттеуде пайдаланылады. Мысалы, ықтималдық өлшемдер кеңістігіндегі әлсіз жинақталу топологиялық әдістердің көмегімен зерттеледі.

3.4. Физика мен динамикалық жүйелер

Топология физикада кванттық механика, жалпы салыстырмалылық және динамикалық жүйелерді модельдеуде маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Жалпы тақырыпты қорытындылайтын болсақ, Топологиялық кеңістіктер математикалық талдаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Олардың қасиеттері функционалдық анализде, ықтималдық теориясында, физикада және дифференциалдық теңдеулерде маңызды рөл атқарады. Және қазіргі күндеде зерттеу үстінде. Топологиялық әдістер көптеген қолданбалы және теориялық математикалық зерттеулерде маңызды орын алады деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Munkres J. Topology (2nd edition). Pearson, 2000.
2. Willard S. General Topology. Dover Publications, 2004.
4. Rudin W. Functional Analysis. McGraw-Hill, 1991.
5. Kelley J. L. General Topology. Springer, 1975.
6. Dugundji J. Topology. Allyn and Bacon, 1966.

ӘОЖ 371.388

КЕЙС-СТАДИ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ

Мирхакимова Э.М., Жанәділ А.Е. - ЕП-23-13к1 тобының студенттері
Қалқабаева С.А.- м.ғ.д.,профессор

Қазіргі заманғы білім беруде студенттердің белсенді қатысуын, ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану маңызды. Әсіресе, кейс-стади әдісі оқытуда тиімді интерактивті әдістердің бірі ретінде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс 1924 жылы Гарвард мектебінде пайда болды. Егер бұрын кейс әдісі

тек бизнес мектептері мен менеджмент курстарында қолданылса, қазір кейс гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдардың кез келген саласында дерлік қолданылады. Кейс әдісі жағдаяттарды шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді проблемалық-ситуациялық талдау әдісі.

Ғылыми зерттеу жұмыстың мақсаты студенттерді оқытуда кейс-стади әдісін қолданудың ерекшеліктерін зерттеу. Міндеттер: әдебиеттік шолу жасау, кейс әдісі туралы деректер жинау, мектеп оқушыларының даму физиологиясы пәнінен «Тыныс алу жүйесінің физиологиясы» тақырыбында кейс әдісіне негізделген жоба құрастыру.

Оқу-тәрбие процесінде қолдану мақсатына қарай жағдайлардың үш түрін ажыратады: практикалық, оқу-әдістемелік және ғылыми зерттеу.

Практикалық кейстер абсолютті нақты өмірлік жағдайларды көрсетеді. Б.Е. Андюсев атап өткендей тәжірибелік істің мақсаты «оқу, пәндік білім мен дағдыларды білімнен кейінгі, кәсіби және нақты өмірдің белсенді кеңістігіне аудару дағдыларын дамыту». Оқыту кейстері «өмірде жиі кездесетін және маманның кәсіби қызмет процесінде бетпе-бет келуіне тура келетін типтік жағдайларды көрсетеді, олар шынайы өмірлік мәліметтердің жиынтығымен сипатталады» және студенттерді күнделікті практикалық іс-әрекетте туындайтын типтік жағдайларды шеше білуге баулиды. Ғылыми зерттеу кейстері «ондағы жағдай мен мінез-құлық туралы жаңа білім алудың үлгісі ретінде қызмет етеді». Мұндай жағдайлар ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға және оның нәтижелерін көрсетуге бағытталған.

Биология және география кафедрасында студенттің өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларда, оқу форматын ескере отырып, жоба құрастыру түрінде Кейс-стади қарастырылған. Студенттің өзіндік жұмысын орындау мақсатында «Тыныс алу жүйесінің физиологиясы» тақырыбында, мектеп оқушыларының даму физиологиясы пәнінен кейс әдісіне негізделген жоба құрастырылды. Кейс-технологияны құрастыру - басты келесі принциптерге сүйене отырылып жасалынды: Модельдік ситуацияны құрастыру. Тақырыбы: Тыныс алу жүйесінің физиологиясы.

Пәннің мақсаты: Білімділік: Тыныс алу жүйесінің маңызы, тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметі және тыныс алудың кезеңдері мен газдардың қанмен тасымалдануы жөнінде сипаттама беріп, ұғымдар қалыптастыру. Дамытушылық: Өкпенің тіршілік сыйымдылығы және газдардың қанмен тасымалдануы туралы білімді жетілдіру. Тәрбиелілік: Тыныс алудың реттелуі және балалардың тыныс алу жүйесінің ерекшеліктері. 1. Оқу әдісі. Тыныс алу жүйесінің маңызы және тыныс алу кезеңдері. Адам организмі өзін қоршаған сыртқы ортамен қатты, сұйық және газ түріндегі заттармен алмаспай өмір сүре алмайды. Адам үнемі сыртқы ортадан қоректік заттарды, суды және оттегін алады. Оттегі адам өмірі үшін аса маңызды. Тыныс алу деп мүшелер мен қоршаған ортаның арасындағы газ алмасуды айтады. Бұл қызметті кеуде қуысында орналасқан өкпе орындайды. Тыныс алудың негізгі 5 кезеңі бар: сыртқы тыныс алу, өкпедегі газдар алмасуы, газдардың қан арқылы тасымалдануы, ұлпалардағы газдар алмасуы, ұлпалық тыныс алу.Тыныс алуға қатысатын мүшелер тыныс алу жүйесін құрады. Бұл жүйенің мүшелеріне: тыныс жолдары, өкпе, тыныс бұлшық еттері, тыныс жүйкелері, тыныс орталықтары кіреді. Тыныс алу мұрын қуысы → жұтқыншақ → көмей → кеңірдек → бронхы → өкпе → бронхиоллалар. Бронхиолдардың ұштары шоғырланып іші ауаға толы өкпе көпіршіктері альвеолалармен аяқталады. Көпіршіктердің ішіндегі ауа құрамынан оттегі қанға өтеді. Тыныс орталығы сопақша мида орналасқан. Ол бір-бірімен тығыз байланыстағы дем алу мен дем шығаруға жауапты екі орталықтан тұрады. 2. Оқу әдісі. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы және газдардың қанмен тасымалдануы. Тыныс алудың резервтік көлемі, тыныс алу көлемі және тыныс шығарудың резервтік көлемінің жалпы мәні, тыныс алу жүйесі жағдайының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі, өкпенің тіршілік сыйымдылығын құрайды. Былайша айтқанда өкпенің тіршілік сыйымдылығы дегеніміз терең дем алып, іле шала терең дем шығарған кезде сыртқа шығатын ауаның көлемі. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы ересек адамдарда 3500-5500мл. Біркелкі тыныштық жағдайда демді ішке жәй тартып сыртқа шығарса өкпеге дейін кіріп-шығатын ауаның мөлшері адамда 500 мл-дей болады. Осы жәй дем алғанда тыныс ағзаларына еніп қайта шығатын ауаның мөлшерін қалыпты тыныс ауасы деп атайды. Демді әдеттегідей жай ғана ішке тартып қоймай, одан әрі демді әлі келгенше тереңдете түссе, адам қалыпты тыныс ауасына қосымша 1500-2000 мл ауаны жұта алады. Осылайша қатты дем алғанда қалыпты тыныс ауасына қосыша жұтылатын ауа көлемін резервтік қосымша демалу ауасы дейді. Қалыпты тынысалу кезінде әдеттегідей дем шығарып, дем алмастан күшпен дем шығарса, тағы да сыртқа ауа шығаруға болады. Бұны резервтік қосалқы дем шығару ауасы дейді. Сонымен үш түрлі ауа: қалыпты тыныс ауасы, резервтік демалу ауасы және резервтік демшығару ауасы бірігіп өкпенің тіршілік сыйымдылығын құрады. Газдардың қанмен тасымалдану түрлері: физикалық еріген түрде және химиялық қосылыстар түрінде. Адам ағзасының негізгі тасымалдау жүйесі - қан айналымы дәл осындай. Ол түтік тамырларынан, сорғыш-жүректен және жүрек арқылы біржақты қан ағынын қамтамасыз ететін және тамырларда кері қан ағынын болдырмайтын көптеген клапандардан тұрады. Ең кішкентай түтіктерге - капиллярларға бөлініп, қан тамырлары барлық жасушаларға жетеді, оларды қоректік заттар мен оттегімен қамтамасыз етеді. Жасушаларды оттегімен қамтамасыз ету міндеті бірқатар өмірлік маңызды міндеттердің бірі болғандықтан, жоғары жануарлар мен адамдардың қан айналымы жүйесі ауадағы ең тиімді газ алмасуға бейімделген.

3. Оқу әдісі. Тыныс алудың реттелуі және балалардың тыныс алу жүйесінің ерекшеліктері. Тыныс алудың реттелуі – тыныс алу орталығының қатысуымен организмнің ішкі және сыртқы ортаның өзгерген жағдайына тыныс алудың бейімделуін қамтамасыз ететін құрделі механизмдер жиынтығы. Тыныс алудың

өздігінен реттелуін дем алған кезде өкпе тінінде дем алуды рефлекстік түрде тежеп, дем шығаруды күшейтетін, ал дем шығарған кезде дем алуды рефлекстік түрде күшейтетін импульстардың пайда болуымен түсіндіруге болады. Өкпеге ауа айдау және өкпеде газ алмасу - сыртқы тыныс алу деп те аталады. Газдарды қан арқылы тасымалдау қан айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ағза жасушалары арқылы оттегінің сіңірілуі - тіндік немесе ішкі тыныс деп аталады. 4. Оқу әдісі. Тақырып бойынша қорытындылау. Тыныс деп ауадан оттегін сіңіріп, көмір қышқыл газын шығаруын қамтамасыз ететін өзара байланысты көптеген үрдістерді айтады. Оттегінің қатысуымен организмде тотығу үрдісі өтеді. Соның нәтижесінде жасушалар мен тіндерде тіршілікке қажет энергия пайда болады, тотығу барысында көмір қышқыл газы түзіледі. Бұл газ уақытында сыртқа шығарылып тұрмаса көптеген тіршілікке қажет үрдістер тоқтап денеде су тұрақтылығы, жылу тұрақтылығы бұзылады да адам өміріне қауіп туады. Ұлпада оттегінің жетіспеуі гипоксия деп аталады. 5. Студенттердің өзіндік жұмысы: ауызша, жүйелік талдау, миға шабуыл, проблемалық есептер, пікірсайыс, рейтинг.

Қорыта айтқанда, кейс-стади әдісі заманауи білім берудің тиімді құралы, білім беру жүйесінде тиімді интерактивті әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс студенттерді оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандырады, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытады және теориялық білімді практикада қолдануға үйретеді. Кейс-стадиді биология және география кафедрасында жүйелі түрде қолдану білім беру сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиеттер

1. Әлімов А. “Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.” – Алматы: Оқу құралы, 2009. – 263 б.
2. Байжанова Г. “Интерактивті әдіс-тәсілдердің білім беру жүйесіндегі маңызы.” – Педагогикалық журнал, 2018. – №3, 54-60 б.
3. Жұмаділова Р. “Оқыту әдістемесінің жаңа бағыттары.” – Қазіргі білім беру журнал, 2020. – №4, 65-72б.
4. Қайырбекова А. “Оқытудағы инновациялық әдістер.” – Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы, 2021. – №2, 47-53 б.

ӘОЖ 912.43

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА КАРТОГРАФИЯЛЫҚ СЕРВИСТЕР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Молдашев Б.Б. – МГЕ-301 тобының студенті
Мукаев Ж.Т. – PhD доктор қауымдастырылған профессор
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Картографиялық сервистер қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналуда. Олар адам өмірінің әртүрлі салаларында қолданылады: білім беру [1] мен денсаулық сақтаудан бастап [2] ғарыш мониторингіне дейін [3].

Картографиялық сервис деп әдетте, веб-қосымша түріндегі пайдаланушы интерфейсі бар геоақпараттық жүйелердің әртүрлі түрлерін айтады. Интернет желісінде картографиялық сервистер өте көп. Оларды кеңістіктік ауқымы жағынан ғаламдық, аймақтық, республикалық және өңірлік деп бөліп қарастыруға болады. Білім беру үдерісіндегі геоақпараттық жүйелердің рөлі мен орны бүгінде маңызды бола түсуде. Картографиялық сервистер географиялық ақпаратты зерттеуге және талдауға мүмкіндіктер береді. Бұл оларды білім беруде таптырмас құралға айналдырды. Білім беру процесінде картографиялық сервистердің негізгі рөлдерінің бірі – географиялық ұғымдар мен құбылыстарды түсінуді жеңілдету.

Картографиялық сервистер арқылы оқушылар карталарды, спутниктік суреттерді, статистикалық мәліметтерді және географиялық деректерді визуализациялап, талдауға мүмкіндіктер алады. Сонымен қатар, картографиялық сервистер сыни ойлау дағдылары мен проблемалық мәселелрді анықтауға ықпал етеді. Оқушылар күрделі географиялық есептерді шығару, деректерді талдау және процесстерді болжау үшін картографиялық сервистерді пайдалана алады.

География сабақтарының негізгі мақсаты бұл оқушының әртүрлі құбылыстарға қатысты түсіндірмелік ойын қалыптастыру және «қайда?» «қалай?» деген қарапайым сұраққа жауап бере алуында. Аталған мақсатқа жету үшін географиялық құбылыстарды жай оқу көп жағдайда жеткіліксіз болып жатады, сол себепті география сабақтарыда картографиялық сервистер негізінде жасалған практикалық жұмыстардың маңызы зор.

Қазіргі таңда картографиялық сервистерді сабақ барысында қолдану, оқушыларда келесі дағдыларды қалыптастырады:

– оқушыларда кеңістіктік ойлауды қалыптастырады;
– әртүрлі құбылыстарды визуалды сипаттауға мүмкіндік береді;
– географиялық үдерістердің өзгерісіне түсініктеме беруді жеңілдетеді;
– карталарды оқуға және түсінуге болысады;

– берілген географиялық тапсырмаға қатысты оңтайлы шешім қабылдауға көмегін тигізеді.

Картографиялық сервистердің жұмысы негізінен географиялық карталармен тығыз байланысты. Карталар өте әртүрлі болады, бірақ олар әрдайым пайдалы және танымдық ақпаратты қамтиды. Сондықтан, біз қазір планетамызға басқаша қарауға мүмкіндік беретін, қолжетімді картографиялық сервистерді қарастыратын боламыз. Ең алдымен қарастыратын картографиялық сервис көмегімен ауа-райының метеорологиялық элементтеріне сипаттама бере аламыз, яғни желдің қозғалысын, толқынның биіктігін, ауаның ластануын көре аламыз. Сондай-ақ, бұл картографиялық сервис әртүрлі жер пішіндерінің қалай бұрмалануға түсетіндігін көруге болатындығымен де қолданушыларды қызықтырады [4].

Келесі қарастыратын қолжетімді картографиялық сервисіміз де ауа-райының жеке элементтеріне бақылауға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, шық нүктесі, бұлт түрі сияқты одан да басқа параметрлерді бақылай алатын және төтенше ауа-райы (қатты жел, жауын-шашын, суық немесе ыстық) туралы ескертетін тағы бір карта. Бұл қолжетімді картографиялық сервис арқылы біз, өзімізге керек жеке метеорологиялық элементтер жайында мәліметтерді жинақтап, қолдана аламыз. Бұл платформада ауа райының жеке элементтерін көру үшін өзімізге керек қабатқа өту арқылы қол жеткізе аламыз [5].

Географияда меорологиялық мәліметтерден бөлек, ғарыштық мәліметтер де маңызды рөл атқарады. Келесі қарастыратын қолжетімді картографиялық сервисіміз осы ғарыштық деректерді, нақтырақ айтқанда әр елдің ғарыш кеңістігіндегі спутниктері жайында мәліметтерді көрсете алады. Бұл картографиялық сервис арқылы, біз Жерді айналып жүрген барлық спутниктерді және олардың қозғалыс траекториясын шынайы уақыт мезетінде көре аламыз. Сондай-ақ, қосымша мәліметтерді, яғни спутникті ұшыру күні, орбиталық кезең, еңіс, ұшу құралының жұмыс істеу қабілеттілігі сияқты мәліметтерді көруімізге болады [6]. Осы сервис арқылы біз ғарышқа ұшырылған спутниктердің 4/3-і орбитада ұшып жүрген қоқыс екендігіне көз жеткіземіз, яғни қазіргі таңда адамзат жерді ғана емес, оны қоршаған ғарыш кеңістігін де ластады деп айтуымызға болады.

Сондай-ақ, бұл мақалада географияның ерекше бөлімдерінің бірі – жергілікті жердің экологиялық жағдайына сипаттамасы да қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, әлем елдерінің электр жарығын қаншалықты пайдаланатындығын көруге мүмкіндік беретін қолжетімді картографиялық сервис. Электр жарығын пайдалану картасы, бұл жарық деңгейі мен проблеманың ауқымы туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді [7].

Келесі қарастыратын картографиялық сервис бізге карталарда болатын қателіктер мен бұрмалануларды оқушыларға нақты көрсетіп түсіндіруде жақсы көмектеседі. Ешкімге құпия емес, дөңгелек Жерді тегіс картаға толықтай қателіксіз түсіру мүмкін емес. Себебі, кез-келген, тіпті ең прогрессивті проекция, елдердің және құрлықтардың сызықтары мен пішіндерін едәуір бұрмалануға ұшыратады. Олардың ішіндегі ең танымал – Меркатор проекциясы, ол барлық жерде қолданылады: ең танымал онлайн карталардан бастап мектептің география кабинетіне дейін. Картадан қарап біз Гренландияның көлемі Африканыкі сияқты, ал Африканың көлемі Ресейден сәл ғана үлкен деп ойлаймыз. Бірақ бәрі бұлай емес, және «The True Size Of» ... қызметі мұны дәлелдейді [8]. Шын мәнінде, Гренландия Үндістаннан сәл үлкенірек. Әсіресе мұндай картографиялық сервистер мектеп оқушылары үшін пайдалы. Бұл сервиспен жұмыс істеу арқылы олар біздің әлемнің ауқымын дәлірек түсіне алады.

Келесі қарастыратын қолжетімді картографиялық сервис арқылы әлемдегі пайдалы қазбалардың таралу орындарын көруімізге болады [9]. Бұл платформаның артықшылығы – ол арқылы мектеп оқушылары әлем елдерінде таралған пайдалы қазбалар мен әртүрлі аймақтардың геологиялық карталарымен жұмыс жасай алады. Жалпы, бұл сервис пайдалы қазбалар тақырыбына қызығушылық танытқан әр адамға пайдалы болады. Сондай-ақ, бұл платформа көмегімен пайдалы қазбалардың, минералдардың орналасуын және жер шарының кез келген нүктесінің геологиялық қабаттарын қарастыруға болады.

Миллиардтаған жылдар ішінде жер адам танымастай өзгерістерге ұшырады. Келесі қарастыратын картографиялық сервис мектепте жалпы литосфералық тақталардың қозғалысы, «континенттік дрейф» теориясын түсіндіргенде, сондай-ақ, геохранологиялық кестемен жұмыс жасау кезінде өте пайдалы сервис болып табылады [10]. Бұл сервисті пайдалану арқылы оқушылар құрғақ теорияны айтып қана қоймай, сол үдерістерді визуалды бақылауға мүмкіндік алады. Әлемде табиғи катаклизмдармен байланысты көптеген аппаттар орын алуда, сондай табиғи апаттардың біріне дүниежүзілік мұхит суларының көтеріліп, жер бетін су басуын айта аламыз. Келесі қарастыратын картографиялық сервисіміз тікелей сол табиғи апатпен байланысты. Бұл сервис арқылы біз, егер теңіз деңгейі 5, 10 немесе тіпті 200 метрге көтерілсе, жер бетінің қай аймақтары су астына кететіндігін көре аламыз [11].

Қорытындылай келе, қолжетімді картографиялық сервистерді білім беру саласында пайдалану оқушылардың географиялық және кеңістіктік сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Качалов Я.Н., Ростовцева В.М. Геоақпараттық жүйелерді қазіргі заманғы жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби даярлығында қолдану// ТГПУ Вестник 2011. – №10.
2. Жұқова Н.В. Геоақпараттық жүйелерді денсаулық сақтау саласында қолдану// Ғылыми жазбалар ТОГУ. – 2013. – Т. 4, №4. – С. 1715-1726.
3. Волков Н.В., Донцов А.А., Лагутин А. А. Аймақтық ғарыштық мониторинг мәселелерін шешуге арналған портал жүйесін әзірлеу // Известия АлтМУ. — 2013. — №1 (77).

4. https://earth.nullschool.net/- Жаһандық ауа-райы жағдайларын визуализациялайтын сервис.
5. https://www.windy.com/ - Ауа райының егжей-тегжейлі болжамдары мен нақты уақыт режимінде түрлі ауа райы жағдайлары туралы ақпарат беретін веб-сайт.
6. https://richiecarmichael.github.io/sat/index.html - Ғарыш кеңістігіндегі спутниктерді көрсететін сервис.
7. https://www.lightpollutionmap.info/ - Жарықтық ластануды көрсететін картографиялық сервис.
8. https://www.thetruesize.com/ - Жердің бұрмаланусыз нақты өлшемін көрсететін картографиялық сервис.
9. https://mrdata.usgs.gov/ - Әлемдегі пайдалы қазбалардың таралуын және жердің геологиялық құрылымын көрсететін картографиялық сервис.
10. https://dinosaurpictures.org/ancient-earth#240 - Жердің әртүрлі дәуірлерде даму тарихын визуалды көруге мүмкіндік беретін картографиялық сервис.
11. https://www.floodmap.net/ - Дүнежүзілік су деңгейінің көтерілу картасы.

УДК 811.111

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАММАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Музаффарова С. - ученица
Мадинова Д.Ш. - учитель
Туркестанская область, Сайрамский район, село Карасу ОШ №14 имени М.Сапарбаева КГУ

Развитие коммуникативной компетенции является одним из важнейших факторов в обучении. Практическое использование языка в реальном общении является основной целью изучения иностранного языка. Формирование языковой компетенции у обучающихся неразрывно связано с грамматическими навыками и умениями. Грамматика представляет собой материальную основу речи.

Барменкова О.И. считает, что «грамматический навык» – это способность автоматизировано извлекать из долговременной памяти грамматические средства речи. Под грамматическим навыком мы понимаем автоматизированное использование грамматических средств в речи.

Наиболее полным и отражающим суть является определение, данное А. Ребером, который под навыком подразумевает доведенное до автоматизма путем многократных повторений действие; критерием достижения навыка служат временные показания выполнения, а также тот факт, что выполнение не требует постоянного и интенсивного внимания (контроля).

Таким образом, навык – это способность автоматизировать определенные действия и способность извлекать из памяти.

Процесс усвоения грамматики проходит не всегда легко и гладко. Обучающиеся сталкиваются с различными трудностями. Типичными трудностями в обучении иностранному языку Л.И. Логинова называет:

1.Трудности употребления грамматических структур, отличных от родного языка.

2.Трудности в понимании значения порядка слов в английском предложении.

3.Трудности построения грамматических конструкций.

Возникают сложности при запоминании грамматических структур и правил. В грамматике иностранного языка существует большое количество исключений. В связи с этим работоспособность обучающихся и интерес к изучению иностранного языка могу снижаться.

Повысить мотивацию учащихся, индивидуализировать обучение и сформировать грамматические навыки и умения и сформировать грамматические навыки и умения может помочь введение и использование современных информационных технологий в процессе обучения.

В современных источниках информационно - коммуникационные технологии представляют собой широкий спектр цифровых технологий, применяемых для создания, передачи и распространения информации и оказания услуг (компьютерное оборудование, программное обеспечение, телефонные линии, сотовая связь, электронная почта, сотовые и спутниковые технологии, сети беспроводной и кабельной связи, мультимедийные средства, а также Интернет).

Современные электронные образовательные ресурсы обладают большими возможностями, значительно отличающимися от привычных, и оказывают непосредственное влияние на мотивацию обучаемых, скорость восприятия материала, утомляемость и, таким образом, на эффективность учебного процесса в целом. Ресурсы Интернет сети позволяют обучающимся погрузиться в информационно-предметную среду, заняться образованием и самообразованием. Языковые базы данных и мультимедийные ресурсы смогут значительно обогатить и расширить языковую и культурную практику обучающихся

В процессе обучения, наряду с печатными учебниками, необходимо использовать современные информационные технологии на уроках. Это поможет значительно повысить мотивацию и интерес обучающихся. При использовании Интернет-ресурсов формируются грамматические навыки. Грамматические ресурсы в Интернете представлены для разных возрастов и уровней владения английским языком, что не всегда бывает возможно при применении печатных изданий. ИКТ позволяет

индивидуализировать обучение и адаптировать рабочую программу воспитания для каждого ученика, с учетом возрастных и психологических особенностей.

Литература

1. Барменкова О.И. Эффективные приемы обучения иностранного языка: Учебное пособие для учителя /О.И. Барменкова // Иностранные языки в школе.- 2009.- С.50-59.
2. Музланова Е.С., Кисунко Е.И. Использование компьютерных технологий на уроках английского языка/ Е.С.Музланова, Е.И.Кисунко //Английский язык: Приложение к газете “Первое сентября”.-2006.-№12.- С.13-18.
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению / Е.И. Пассов// Иностранный язык в школе.- 2012.-№3. – С. 223.
4. Подопригорова Л.А. Использование интернета в обучении иностранным языкам // Иностранные языки в школе, 2003. - №5. – С. 25-31.

ӘОЖ 633.15

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАДА ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Мурат Н.К.- ЕП-21-12к1 тобының студенті
Адырбекова Г.Т. – аға оқытушы

Қазіргі адамзаттың салауатты өмір салтында олардың, табиғи дәрілік өсімдіктерге деген қызығушылықтарының артуы анықталады. Тірі жасушада пайда болған заттардың жиынтығы адам ағзасымен үлкен ұқсастығы бар деген пікір бар, олар оңай ассимиляцияланады және аз жанама әсерлер береді [1].

Тәжірибе ғылыми бағыт – шөп медицинасы көпжылдық ұрпақтар, халықтық медицина білгірлері біздің заманымызда қалыптасты, ал дәрілік өсімдіктерді зерттейтін ғылым – ботаника құрамдас бөлігі болып табылатын фармакогнозия.

Қоршаған ортаның ластануы, синтетикалық заттардың артық тұтынылуыдәрілердің, тағамдық қоспалардың және басқалардың өсуіне ықпал ететін факторлар аллергиялық аурулар, онкология, жүрек аурулары. Бұл жағдайлар табиғи емдеу құралдарын іздеуге қызығушылықтың артуының себебі болды [2].

Дәрілік өсімдіктер - бұл айтарлықтай экономикалық маңызы бар және құнды табиғи ресурстар болып табылатын түрлер тобы. Қазіргіуақыттағылыми медицина өсімдіктердің жаңатүрлерін ашады және олардың биологиялық белсенді заттарын зерттейді, олардың негізінде иммуномодуляторлар, гепатопротекторлар, ісікке қарсы агенттер және т.б. сияқты тиімді препараттар әзірленеді. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу ұзақ уақыт бойы медициналық мекемелерде, содан кейін мамандандырылған фармацевтикалық оқуорындарында басталды.

Дәрілік өсімдіктер - бұладам мен жануарлардың денесіне әсерететін және емдікмақсаттақолданылатын өсімдікшикізатын өндіру үшін қолданылатын биологиялық белсенді заттар бар өсімдіктер. Қазіргі уақытта әлемде дәрілік өсімдіктер ретінде қолданылатын 21 мыңғажуық түрі бар.

Дәрі – дәрмектер қазіргі заманғы медицинада шешуші рөлатқарадыжәне өсімдік компоненттері олардың көпшілігінің негізін құрайды. Органикалық синтездегі жетістіктерге қарамастан, өсімдіктерденкөптеген биологиялықбелсенді заттардыхимиялық жолмен синтездеумүмкінемеснемесе олардыңсинтезіэкономикалық тұрғыдан тиімсізболып шығады, бұл фармацевтика өнеркәсібіүшін өсімдік көздерініңмаңыздылығын көрсетеді.

Біздің елімізде медициналық тәжірибеде қолданылатын барлық дәрі-дәрмектердің шамамен 40% - ы өсімдік компоненттері негізінде жасалады. Халықаралық нарықта 14 дәрі-дәрмектің үштенбірі өсімдік тектес. Антибиотиктер мен гормоналды препараттар белсенді қолданылатын АҚШ-та барлықдәрі-дәрмектердің 26% - өсімдік сығындылары бар. Әлемді келдерінде дәрі-дәрмектердің шамамен 75% - ы өсімдік негізіндегі. Шөптік препараттарға сұраныс үнеміартыпкеледі, бұл дәрі-дәрмектерге өсімдікшикізатына деген қажеттіліктің артуына әкеледі. Сарапшылар фитопрепараттарды жасау үшінқолданылатын дәрілікөсімдіктер ассортиментінің кеңеюін күтуде, бұл әртүрлі елдердегі дәрілік заттардың жалпы өндірісіндегі өсімдікдәрілерінің үлесінің өсуіне байланысты. Сондай-ақөсімдікшикізаты негізіндебиологиялық белсенді қоспаларөндіруменайналысатын компаниялар санының артуы байқалады. Дәрілік өсімдіктердің көпшілігі тағамдық, жемшөп, бал және сәндік болып табылатындығын және оларды техникалық мақсатта қолдануға болатындығын ескеру маңызды, бұл олардың сұранысын едәуір арттырады.

Дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық әсері олардағы биологиялық белсенді заттар кешенінің құрамына байланысты. Бұл өсімдіктер шығаратын және негізгі терапиялық әсерді анықтайтын тірі ағзаға ерекше әсер ететін табиғи қосылыстар. Күн сәулесінің әсерінен су мен көмірқышқыл газынан шыққан астерикалық организм құрылымы жағынан өте күрделі әртүрлі химиялық қосылыстарды синтездей алады. Бұл өсімдіктерге құрылыс және энергетикалық материал ретінде қажет бастапқы метаболиттер деп аталады. Оларға көмірсулар, ақуыздар, липидтер, нуклеин қышқылдары жатады. Ателикалық метаболиттер бастапқы

шикізат ретінде күрделі биосинтетикалық процеске қатысады, нәтижесінде химиялық құрылымы мен қасиеттері жағынан айтарлықтай ерекшеленетін жаңа заттар — қайталама метаболиттер пайда болады. Әдетте отырықшы организмдерде — өсімдіктерде, саңырауқұлақтарда, көптеген прокариоттарда түзілмейді; жануарларда олар салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Торик метаболиттері адам мен жануарлардың көптеген өмірлік процестеріне белгілі бір (оң немесе теріс) әсер ете алады [3].

Біріншіретті метаболиттер көмірсулар, алифатты полиоксикарбонил қосылыстары және олардың көптеген туындылары. Жоғары молекулалы полисахаридтер тікелей емдік әсерге ие.Атап айтқанда, клечатка - глюкоза қалдықтарынан сызықтық тізбектелген жоғары молекулалы гомополисахарид. Клечатка тоқ ішекте ісініп, шырышты рецепторларды тітіркендіреді, перистальтиканы ынталандырады және осылайша іш жүргізетін әсерге ие болады. Таңу материалдарының негізімнен құйылады.

Крахмал-жоғары молекулалы гомогликан, оның мономері жеке химиялық қосылыс емес, глюкоза болып табылады. Оның негізгі компоненттері-амилоза және амилопектин. Медицинада ұнтақ крахмалы толтырғышретінде қолданылады және тұқырқасиеттергеие. Крахмалдың негізгі көздеріне картоп, бидай, күріш және жүгері жатады. Нулин-иммуностимуляторлық әсері бар және қант диабетінемдеуде қолданылатын фруктоза полимері.

Ақуыз-ферменттерге негізделген ферменттік препараттар асқазан-ішекжолдарының ауруларында қолданылады және жараларды емдеуге және басқа мақсаттарға қолданылады. Бұл жалпы биосинтез жолдарымен біріктірілген өсімдіктектес органикалық қосылыстардың кең класы. Химиялық құрылымына байланысты терпеноидтардың әртүрлі топтары бөлінеді, олардың арасында эфир майлары өсімдіктер шығаратын және олардың хош иісі нақтайтын органикалық заттардың күрделі қоспалары болып табылады. Бір эфир майында ментол, хамазулен, тимол және басқалары сияқты жүздеген немесе одан да көп компоненттер болуы мүмкін.

Эфир майлары тропикалық және құрғақ субтропикалық өсімдіктерге тән. Құрамында әртүрлі химиялық қосылыстар бар бұлмайлар фармакологиялық әсердің кең спектріне ие. Олардың әсеріне байланысты эфир майларын бірнеше топқа жіктеуге болады: а) олардың қабынуға қарсы, микробқа қарсы және вирусқа қарсы қасиеттері бар; б) қақырықтысұйылтуға және қақырықтүсіруге ықпалетеді; в) спазмолитикалық және вазодилататорлық әсерге ие; г) ас қорыту органдарының жұмысын белсендіреді; д) седативті және анальгетикалық әсерге ие. Эфир майлары күрделі гүлділер тұқымдасының өсімдіктерінде, өсімдіктердің әртүрлі бөліктерінде кездеседі — гүлдер, жемістер, жапырақтар, тамырлар (мысалы, жалбыз, шалфей, жусан, түймедақ, зире, аскөкжәнет.б.). Олар бактерицидтік, жаралдыемдейтін, қабынуға қарсы және қалпына келтіретін агенттер ретінде қолданылады. Қылқанжапырақты өсімдіктер әсіресе эфир майларына бай.

Витаминдер-организмнің қалыпты жұмыс істеуі үшін аз мөлшерде қажет әртүрлі химиялық сипаттағы органикалық заттар. Астения жануарлардың денесінде өсімдік прекурсорларынан түзілетін D дәрумендерін қоспағанда, барлық дерлік дәрумендерді синтездейді. Дәрумендер тобы кез-келген өсімдікте кездеседі, бірақ кейбіреулерінде олардың мөлшері аз мөлшерге жетеді. Осыған байланысты мультивитаминді белсенділігі бар дәрілік өсімдіктер бөлінеді (тау күлі, құлпынай); құрамында көп мөлшерде дәрумені бар итмұрын, қарақат; қалақай; каротиноидтар, атап айтқанда β-каротин және т. б.

Минералды элементтер макроэлементтер, микроэлементтер және ультрамикроэлементтер болып бөлінеді. Макроэлементтерге (Ca, K, Mg, Na, P, S, Si, Cl) 0,01% - дан асады. Өсімдіктердегі микроэлементтер (Fe, Mn, B, Cu, Zn, Al, Co, Li, Ba, Br, Ni, Cr және т.б.) 10-2-10-5% мөлшерде болады. ультрамикроэлементтер жасушаларда 10-6% - дан аз концентрацияда жиналады (As, Mo, I, Pb, Ag, Au, Ra және т.б.). Кейбір өсімдіктер белгілі бір минералды элементтерді селективті түрде шоғырландыруға қабілетті. мысалы, теңіз балдырлары (балдырлар) — бром және йод.Минералды элементтер 300-ге дейін ферменттердің құрамына кіреді немесе белсендіріледі. Өсімдіктерде кездесетін микроэлементтерді мақсатты пайдалану туралы сауалнама қазіргі уақытта ашық және жеткілікті зерттелмеген, дегенмен олардың емдік құндылығы әсіресе адам ағзасындағы микроэлементтер тепе-теңдігінің бұзылуы жағдайларда өте жоғары.

Әдебиеттер

1. Сұбханбердин, С. Х. Дәрі - дертке дауа, жанға шипа: оқулық / С. Х. Сұбханбердин. – Алматы: Ғылым, 2004. - 360 б.
2. Мухитдинов Н.М., Паршина Г.Н. Лекарственные растения, А., 2002.
3. Қожабеков М. Дәрілік өсімдіктер: оқулық / М.Қожабеков, Г.Қожабекова. – 2-ші толықт. өңд. қайта басылуы. - Алматы: Қазақстан, 1982. - 182 б.

УДК 621 432

ИССЛЕДОВАНИЕ И РАЗРАБОТКА МОДЕЛИ НИЗКОТЕМПЕРАТУРНОГО ДВИГАТЕЛЯ СТЕРЛИНГА

Мусаханова С.Ф. – студентка группы ЕП-21-3Р
Алипбекова Ж.К. – PhD доктор, старший преподаватель

Двигатели Стирлинга, была разработана XIX веке, снова привлекли внимание благодаря своей способности работать на различных источниках тепла, что делает их чрезвычайно универсальными и экологически чистыми. В отличие от традиционных двигателей внутреннего сгорания, двигатели Стирлинга используют внешний источник тепла для преобразования его в механическую работу, предоставляя более чистую и тихую альтернативу. Это исследование сосредоточено на разработке модели низкотемпературного двигателя Стирлинга, который эффективно работает при минимальных температурных разностях. Такие двигатели имеют значительный потенциал для использования в системах возобновляемых источников энергии и в приложениях, где можно использовать избыточное тепло. Основная цель данного исследования — изучить возможность и производительность двигателя Стирлинга, работающего при низких температурных градиентах, что способствует развитию устойчивых энергетических решений [1].
Таким образом, двигатели Стирлинга, который относящиеся к категории тепловых двигателей на горячем воздухе, обладают исключительной универсальностью, так как могут работать на различных источниках топлива, что является важным преимуществом в контексте диверсификации энергетических источников и устойчивости. Настоящая работа сосредоточена на экспериментальной оценке бета-типового двигателя Стирлинга, специально разработанного для эффективной работы при низких температурных разностях. Проведенные эксперименты показали, что эта конструкция двигателя может эффективно работать даже при меньших температурных градиентах, с заметной рабочей температурной разницей в 80°C. Результаты экспериментов выявили прямую зависимость между температурной разницей и производительностью двигателя, что проявляется в увеличении числа оборотов в минуту (RPM) с ростом температурной разницы. Это исследование подчеркивает потенциал применения двигателей Стирлинга с низкой температурной разницей в различных энергетических системах, способствуя развитию технологий чистой энергии и повышая их практическую применимость в реальных условиях [2]. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию механики двигателей Стирлинга и их роли в устойчивых энергетических решениях.

Основная часть исследования и разработки модели низкотемпературного двигателя Стирлинга охватывает несколько важных направлений:

1. Проектирование и концепция. То есть процесс начинается с разработки двигателя Стирлинга, способного эффективно работать при низких температурах. В отличие от традиционных двигателей, двигатель Стирлинга использует разницу температур между горячим и холодным концами. В этом случае он предназначен для работы с источниками тепла низкой температуры, такими как окружающий воздух или отходящее тепло. Обычно двигатель состоит из рабочего поршня и поршня-разделителя, при этом проектирование ориентировано на компактность и простоту [3].

2. Выбор материалов — это правильный выбор материалов крайне важен, так как двигатель работает при значительных термических циклах. Материалы должны обладать хорошей теплопроводностью, стойкостью к износу и долговечностью при низких температурах. Обычно используются металлы, такие как алюминий и медь, поскольку они эффективно проводят тепло и сохраняют прочность при низких температурных колебаниях.

3. Тепловой источник и теплообменники. Эффективность работы двигателя напрямую зависит от того, насколько хорошо он может поглощать тепло. В низкотемпературных двигателях Стирлинга теплообменники разрабатываются для захвата тепла от таких источников, как солнечная энергия, геотермальное тепло или отходящее тепло. Теплообменники должны иметь максимальную площадь поверхности, чтобы поглощать как можно больше тепла при низких температурах, что обеспечит эффективную работу двигателя [4].

4. Рабочее тело и уплотнения. Рабочее тело, чаще всего газ, такой как воздух или гелий, играет ключевую роль в передаче тепла и энергии. Оно должно обладать хорошими тепловыми характеристиками при низких температурах. Также необходимо использовать эффективные уплотнения, чтобы предотвратить утечку энергии, поддерживая необходимое давление в рабочем теле и обеспечивая бесперебойную работу двигателя [5].

5. Термодинамический анализ и моделирование. Для того чтобы предсказать, как двигатель будет работать, проводятся симуляции с использованием термодинамических моделей. Это позволяет исследователям понять, как различные факторы, такие как разница температур, давление газа и механические потери, влияют на производительность двигателя. Путем настройки этих параметров можно оптимизировать конструкцию двигателя для достижения лучшей эффективности.

6. Создание прототипа и испытании. После завершения проектирования и моделирования создается прототип двигателя. Этот этап включает сборку компонентов и испытания двигателя в реальных условиях.

Тесты позволяют измерить мощность, эффективность и стабильность работы двигателя. Результаты испытаний помогают выявить слабые места и улучшить конструкцию.

7. Оптимизация и улучшения. После испытаний конструкция двигателя дорабатывается для улучшения его характеристик. Это может включать улучшение теплообменников для лучшего теплообмена, снижение механических потерь или улучшение уплотнений двигателя. Цель заключается в создании эффективного двигателя, который хорошо работает при низких температурах.

8. Применение. Низкотемпературные двигатели Стирлинга могут быть использованы в различных областях, где можно использовать отходящее тепло для выработки энергии. Это включает в себя системы возобновляемой энергии, такие как солнечные и геотермальные установки, а также переносные генераторы для удаленных мест. Способность двигателей Стирлинга использовать тепло низкой температуры делает их привлекательным решением для энергообеспечения в удаленных или автономных районах.

Таким образом, проходя через все эти этапы разработки и исследований, низкотемпературный двигатель Стирлинга может быть оптимизирован для создания эффективных и устойчивых энергетических решений в различных областях.

В заключениях хочу сказать, что исследование и разработка модели низкотемпературного двигателя Стирлинга представляет собой перспективный подход к использованию возобновляемых и отходящих источников тепла для эффективного производства энергии. Благодаря тщательному проектированию, выбору материалов и оптимизации ключевых компонентов, таких как теплообменники, рабочие жидкости и уплотнения, можно создать компактный и эффективный двигатель, который будет работать при низких температурных перепадах [6]. Совмещение термодинамических симуляций и реальных испытаний прототипов дает ценные данные для повышения производительности и обеспечения надежности.

Потенциальные области применения низкотемпературных двигателей Стирлинга весьма разнообразны — от маломасштабных систем возобновляемой энергии до переносных генераторов для удаленных районов. С развитием науки о материалах, проектирования двигателей и технологий теплообмена эффективность и жизнеспособность низкотемпературных двигателей Стирлинга будут только улучшаться. В конечном итоге такие двигатели предлагают устойчивое и экологически чистое решение для решения глобальных энергетических проблем, используя доступные низкотемпературные источники тепла в различных практических приложениях.

Литература

1. Стерлинг, Р. (1816). Описание нового двигателя. Философский журнал, 12(82), 128-136.
2. Коопс, В. и Деккер, Г. (2004). Термодинамика и теплообмен в двигателях Стирлинга. Springer.
3. Кроули, Д. Ф., и Стивенсон, Р. К. (1997). Проектирование и оптимизация двигателей Стирлинга. Труды Института машиностроителей, 211(1), 45-56.
4. Брезницкий, Д., и Зоубек, Л. (2019). Низкотемпературные двигатели Стирлинга: Обзор приложений и технологических разработок. Обзоры возобновляемых и устойчивых источников энергии, 113, 109254.
5. Оландер, Д. Р. (2002). Материалы для низкотемпературных двигателей Стирлинга. Материалы науки и инженерия А, 334(1), 9-16.
6. Ириарт, Ф., и Санц, Х. (2011). Проектирование теплообменников для низкотемпературных двигателей Стирлинга. Журнал теплопередачи, 133(5), 052101.

ӘОЖ 534.2

КВАНТТЫҚ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІСТЕГІ АТОМНЫҢ ИОНДАНУЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНУЫ

Мұса Н.Ж.- ЕП-21-3к6 тобының студенті
Серикбаева Г.С. - магистр, аға оқытушы

Кванттық электромагниттік өрістердің әсерінен атомдардың иондануы кванттық физика мен кванттық оптикадағы маңызды зерттеу саласы болып табылады. Сығылған Жарық күйлері сияқты кванттық өрістер классикалық өрістерден ерекшеленетін ерекше қасиеттерге ие, бұл атом жүйелерінің иондану және тұрақтандыру процестеріне айтарлықтай әсер етеді.

Бұл жұмыста модельдік Атом жүйесінің динамикасы оның кванталған электромагниттік өріспен әрекеттесуінде зерттелген. Статистика мен өрістің кванттық күйіндегі фотондардың орташа санының атомдық ішкі жүйенің иондануы мен тұрақтану процестеріне әсері зерттелді. Бір фотонды өріспен өзара әрекеттесу жағдайында Атом және өріс ішкі жүйелері арасындағы максималды шатасумен күйдің қалыптасуы көрсетілген.

Классикалық емес Жарық күйлерін генерациялау саласындағы заманауи эксперименттік физиканың ілгерілеуі Атом жүйелерінің осындай кванттық электромагниттік өрістермен өзара әрекеттесуін дәл сипаттау қажеттілігіне әкелді. Бұл жағдайда эксперименталды түрде бір фотонды күйлерден [1] және бифотонды

жұптардан фотондардың орташа саны 107-ге дейінгі "Сығылған вакуум" күйлеріне дейінгі әртүрлі классикалық емес өрістердің тұтас жиынтығын жасауға болады [2]. Жарықтың классикалық емес күйлері негізгі және практикалық тұрғыдан қызығушылық тудырады: өрістің фокустық күйлері мен "Сығылған вакуум" нөлдік орташа өріспен сипатталады, яғни мұндай өрістің зарядталған бөлшектеріне әсер ететін орташа күш те нөлге тең. Алайда, тән өріс кванттық күй бойынша өріс координатының дисперсиясымен анықталады және жеткілікті үлкен болуы мүмкін, әсіресе "Сығылған вакуум"жағдайында.

Фотондары аз күйлер сонымен қатар жоғары сапалы резонаторларды қолданбай-ақ бір фотонды күйлердің оқшауланған атомдармен тиімді әрекеттесуін көрсететін эксперименттік нәтижелерге байланысты үлкен қызығушылық тудырады [3, 4]. Аналитикалық тәсілдерді әзірлеу атомдық, далалық еркіндік дәрежелерінен басқа есепті қажет етеді, бұл тапсырманы едәуір қиындатады. Бос электрон жағдайында жүйенің меншікті күйлері атом + өріс [5-7]ішінде алынды

Алайда, иондану процесінің сипаттамасы жеке қиын және әлі шешілмеген мәселе болып табылады, өйткені жартылай классикалық тәсілдерде қолданылатын әдістерді тікелей беру бұл жерде дұрыс емес болып шығады. Бұл жұмыста Атом жүйесінің кванталған өріспен өзара әрекеттесуі туралы есеп стационарлық емес Шредингер теңдеуінің сандық интеграциясы негізінде зерттеледі. Электромагниттік өрісті кванттық сипаттау жағдайында тапсырма атомның да, өрістің де эволюциясын сипаттау қажеттілігіне байланысты жартылай классикалық жағдайға қарағанда күрделене түсетіндіктен, сандық шешім де қиын мәселе болып табылады және жоғары дәлдік пен есептеу қуатын қажет етеді. Бірақ толық кванттық Сипаттама Әртүрлі көп фотонды процестердің кванттық интерференциясын ескеруге мүмкіндік береді және классикалық емес өрістегі иондану процесінің айтарлықтай жаңа ерекшеліктерін анықтай алады. Сонымен қатар, кванттық тәсіл Атомдық және далалық ішкі жүйелер арасындағы өзара әсерді және шатасудың пайда болуын талдауға мүмкіндік береді.

Фотондар саны көп өрістердегі иондану. Атомның фотондардың орташа саны көп өрістің когерентті күйімен әрекеттесуі жағдайында континуумдағы фотоэлектрондардың энергетикалық спектрін қоса алғанда, Атом ішкі жүйесінің динамикасы жартылай классикалық суретке сәйкес келеді. Дегенмен, бұл жағдайда да толық кванттық сипаттама жаңа әсерлерді анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, атом мен өріс арасындағы энергия алмасу арқылы өрістегі фотондардың орташа санының мерзімді ауытқулары пайда болады. Когерентті өрістегі фотондардың орташа санының өсуімен тербелістердің салыстырмалы шамасы төмендейді. Сондықтан кванттардың көп санымен сипатталатын классикалық өрісте бұл ауытқуларды елемеуге болады. Фотондар саны аз болған жағдайда өріс күйінің өзгеруін елемеуге болмайды, өйткені Атом ішкі жүйесінің динамикасымен бірге олар атом + өріс жүйесіндегі кванттық корреляцияны анықтайды.

Атомның классикалық емес өрістермен өзара әрекеттесуі жағдайында өріс күйінде айтарлықтай сапалық өзгерістер болуы мүмкін. Өрістік күйлердің мұндай күрт қайта қоныстануы өзара әрекеттесуді қосқаннан кейін жүйенің басқа негізі – киінген күйлердің негізі болатындығына байланысты. Күйлердің негізі тұрғысынан өзара әрекеттесуді ескермей, әртүрлі күйлердің көп саны, соның ішінде фотондардың көп саны бар.

Шын мәнінде, кванттық өрістің атоммен әрекеттесуі өріс осцилляторының координатасының ығысуына және оның жиілігінің жоғарылауына әкеледі. Көрсетілген әсерлер α өзара әрекеттесу константасына тәуелді және аз болуы мүмкін болса да, олар өріс ішкі жүйесінің динамикасында "Сығылған" күйлердің қасиеттерін, яғни уақыт бойынша өріс координатасының дисперсиясының тербелістерін және фотондардың жұп санынан бастапқы күйден ерекшеленетін күйлердің басым қоныстануын көрсетеді. Бастапқы күйді "киінген" күйлерге проекциялау арқылы табуға болады, егер соңғысы белгілі болса. Жүйенің меншікті функциялары атом + өріс стационарлық Шредингер теңдеуінің шешімінен табуға болады. Екі шекті жағдайда олар аналитикалық түрде белгілі. Шекті жағдайда, елеусіз өзара әрекеттесу-бұл жеке ішкі жүйелердің өзіндік функцияларының өнімі. Күшті өріс шегінде бұл кванталған өрістегі бос электронның күйлері [5-7]. Жалпы жағдайда, өзара әрекеттесудің болуына байланысты" киінген " меншікті күйлер жеке ішкі жүйелердің функцияларының көбейтіндісіне факторизацияланбайды, осылайша атом да, өріс те екінші ішкі жүйенің айнымалылары бойынша орташаланған қысқарған тығыздық матрицасымен сипатталатын "аралас" күйде болады.Қосымша өрістік еркіндік дәрежесінің болуы кванттық өрістегі атом динамикасының жартылай классикалық тәсілдің нәтижелерінен айтарлықтай айырмашылығына әкеледі.

Байқалған айырмашылық өзара әрекеттесу процесінде бастапқы күйдің қайта қоныстануына ғана емес, сонымен қатар атом бастапқы негізгі күйде болған жағдайда фотондардың басқа санымен көптеген басқа далалық күйлердің қоныстануына байланысты. Белгіленген әсер Атом жүйесінің иондану ықтималдығының шамасына айтарлықтай әсер етеді және оның жүйенің иондалмау ықтималдығы мен бастапқы күйдің (қарастырылған Атом жүйесі үшін жалғыз байланысқан күй болған кезде) орналасу ықтималдығы сәйкес келетін жартылай классикалық жағдайдан айтарлықтай айырмашылығына әкеледі.

Фотондар саны аз өрістердегі иондану. Фотондардың аз саны бар классикалық емес өрістердегі иондану процесі де үлкен қызығушылық тудырады, мұнда тек бір фотонды сіңіру немесе шығару процестері негізгі рөл атқарады. Фотонның атоммен өзара әрекеттесуінің жоғары тиімділігі жағдайында бастапқы атомдық күйдің сарқылуы маңызды болуы мүмкін, бұл пертурбативті тәсілдерден тыс. Сондықтан бұл мәселе сандықәдіспен де шешілді

Атомның тұрақты күйіүшін әр түрлі фокустық күйлердің көп санын қоныстандыруға болатын фотондардың көп санынан айырмашылығы, бір фотонмен әрекеттесу кезінде иондану ықтималдығы мен

фотондар саны арасында дәл дерлікбір-бірінесәйкестікорнатылады. Иондану процесі жүйеде фотонның сіңуімен сипатталады, яғни фотонды анықтау ықтималдығының төмендеуі. Сонымен қатар, иондану ықтималдығы 1/2 мәніне жеткенде, атом мен өріс максималды шатасумен сипатталатын Белл күйін құрайды. Бұл күй 1/2 ықтималдығымен атомның иондалғандығына және фотондар болмайтындығына сәйкес келеді, ал 1/2 ықтималдығымен электрон байланысқан және жүйеде бір фотон бар. Шатасу дегеніміз, атомның иондану реакциясын өлшеу арқылы өрістің күйі туралы ақпараталуға болады және керісінше.

Әдебиеттер


1. М.О. Скалли, М.С. Зубайри «Квантовая Оптика», М. Физматлит (2003)
2. Федоров М. В., Волков П. А., Михайлова Ю. М. Кутриты и кукварты в спонтанном параметрическом рассеянии света, корреляции и перепутывание состояний // ЖЭТФ – 2012 – Т. 142, № 7, стр. 20-43.
3. L. Mandel. Sub-Poissonian photon statistics in resonance fluorescence // Optics Letters – 1979 – Volume 4, pp. 205-207.
4. Шляйх В.П. «Квантовая оптика в фазовом пространстве» М., 2005.

ӘОЖ 510(075.8):51

КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯНЫҢ ИНТЕГРАЛЫ

Мұхтар А. Ж. - ЕП-21-11к3 тобының студенті
Дуйсебаева П.С.- аға оқытушы, магистр

C_z жазықтығында тұйық немесе тұйық емес L сызығы берілген деп ұйғарамыз. Оны бұдан былай тегіс немесе үзінді-тегіс сызық деп есептейтін боламыз. L қисығының ұштарын z_0 және Z деп белгілейміз. Егер L қисығы тұйық болса, онда $z_0 = Z$ болады. Бұл нүктелердің бірін, мысалы z_0-ді қисықтың басы, ал екіншісін қисықтың соңы деп есептейтін боламыз, сонымен L қисығына оң бағытты орнатқан боламыз. Ол сызбада стрелкамен көрсетілген. Тағы да $f(z)$ функциясы L қисығының барлық нүктелерінде үзіліссіз болсын деп ұйғарамыз.



1-сурет

L доғасын бойынан $z_0, z_1, z_2, \ldots, z_k, \ldots, z_n$ нүктелерін еркімізше алып, *n* бөлік доғаларға бөліктейміз, сонымен бірге $z_n = Z$ деп аламыз. Мынадай белгілеулер енгіземіз

$$z_1 - z_0 = \Delta z_1,\ \ z_2 - z_1 = \Delta z_2, \ldots,\ \ z_n - z_{n-1} = \Delta z_n .$$

Δz_k саны z_{k-1} нүктеден z_k нүктеге бағытталған вектормен кескінделеді, ал $|\Delta z_k|$ – ол вектордың ұзындығын береді, яғни сәйкес доғаны керуші хорданың ұзындығын береді. Әрбір бөлік доғаның ішінен бір-бір нүктеден еркімізше таңдап аламыз. Ол нүктелерді $\xi_1, \xi_2, \ldots, \xi_n$ деп белгілейміз. ξ_k нүктесі ұштары z_{k-1} және z_k нүктелерінде жатқан бөлік доғаның ішінде жатыр. Мынадай қосынды құрамыз

$$\sigma = f(\xi_1)\Delta z_1 + f(\xi_2)\Delta z_2 + \ldots + f(\xi_n)\Delta z_n = \sum_{k=1}^{n} f(\xi_k)\Delta z_k, \qquad (1)$$

$\max_k \{|\Delta z_k|\} = \Delta z$ деп белгілейміз. $n \to \infty$ -да $\Delta z \to 0$ болады. [1].

Анықтама. Егер σ интегралдық қосындысының $\lambda \to 0-$ да, L сызығын бөлу әдісінен тәуелсіз және әр бөлік доғашықтан ξ_k нүктесін таңдап алудан тәуелсіз шегі бар болса, ол шекті комплекс айнымалылы

функция $w = f(z)$ – тің L қисық сызығының бойымен алынған интегралы деп атайды да, оны былай белгілейді:

$$\int_L f(z)dz \cdot \qquad (2)$$

Сөйтіп, анықтама бойынша

$$\lim_{\lambda \to 0} \sigma = \lim_{\lambda \to 0} \sum_{k=1}^{n} f(\xi_k)\Delta z_k = \int_L f(z)dz$$

L сызығын интегралдау жолы немесе интегралдау контуры дейді.

Егер L интегралдау жолы немесе интегралдау контуры тұйық қисық сызық болса, онда (2) былай жазылады**:**

$$\oint_L f(z)dz \cdot$$

Комплекс айнымалылы функцияның интегралының негізгі қасиеттері.

Комплекс айнымалылы функцияның интегралының анықтамасынан тікелей шығатын интегралдың қасиеттерін келтіріп өтейік:

1. Тұрақты көбейткішті интегралдық белгінің алдына шығаруға немесе сол белгінің астына енгізуге болады:

$$\int_L kf(z)dz = k\int_L f(z)dz,$$

мұндағы k – тұрақты шама.

2. Екі функцияның қосындысынан (айырмасынан) L бойынша алынған интеграл осы функциялардың интегралдарының қосындысына (айырмасына) тең болады:

$$\int_L [f_1(z) \pm f_2(z)]dz = \int_L f_1(z)dz \pm \int_L f_2(z)dz.$$

Бұл интегралдың сызықты қасиеті.

3. $\int_L f(z)dz = -\int_{\overline{L}} f(z)dz$, мұндағы $\overline{L}$ интегралдау жолы (контуры) L мен бірдей, бірақ бағыты қарама-қарсы болады. Сөйтіп,қисық сызықтың бағыты өзгергенде интегралдың таңбасы өзгереді екен. Бұл интегралдың бағытталуын көрсетеді.

4. Егер түзуленетін L сызығы өзара қиылыспайтын $L_1, L_2, \ldots, L_n$ сызықтарының біріктірілуінен құралса, онда L бойынша алынған $f(z)$ – тің интегралы осы функциядан $L_1, L_2, \ldots, L_n$ сызықтары бойынша алынған интегралдың қосындысына тең болады:

$$\int_L f(z)dz = \int_{L_1} f(z)dz + \int_{L_2} f(z)dz + \ldots + \int_{L_n} f(z)dz \cdot$$

5. Егер L сызығының бойында $|f(z)| \le M$ теңсіздігі орындалса, мұндағы M –тұрақты сан, онда l арқылы L сызығының доғасының ұзындығын белгілей отырып,төмендегі теңсіздікті аламыз:

$$\left|\int_L f(z)dz\right| \le M \cdot l.$$

Интеграл модулін бағалау. Егер L қисығының барлық нүктелерінде $|f(z)| \le M$ болса, онда

$$\left|\int_L f(z)dz\right| \le Ml$$

болады, мұндағы l – L қисығының ұзындығы.

6. $f(z)$ функциясының түзуленетін L сызығы бойынша алынған интегралдың модулі осы сызық бойынша $f(z)$-тің модулінен алынған интегралдан үлкен болмайды:

$$\left|\int_L f(z)dz\right| \le \int_L |f(z)| \cdot dz.$$ [2].

Әдебиеттер

1. Тулегенова М.Б. Т 82 Комплекс айнымалы функциялар теориясы және амал1дық есептеу: оқу құралы / М.Б. Тулегенова, У.К. Койлы1шов. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 322 б. ISBN 978-601-04-2326-8
2. Қаратаев, Ж. Комплексті талдау : оқу құралы / Ж. Қаратаев. - Шымкент : ОҚМУ, 2015. - 328 с.

ӘОЖ 577.2

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ СИВЦЕВ КЕСТЕСІ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ

Мырзаева А. А.- Еп-23-13к2 студенті
Пирназарова Г. А.- магистр оқытушы

1. Көз аурулары: қазіргі жағдай және оқушыларға әсері

Бүгінгі күні көз аурулары балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездесетін мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, оқушылар арасында көздің көру қабілетінің төмендеуі белең алуда. Бұған заманауи гаджеттерді шамадан тыс пайдалану, сабаққа дайындық кезінде көзге түсетін артық жүктеме және табиғи жарықтың жеткіліксіздігі себепші. Статистика бойынша, мектеп оқушыларының шамамен 30%-ында жақыннан көру (миопия) байқалады, ал кейбіреулерінде көздің құрғауы және көру өткірлігінің төмендеуі анықталған. Бұл жағдай олардың оқу үлгеріміне, жалпы денсаулығына және өмір сүру сапасына кері әсер етеді.Біз енді сол тақырып бойынша зерттеу жүргізіп,оқушылардың көз ауруларын шалдығатыны білетін боламыз.

2. Көру жүйесі және оның құрылысы

Көру жүйесі – адам ағзасындағы ең күрделі және маңызды жүйелердің бірі. Ол қоршаған әлемді қабылдауға мүмкіндік береді және ақпараттың шамамен 80%-ын көз арқылы алуға көмектеседі. Көру жүйесінің негізгі органы – көз.Көру жүйесінің құрылысы:Көру жүйесі бірнеше құрылымдық және функционалдық элементтерден тұрады: Көздің сыртқы құрылысы: Қабақтар мен кірпікшелер: Көзді шаңнан және бөгде заттардан қорғайды. Көз жасы бездері: Көзді ылғалдандырып, микробтарға қарсы қорғаныш қызметін атқарады. Қасаң қабық (роговица): Көздің мөлдір алдыңғы бөлігі, ол жарықты жинап, бағыттайды. Көздің ішкі құрылысы: Қарашық (зрачок): Жарықтың көзге өтуін реттейтін орталық тесік. Нұрлы қабық (радужка):Қарашықтың көлемін өзгертетін түсті бөлік. Көз бұршағы (хрусталик): Жарықты фокустайды және кескінді көздің тор қабығына бағыттайды. Шыны тәрізді дене: Көздің ішіндегі мөлдір гель тәрізді зат, ол форманы сақтайды. Тор қабық (сетчатка):Жарық сигналдарын қабылдап, оларды жүйке импульстарына айналдырады.

3. Көз аурулары және жүйке жүйесі

Көру жүйкесі: Тор қабықтан алынған сигналдарды мидағы көру орталығына жеткізеді.Ми қыртысының көру орталығы: Кескінді өңдеп, тану және түсіну процестерін жүзеге асырады. Көру жүйесінің қызметі: Жарықты қабылдау: Қасаң қабық пен көз бұршағы арқылы жарықты жинақтау. Кескінді қалыптастыру: Жарық сигналы тор қабығында кескінге айналады. Сигналдарды өңдеу:Тор қабықтан келген импульстар ми қыртысында бейнеге айналады. Көз аурулары: 1. Жиі кездесетін көз аурулары: Жақыннан көру (миопия): Жарықтың тор қабыққа дұрыс түспеуінен алыстағы заттарды анық көрмеу. Алыстан көру (гиперметропия): Близ заттарды нашар көру. Катаракта: Көз бұршағының бұлдырлануы. Глаукома: Көз ішіндегі қысымның жоғарылауынан көру жүйкесі зақымданады. Көз құрғауы: Көз жасы жеткіліксіз бөлінген кезде пайда болады. 2. Инфекциялық аурулар: Конъюнктивит: Көздің шырышты қабығының қабынуы. Кератит: Қасаң қабықтың қабынуы. 3. Көздің жүйке жүйесіне байланысты бұзылуы: Көру жүйкесі атрофиясы: Жүйкенің зақымдалуы немесе әлсіреуі. Шала көргіштік: Көру жүйкесі мен ми арасындағы байланыстың бұзылуы.

4. Көру гигиенасы.

Балаларда ең жиі кездесетін көру кемшілігі жақыннан көру қабілеті.В.Ф.Уткин (1971) мен Э.С.Аветисовтың (1975) зерттеулеріне қарағанда мектеп жасына дейінгі балалардың 1-2%,7-10жаста 4,5%,11-14жаста 10,5%,15-18жаста 21,5%,19-25 жаста 28,7%-да жақыннан көру қабілеті байқалады.А.А.Сычевтың (1980) зерттеуі бойынша көзге күш көбірек түсетін мектептерде, айталық математика, шет тілі мамандықтарына көп көңіл бөлетін мектептерде бұл көз кемшілігі оқушылардың 25%-да байқалады.Көру гигиенасының талаптары: Кітапты оқығанда,қағазды жазғанда баланың көзі мен қағза аралығы 35-40см болуы тиіс;Баланың жұмыс орнының жарығы дұрыс қосылуға тиіс.Ең тиімді жарық мөлшері 150-300люкс шамасында.Жарық әрдайым сол жақтан түсуіқажет;Жүріп келе жатқан көлікте кітап оқуға болмайдыТеледидарды ең кемінде 2,5-3м қашықтықта отырған жөн;Тазалығын сақтау керек;Көз еттерін жаттықтыру.

5. Оқушыларда көз көру қабілетін тексеру: зерттеудің кіріспесі

Қажет жабдықтар: Сивцев кестесі, указка.

Көру өткірлігін анықтау үшін кестеден 5 м арақашықтықта тұрып, бір көзді алақанмен жабу керек. Зерттелушіге кез келен бір әріпті көрсетіп, қай жолақты ол анық көретінін белгіліп отыру қажет. Көру өткірлігін әр көзге төмендегі формула бойынша есептейді:у = а/х;мұндағы у — көру өткірлігі,а—кесте мен зерттелушінің арасында,х — оқылған әріптер көріну керек арақашықтық.

Кесте негізінен қалыпты көру жағдайында, бірінші (жоғарғы) әріптері 50 м арақашықтықта, ал онынші (төменгі) – 5 м арақашықтықта көріну есебімен құрастырылған. Кестеде жолақтардың сол жағында арақашықтық көрсетілген.

Нәтижеде есптеп, әр көзге байланысты көру өткірлігін анықтау қоытындыларын жазу керек. Егер у = 0,8 болса, онда төмен көру өткірлігі.

6. Оқушылардың көз көру қабілетін тексеру: зерттеудің негізгі бөлімі

Көз аурулары қазіргі қоғамда, әсіресе оқушылар арасында өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі кезде мектеп жасындағы балалардың көз көру қабілетіне әсер ететін негізгі факторлар – гаджеттерді шамадан тыс пайдалану, оқу жүктемесінің артуы және денсаулыққа жеткілікті көңіл бөлмеу. Осыған орай, көз ауруларын ерте анықтау және алдын алу үшін балалардың көру қабілетін жүйелі түрде тексеру маңызды.

Мен Мырзаева Айман және Мырзаева Шолпан Нұртас Оңдасынов атындағы №38 мектептің оқушылары арасында көру қабілетін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргіздік.Біз алған оқушылар 8 З сыныбында оқиды. Жалпы сыныпта 30 оқушы және сабақтан қалуына байланысты біз 20 оқушы зерттедік. Бұл үшін офтальмологияда кеңінен қолданылатын Сивцев кестесі пайдаланылды. Бұл әдіс көздің көру өткірлігін жылдам әрі нақты анықтауға мүмкіндік береді. Тексеру барысында әр оқушы 5 метр қашықтықта тұрып, кестедегі әріптерді оқыды.Біздің зерттеудегі мақсатымыз –мектеп жасындаға оқущылардың көз ауруларының ерте белгілерін анықтау және балалардың көз денсаулығына қатысты қорытынды жасау. Бұл зерттеу оқушылардың көру қабілетіне мониторинг жүргізудің маңыздылығын көрсетіп, болашақта олардың денсаулығын сақтау үшін қажетті шараларды жоспарлауға негіз бола алады.

7. Сивцев кестесі бойынша көру өткірлігін анықтау әдісі:

Сивцев кестесі – көздің көру өткірлігін анықтайтын офтальмологиялық құрал. Ол әріптерден тұратын 12 қатардан құралған. Әр қатардағы әріптер көлемі бойынша кішірейіп отырады. Төменде бұл кесте бойынша көру өткірлігін қалай есептеу керектігі түсіндіріледі: 1. Кестенің құрылымы: Әр қатардың оң жағында V көрсеткіші жазылған (0.1-ден 2.0-ге дейін). Бұл адамның көру өткірлігінің стандартты деңгейі. Әр қатардың сол жағында D көрсеткіші көрсетілген – ол әріпті анық көретін қашықтық (метрмен). Мысалы, 1-қатардағы әріптерді сау көз 50 м қашықтықтан көреді, ал 10-қатарды – 5 м қашықтықтан.

2.Тексеру әдісі

Қашықтықты сақтау:Тексеруші кестеден 5 метр қашықтықта орналасуы керек.Көздерді жеке тексеру: Алдымен бір көзді жабыңыз (саусақпен емес, арнайы жапқышпен), содан кейін екінші көзді тексеріңіз. Әріптерді оқу;Тексеруші кестедегі әріптерді жоғарыдан төмен қарай оқиды.Қателіктерді бағалау; Егер тексеруші қатардағы барлық әріптерді дұрыс оқыса, көру өткірлігі сол қатарға сәйкес келеді. Егер қатарда 1-2 қате жіберсе, бұл көрсеткіш ескеріледі, бірақ одан көп қате жіберсе, көру өткірлігі алдыңғы қатардың деңгейімен бағаланады.

3. Нәтижені есептеу

Егер тексеруші10-қатарды анық оқыса, оның көру өткірлігі V = 1.0 (қалыпты).

Егер тексеруші тек 7-қатарды дұрыс оқыса, оның көру өткірлігі V = 0.7. Егер тек 1-қатардыоқыса, көру өткірлігі V = 0.1 деп бағаланады.

4. Көзілдірік немесе линза арқылы тексеру:


Егер тексеруші көзілдірік немесе линза тақса,нәтижені "коррекцияланған көру өткірлігі" деп есептейді.Бұл көзілдіріксіз немесе линзасыз көру өткірлігінен ерекшеленуі мүмкін. Қорытындылай келсек:Сивцев кестесі көру өткірлігін жылдам және оңай анықтауға мүмкіндік береді. Егер V < 1.0 болса, бұл көру қабілетінің төмендегенін (мысалы, миопия немесе гиперметропия) көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда офтальмологқа қаралу ұсынылады.

8. Оқушылардың көз қабілетін зерттеу бойынша кесте:

Оқушылардың аты-жөні	Көру өткірлігі	Нәтижесі
1.Абдубақыт Нұрғани	V=0.8	қалыптыдан төмен
2.Ақболат Айару	V=1.0	қалыпты
3.Әмірхан Айбар	V=1.0	қалыпты
4.Әмірхан Жасмин	V=1.0	қалыпты
5.Рысмет Бағдаулет	V=1.0	қалыпты
6.Байзақ Али	V=1.0	қалыпты
7.Бектас Нұриман	V=0.8	қалыптыдан төмен
8.Баилова Назгул	V=1.0	қалыпты
9.Досалы Арайлым	V=1.0	Қалыптыдан
10.Заурбек Гүлназым	V=1.0	қалыпты
11.Ертай Жанболат	V=0.8	қалыптыдан төмен
12.Ергеш Мейірхан	V=1.0	қалыпты
13.Ермахан Бақтияр	V=1.0	қалыпты
14.Есиркеп Анель	V=1.0	қалыпты
15.Избасар Азамат	V=1.0	қалыпты
16.Иса Айдана	V=1.0	қалыпты
17.Қалдыбеков Милат	V=1.0	қалыпты
18.Қуандикова Аниса	V=1.0	қалыпты
19.Нұрсұлтан Береке	V=0.7	қалыптыдан төмен
20.Махан Дархан	V=1.0	қалыпты

9. Оқушылардың көз көру қабілетін тексеру: зерттеудің қорытындысы

Жалпы көру қабілеті 8 сынып оқушыдарында жақсы деңгейде және 4-5 оқушының көру жүйесі нашарлаған.



10. Қорытынды:оқушылардың көру қызметі

Көздің көру қабілеті – адамның қоршаған әлемді қабылдауында маңызды рөл атқаратын ең басты сезім мүшелерінің бірі. Алайда, қазіргі заманда оқушылар арасында көз ауруларының таралуы алаңдатарлық жағдайға жетіп отыр. Менің Нұртас Оңдасынов атындағы №38 мектептің оқушылары арасында жүргізген зерттеуім балалардың көру қабілетін сақтау мәселесіне көбірек көңіл бөлу қажеттігін көрсетті.

Сивцев кестесін қолдану арқылы оқушылардың көз өткірлігін тексеру нәтижесінде олардың көру деңгейлері әртүрлі екені анықталды. V = 1.0 көрсеткіші қалыпты көру деңгейін білдірсе, V = 0.7 деңгейі көру қабілетінің едәуір төмендегенін және оны түзетуді қажет ететінін айқындайды. Бұл зерттеу оқушылар арасында көз ауруларының алдын алу жұмыстарының маңыздылығын тағы бір дәлелдейді. Қазіргі заманда балалардың көз денсаулығына кері әсер ететін басты факторлар – шамадан тыс оқу жүктемесі, электронды құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану және дұрыс жарықтандырудың жеткіліксіздігі. Осы себептерден көру қабілетінің нашарлауы жиі кездеседі. Көз ауруларын алдын алу үшін ата-аналар мен мұғалімдерге балалардың оқу және демалыс тәртібін дұрыс ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, көз жаттығуларын жасау, дұрыс жарықтандыруды қамтамасыз ету және офтальмологқа уақтылы қаралу – көз денсаулығын сақтаудың негізгі шаралары болып табылады. Бұл зерттеу оқушылардың көру қабілетін қорғауға бағытталған алдын алу шараларын енгізу үшін маңызды ақпарат береді. Денсаулығы мықты, көру қабілеті жақсы ұрпақ тәрбиелеу – біздің ортақ міндетіміз.

Әдебиеттер

1. Аветисов Э.С. - "Гигиена зрения школьников" (1975)
3. Базарнова Н.А., Уткин В.Ф. - "Гигиена детей и подростков"
4. Сычев А.А. - "Охрана зрения детей в школе" (1980)
5. Аветисов Э.С. - "Профилактика близорукости у детей"
6. Сивцев Д.А. - "Определение остроты зрения в клинической практике"
7. Смирнова Т.С., Шевченко А.В. - "Основы офтальмологии"
8. Коваленко А.С. - "Практическое руководство по офтальмологии"
9. Д.А. Сивцев* "Таблицы для исследования остроты зрения" 1. Д.А. Сивцев* - "Таблицы для исследования остроты зрения"

ӘОЖ 519.21

ҚАТЕЛІКТЕР. ЖУЫҚ САНДАР, ОЛАРДЫҢ АБСОЛЮТ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚАТЕЛІКТЕРІ.

Мырзақабыл Г.Е. - ЕП-21-11к2 тобының студенті
Байдибекова А.О. - п.ғ.к., доцент

Кіріспе

Жаратылыстанудың теориялық және қолданбалы есептерін зерттеу, көбінесе алгебралық, трансценденттік, дифференциалдық және интегралдық тендеулерді шешуді талап етеді. Әдетте осы тендеулер шешілгеннен кейін ғана қойылған есептер өз шешімдерін табады деп есептеледі. Электрондық есептеуіш машиналарының пайда болуы және оның ары қарай жетіліп дамуы, ғылым мен техника саласында үлкен келелі өзгерістер енгізді. Соның нәтижесінде ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан ірі ғылыми-техникалық мәселелер өз шешімдерін табуға мүмкіндік алды.

Есептеу математикасының жедел дамуы осы салада қол жеткен жетістіктерге тығыз байланысты. Әсіресе дифференциалдық және интегралдық тендеулерді шешуде сандық әдістерді қолдану және оларды зерттеу жоғары сатыға көтерілді. Есептеу математикасында жоғарыда аталған тендеулерді шешу үшін алуан түрлі сандық әдістер ұсынылған.Есеп, оның пайда болуынан бастап, шешімін алғанға дейін осы есептерді шешумен айналысатын адамдардан және микроЭЕМ-нен құралатын жүйеден өтеді деп тұжырымдауға болады. Қазір есептеу техникасының кең таралуына және оның барлық қоғамдық салаларға ендіріле бастауына байланысты жағдай өзгере бастады. Бұл жүйедегі математикалық модельді таңдаудың ұзақтығы, есепті шешу әдісінің таңдалуы, программалау және есепті микроЭЕМ-де шешуге ықпал ететін басқа да кезеңдер барынша тар болып барады. Есепті шешумен сандық есептеулер және программалаудан бейхабар нақты ғылымдардың өкілдері, мысалы экологтар, экономистер, құрылысшылар айналыса бастағанда, бұл кезеңдер тежеле түседі. Сондықтан, жұмыста жуықтап есептеу мен программалаудан хабары аз пайдалану-шылардың барынша жеңіл тәсілдермен есептерді шешуіне арналған жүйе құрылады.Инженерлік есептеулер көп жағдайларда жуықталған сандармен жүргізіледі, себебі бастапқы берілгендердің көпшілігі эксперимент негізінде алынады. Сондықтан есептеу процесінде қателіктер көлемі көбейеді және де жуықтау формуласын қолдану барысында туындайтын қателіктер және т.с.с. (мысалы, шеңбердің ұзындығы мұндағы дәлдікпен алынған, дөңгелектің ауданы цилиндрдің көлемі және т.с.с.). Сондықтан қателікті тиянақты бағалау үшін есептеу процесінде және де соңғы нәтижесінде белгілі бір дәлдікпен қарастырған жөн секілді.

Анықтама. Санның жуық мәні деп оның дәл мәнінен мейлінше аз айырмашылығы бар және есептеуде оны ауыстыруға болатын санды айтады. Егер санның дәл мәнін А, ал оның жуық мәнін а деп белгілесек, онда олар өзара мынадай қатынаста болатыны белгілі Егер болса, онда жуық а саны кемімен алынған деп, ал болса, онда жуық а саны артығымен алынған жуық сан деп аталады.

Қателіктер – есептеулерде немесе өлшеулерде алынған мәннің шынайы мәннен ауытқуы. Олар әртүрлі себептерден туындайды және түрлі тәсілдермен бағаланады.

1. Жуық сандар

Жуық сандар – дәл мәннің орнына қолданылатын, бірақ кейбір қателіктерге ие шамалар. Есептеулерде жуық мәндер қолданылғанда, алынған нәтижелер де нақты емес, яғни белгілі бір қателіктерге ие болады.

2. Абсолют қателік

Абсолют қателік деп жуық мән мен нақты мән арасындағы айырмашылықты айтады

Абсолют қателік өлшеу бірлігіне тәуелді және тек қателіктің шамасын көрсетеді.

3. Салыстырмалы қателік

Салыстырмалы қателік – абсолют қателіктің нақты мәнге қатынасы арқылы анықталады

4. Қателіктердің пайда болу себептері

Қателіктер бірнеше себептерден туындауы мүмкін:

Өлшеу құралдарының дәлсіздігі – құрылғылардың жетілмегендігінен пайда болатын қателер

Дөңгелектеу – санды жуық мәнге дейін қысқарту

Есептеу әдістерінің кемшіліктері – формулалардың жуықтау тәсілдеріне байланысты

5. Қателіктерді азайту әдістері

Өлшеу дәлдігін арттыру

Дөңгелектеу ережелерін дұрыс пайдалану

Жоғары дәлдіктегі есептеу әдістерін қолдану

Қорытынды

Жуық сандарды қолдану кезіндегі қателіктерді бағалау маңызды, себебі олар есептеулердің сенімділігіне әсер етеді. Абсолют және салыстырмалы қателіктер – нақты мәнге жуықтауды сипаттайтын негізгі көрсеткіштер. Жуықтап алынған санға толық сипаттама беру үшін оның абсолютті немесе шекті абсолютті қателігін білу жеткіліксіз. Мәселен, екі заттың салмағын өлшеу барысында олардың нәтижелері алынды. Бірақ олардың шекті абсолютті қателіктері бірдей болғанымен, бірінші жағдайда екінші жағдайға қарағанда заттың салмағын өлшеу дәлдігі жоғары. Сондықтан абсолютті немесе шекті абсолютті қателіктің өлшенетін шамаға қатынасының шамасын ескеру қажет, ол салыстырмалы немесе шекті салыстырмалы қателік деп аталады.

Әдебиеттер

1. Крылов В.И., Бобков В.В., Монастырский П.И. Вычислительные методы высшей математики.– Минск: Высшая школа, 1972.– Т.1,2.
2. Иванова Т.П., Пухова Г.В. Программирование и вычислительная математика.– М.: Просвещение, 1978.
3. Демидович Б.П., Марон И.А., Шувалова Э.З. Численные методы анализа.– М.: Наука, 1963.
4. Кафаров В.В., Ветохин В.Н., Бояринов А.И. Программирование и вычислительные методы в химии и химической технологии.– М.: Наука, 1972.
5. Байдыбекова А.О. Сандық әдістер. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2002 ж.

ӘОЖ 517.929.7

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ОПЕРАТОР ҮШІН РЕГУЛЯРЛЫ ЖӘНЕ КҮШЕЙТІЛГЕН РЕГУЛЯРЛЫ ШЕТКІ ШАРТТАР

Мырзақабыл Г. – ЕП-21-11к2тобының студенті
Мүсірепова Э.Б.– PhD, аға оқытушы

Дифференциалдық операторлар теориясы мен олардың шекаралық шарттарын зерттеу – математикалық физика мен дифференциалдық теңдеулер саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Көптеген қолданбалы есептерде, әсіресе механика, физика және инженерия салаларында, шекаралық шарттарды дұрыс қою мәселесі негізгі рөл атқарады. Бұл шарттар есептің дұрыс қойылғандығын қамтамасыз етеді және оның шешімдерінің бірегейлігі мен тұрақтылығына әсер етеді.

Бұл мақалада дифференциалдық операторлар үшін регуляры және күшейтілген регуляры шекаралық шарттар қарастырылады. Алдымен, дифференциалдық операторлардың негізгі қасиеттері мен оларды сипаттайтын математикалық модельдер түсіндіріледі. Одан кейін, екінші ретті дифференциалдық оператор үшін әртүрлі шекаралық шарттар енгізіліп, олардың айырмашылықтары мен қолданылу салалары талқыланады.

Иллюстрациялау үшін келесі түрдегі дифференциалды өрнекпен

$$\ell(u) = -u''(x) + q(x)u(x), \quad -1 \le x \le 1 \tag{1}$$

және шекаралық шарттармен

$$\begin{aligned} U_1(u) &= \alpha_1 u'(-1) + \beta_1 u'(1) + \alpha_{11} u(-1) + \beta_{11} u(1), \\ U_2(u) &= \alpha_2 u'(-1) + \beta_2 u'(1) + \alpha_{21} u(-1) + \beta_{21} u(1) \cdot \end{aligned} \tag{2}$$

берілген екінші реттегі қарапайым дифференциалды оператор үшін регулярлы және күшейтілген регулярлы шекаралық шарттарды бөліп аламыз.

Алдымен (2) шекаралық шарттардың регулярлық жағдайын белгілейміз.

1) Алдымен $\alpha_1\beta_2 - \alpha_2\beta_1 \neq 0$ болсын. (2) шекаралық шарттар $u'(0)$ және $u'(1)$ қатысты рұқсат етілетіні анық. $\theta_{-1}, \theta_0, \theta_1$ сандары осы жағдайда мына теңдікпен өрнектеледі.

$$\frac{\theta_{-1}}{s} + \theta_0 + \theta_1 s = \begin{vmatrix} i & -i \\ si & -\dfrac{i}{s} \end{vmatrix} = \frac{1}{s} - s$$

Сайып келгенде, $\theta_{-1} = 1, \theta_0 = 0, \theta_1 = -1$ (5) шарттары орындалады. Сондықтан $\alpha_1\beta_2 - \alpha_2\beta_1 \neq 0$ жағдайында (2) шекаралық шарттар регулярлы болады.

2) Енді $\alpha_1\beta_2 - \alpha_2\beta_1 = 0,$ болсын, бірақ $|\alpha_1| + |\beta_1| > 0,$. Бұл жағдайда $\theta_{-1}, \theta_0, \theta_1$ сандары мына теңдеуден табылады

$$\frac{\theta_{-1}}{s} + \theta_0 + \theta_1 s = i\left(\beta_1\alpha_{21} + \alpha_1\beta_{21}\right)\left(\frac{1}{s} - s\right) + 2i\left(\alpha_1\alpha_{21} + \beta_1\beta_{21}\right)$$

Сондықтан $\theta_{-1} = -\theta_1 = i\left(\beta_1\alpha_{21} + \alpha_1\beta_{21}\right), \quad \theta_0 = 2i\left(\alpha_1\alpha_{21} + \beta_1\beta_{21}\right)$. Демек, егер $\alpha_1\beta_{21} + \beta_1\alpha_{21} \neq 0$ теңсіздігі орындалса, (2) шекаралық шарттар регулярлы болады.

3) $\alpha_1 = \beta_1 = \alpha_2 = \beta_2 = 0,$ болғанда, $U_1(u), U_2(u)$ формаларының сызықтық тәуелсіздігі $\alpha_{11}\beta_{21} - \alpha_{21}\beta_{11} \neq 0$ қосымшаны талап етеміз. Демек, (2) шекаралық шарттар $u(-1) = 0, \quad u(1) = 0$ шарттарына баламалы түрде болады. Осы жағдайда $\theta_{-1}, \theta_0, \theta_1$ сандарын төмендегі теңдеуден табамыз

$$\frac{\theta_{-1}}{s} + \theta_0 + \theta_1 s = \frac{1}{s} - s$$

Сондықтан $\theta_{-1} = -\theta_1 = 1, \quad \theta_0 = 0$. Демек, осы жағдайда (2) шекаралық шарттар регулярлы болады.

Осылайша, (2) шекаралық шарттары келесі үш жағдайда регулярлы болады:

1) $\alpha_1\beta_2 - \alpha_2\beta_1 \neq 0$;

2) $\alpha_1\beta_2 - \alpha_2\beta_1 = 0,\ |\alpha_1| + |\beta_1| > 0,\ \alpha_1\beta_{21} + \beta_1\alpha_{21} \neq 0$;

3) $\alpha_1 = \beta_1 = \alpha_2 = \beta_2 = 0,\ \alpha_{11}\beta_{21} - \alpha_{21}\beta_{11} \neq 0$

Ендірегулярлы есептердің арасынан күшейтілген регулярлыныерекшелейміз. Олүшін (5) теңсіздігінің орындалу жағдайларынтабамыз.

Регулярлылықтың бірінші және үшінші жағдайларында шекаралық шарттар күшейтілген регулярлы екенін оңай көруге болады, өйткені екі жағдайда да $\theta_{-1} = -\theta_1 = 1,\ \theta_0 = 0$, сәйкесінше $\theta_0^{\,2} - 4\theta_1\theta_{-1} = 4 \neq 0$.

Шекаралық шарттар регулярлылығының екінші жағдайын қарап шығамыз. Сонда

$$\theta_0^{\,2} - 4\theta_1\theta_{-1} = -4(\alpha_1\alpha_{21} + \beta_1\beta_{21})^2 + 4(\beta_1\alpha_{21} + \alpha_1\beta_{21})^2 =$$
$$= -4(\alpha_1^{\,2} - \beta_1^{\,2})(\alpha_{21}^{\,2} - \beta_{21}^{\,2})$$

Сондықтан шеткі шарттар күшейтілген регулярлы болады, егер

$$(\alpha_1^{\,2} - \beta_1^{\,2})(\alpha_{21}^{\,2} - \beta_{21}^{\,2}) \neq 0$$

Біз (3) түріндегі күшейтілген регулярлылықтың зерттеуіне толық тоқталамыз, өйткені ғылыми әдебиетте (3) түрінің орнына келесі шарттар қолданылады

$$(\alpha_1\alpha_{21} + \beta_1\beta_{21}) \neq \pm(\beta_1\alpha_{21} + \alpha_1\beta_{21})$$

(3) түрдің шарттары дегенмен біз үшін көрнекірек болып табылады.

Мысалы, мына жалпыланған есепті қарастырайық

$$Ly = y'(x) - \alpha y'(-x) = \lambda y(x)$$
$$y(-1) = y(1) \tag{4}$$

Мұндай есептің жалпы шешімін табу мүмкін болмағандықтан,(4) теңдеуінің сол жағындағы L операторын квадраттап мынадай өрнек аламыз.

$$L(Ly) = L^2 y = y''(x) + \alpha y''(-x) - \alpha y''(-x) - \alpha^2 y''(x) = y''(x) - \alpha^2 y''(x) =$$
$$= y''(x)(1 - \alpha^2)$$

$$L^2 y = (1 - \alpha^2) y''(x) \tag{5}$$

(5) ші теңдеу қарапайым екінші ретті дифференциаалдық оператор. L операторының анықталу облысына Ly тиісті болғандықтан Ly мына шеттік шарттарды қанағаттандырады:

$$\begin{cases} y'(-1) = y'(1) \\ y(-1) = y(1) \end{cases} \tag{6}$$

Мұнда функция және оның туындысы интервалдың шеткі нүктелеріндегі мәндері байланысқан.

(5)- ші есептің жалпы шешімі

$$y(x) = C_1 \cos\frac{\lambda x}{\sqrt{\alpha^2 - 1}} + C_2 \sin\frac{\lambda x}{\sqrt{\alpha^2 - 1}} \tag{7}$$

(7)- ші жалпы шешімнен (4)- ші есепті қанағаттандыратын шешімді аламыз

Қоршаған ортаның ластануы қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Оның ішінде химиялық өндіріс орындары қоршаған ортаға орасан зиян келтіріп, адам өміріне тікелей әсерін тигізуде. Қазіргі таңда химиялық өнеркәсіптің дамуы экономикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, оның экологиялық зардаптары мен адам денсаулығына әсері азаятын емес.

Химиялық өндіріс орындарында пайдаланылатын әртүрлі заттар, яғни токсиндер, ауыр металдар, органикалық қосылыстар мен зиянды химиялық реагенттер ауаға, суға және топыраққа таралып, қоршаған ортаға елеулі ықпал етеді. Мысалы, өндіріске арналған химикаттардан шыққан қалдықтар жер бетіне түскенде, олар топырақты, өзендер мен көлдерді ластайды. Судың ластануы экосистемаларды бұзады, бұл өз кезегінде жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік етуіне қауіп төндіреді. Ал адамдар үшін бұл су арқылы түрлі аурулардың таралуына әкеледі.

Химиялық өндіріс орындары ауаға улы газдар мен бөлшектерді шығарып, оның құрамын бұзады. Бұл газдар арасында көміртек оксиді (CO), күкірт диоксиді (SO_2), азот оксидтері (NOx), озон деңгейінің төмендеуі және басқа да қауіпті қосылыстар кездеседі. Бұл заттар атмосфераға таралып, олардың адам денсаулығына әсер етуі жоғары. Ауа ластануы респираторлық ауруларды (мысалы, астма, бронхит), жүрек-қан тамырлары ауруларын, сондай-ақ қатерлі ісік ауруларын туындатуы мүмкін.

Химиялық өндіріс орындарында қолданылатын кейбір заттар, мысалы, бензол, ацетон, фенол, мышьяк, қорғасын және басқа ауыр металдар, адамдардың денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл заттар ұзақ уақыт бойы адам ағзасында жинақталып, түрлі ауруларды тудырады. Бензолдың әсерінен қан аурулары мен рак ауруларының қаупі артады. Қорғасын мен мышьяк жүйке жүйесіне теріс әсер етеді және балаларда интеллектуалды даму бұзылыстарына әкелуі мүмкін.

Химиялық өндірістің қалдықтары топырақтың ластануына себеп болады. Бұл заттар топырақтың құнарлығын төмендетіп, ауыл шаруашылығының өнімділігін азайтады. Сонымен қатар, химиялық қалдықтар топырақ арқылы өсімдіктерге сіңіп, адамға азық-түлік арқылы өтуі мүмкін. Бұл, өз кезегінде, адамның денсаулығына қауіпті болып табылады, себебі адам ағзасына химиялық улы заттар түсуі мүмкін.

Химиялық өндіріс орындарынан шыққан қалдықтар экосистемалардың тепе-теңдігін бұзады. Су, топырақ және ауаға таралған химикаттар жер бетіндегі тіршілік иелеріне, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктерге айтарлықтай зиян келтіреді. Мысалы, судың ластануы балықтардың, басқа да су жануарларының өлімін тудырып, экожүйенің бұзылуына себеп болады. Ал топырақтың ластануы өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін төмендетеді.

Қоршаған ортаның ластануы тек денсаулыққа ғана емес, экономикаға да зиян тигізеді. Ластанудан туындаған аурулар мен экологиялық дағдарыстар халықтың өмір сүру сапасын төмендетіп, денсаулық сақтау саласына үлкен шығындар әкеледі. Қоршаған ортаның ластануының нәтижесінде халықтың еңбек өнімділігі төмендеп, өмір ұзақтығы қысқарады. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың тұрақтылығына кері әсер етеді.

Қазіргі кезде химиялық өндіріс орындарының қоршаған ортаға зиянын азайту мақсатында түрлі экологиялық шаралар қолға алынуда. Бұл шараларға тиімді қалдықтарды қайта өңдеу, зиянды заттарды төмендету технологияларын енгізу, экологиялық таза өндіріс процестерін дамыту және табиғат қорғау заңдарын қатаң бақылау жатады. Сондай-ақ, халықтың экологиялық білімін арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және халықаралық деңгейде түрлі шаралар ұйымдастырылуда.

Қорытынды

Химиялық өндіріс орындарының қоршаған ортаға тигізетін зияны өте зор және оның адам өміріне теріс әсері айқын. Осыған орай, қоршаған ортаны қорғау мен адамдардың денсаулығын сақтау үшін химиялық өндірісті дамыту кезінде экологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды. Адамдардың болашақ ұрпақ үшін таза, қауіпсіз қоршаған орта қалдыруы үшін барлық мүдделі тараптардың бірлесіп жұмыс жасауы қажет.

Әдебиеттер

1. Авалиани С.Л., Ревич Б.А., Захаров В.М. Региональная экологическая политика. Мониторинг здоровья человека и здоровья среды. М., 2011. – 76 с.
2. Неменко Б.А., Досмухаметов А.Т., Илиясова А.Д., Текманова А.К., Установление особенностей влияния загрязнения воздушного бассейна Казахстана Алматы, 2016
3. Асқарова Ұ.Б. Экология және тұрақты даму: 2013.
4. Қуатбаев А.Т. Жалпы экология: Алматы: 2012.

ӘОЖ 910.3

ЖАҺАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Саитханова С.Ш ЕП 23-21к тобының студенті
Утеева Д.А.- магистр оқытушы

Жаһандық жылыну – бұл жердің климаттық жүйесінің орташа температурасының ұлғаюы. Бұл процесс соңғы бірнеше онжылдықта қарқынды дамып, адамзат алдында экологиялық, әлеуметтік және экономикалық қиындықтар туындатуда. Жаһандық жылынудың негізгі қозғаушы күші – адамның іс-әрекеттері, әсіресе өнеркәсіптің дамуы мен көліктің әсерінен атмосфераға шығатын парниктік газдар (көмірқышқыл газы, метан, азот оксидтері). Жаһандық жылыну климаттың өзгеруіне, экосистемалардың бұзылуына, табиғи апаттардың көбеюіне, азық-түлік тапшылығына және адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді.

Жаһандық жылынудың себептері

Жаһандық жылынудың басты себебі – адам әрекеті. Өнеркәсіптік революциядан бастап, адамзат атмосфераға үлкен көлемде парниктік газдар шығара бастады. Бұл газдар күн радиациясының жер бетіне түсуін арттырып, оны ұзақ сақтап қалуына себеп болады. Нәтижесінде жердің температурасы көтеріледі.

1. Парниктік газдардың көбеюі: Көмірқышқыл газы (CO2), метан (CH4), азот оксидтері (NOx) – бұл газдар атмосферадағы жылуды ұстап тұрып, ғаламдық жылынуға әкеледі. Олар негізінен өнеркәсіптік өндіріс, автомобильдер, орманды жою және ауыл шаруашылығы салаларынан шығарылады.

2. Ормандардың жойылуы: Ормандар атмосферадан көмірқышқыл газын сіңіру арқылы климатты реттейді. Алайда, орманның кең көлемде жойылуы бұл процесті тоқтатып, атмосферадағы CO2 деңгейінің артуына ықпал етеді.

3. Жаңартылатын энергия көздерінің аздығы: Көптеген елдер әлі күнге дейін қазба отындарын (мұнай, газ, көмір) пайдалануға тәуелді. Бұл отындар жағылғанда үлкен көлемде CO2 шығарады.

Жаһандық жылынудың әсерлері

Жаһандық жылыну тек климатқа ғана емес, бүкіл экологиялық жүйеге әсер етеді. Оның ұзақ мерзімді әсерлері келесідей болуы мүмкін:

1. Климаттың өзгеруі:

Жаһандық жылыну жердің климаттық белдеулерін өзгертеді. Экстремалды ауа райы құбылыстары (құрғақшылық, су тасқыны, дауылдар, ыстық толқындары) жиілеуде. Бұл ауыл шаруашылығына зиян келтіріп, азық-түлік қауіпсіздігін бұзады.

2. Мұздықтардың еруі:

Мұздықтардың жылдам еруі теңіз деңгейінің көтерілуіне алып келеді. Бұл әсіресе жағалаудағы елдер мен аралдар үшін үлкен қауіп тудырады. Мұздың еруі су ресурстарының тапшылығын да туғызуы мүмкін.

3.Экосистемалардың бұзылуы:

Жаһандық жылыну табиғаттың барлық экосистемаларына әсер етеді. Жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасы өзгереді, кейбір түрлердің жойылуына әкелуі мүмкін.

4. Адам денсаулығына әсері:

Ыстық толқындары мен табиғи апаттар адамдардың денсаулығына зиян тигізеді. Ыстық ауа райы жүрек-қан тамырлары ауруларын, тыныс алу мәселелерін күшейтеді.

5. Экономикалық шығындар:

Жаһандық жылыну әсерінен табиғи апаттардың саны мен күштілігі артты, бұл ауыл шаруашылығына және инфрақұрылымға үлкен шығындар әкеледі. Сонымен қатар, су ресурстарының тапшылығы экономиканың түрлі салаларында дағдарыс тудыруы мүмкін.

Жаһандық жылынуға қарсы күрес: Қадамдар мен стратегиялар

Жаһандық жылыну – бұл адамзаттың болашағына тікелей қауіп төндіретін мәселе. Ол климаттың өзгеруіне, табиғи ресурстардың сарқылуына және экологиялық дағдарыстардың артуына әкеліп соғуда. Сондықтан жаһандық жылынуды тежеу мақсатында бірнеше тиімді шаралар мен стратегиялар қабылдануы қажет. Бұл күрес әрбір адам мен мемлекет тарапынан жүзеге асырылуы тиіс маңызды бастама болып табылады.

1. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану

Қазіргі кезде жаңартылатын энергия көздері — жел, күн, биомасса, геотермальды энергия — әлемнің көптеген елдерінде басты назарда. Олар көмірқышқыл газын (CO2) шығармайды және экологияға зиян келтірмейді.

• Күн және жел энергиясы: Бұл энергия түрлері экологиялық таза және орнықты, алайда оларды кең көлемде енгізу үшін үлкен инвестициялар мен инфрақұрылым қажет.

• Гидроэнергетика: Бұдан басқа, су энергиясын пайдалану да жылынумен күресте маңызды рөл атқарады. Бірақ гидроэлектр стансалары табиғи ортаны өзгертуі мүмкін, сондықтан оның құрылысы экологиялық тұрғыдан сарапталып жүзеге асырылуы тиіс.

2. Энергия тиімділігін арттыру

Қазіргі кезде энергия тұтынуды үнемдеу және оның тиімділігін арттыру маңызды мәселе болып отыр. Энергияның аз жұмсалуы жаһандық жылыну процесін тежейді, себебі бұл парниктік газдар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

• Энергия тиімді құрылыс: Заманауи ғимараттар мен үйлер энергия үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, салынуы тиіс. Мұнда термоядролық оқшаулау, жарықдиодты лампалар мен жылыту жүйелерін оңтайландыру сияқты шаралар маңызды.

• Электр көліктері: Қала көлігін экологиялық таза электр көліктерімен алмастыру, сондай-ақ қоғамдық көліктерде экологиялық стандарттарды енгізу, автокөліктердің шығаратын газдарын азайтуға көмектеседі.

3. Ормандарды қорғау және қалпына келтіру

Ормандар атмосферадан көмірқышқыл газын сіңіру қабілетіне ие, сондықтан олар жаһандық жылынуды бәсеңдетуге көмектеседі. Алайда, ормандардың жойылуы мен олардың шектен тыс кесіліп кетуі бұл процесті нашарлатып отыр.

4. Парниктік газдардың шығарындыларын азайту

Парниктік газдардың негізгі көзі – өнеркәсіптік өндіріс, көліктер және ауыл шаруашылығы. Оларды азайту үшін тиімді шаралар қабылдануы керек.

• Көмірқышқыл газын сіңіру технологиялары: Бұл технологиялар атмосферадан CO2 алып, оны қауіпсіз жерлерге тасымалдауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда әлемнің түрлі елдерінде бұл технологиялар зерттеліп, енгізілуде.

5. Қалдықтарды қайта өңдеу және қолдану

Қалдықтарды қайта өңдеу — табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен олардың қоршаған ортаға әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

• Пластиктен бас тарту: Пластик қолданудың артуы экология үшін үлкен зиян әкеледі. Пластикті қайта өңдеу және баламалы экологиялық таза материалдарды қолдану маңызды.

6. Жаһандық климаттық келісімдерге қатысу

Жаһандық жылынумен күресу үшін мемлекеттер арасында халықаралық ынтымақтастық қажет. Париж климаттық келісімі сияқты халықаралық келісімдер маңызды қадам болып табылады.

• Париж климаттық келісімі: Бұл келісім әлем елдеріне жаһандық жылынуды 2°C деңгейінен жоғары көтермеуге келісім берді. Елдер өздерінің шығарындыларын төмендету және баламалы энергия көздеріне көшу жөнінде міндеттемелер алды.

• Жергілікті деңгейде әрекет ету: Мемлекеттер ғана емес, жергілікті билік органдары да климаттық өзгерістермен күресу үшін жоспарлар қабылдауы қажет. Бұл, мысалы, экологиялық таза көлік жүйесін құру, су ресурстарын үнемдеу, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту.

Қорытынды

Жаһандық жылынуға қарсы күрес – бұл көпқырлы және ұзақ мерзімді процесс. Ол тек технологиялық шаралармен шектелмейді, сондай-ақ қоғамдық сананы өзгерту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және жүйелі саясатты талап етеді. Егер әрбір адам өз міндетін орындап, экологиялық тұрғыдан жауапты шешімдер қабылдайтын болса, біз жаһандық жылынудың әсерін азайтуға үлес қоса аламыз.

Әдебиеттер

1. Сарис Аркадий Зефирович- Мәскеу “Жаһандық жылынудың парниктік нұсқауы” Легенда Мәскеу 2021 198 б
2. Виктор Михайлович “Жаһандық экология” 2022 324-375, Москва Ленад 2021 210 бет

ӘОЖ 004.8

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП МӘТІНДЕРДІ ӨҢДЕУ

Салимбаева Х.М. - ЕП-22-20к тобының студенті
Шоманбаева М.Т. – ф.-м.ғ.к., доцент

Нейрондық желілер қазіргі күндегі деректерді талдау мен өңдеудің ең тиімді құралдарының біріне айналды. Олар мәтінді өңдеуде кеңінен қолданылады, тілді тереңірек түсінуге және күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Нейрондық желілер - биологиялық нейрондардың жұмысынан шабыттандырылған математикалық модельдер. Олар деректердің үлкен көлемін көп деңгейлі құрылым арқылы өңдейді, мұнда әрбір қабат нақты үлгілерді анықтайды және оларды келесі қабатқа береді.

Нейрондық желі арқылы үлкен мәтіндерді өңдей ала аламыз. Ғылыми тұрғыдан практика түрінде қолданылған нейрондық желіні құрып оның жұмыс істеу барынсын қарастырайық.

Мәтіндер негізінде нейрондық желіні үйретіп, авторларды анықтау міндетін орындайдын алгоритмді қарастырып көреміз. Бірінші орында кодттың мақсатын анықтап аламыз.

Код әр мәтінді тиісті авторға жатқызу үшін нейрондық желіні оқытады. Мысалы, егер мәтін "Булгаковқа" тиесілі болса, модель оны дұрыс тануға үйренеді.

Әртүрлі параметрлерді (сөздік өлшемі, мәтін терезесінің ұзындығы, қадам және т.б.) қолданып, қандай конфигурация ең жақсы нәтиже беретінін анықтайды. Оқыту және валидация кезінде классификация нәтижелері бағаланады.

Матрица қателіктерін (Confusion Matrix) талдау үшін қосымша бағалау құралдары қолданылады.

Код Python бағдарламалық ортасында жазылған. Бірақ біз кодты Google Collab сайтында жазамыз. Өйткені Google Collab-тағы Python кітапханаларын қолдану қолайлы және түсінікті болып табылады. Кодтағы ең керекті бөлік кітапхана (импорт) болып табылады. Нейрондық желідегі кітапханаларды қарастырайық:

- **Numpy және Matplotlib** — деректерді өңдеу және визуализациялау үшін қолданылады.
- **Keras** — нейрондық желілерді құруға арналған API.
- **Sklearn.metrics** — классификация нәтижелерін бағалау үшін қолданылады.
- **Gdown және OS** — мәліметтерді жүктеу және файлдармен жұмыс істеу үшін қолданылады.

Токенизация бұл мәтіндермен жұмыс істеуге арналған функция болып табылады. Мәтіндер токенизацияланады: әрбір сөзге бірегей сан беріледі.Tokenization нәтижелері нейрондық желімен жұмыс істеу үшін реттеледі:

- **train_sequences** — оқыту мәтіндері.
- **val_sequences** — тестілеу мәтіндері.


Бұл деректердің ұзындығы бірдей болуы үшін олар паддингпен толықтырылады (pad_sequences).
Кезектегі жұмыс нейрондық желіні құру болып табылады.

- Бірнеше тығыз қабаттар (Dense) мәтіннен ерекшеліктерді үйренеді.
- Dropout және BatchNormalization қабаттары желінің тұрақтылығын арттырып, артық үйренуді болдырмауға көмектеседі.
- Шығыс қабаты (softmax) авторлардың санын болжайды.

Нейрондық желі төбедегі қадам бойынша құрылады. Оның жұмыс істеу барысын көрейік.

Нейрондық желі қабаттарға топтастырылған нейрондардан тұрады, оның кіріс деңгейі , бір немесе бірнеше жасырын қабаттары және шығыс қабаты бар. Әрбір нейрон алдыңғы қабаттың нейрондарымен белгілі салмақтар арқылы байланысады.

Қабаттар мен нейрондардың саны шектелмейді. Бұл мүмкіндік нейрондық желіге, мысалы, сызықтық модельдер жеңе алмайтын өте күрделі үлгілерді модельдеуге мүмкіндік береді(1-сурет).



1-сурет

Бізде нейрондық желіні құрастыру жұмысы аяқталды. Енділікте оны қолданып қандай нәтиже шығатынын көреміз. Авторларға қатысты мәтіндер жинап және соларды қолданып нәтижені көреміз(2-сурет).

```
Тестовая добавлена для Булгаков[0]
Обучающая добавлена для Булгаков[0]
----------
>> Булгаков
Обучающая добавлена для Клиффорд_Саймак[1]
Тестовая добавлена для Клиффорд_Саймак[1]
----------
>> Булгаков
Тестовая добавлена для Макс Фрай[2]
Обучающая добавлена для Макс Фрай[2]
----------
>> Булгаков
Обучающая добавлена для О. Генри[3]
Тестовая добавлена для О. Генри[3]
----------
>> Булгаков
Обучающая добавлена для Рэй Брэдберри[4]
Тестовая добавлена для Рэй Брэдберри[4]
----------
>> Булгаков
Тестовая добавлена для Стругацкие[5]
Обучающая добавлена для Стругацкие[5]
----------
>> Булгаков
>> Дон Кихот ДЕЙСТВУЮЩИЕ ЛИЦА Алонсо Кихано, он же Дон Кихот Ламанчский.  Антония – его племянница.
```

2-сурет

Бұл код мәтіндерді автоматты түрде авторлар бойынша классификациялау үшін қолданылады. Ол оқыту деректерінен әр автордың ерекшелігін үйреніп, жаңа мәтіндерге авторларды болжауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Goodfellow, I., Bengio, Y., &Courville, A. (2016).
2. Goldberg, Y. (2017).
3. https://www.tensorflow.org/ сайты
4. Albon, C. (2018).

ӘОЖ 004.043

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАСOBIT-ДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Салимбаева Х.М.- ЕП-22-20к тобының студенті
Бейсенова Г.И. –п.ғ.к., доцент

COBIT (ағылш. Control Objectives for Information and Related Technologies – «Ақпараттық және соған байланысты технологиялар үшін басқару мақсаттары») – ISACA (ағылш. Information Systems Audit and Control Association) коммерциялық емес ұйымына тиесілі және сол ұйыммен әзірленген ақпараттық технологияларды басқару әдістемесі. Бұл IT басқару, IT қауіпсіздік аудиті саласындағы шамамен 40 халықаралық және ұлттық стандарттар мен нұсқаулықтарды қамтитын ашық құжаттар пакеті болып табылады, ол қолданыстағы стандарттар мен IT басқару саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді талдау және үйлестіру негізінде жасалған.

COBIT-тің міндеті – компания басш\ылығының бизнес-мақсаттар туралы көзқарасы мен сол мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс ақпараттық инфрақұрылымды қолдайтын IT департаменті арасындағы алшақтықты жою болып табылады.

Сонымен қатар, COBIT IT басқару жүйесінің тиімділігін бағалау үшін жиі IT жүйелерінің аудитінде қолданылатын көрсеткіштерді (метрикаларды) енгізеді. Олардың қатарына ақпаратты өңдеудің сапасы мен құны, оның тұтынушыға жеткізілу сипаттамалары, ақпаратты өңдеудің субъективті аспектілері (мысалы, стиль, интерфейстердің ыңғайлылығы) жатады.

Мысал ретінде «Қазақтелеком» акционерлік қоғамын алуымызға болады.

«Қазақтелеком» - Қазақстандағы өте үлкен телекоммуникациялық компания болып табылады. «Қазақтелеком» ұлттық байланыс инфрақұрылымын басқаратын үлкен акционерлік қоғам болып есептеледі. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы телекоммуникациялық қызметтерді орындап, цифрлық жүйелерді орындай отырып, оларды дамытумен айналысып келеді. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының IT процестерін қолайлы басқарып және оның қызмет көрсету сапасын жақсартатын IT басқару жүйесіне CobIT жүйесін алуға болады. «Қазақтелеком» ақпараттық жүйелерінің саны артуымен IT процестерін басқару қиындады және төмендегі проблемалар туындады:

– IT қызметтері мен бизнестік мақсаттар арасындағы сәйкезсіздік көп кездесті;

– Қызмет көрсетудің сапасы және деңгейі төмендей түсті;

– Ақпараттық қауіпсіздікті күшейту талап етілді;

Осындай проблемалардың туындауымен оларға шешім ретінде CobIT IT басқару жүйесі көмекке келді. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы CobIT аясында келесі басқару мен бақылау жүйелері мен мақсаттарын алға қойып шықты:

– IT мақсатын жақсарту – IT шешімдері «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.

– Қызмет сапасын басқару – IT қызметтердің сапасын белсенді түрде арттырады.

– IT қызметтерін тоқтаусыз басқару – желі жұмысын үздіксіздігін қамтамасыз етіп оны бақылайды.

CobIT барлық IT процестерді бағалап, туындаған тиімсіздктерді анықтап, оның шешу жолдарын іздестіреді. Ол қызмет көрсету стандарттарын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына енгізіп, оны бақылайды. CobIT «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының ақпараттық қауіпсіздік процестерін стандарттап және ISO 27001 сертификатын алуды жоспарлап отыр.

CobIT «Қазақтелеком» акционерлік қоғамын басқару арқылы төмендегі нәтижелерге қол жеткізді:

– IT қызмет көрсету деңгейінің сапасы артып, қолданушылар тарапынан арыз шағымдар азайды;

– Бизнес пен IT басқару арасындағы өзара байланыс оданда жақсара түсті;

– Ақпараттық қауіпсіздік бойынша тәуекелділік азайып, бүкіл жүйенің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.

– Жүйені автоматтандыру іске асырылды.

CobIT -дің қолданылуы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының бизнес процестерін IT процестермен байланыстырып, қызмет көрсету деңгейін өте жақсартты.

Бұл стандарт тәжірибе қажеттіліктерін қанағаттандырып, нақты өндірушілерден, технологиялардан және платформалардан тәуелсіздік сақтайды. COBIT стандартын әзірлеу кезінде оны компанияның IT

жүйесінің аудитін жүргізу үшін де, IT жүйесін жобалау үшін де пайдалану мүмкіндігі қарастырылды. Бірінші жағдайда, COBIT зерттелетін жүйенің үздік үлгілерге сәйкестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді, ал екінші жағдайда, оны сипаттамалары бойынша дерлік мінсіз жүйе жобалау үшін қолдануға болады.

Әдебиеттер

1. "COBIT 5: A Business Framework for the Governance and Management of Enterprise IT.
2. "COBIT 2019 Framework: Governance and Management Objective".
3. "IT Governance: A Manager's Guide to Data Security and Compliance"
4. "COBIT 5 for Managers" .
5. COBIT 5 Framework – ISACA ресми сайтынан (www.isaca.org) жүктеуге болатын COBIT 5 шеңбері мен процесінің толық құжаты.
6. "The Governance of Enterprise IT: An Examination of the COBIT Framework" – ғылыми мақала.
7. "The Impact of COBIT on IT Governance: Evidence from the Public Sector.
8. Қазақтелеком жылдық есептері – telecom.kz

ӘОЖ4.32:141

БАСТАУЫШ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА КӨРНЕКІЛІКТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

СалимбекА. Б. – МТП-23-2нк тобының магистранты
Жияшева Ж.Ш. – Phd доктор, аға оқытушы

Мектепте өзге пәндердің оқыту әдістері сияқты әдебиет сабағын оқытудың да өзіне тән міндеті мен бағдарламасы, оқыту әдісі бар. Соның бірі көрнекілік әдісі . Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі - әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Әдебиет-бұл әлемді танудың құралы, олбізге «не жақсы, не жаман» екенін түсінуге көмектеседі, бұлжалпы адамзаттық қақтығыстардың басталуын көрсетеді. Әдебиет бізге адамның ішкісұлулығын көруге, оны түсінуге және бағалауға көмектеседі. Әдебиет-рухты тұлғаны тәрбиелеудің қуатты көзі. Көркем образдарды ашу арқылы әдебиет бізге жақсылық пен жамандық, шындық пен қисық, шындық пен өтірік туралытүсінікбереді. Ешқандай пайымдау, еңшешен, ешқандай дәлел, еңсенімді адамның санасына шынайы суреттелген сурет сияқты әсер етеалмайды. Бұл әдебиеттің күші мен маңыздылығы [1].

Көрнекі құралдардың түрлерін білу мұғалімнің, оларды дұрыс таңдап алуына және оқытуда тиімді түрде пайдалануға, сондай-ақ өзінің немесе балалармен бірге көрнекі құралдарды дайындап алуына мүмкіндік береді. Көрнекі оқу құралдарды табиғи және суретті құралдардеп бөлу қабылданған. Әдебиет сабағында пайдаланылған суретті көрнекі құралдың біртүрішарттықұралдарболыптабылады: портреттіксимволдардың, схемалар, суреттер, сызбалар. Суреттік көрнекі құралдар да жатады. Олар: оқу фильмдері, диофильмдер, диофозитивтер, нитер белсендітақта. Көрнекі құралдарды пайдалану тұрғысаналғанда жалпысыныптықжәне жекелік деп бөлінеді. Жалпысыныптық көрнекі құралдарды бүкіл сынып болып пайдаланылады (кейде оларды демонстрациялық деп атайды).

Көркем әдебиетте өтемаңызды ұғым бар – ол «мәтін». Ең жақсы сөз шеберлерінің, жазушылардың мәтінінде дұрыс жұмыс істеу өте маңызды. Ол адамның көкжиегін кеңейтеді, ойластырылған оқуға, автор бейнелеу арқылы білдіретін идеяларды түсінуге үйретеді. Мәтіндегі сауатты жұмыс адамның сөздік қорын байытады, әдебитілді және әртүрлі көркемдікәдістерді меңгеруқабілетін дамытады.Әдебиет-бұладамды емдей алатын күшті қару. Сондай-ақ, әдебиет бізге өзін-өзі жетілдіру жолдарын да көрсетеді.

Әдебиетте көркем образдарды ашу-әдеби оқудың негізгі бөлігі, оның негізі болып табылады. Кез-келген көркемдік образ біруақытта жазушының идеологиясының шындығы мен көріністерінің бейнесі екенібелгілі. Әдебишығармамен танысу жеткіліксіз. Көркемәдебиет ақыл мен сезімдідамытады. Ол-біздіңұстазымыз, тәлімгеріміз, жолсерігіміз. Нақты жәнешынайы емесәлемге бағыттаушы. Сөзде ойды білдіру қабілетіадамның айрықша ерекшелігіболыптабылады. Сөздер-бұлрухани даму дәрежесі айқын

көрінетін айна. Біздің жанымызғасырттан келетінбарлықнәрсебіздіңсезімдерімізде, ойларымыздажәнеоларды білдіру тәсіліндежүзегеасады[2].

Көркем әдебиетөмірді түсіндіреджәне сол арқылы баланыңөмірлік тәжірибесін кеңейтеді. Адамдардың ішкі әлемін ашып, олардың кейіпкерлерін, сезімдерін, іс-әрекеттерінің мотивтерін, сондай-ақ жазушының бейнеленген құбылыстарға дегенкөзқарасынкөрсетеотырып, көркем әдебиет туындылары баланы қызықтырады, кейіпкерлерге түсіністікпен қарайды немесе оларды айыптайды.Көркем әдебиеттің ең жақсы туындылары балаларда моральдық бағаларды оларүшін қолжетімдітүрде қалыптастыруға көмектеседі: жақсы-жаман, әділ-әділетсіз, адал-адалемес, жақсы-жаман. Ол балағақоғам мен табиғаттың өмірін, адамныңсезімдері мен қарым-қатынастарының әлемін ашады және түсіндіреді. Көркем сөз баланың тілінің дамуына үлкен әсер етеді. Балалар анатілін күлкілі әзілдерден, мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан, жаңылтпаштар мен ертегілерден үйренеді.

Халық әндері, айтыстары, толғаулар мен дастандары, батырлықжырлары- бұл өте жақсы балалардың ойлау мүмкіндіктеріне жақсы әсерін тигізеді. Фольклор балалардың сезімдері мен сөйлеуін байытады, қоршаған әлемге деген көзқарасты қалыптастырады, моральдық және сөйлеу дамуында үлкен рөль атқарады.Мәселен, шағын фольклорлық шығармалары-сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамытуға арналған ең бай материал. Сондай-ақ, фольклор сөздікті байытады, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамытады.

Көркем әдебиет оқушыға қай жағынан көмектеседі:

* балада оның денсаулығына пайдалы және зиянды нәрселер туралы идеяларды дамыту

* балаларда өз денесінің бөліктері және олардың денесінің сақталуын қамтамасыз етудің қарапайым тәсілдері туралы алғашқы идеяны дамыту

* киімдегі тәртіпсіздікті өз бетінше жою қабілетін қалыптастыру

* мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту және т. б.

Көркем сөздісәтті қолдану үшін ересек адам оны жатқа оқып, эмоционалды, баламен сөз байланысын сақтауы керек.

Көркем әдебиет жауап беруді, жанашырлықты, мейірімділікті, басқалар үшін қуанышты қалыптастыруға көмектеседі. Бұл сезімдер балаларды белсенді әрекеттерге итермелейді: көмектесу, қамқорлық, көңілбөлу, тыныштандыру, қуанту және т.б. Әрбір балалар іс-әрекетінде қарым-қатынас дағдыларын, адамгершілік сезімдерді, ізгініетті қалыптастыру, басқаларға көмектесу, үлкендерді құрметтеу үшін белгілі бір жағдайлар жасалады [3].

Өз жұмысында көркем сөзді қолдану балаларға моральдық норманы түсінуге көмектеседі, ал мұғалімдерге әртүрліс-шаралар арқылы балаларда жағымдыморальдық сезімдерді тәрбиелейді.Көркем әдебиеттің қолданылатын педагогикалық құралдары оқушыларға адами қатынастарды түсінуге, оларды мейірімді, еңбекқор, тәуелсіз, үнемдіетуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, көркемәдебиет –мектеп жасына дейінгі балалардың дамуыныңең бай танымдық және адамгершілік көзі болып табылады.

Қорыта келгенде, қай пәнді болса да оқушыларға түсінікті, қызықты, тартымдыжәне күнделікті өмірмен байланыстыра өткізу – оқытудыңең басты талабы. Барлық сынып балаларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін оқупроцесінде үздіксіз дамыту, сабақ барысында алғанбілімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруүшін, сабақтарда көрнекі құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Сабақта тиімді пайдаланылған көрнекіқұралдар мұғалімнің түсіндіріп отырғанматериалын оқушылардың тиянақты меңгеруіне көмегін тигізеді. Көрнекілік оқушыларды сергітіп, тапсырманы тез ынтамен орындауға, өзбеттерімен жұмысістеуге үйретеді. Оқушылардың ойланғыштық, іздемпаздық қабілетін арттырады. Сондықтан да күнделікті өткізген сабақтарында түрлі көрнекі құралдарды көп пайдаланып отыру өте тиімді.

Әдебиеттер

1. Уәли Н. Қыдырбаев Ө. Сөзмәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2006, -262 б.
2. Тумова З. В. Формирование читательских интересов у младших школьников // Наука и современность. - 2014. - № 30. - С. 87–91.
3. .Сартаева, Н. Т. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру / Н. Т. Сартаева, А. Т. Сартаева. -Текст : непосредственный // Молодой ученый. - 2019. - № 4.1 (242.1). - С. 18-20.

ӘОЖ101.67

ПРОБИОТИКАЛЫҚ СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Саметова А.А.– ЕП-23-13к2 тобының студенті
Оразбаева З.М. – аға оқытушы

Қазіргі кезеңде адамдарның тамақтану процесін зерттеу ең елеулі және перспективалы мәселеге айналды. Пробиотиктер мен пробиотикалық өнімдерді өндіру мен тұтыну халықтың денсаулығын сақтаудың, жасы егде тартқан адамдардың дене белсенділігін жоғарылатудыңоңтайлы жолы болып табылады.

Пробиотиктер дегеніміз асқорыту жүйесінің жоғарғы бөліміндегі ыдырамайтын,дегенменорганизмнің тоқ ішегінің тиімді микрофлорасыменәрекеттесіп, оның жетілуімен дамуын қолдайтын тағам компоненттері болып табылады. Ішке енгізгенде олар ішек бөліктерінің кілегей қабатына қоныстанады, биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады. Олар органикалық қышқылдар, баска метаболиттер сонымен қатар бактериоциндер шартты-патогенді және патогендімикроағзалардың дамуын тоқтатады.Пробиотиктерді пайдалану мақсаты: ашық қуыстар мен ішектегі бактериялық теңгерімді қалыпқа келтіру; ішек микрофлорасының жұмысын жақсартуға бағыттап, организмнің алмасуын басқару; иммунитеттің жұмысын реттеу.

Пробиотиктерді алу технологиясы

Пробиотиктерді көбінесе бифидобактериялар және лактобациллалардан дайындалады. Тірі бифидобактериялар бірінші емдеу- профилактикалық препаратты 1956 жылы Германияда дайындалған. Бифидобактериялар мен лактобациллалардың ферментациялық дақылдануында көміртегі көзі ретінде көмірсулар, бикарбонат, азот көзі ретінде цистеин және т.б. қажет болады. Пробиотикалық сүтқышқылды өнімдер зиянсыз бактерияларды пайдаланып ,асқазан мен ішек микрофлорасын қалпына келтіруге көмектеседі. Пробиотикалық өнімдерді дайындау үшін екі негізгі әдіс қолданылады: 1) резервуарлы әдіс, 2) термостатты әдіс.

Резервуарлы әдісте, балғын сүтті қышқылдылығы 190 Т және тығыздығы 1027 кг/м³ болатын күйде қолданады. Майсыз сүт, құрғақ сүт, казеин натрия, жеміс-жидек қосымшалары және тағамдық хош иістендіргіштер жоғары сапалы болуы тиіс және олар ешқандай дәм немесе иіс қалдырмайтындай болуы керек. Сүтті қалпына келтіру үшін сепаратор-нормализатор арқылы араластырады. Пастерлеу барысында зиянды микробтар жойылып, сүттің ұйыту үшін қажетті жағдайы пайда болады. Пастерлеу температурасы 92°С-қа дейін 2-8 минут немесе 85°С-та 15 минут болуы мүмкін. Лезде пастерлеу кезінде температура 102°С-қа жетеді, бұл кезде сүт сарысуы мен белогы өзгеріп, казеиннің қасиеттері жақсарады. Гомогендеу процесі 60-65°С температурасында және 17,5 МПа қысымда жүргізіледі, бұл сүттің біркелкі болуына көмектеседі.Термостатты әдіс резервуарлы әдіспен тығыз байланысты және көптеген ұқсас процестерден тұрады, мысалы, шикізатты дайындау, сүтті қалпына келтіру, пастерлеу,гомогендеу, салқындату, ұйыту, қоспаны салқындату және жетілдіру.Резервуалды әдіспен өндірде термостатты әдісіне қарағанда бірнеше есе тиімдірек болады


Пробиотикалық тағамдар сапалы және қауіпсіз болу үшін:

1. Сүт және дайын пробиотикалық сүт тағамдары балғын күйде, барлық физико-химиялық көрсеткіштерге және Мемлекеттік стандарты бойынша сәйкес болуы керек;
2. Бифидобактериялар ұйытқылары таза, балғын сапалы болуы қажетті;
3. Технологиялық процестердің бірыңғай сатылы жүруі тиіс;
4. Тағамдағы пробиотикалық бактериялар сан мөлшері 106 КТБ болуы қажет;
5. Титрлік қыщкылдылығы 800 Т жоғары болмауы керек;
6. Органолептикалық көрсеткіштері жоғары дәрежеде болуы тиіс.

Пробиотикалық сүт тағамдарының сапасы мен қауіпсіздігі

Пробиотиктер – тірі симбиотикалық микроорганизмдерден тұратын препараттар, олар организмнің бұзылған микробиологиялық балансын қалпына келтіруге қабілетті. Ішке қабылданғанда, олар ішектің кілегей қабатын колонизациялап, органикалық қышқылдар, бактериоциндер және басқа метаболиттер шығарады, бұл патогенді және шартты патогенді микроорганизмдердің өсуін тоқтатады. Сонымен қатар, пробиотиктер ішек физиологиясына пайдалы әсер етіп, детоксикациялық және иммундық жүйені реттеу әсерін көрсетеді.

Сауалнама бойынша, жауап берушілердің 97%-ы күнделікті рационда сүт сусындарын қабылдайтыны, ал 3%-ы ғана жоқ екендігі анықталды. Респонденттердің сүт сусынының түріне қатысты қалауы 1-суретте көрсетілген



Сурет 1 – Сүтті сусынның түрлері бойынша тұтынушылардың таңдауы

1-суреттен көрініп тұрғандай, жиі қолданылатын ашытылған сүт сусындарының ішінде сүттен кейінгісі – йогурт. Йогурт – бұл термофильді сүт қышқылы стрептококтары мен болгар сүт қышқылы таяқшаларының ашытқы микроорганизмдерінің қоспасын пайдалану арқылы өндірілген құрғақ майсыздандырылған сүт заттарының көп мөлшерлі бар қышқыл сүт өнімі. Йогурттың пайдалы қасиеттері көп. Ол гастрит сияқты ауруларға, ішек микрофлорасын қалпына ккелтіуге көмектеседі. Ол ішек ддисбактериозна қарсы күреседі және иммундық жүйені нығайтып, аллергияның салдары мен көріністерін азайтады. Қазақстан нарығындағы

ең танымал брендтері -Вимм-Билль-Данн компаниясының «Чудо йогурты» және Danone компаниясының «Активиа» йогурты.

«Активия» йогуртының ерекшелігі – құрамында Bifidobacterium animalis бифидобактерияларының болуы. Бифидобактериялардың бұл түрі адамның ішек микрофлорасына және өмір сүруіне жақсы әсер етеді. Бұл брендтің йогурттары күнделікті тұтынуға арналған, «Активия» ас қорыту процесін тездетеді, микрофлораны қалыпқа келтіруге көмектеседі, дененің жалпы жағдайын жақсартады.

Қазір емдік-профилактикалық қасиеттері бар өнімдерге маңызды талаптар қойылуда.

Өнімдер мұндай қасиеттерді бифидобактерияларды немесе сүт қышқылы бактерияларын қолданылып дайындаған кезде неөнімдерді әртүрлі дәрумендермен, минералды заттармен, құрамында осындай заттары бар шырындармен, өсімдік майлары ретіндеполиқанықпаған май қышқылдарымен көбейткен кезде ала алады. Яғни мұндай кезеңде функционалды өнімдер белгілі бір ттотағы адамдар үшін де дайындалып, тұтынуға беріледі.Оған метаболизм қызметі бұзылған адамдар кіреді, олар үшін аз калориялары функционалды тағамдардайындалады. Екінші топқа лактозаға төзбеушілік не төмен төзушілік бар адамдар кіреді, олар үшін соя негізіндегі лактозасыз тағамдардайындалады. Келесі топқа асқазан-ішек жолдарында аурулары бар адамдар кіреді.Бұл топтағы адамдарлактулозаны тұтынады. Биоактивтізаттармен (амарант) байытылып, өндірілген өнімдер жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдарға арналған. Ағзаның түрлі ауруларға шыдамдылығын жоғарылату мақсатында өнімдер дәрумендермен, каротинмен байытылады. Йод жеткіліксіз аудандарда тұратын халықтың тамақ өнімдерін йодпен қамтамасыз етеді. Кальций бар өнімдер – дененің сүйек жүйесін жақсартуға көмектеседі. Мұндай функционалды өнімдер ретінде пробиотик болып есептелетін ацидофильді таяқшамен ашытылған сүт қышқылды сусынды есептеуге болады. Мұндай сусын екіншілік шикізаттан – ағартылмаған ірімшік сарысуынан жасалады Қышқыл ретінде ацидофильді таяқшадан өзге пропион қышқылы бактериялары мен айран ашытқысын да пайдалануға болады.

Пробиотикалық сүт тағамдары – ішкі ағзаға пайдалы және ас қорыту процесінекүшті әсер ететін өнімдер. Айран, йогурт,сүт т.б. пробиотикалық тағамдар күнделікті тамақтану рационына қосу үшін өте пайда. Сүтқышқылды пробиотикалық өнімдердің диеталық әсері, зат алмасу процесіне оң әсері , ас қорыту сөлдерінің дұрыс бөлінуі және тәбетті арттыруы. Сүтқышқылды пробиотикалық тағамдарды қорғаныш қасиеттерін көбейту ағзаның физикалық жағдайының дамуына, ауруларды азайтуда иммундық жүйенің және ішек микробиоценозының қалыптасуына оң әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Исабаева Г.М. Азық түлік өнімдері салаларының технологиясы. – Алматы: «Эверо», 2020.-172-204б.
2. М.К.Алимарданова, А.И. Матибаева, Б.Ш.Джетписбаева.Тағамдық майлардың, сүт және сүт өнімдерінің тауартануы және сараптау.Астана: «Фолиант», 2019.– 256 б.
4. Қ. Х. Әлмағамбетов, Ә. Ө. Байдүйсенова, Қ. М. Мұхаметжанов. Микроорганизмдер биотехнологиясы. – Астана, 2008. – 147 б
5. Диханбаева Ф.Т. Сүт және сүт өнімдері технологиясы. Алматы: АТУ, 2006. – 100 б.

ӘОЖ 37.091.39:51

СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕРМЕН ШЕШУ

Сатимбаева А. - ЕП- 24-11к4 тобының студенті
Маденова А.А. - аға оқытушы

Біз осы уақытқа дейін екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шешуде қосу және алмастыру тәсілдерін қолданып келген едік. Ал осы жоғары орнында сызықтық алгебра пәнінен үш айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің үш әдісімен шығаруды үйрендік.

Мен осы баяндамаға дайындалу барысында 40-тан астам сызықтық теңдеулер жүйесін үш әдіспен шығардым.

1-мысал $\begin{cases} 7x_1 - 5x_2 = 31 \\ 4x_1 + 11x_3 = -45 \\ 2x_1 + 3x_2 + 4x_3 = 3 \end{cases}$

Сызықты теңдеулер жүйесін Крамер әдісімен шешіңіз.

$$\begin{cases} 7x_1 - 5x_2 = 31 \\ 4x_1 + 11x_3 = -45 \\ 2x_1 + 3x_2 + 4x_3 = 3 \end{cases}$$

Шешуі:Бұл әдіспен шешу үшін алдымен жүйенің коэффициентерінен құрылған үшінші ретті анықтауышты тауып аламыз.

$$\Delta = \begin{vmatrix} 7 & -5 & 0 \\ 4 & 0 & 11 \\ 2 & 3 & 4 \end{vmatrix} = 0 - 110 + 0 - 0 + 80 - 231 = -261$$

Егер Δ≠0 болса, жүйенің тек бір ғана шешімі болады, ол Крамер формуласымен табылады:

$x_i = \frac{\Delta_i}{\Delta}, (i = \overline{1,n})$. Δx_1-ді табу үшін бірінші тік жолын бос мүшелерден құралған тік жолмен алмастырып алынады. $\Delta x_1 = \begin{vmatrix} 31 & -5 & 0 \\ -45 & 0 & 11 \\ 3 & 3 & 4 \end{vmatrix} = 0 - 165 + 0 - 0 - 900 - 1023 = -2088$

Δx_2-ні табу үшін екінші тік жолын бос мүшелерден құралған тік жолмен алмастырып аламыз.

$$\Delta x_2 = \begin{vmatrix} 7 & 31 & 0 \\ 4 & -45 & 11 \\ 2 & 3 & 4 \end{vmatrix} = -1260 + 682 + 0 - 0 - 496 - 231 = -1305$$

Δx_3-ті табу үшін үшінші тік жолын бос мүшелерден құралған тік жолмен алмастырамыз

$$\Delta x_3 = \begin{vmatrix} 7 & -5 & 31 \\ 4 & 0 & -45 \\ 2 & 3 & 3 \end{vmatrix} = 0 + 450 + 372 - 0 + 60 + 945 = 1827$$

Крамер формуласы бойынша :

$x_1 = \frac{\Delta x_1}{\Delta} = \frac{-2088}{-261} = 8; x_2 \frac{\Delta x_2}{\Delta} = \frac{-1305}{-261} = 5; x_3 = \frac{\Delta x_3}{\Delta} = \frac{1827}{-261} = -7$ Жауабы: (8;5;-7)

Сызықты теңдеулер жүйесін кері матрица әдісімен шешіңіз: $\begin{cases} 7x_1 - 5x_2 = 31 \\ 4x_1 + 11x_3 = -45 \\ 2x_1 + 3x_2 + 4x_3 = 3 \end{cases}$

Шешуі: $\Delta = \begin{vmatrix} 7 & -5 & 0 \\ 4 & 0 & 11 \\ 2 & 3 & 4 \end{vmatrix} = 0 - 110 + 0 - 0 + 80 - 231 = -261$

$$A = \begin{pmatrix} 7 & -5 & 0 \\ 4 & 0 & 11 \\ 2 & 3 & 4 \end{pmatrix}, \quad X = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ x_3 \end{pmatrix}, \quad B = \begin{pmatrix} 31 \\ -45 \\ 3 \end{pmatrix}$$

белгілеулерін енгіземіз, оны матрицалық теңдеу $AX = B$ түрінде жазып алайық. A матрицасының анықтауышы Δ= –261 ≠0 болғандықтан, оның кері A^{-1} матрицасы болады. Кері матрицаны табайық:

$A_{11} = (-1)^2 \cdot \begin{vmatrix} 0 & 11 \\ 3 & 4 \end{vmatrix} = 0 - 33 = -33$, $A_{12} = (-1)^3 \cdot \begin{vmatrix} 4 & 11 \\ 2 & 4 \end{vmatrix} = -(16 - 22) = 6$

$A_{13} = (-1)^4 \cdot \begin{vmatrix} 4 & 0 \\ 2 & 3 \end{vmatrix} = -12 - 0 = 12$, $A_{21} = (-1)^3 \cdot \begin{vmatrix} -5 & 0 \\ 3 & 4 \end{vmatrix} = -(-20 - 0) = 20$

$A_{22} = (-1)^4 \cdot \begin{vmatrix} 7 & 0 \\ 2 & 4 \end{vmatrix} = -28 - 0 = 28$, $A_{23} = (-1)^5 \cdot \begin{vmatrix} 7 & -5 \\ 2 & 3 \end{vmatrix} = -(21 + 10) = -31$

$A_{31} = (-1)^4 \cdot \begin{vmatrix} -5 & 0 \\ 0 & 11 \end{vmatrix} = -55 - 0 = -55$, $A_{32} = (-1)^5 \cdot \begin{vmatrix} 7 & 0 \\ 4 & 11 \end{vmatrix} = -(77 - 0) = -77$

$A_{33} = (-1)^6 \cdot \begin{vmatrix} 7 & -5 \\ 4 & 0 \end{vmatrix} = 0 + 20 = 20$

Сонда, A^{-1} матрицасын мына түрде жазамыз:

$$A^{-1}=\frac{1}{|A|}\cdot\begin{pmatrix}A_{11} & A_{21} & A_{31}\\ A_{12} & A_{22} & A_{32}\\ A_{13} & A_{23} & A_{33}\end{pmatrix}=\frac{1}{-261}\begin{pmatrix}-33 & 20 & -55\\ 6 & 28 & -77\\ 12 & -31 & 20\end{pmatrix}\begin{pmatrix}31\\ -45\\ 3\end{pmatrix}=$$

$$=\frac{1}{-261}\begin{pmatrix}-1023 & -900 & -165\\ 186 & -1260 & -231\\ 372 & +1395 & +60\end{pmatrix}=-\frac{1}{261}\begin{pmatrix}-2088\\ -1305\\ 1827\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}8\\ 5\\ -7\end{pmatrix}$$

$x_1=8, x_2=5, x_3=-7$

Жауабы: (8;5;-7)

Жалпы алғанда, сызықтық теңдеулер жүйесін екі әдіспен шешсек те,олардың шешімдері бірдей болатынына көз жеткіздік. Студенттер қайсы әдісті оңай десе сол әдіспен шығаруына болады екен. Сол себепті мен емтихан сұрақтарында кездесетін есептердің барлығын әртүрлі әдісімен де шығаруға қызықтым.

Әдебиеттер

1. Әшірбаев Н.Қ. Жоғары математика курсының негіздеріоқу құралы/ Н.Қ. Әшірбаев.– Шымкент, Нұрлы бейне, 2013.-270 б.
2. Қаратаев Ж.және т.б. Жоғары математика Оқу құралы/ Ж.Қаратаев, Н.К.Аширбаев,Т.С.Сұлтанбек.-Шымкент:М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,2018.-368б.
3. Шипачев В.С. Задачник по высшей математике :Учеб.пособие для вузов.-2-е изд.,исправ/ В.С.Шипачев. – М:Высш.шк.,2001.-300с
4. Махмеджанов Н.М. Жоғары математика есептерінің жинағы.Оқу құралы/ Н.М. Махмеджанов.-Алматы:Дәуір,2008.-392б

ӘОЖ 84.54

ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Серікбаева Ж. М. - 1901–11 тобының студенті
Керимбекова Ж.У. - аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Балалардағы церебральды сал ауруы немесе БЦСА - бұл адамның қимыл қозғалуы, тепе-теңдікті сақтау және дене қалпын ұстап тұру қабілетіне әсер ететін бұзылыстар жиынтығы болып табылады. «Церебральды» сөзі мидың жағдайын көрсетеді, ал «сал ауру» яғни «әлсіздік», бұлшықеттерді бақылауда қиындықтарды білдіреді.

А.А.Бруйковтың пікірінше, церебральды сал ауру орталық жүйке жүйесінің қалыпты дамуының бұзылуы немесе мидың зақымдануы салдарынан дамиды, бұл өз бұлшықеттерін бақылау қабілетіне әсер етеді. Аурудың белгілері әртүрлі болады және баланың жағдайының ауырлығына байланысты: өмір бойы сыртқы көмекті қажет етуден, арнайы құралдармен жүріп-тұруға немесе тіпті толық дербес жүруге дейін болуы мүмкін [1].

Балалардың церебралды сал ауруы уақыт өткен сайын нашарламайды, бірақ кейбір белгілер өмір бойы өзгеруі мүмкін: егер БЦСА-мен баланы емдемесе, бұлшықеттердің жиырылуы және бұлшықет қаттылығы күшеюі мүмкін.

Барлық жағдайларда балалардағы церебральды сал ауруы (БЦСА) қозғалу бұзылыстарымен көрінеді. Көп жағдайда қосымша патологиялық жағдайлар да болады. Олар қояншық, есту бұзылысы, көру, сөйлеу, ақыл-ойдың артта қалуы және т.б. Балалардағы церебральды сал ауруы (БЦСА) балалар арасындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың себептерінің бірі болып табылады: Украина мен Еуропада таралуы 1000 тірі туылғаннан 2-3 жағдайда, ал уақыт мерзімінен бұрын туған балалар арасында 1000 тірі туылғаннан 40-100 жағдайға дейін жетеді.

И. Брязгунов БЦСАны төрт негізгі формаға бөледі, олар бұлшықет тонусының бұзылуына байланысты болады:

1. Спастикалық форма - бұлшықеттердің жиырылуы. Спастикалық церебральды сал ауруы - бұл ең кең тараған түрі, барлық жағдайлардың 80%-ын құрайды. Бұлшықет тонусы жоғарылап, олар үнемі қысылып тұрады, бұл әрекеттерді орындауды қиындатады.

2. Атактикалық форма - тепе-теңдік бұзылуы. Атактикалық церебральды параличі бар балалар тепе-теңдікті сақтауы мен үйлестіруде қиындықтарға тап болады. Бұл жүріп-тұруда, жылдам қозғалыстар мен әрекеттерді орындауда қиындықтар тудырады (мысалы, жазуда болады).

3. Дискинетикалық форма - бұл бақылаусыз қозғалыстар. Дискинетикалық БЦСА кезінде қол мен аяқтардың бақылаусыз қозғалыстары байқалады; олар баяу әрі икемді немесе жылдам әрі тез болуы мүмкін. Әдетте бұл балаларға қозғалыс жасауға қиындық туғызады, ең алдымен отыру мен жүруде. Кейде бет пен тілдің бұлшықеттері зақымданып, жұтылу мен сөйлеу мәселелерін тудырады. Бұл формадағы БЦСА-ның бір түрі- дистоникалық. Оған тән белгілер - бұлшықет тонусының тұрақсыздығы, яғни толық босаңсу мен қатты кернеу кезеңдері бір-бірін ауыстырады. Бұл өзгерістер бірнеше күнде немесе бірнеше рет күн ішінде болуы мүмкін.

4. Аралас форма - тек бір ғана БЦСА түрінің белгілерін анықтау мүмкін емес болады, бірақ әртүрлі түрлердің белгілері бірге көрінеді. Жиі кездесетін аралас түрі - спастикалық-дискинетикалық типі [2].

В.Н. Верхлин БЦСАны келесі белгілер бойынша да жіктейді:

- Зақымдалған дене бөліктеріне байланысты:

Гемиплегия (дененің бір жағы зақымдалады — оң немесе сол жағы зақымданған).

Диплегия (дененің екі жағының сал ауруы, бірақ бұл жерде көбінесе аяқтар зақымданады).

Тетраплегия (қол мен аяқтың екеуі де зақымданған болады).

- Қозғалыс бұзылыстары:

БЦСА баланың жүйке жүйесінің зақымдануы нәтижесінде пайда болады жатыр ішінде (80%) немесе туылғаннан кейін (20%) болады. Әртүрлі факторлардың әсерінен баланың миы зақымданып, әсіресе қозғалысқа жауап беретін бөліктері бұзылады [3].

Аталған факторлардың ешқайсысы аурудың пайда болуына міндетті түрде әкелмейді, бірақ олардың болуы БЦСА-ның пайда болу қаупін арттырады.

И.В. Добряков БЦСА-ның ең жиі кездесетін факторларын атап көрсетеді:

• Нәрестенің мерзімінен бұрын дүниеге келуі және дене салмағының аз болуы;

• Нәрестенің жатыр ішінде, босану кезінде немесе туғаннан кейінгі гипоксиясы (оттегі жетіспеушілігі);

• Нәрестенің миының инфекциялық зақымдануы;

• Қан ұю жүйесінің бұзылыстары;

• Бас жарақаты немесе миға қан құйылуынан мидың зақымдануы;

• Жүктілік кезінде ана мен ұрықтың вирустық және инфекциялық аурулары;

• Ананың қалқанша безінің аурулары;

• Жүктілік кезінде химиялық заттардың немесе зиянды әдеттердің әсері (оның ішінде кәсіби зиянды әдеттер, темекі шегу, есірткі қолдану);

• Нәрестедегі гемолитикалық ауру;

• Гендік мутациялар;

• Жүктілік пен босану кезіндегі асқынулар. БЦСА себебінің сирек кездесетін түрі, шамамен 5-10%-ды құрайды.

Кейде БЦСА белгілерін бірден туылған кезде анықтауға болады, яғни дәрігер нәрестені қарап, оның жағдайын бағалаған кезде. Алайда, көбінесе диагноз бір-екі жасында ғана қойылады. Балалардың церебралды сал ауруы әртүрлі типтеріне байланысты әр науқаста белгілері әртүрлі болуы мүмкін.

Негізгі белгісі, баланың дамуы кезінде байқалатын қозғалыс бұзылыстары (әсіресе, басты назар басын ұстай алуы, шалқасынан жатқан күйден аударылу, отыру, еңбектеу, тұру және жүру).

Белгілеріне жатқызуға болады:

• Бұлшықет тонусының өзгерістері, толық босаңсудан бастап қатты кернеуге дейін.

• Бұлшықеттердің қатты кернеуі, рефлекстердің жоғарылауы (спастика) — жиі баланың денесінің бір жағына қарай иілуі, аяқ-қолдардың асимметриялық орналасуы түрінде байқалады.

• Қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы (атаксия).

• Баяу және икемді қозғалыстар (атетоз).

• Діріл немесе бақыланбайтын ретсіз қозғалыстар.

• Балалар себепсіз мазасыздық немесе әлсіздік білдіреді.

Екінші дәрежелі белгілері:

• Ему мен жұтудың қиындауы, сілекей ағуы.

• Сөйлеу дамуының кешігуі.

• Тырысу немесе діріл (эпилепсия).

• Көру және есту бұзылыстары.

• Ақыл-ой бұзылыстары [4].

Церебралды сал ауруымен ауыратын науқастарды емдеуде қолданылатын консервативті және баламалы медицинаның көптеген әдістері бар. Бүгінгі таңда бұл пациенттерді толық емдеу мүмкін емес, бірақ олардың өмірін мүмкіндігінше толыққанды етуге қажетті функцияларды дамытуға бағытталған емдеу схемалары бар:

- Кинезиотерапия (массаж, емдік жаттығулары).
- Авторлық оңалту әдістері.
- Медикаментозды емдеу (ботулотоксин А препараттары, орталық миорелаксанты).
- Сенсорлық интеграция, сенсорлық бөлме.

- Акупунктура терапиясы.

- Ортопедиялық түзету құралдары: кезең-кезеңмен гипс салу, ортездер, ортопедиялық аяқ киім, көрсеткіштер бойынша шиналар.

- Хирургиялық емдеу (сіңірді ұзарту, зақымданған бұлшықеттердің тонусын азайту).

- Иппотерапия, акватерапия мамандандырылған орталықтар мен бассейндерде.

- Медициналық реабилитацияға арналған техникалық құралдар.

Балалардың ерте жасында мидың қайта қалпына келу потенциалы жоғары, сондықтан БЦСА емін мүмкіндігінше ертерек бастау қажет. Тек медицина, реабилитология және психологияның түрлі салаларының мамандарының көпсалалы командасының күш біріктіруі емнің әсерін максимизациялап, оның ең жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесе алады. Даусыз, бұл ауыр, кешенді және маңыздысы, жоғары мамандандырылған жұмыс, бірақ бір сәтке де ұмытпауымыз керек , БЦСА-мен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі мақсаты — тек денсаулық жағдайын жақсарту немесе қазіргі заманның талаптарына бейімделу ғана емес, сонымен қатар олардың өмір сүру сапасын арттыру.

Әдебиеттер

1. Бруйков А.А., Гулин А.В. Реабилитация детей со спастическими формами детского церебрального паралича средствами фиксационного массажа с онтогенетической гимнастикой и иппотерапии // Детская и подростковая реабилитация. 2016. № 2 (27). С. 10–14.
2. Брязгунов И. Детский церебральный паралич // Здоровье детей. – 2007. - № 1. – С. 8–9.
3. Верхлин В. Н. Комплекс упражнений для детей с ДЦП // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2004. - № 4. – С. 68–71.
4. Добряков И.В., Щедрина Т.Г. Восстановление и лечение детей с поражениями ЦНС и опорно-двигательного аппарата. СПб.: СПбМАПО, 2004. 318 с.

ӘОЖ 534.2

ТҰРАҚТЫ ТОКПЕН ҚОРЕКТЕНДІРУ КЕЗІНДЕ ЖАРЫҚДИОДТЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Серікбаева Т.М.- ЕП-21-3к1 тобының студенті
Аблязимова Н.М. – п.ғ.к., доцент

Жарықдиодты шамда жарық ағыны мен жарық тиімділігі жарық диодты шамдардың жұмыс режимдеріне байланысты [5]. Бұл параметрлердің мәндері жарықдиодты шамның энергия тиімділігін анықтайды. Әдетте, жарықдиодты өндірушілер төлқұжат деректерінде салыстырмалы жарық ағынының белгілі бір ток кезінде температураға тәуелділігін қамтамасыз етеді және p-n өткелінің бекітілген температурасында жарық диодтарын беретін ток мәніне тәуелділікті бөлек қамтамасыз етеді.Дегенмен, мұндай параметрлердің әрқайсысы: p-n өту температурасы, p-n өту арқылы өтетін токтың тығыздығы, сондай-ақ фосфордың температурасы, шамның жарық ағынына әртүрлі әсер етеді.

Жарық диодты жұмыс параметрлерінің (бір-бірінен тәуелсіз) оның жарық ағынына әсерін зерттеу үшін арнайы әдістер әзірленді:

1. Жарық ағынының p-n өткелінің температурасына тәуелділігін зерттеу әдістемесі. Ол импульстік режимде 500 мкс бір импульспен жұмыс істегенде жарық диодты жарық ағынын өлшеуге негізделген (өзіндік құбылысты жою үшін). -диодты қыздыру, жарық ағынын өлшеу бөлме температурасынан 27 ° С-қа дейінгі температура диапазонында 160 ° С-қа дейін 10 ° С қадаммен орындалды. Жарық диодты ток 100 мА қадаммен 200 мА-дан 1000 мА-ға дейін реттелді.


$$3x_1 + 2x_2 \leq 150 \text{ (жұмыс күші шектеуі)}$$

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0$$

2 есеп. Көлік есебі.

А қаласы мен В қаласы арасындағы көлік тасымалын жоспарлау керек. А қаласынан В қаласына белгілі бір тауарларды тасымалдау керек, бірақ тасымалдың шығындары әртүрлі болады. Әр қаладан белгілі бір мөлшерде тауарлар жөнелтіледі, ал тасымалдау бағасы әрқашан тұрақты болады.

Мақсат — тасымалдау шығындарын минимизациялау.

Шешу үшін берілетін деректер:

А қаласынан В қаласына 1 тонна тауарды тасымалдау бағасы 10 теңге.

В қаласынан А қаласына 1 тонна тауарды тасымалдау бағасы 12 теңге.

А қаласында 100 тонна тауар бар.

В қаласында 50 тонна тауар бар.

Математикалық модель:

Мақсатфункциясы:

$$\text{Мин. } Z = 10x_1 + 12x_2$$

Мұндағы x_1 — А қаласынан В қаласына тасымалданатын тауар мөлшері, x_2 — В қаласынан А қаласына тасымалданатын тауар мөлшері.

Шектеулер:

$$x_1 + x_2 = 100 \text{ (барлық тауарды тасымалдау қажет)}$$

$$x_1 \leq 100 \text{ (А қаласындағы тауардың саны)}$$

$$x_2 \leq 50 \text{ (В қаласындағы тауардың саны)}$$

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0$$

Бұл есептің шешімі — тасымалдау шығындарын минимизациялау үшін қандай көлемде тауар тасымалдау керек екендігін анықтау.

Қорыта келе, оптимизация әдістері бүгінгі күні қолданбалы есептерді шешуде өте маңызды рөл атқаратынын көреміз. Өндірістен бастап, логистика, қаржы, энергетика сияқты әртүрлі салаларда қолданылатын бұл әдістер жүйелердің тиімділігін арттырып, ресурстарды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олардың қолданылу аясы күннен-күнге кеңеюде, жаңа әдістердің дамуы мен қолданысқа енуі оптимизацияның болашағының зор екенін көрсетеді. Қазіргі таңда ғалымдар мен инженерлер бұл әдістерді одан әрі жетілдіріп, жаңа салаларға енгізуді жалғастыруда.

Әдебиеттер

1. Кораблев, В.А., Крылов, В.И. Численные методы оптимизации и их приложения — М.: Наука, 1985.
2. Аганов, А.И., Шихов, А.Г. Методы оптимизации в задачах транспортной логистики — М.: Логистика, 2012.
3. Гаврилов, С.М. Оптимизация в производственных процессах — М.: Машиностроение, 2000.
4. Николаев, Г.Н. Оптимизация в экономике и управлении — М.: Экономика, 1997.

УДК 16.80.19

АСПЕКТНАЯ КОГНИЦИЯ КОНЦЕПТА В ЛИНГВИСТИКЕ

Торегелди Н. - Еп-24-11к2 студент
Абитова Г.У. – старший преподаватель

Непоколебимая целостность, непоколебимое единство нации во многом зависят от познавательных особенностей и концептуальной структуры языка. Потому что основной признак, который объединяет язык нации, делает его отличительным от других этносов, - это познавательные признаки.

Смысл познания и концепта не равны между собой. Познание-это совокупность всех знаний об объекте, в то время как познание-это совокупность наиболее значимых признаков конкретного объекта. В то же время концепт представляет собой ментальную, национальную структуру, представляющую собой совокупность лексических, фразеологических и др. средств языковых единиц.

Лингвистика напрямую связана с когнитивной наукой. Познание-это ветвь науки, изучающая интеллект человека, его мышление, его состояние. Наука о познании и познании человека, о познании мира изнутри и его изгнании наружу и о механизме осмысления.

Проф. В исследовании Э. Д. Сулейменовой выраженность языка в когнитивном аспекте проявляется в всестороннем познании содержания в нем и целостном познании мира. Но язык не может в отдельности выразить истину в целом [1,127]. По мнению А. А. Кибрика:» язык проявляется в когнитивном аспекте только в том случае, если языковые формы способны проявлять когнитивные структуры " [2,126].

Казахский язык-хранитель культурной памяти казахской нации, а также исторической памяти, носитель из поколения в поколение, воспроизводящий их, соединяющий духовный мир поколений и поколений. Язык-это среда обитания человека. На духовное развитие нации напрямую влияет возложение ответственности за настоящее и будущее, служение в социальном плане.

Когнитивная лингвистика напрямую связана с наукой когнитивизма. Когнитивизм-это научное направление, изучающее интеллект, мышление и ментальные действия человека, а также его состояние. Наука о познании и познании человека, о механизме восприятия и осмысления мира. Когнитивизм предлагает «промышленные», «систематические» научные методы, которые отражают мыслительную деятельность человека глубоко. Основной объект исследования когнитивизма - человеческая когниция. Его следует изучать не только методами наблюдения, наблюдения, но и определять ментальную репрезентацию (внутреннее познание), символы и стратегические символы человека, заложившие основу знания. Следовательно, когнитивный мир человека определяется его мыслительной деятельностью и опытом. Основным признаком того, что человек проявляет это поведение, является его язык. Потому что язык-это инструмент, отражающий результат, который человек регулирует в сознании, обрабатывая полученную информацию [3,17-33].

Концепт возникает в сознании человека на основе излучаемого чувства, чувственный опыт создает концептуальную структуру. В результате этого значение концепта увеличивается. Если значение одного из признаков усиливается, значение другого может быть затемнено. Концепт-это не что-то хаотичное, его компоненты работают в определенном порядке. В то же время слои концепта возникают друг от друга. Это говорит о том, что понятие-это другое понятие.

Поэтический язык-это язык в поэтической, художественной, эстетической деятельности. Хотя понятие "поэтический «первоначально относилось только к языку поэзии из-за отличительных образных свойств языка поэзии, позже оно стало использоваться с точки зрения выражения особого качества языка художественной литературы в целом в выражении» художественный язык«,» язык в художественной (эстетической) деятельности". Изящество, поэтическое качество, свойства языка впервые были подчеркнуты мыслителями античности (Горгием, Аристотелем). Начало его изучения в языковой науке XIX в. в конце концов представители эстетического направления (Б. Кроче, К. Фосслер) и известный русский ученый А.А.Тесно связан с именами Потебня. Дальнейшее внимание к живой деятельности языка в начале XX в. осуществлялось русскими формалистами и чешскими учеными. Первые посвятили свою деятельность овладению смыслом поэтического языка и объединились в» общество изучающих поэтический язык " (ОПОЯЗ) (Л. П. Якубинский, Р. Ябобсон, В. Б. Шкловский и др.). Взгляды русских формалистов развивались и развивались членами пражского лингвистического кружка (В. Матезий, Б. Гавренек, Вл. Скаличка).

Проблема поэтического языка вышла на новое русло через труды выдающихся русских филологов Г. О. Винокура, В. В. Виноградова, Л. В. Щербы, Б. А. Ларина и др. и стала формироваться как отдельная область филологических исследований. Он, с одной стороны, тесно связан с искусствоведением, поэтикой, теорией литературы, а с другой-рассматривается в неразрывном единстве с качествами лингвистической стилистики, лингвистической поэтики языковой науки. Основы теории поэтического языка в казахской филологии получили дальнейшее развитие в исследованиях М. Ауэзова, К. Жумалиева, М. Балакаева, сегодня З. Ахметова, Р. Сыздыковой, К. Умиралиева, Е. Жанпеисова, Х. Каримова, М. Сергалиева, Б. Шалабая и др.

Понятие и значение понятия нельзя понимать равными. В то время как понятие представляет собой определенный набор определенного объекта или объекта, понятие представляет собой набор всех знаний о предмете. Например, котел представляет собой тару, которая помещается в очаг, под которой зажжен огонь,

поверхность закрывается крышкой, дно которой при разжигании огня имеет черную сажу. Информация о топке очага, топке, крышке, черной сажи, посуде. Упорядоченная система этой информации, полное понятие является концептом[3, 102].

В концептуальном плане фразеологизмы, похожие на грибы после дождя, не являются типичным словом для казахской нации, потому что правда в том, что даже если в жизни идет дождь, в казахской степи гриб не осыпается. Точно так же Близнец-это прямой перевод русского слова как два капли воды. В казахском народе одно и то же можно назвать близнецовым ягненком. Это считается национальным познанием или концептом, излучаемым в сознании. Кроме того, казахи, не умеющие мыслить в Национальном познании, используют словосочетание "пусть цветок кончится". В народном познании коренные казахи называли такое желание, пусть оно будет благодатным. И наоборот, фразеологизм, чтобы трава не выходила туда, куда ты идешь, употребляется в проклятом смысле. Познание и концепция должны быть определены в каждой стране с такими особенностями.

Литературы

1. Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – А.: Мектеп, 1989. - 260 с.
2. Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу. Вопросы языкознания. 1994. №5. с. 126-139.
3. Деменков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // ВЯ, 1994, №4.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төкен А.Ғ. - Химия-Биология мамандығы 4 курс студенті
Исенова М.К. - Химия және биология кафедрасының оқытушысы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға бағытталған оқыту әдістеріне- жобалап оқыту технологиясын жатқызуға болады. Осыған байланысты жобалап оқыту әдісі жаратылыстану ғылымдары саласында ерекше маңызға ие. Бұл әдіс оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға және алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді [1] .

Жобалау технологиясы - білім алушылар біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырмалар-жобаларды жоспарлау және орындау барысында білім мен дағдыларды алатын оқыту жүйесі. Жобалар технологиясы әрдайым студенттердің белгілі бір уақыт аралығында орындайтын белсенді өзіндік жұмысына (жеке, жұптық және топтық) бағытталған. Бұл тәсіл топтық оқыту тәсілімен біркелкі үйлеседі. Ғалымдардың пікірінше, бүкіл білім беру процесін жобалық оқытуға көшіру мүмкін емес [2] .

Жобалық оқытудың мақсаты: білім алушылар әртүрлі көздерден жетіспейтін білім алатын жағдайлар жасау; танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдерін пайдалануды үйрену; коммуникативтік дағдыларды дамыту; оқушылар әртүрлі топтарда (командаларда) жұмыс істейді; оларда зерттеу дағдылары қалыптасады (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, құрылысты талдау гипотезалар, жалпылау); жүйелік ойлау, зейін, қиял және есте сақтау дамиды.

Жобалап оқыту технологиясы әрқашан бір жағынан оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарын пайдалануды, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның және шығармашылық салалардың әртүрлі салаларынан интеграцияланған білімді, дағдыларды қолдануды көздейтін қандай да бір мәселені шешуді көздейді [3] .

Технологияның мәні оқу ақпараттарын өз етімен алуды көздейтін өркениеттің жеке, өңірлік ғаламдық оқы мәселелерінің қалыптан тыс шешімдерін іздеуді талап ететін білім алушының ой-өрісінің дамуына мүмкіндік беретін жеке тұлғаға бағдарлап оқытуға жатуында.Жобалау технологиясы білім алушылар үшін шығармашылық әркеттің нәтижелі ойлау тәжірбиелерін меңгерулеріне, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қоршаған ортаны танып білуге мүмкіндік береді.

Жобалау қызметінің алуан түрлілігі педагогика ғылымында жобалау технологиясының бірқатар жіктемелерін тудырды: басым қызмет түрі бойынша, пәндік-мазмұндық саласы бойынша, ұзақтығы бойынша (іске асыру уақыты бойынша), жобаны іске асыруға қатысушылардың саны бойынша, презентация нысаны бойынша (жобаның түпкілікті ұсынылуы) [4] .

Басым (басым) қызмет түрі бойынша жобаларды мыналарға бөлуге болады:

– ақпараттық;
– шығармашылық;
– тәжірибеге бағытталған;
– зерттеу.

Ақпараттық жобалар- оқушыларға қандай да бір тақырып бойынша ақпарат іздеуге және табылған ақпаратпен оқушының одан әрі жұмысына бағытталған.

Шығармашылық жобалар- мақсатқа жетуге, жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Жобадағы барлық жұмыс жоспарланған және болжамды нәтижеге бағынады (қабырға газетін шығару, бейнеролик жазу, акцияны өткізу және т.б.).

Тәжірибеге бағытталған жобалар- сонымен қатар оқушылардың іс-әрекетінің түпкілікті, бірақ тек практикалық нәтижесіне бағытталған.

Зерттеу жобалары- басқа жобалардан ерекшеленеді, бастапқыда мақсатқа жетуге бағытталған болашақ зерттеудің ойластырылған негізгі кезеңдерінің болуы.

Пәндік-мазмұндық сала бойынша пәнаралық, пәнаралық моно-пәндік жобалар бөлінеді.

Пәннен тыс- әртүрлі білім салаларының түйіскен жерінде орындалатын пәннен тыс жобалар. Бұл жобалар мектеп пәндерінің шеңберінен шығады.

Пәнаралық- ғылымның екі немесе бірнеше пәндік салаларының қиылысында өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын жобалар.

Монопәндік-бір оқу пәні немесе ғылыми сала шеңберінде іске асырылатын жобалар [5] .

Жаратылыстану циклдік пәндерін оқытуда (География, биология және химия пәндерінде) жобалап оқыту технологиясын қолдану — білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ осы пәндерге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, жобалап оқыту әдісін қолданудың тиімді жолдарын мысалдар төменде көрсетілген:

1. География пәні. География пәнінде жобалап оқыту оқушылардың жер бетіндегі әртүрлі табиғи құбылыстар мен үдерістерді зерттеуге, олардың арасындағы байланыстарды түсінуге көмектеседі. Мысалы:

Жобаның тақырыбы: «Өзен жүйелерінің экологиялық жағдайы» немесе «Табиғи апаттардың географиялық таралуы».

Жобаның мақсаты: Оқушыларға әртүрлі географиялық аумақтарды зерттеп, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар ұсыну. Олар өз зерттеулерін деректер жинау, картографиялық талдау, климаттық және табиғи құбылыстарды зерттеу арқылы жүзеге асырады.

Қолданылатын әдіс: Топтық зерттеу, ақпарат жинау, карталар мен диаграммаларды қолдану, зерттеу нәтижелерін сынып алдында қорғау.

2. Биология пәні. Биология пәнінде жобалап оқыту оқушыларды табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, тірі ағзалардың экологиясы мен эволюциясы туралы тереңірек түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.

Жобаның тақырыбы: «Табиғи ортадағы экожүйелердің тұрақтылығы» немесе «Ағзалардың бейімделу ерекшеліктері».

Жобаның мақсаты: Оқушыларға экологиялық зерттеулер жүргізу, өсімдіктер мен жануарларды бақылау арқылы биологиялық процестерді зерттеуге мүмкіндік береді. Олардың зерттеу жұмыстары нақты табиғи ортада жүргізілуі мүмкін, мысалы, мектеп ауласындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау.

Қолданылатын әдіс: Эксперименттік жұмыстар (мысалы, өсімдіктердің өсуіне әсер ететін факторларды зерттеу), табиғатқа шығу (экскурсиялар, табиғатқа бақылау жасау), ғылыми жұмыстар жазу.

3. Химия пәні. Химия пәнінде жобалап оқыту технологиясы оқушылардың химиялық реакциялар мен құбылыстарды зерттеу, ғылыми тәжірибелер жүргізу, әртүрлі заттардың қасиеттерін түсіну қабілеттерін дамытады.

Жобаның тақырыбы: «Су ластануы және оның химиялық құрамы» немесе «Экологиялық таза энергия көздерін зерттеу».

Жобаның мақсаты: Оқушылар химиялық реакцияларды зерттеп, олардың әсерін түсіну арқылы қоршаған ортаның ластануының химиялық салдарын зерттейді. Жобалар химиялық реакциялардың механизмдерін түсіндіру, эксперименттік жұмыстар жасау арқылы жүзеге асырылады.

Қолданылатын әдіс: Химиялық тәжірибелер мен реакцияларды жүргізу, лабораториялық жұмыстар, экологиялық мәселелер бойынша зерттеулер жасау.

Жобалап оқыту технологиясының артықшылықтары:

Жеке және топтық жұмысты үйлестіру: Әрбір пән бойынша жобалар топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың ынтымақтастық дағдыларын дамытады.

Шығармашылық пен сыни ойлау: Оқушылар өз зерттеу жобаларын әзірлеу барысында сыни тұрғыдан ойлап, шығармашылық көзқарас қалыптастырады.

Практикалық дағдылар: Эксперименттер, бақылаулар және зерттеулер арқылы оқушылар практикалық білім алады.

Өздігінен білім алу: Жобаларды әзірлеу барысында оқушылар өздігінен білім алу процесіне белсенді қатысады, жаңа мәліметтер мен ақпараттарды іздеп табуға дағдыланады [6] .

Жоба бойынша жұмыстың маңызды кезеңдерінің бірі-олардың әрекеттерінің соңғы және аралық нәтижелерін объективті бағалау.

Осылайша, жоба әдісін қолданған кезде оқытушының өзі ақпарат пен тәжірибенің негізгі көзі болып табылатын дәстүрлі оқыту схемасынан бас тартады. Жобалау әдістемесі материалды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді және балалардың тәуелсіздігі мен тәуелсіздігін, бастамасы мен рефлексиясын дамытады. Жоба әдісінің тиімділігі материалды зерттеуге көмектеседі, бірақ оны шамадан тыс қызықтырудан аулақ болу керек. Жобаларға жиі жүгіну студенттерді тез шаршатады және қатысқысы келмейді. Басқа әдістермен шебер үйлескенде, Жоба әдісі оқушыларға оң әсер етеді және олардың дамуына ықпал етеді [2].

Осылайша, жоба әдісі - бұл белгілі бір дидактикалық мәселелерді іздеу, құру, шешу әдісі деп айтуға болады. Оқушылар үшін бұл өз ойын білдіру, білімдерін көрсету тәсілі. Жобалық қызметте студенттерді дұрыс бағытқа бағыттайтын мұғалім басты рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Әдебиеттер

1. Глозман, А. Е. Метод проектов в технологическом образовании [Текст] / Е. С. Глозман [и др.]. – Москва : Педагогическая академия, 2010. – 207 с. – Библиогр.: с. 200-207.
2. Карачев, Л. А. Метод проектов и развитие творчества учащихся [Текст] / Л. А. Карачев // Школа и производство. – 2015. – № 2. – С. 10-11.
3. Карпов, Е. Проектная работа в школе: это возможно [Текст] / Е. Карпов // Школьный экономический журнал. – 2017. – №6. – С.56-58.
4. Кларин, М. В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках [Текст] / М. В. Кларин. – Москва : Арена, 2014. – 223 с.
5. Колосова, Н. А. Структура слова и орфография русского языка [Текст] : учеб. пособие / Н. А. Копосова, Г. А. Николаев. – Казань : Изд-во Казан. ун-та, 1993. – 149 с.
6. Круглова, О. С. Технология проектного обучения [Текст] / О. С. Круглова // Завуч. – 2019. – № 6. – С. 90.

УДК 3054.51.73

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ

Төлеген Ұ.Ы. – ЕП-21-11к2 тобының студенті
Урматова А.Н. - аға оқытушы, PhD

Физика ғылымында дифференциалдық теңдеулердің маңызы өте зор. Бұл теңдеулер табиғаттағы заңдылықтарды түсінуге, болжауға және жаңа ғылыми нәтижелерді шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, механикадағы қозғалыс заңдары, термодинамикадағы жылу ағындары немесе электродинамикадағы өрістер дифференциалдық теңдеулер түрінде сипатталады. Бұл ғылымдардың дамуына зор үлес қосып, олардың нақты өмірде қолданылуына негіз болып жатқаны белгілі.

Тақырыпты зерттеу барысында бірқатар ғалымдардың жұмыстарын қарадым. Осы тақырып аясында зерттеулер жасаған жұмыстарда жылуөткізгіштік, диффузия және жылуалмасу есептеріне қатысты дифференциалдық теңдеулерді терең түсіндірген (Кутателадзе С.С.), физика бойынша терең және кең ауқымды түсініктерді ұсына отырып, дифференциалдық теңдеулердің физикадағы маңызын талқылайды**(**Фейнман, Р., Лейтон, Р., Сэндер, М.**) ,** дифференциалдық теңдеулердің негіздерін және олардың физикалық мәселелерге қолданылуын қарастырады (Dj. Arfkin, S. Hilsberg).

Физикалық есептерді дифференциалдық теңдеулер түрінде тұжырымдап, оларды шешу тәсілдерін және әдістерін түсіндіру үшін және физикалық процестердің математикалық моделін құру арқылы түрлі заңдылықтар мен тәуелділіктерді ашу барысында физикалық процестердің математикалық модельдерін құру, дифференциалдық теңдеулерді шешу әдістерін қолдану, физикалық процестердің заңдылықтарын сипаттайтын теңдеулерді шешудің тиімді тәсілдерін зерттеу және дифференциалдық теңдеулердің физикалық есептерді шешудегі маңыздылығын түсіндіру керек.

Зерттеуге қатысты есептер қарастырайық:

1 есеп. Еркін түсу қозғалысы.

10 м биіктіктен массасы 2 кг дене еркін түсе бастады. Қозғалысқа әсер ететін тартылыс күші бар. Жердегі тартылыс үдеуі $g = 9.8\ m/c^2$. Дененің қозғалысын сипаттайтын дифференциалдық теңдеуді құрып, қозғалыс теңдеуін табу керек болсын.

Шешім. Есепте еркін түсу қозғалысының дифференциалдық теңдеуін құру қажет. Еркін түсу кезінде тек ауырлық күшінен әсер ететіндіктен, дененің үдеуі гравитациялық үдеуге тең болады.

Ньютонның екінші заңы бойынша:

$$F = ma = m\frac{d^2y}{dt^2}$$

Мұндағы $F = mg$– тартылыс күші, m – дененің массасы, $a = \frac{d^2y}{dt^2}$–үдеу, y(t) – дененің биіктігі.

$$m\frac{d^2y}{dt^2} = -mg$$

Теңдеуде массалар бірдей болғандықтан, m қатынасын қысқартуға болады:

$$\frac{d^2y}{dt^2} = -g$$

Бұл еркін түсу қозғалысының дифференциалдық теңдеуі.

Бастапқы шарттар:

y(0) = 10 м (бастапқы биіктік).

$\frac{dy}{dt}(0) = 0$м/ с (бастапқы жылдамдық).

Интегралдаймыз:

$$\frac{dy}{dt} = -gt + C_1$$

Мұндағы C_1 – тұрақты. Бастапқы шарттарды пайдаланып, $C_1 = 0$. Себебі бастапқы жылдамдық 0-ге тең.

Екінші рет интегралдаймыз:

$$y = -\frac{g}{2}t^2 + C_2$$

Бастапқы шарттарды пайдаланып, $C_2 = 10$. Себебі бастапқы биіктік10 м.

Олай болса,

$$y = -\frac{9.8}{2}t^2 + 10$$

Нәтижесінде:

$$y(t) = -4.9t^2 + 10.$$

2 есеп.Гармоникалық тербеліс (Серпімді сым).

Массасы 0,5 кг дене сымға ілінген. Сымның серпімділік коэффициенті *k*=20 Н/м. Дененің бастапқы биіктігі $x_0 = 0$м, бастапқы жылдамдығы $v_0 = 0.1$ м/с. Дене тербеліс жасайды. Дене қозғалысын сипаттайтын дифференциалдық теңдеу құру керек.

Шешім.Гармониялық тербелістердің қозғалысын сипаттау үшін Гук заңын қолданамыз.

Ньютонның екінші заңы бойынша:

$$m\frac{d^2x}{dt^2} = -kx$$

Мұндағы m=0.5кг, k=20 Н/м.

$$\frac{d^2x}{dt^2} + \frac{k}{m}x = 0$$

$$\frac{d^2x}{dt^2} + 40x = 0$$

Бұл — гармониялықтербелісқозғалысыныңдифференциалдықтеңдеуі.

Бастапқы шарттар:

x(0) = 0 м (бастапқы орын).

$\frac{dx}{dt}(0) = 0{,}1$м/ с (бастапқы жылдамдық).

Гармониялық тербеліс үшін жалпы шешім келесідей болады:

$$x(t) = Acos(\omega t) + Bsin(\omega t)$$

Мұндағы $\omega = \sqrt{\frac{k}{m}} = \sqrt{\frac{20}{0.5}} = \sqrt{40} \approx 6.32$ рад/с.

Бастапқы шартты пайдаланып, A=0 және $B = \frac{0.1}{\omega} = \frac{0.1}{6.32} \approx 0.0158$м.

Нәтижесінде:

$$x(t) = 0.0158 \sin(6.32t)$$

Осы екі есеп арқылы дифференциалдық теңдеулердің физикалық процестерді сипаттауда қалай қолданылатынын көрдік.

Әдебиеттер

1. Кутателадзе, С.С.Термодинамика және жылу алмасу – М.: Наука, 1970.
2. Фейнман, Р., Лейтон, Р., Сэндер, *М.*Фейнман лекции физики – М.: МИР, 1988.
3. Ландау, Л.Д., Лифшиц, Е.М.Теоретическая физика: Курс лекций в 10 томах
4. Том 1: Механика; Том 2: Электродинамика; Том 3: Квантовая механика и др. – М.: Наука, 1989-1992.
5. Рихтер, Ю.И., Протасов, А.Д. Математическая физика – М.: Высшая школа, 1974.
6. Дж. Арфкин, С. Хилсберг. Дифференциальные уравнения и их приложения – М.: Мир, 1979.

ӘОЖ 23.4:12

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІККҰЗЫРЕТТІЛІГІНҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІЖАҒДАЙЫ

Төленді А.Ғ. – МТП-23-2нк тобының магистранты
Жияшева Ж.Ш. – Phd доктор, аға оқытушы

Қазіргі компьютерлік техника мен ақпараттық технологияның динамикасы күн сайын жоғарылаған уақытта барлық теория практикада жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі адамзат іс-әрекетінің барлық саласындағы үдерістердің серпінді өзгерісі, біріншіден білімге деген сұраныстың өсуіне алып келсе, екіншіден осы сұраныстарды қанағаттандырудың жаңа құралдарын жасау және технологияларын анықтауды талап етері анық. Ендеше біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың ең тиімді деп саналатын бағдарламаларын қолданамыз. Ақпараттық қоғамның негізгі белгісі ретінде білімді терең түсіну мен оны интеллектуалды тұрғыда қабылдауды айтамыз, қандай да бір маңызды экономикалық, әлеуметтік немесе техникалық міндеттерді шешудегі мәнді көлемдегі ақпаратты өңдемей сәтті шешу мүмкін еместігін алға шығарамыз. Бұл орайда өзекті де күрделі мәселе туындауы әбден мүмкін, ол – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда IT арқылы шығармашылық кәсіби іс-әрекетке дайындау, білім алуда өз бетімен әрекеттенуге, интеллектуалды мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға, өздерінің тәжірибелерінде қолдануға үйрету болады. Бастауыш білімнің кембриджідік тәсілінде ақпараттық технологиялар негізгі модульдардың бірі болып отыр. Сәйкесінше, бастауыш білім мазмұнын дамытуда білімді, білім беруді ақпараттандырумен және ақпараттық қоғамды қалыптастырумен байланыстыру қажеттігі туындайды.

Қазіргі білім беру контекстінде бастауыш сынып мұғалімдерін тиімді даярлау білім беру сапасын қамтамасыз етудің және білім алушылардың базалық дағдылары мен білімдерін қалыптастырудың негізгі аспектісі болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік-технологиялық прогрестің серпінді сипаты инновациялық технологияларды интеграциялауды қоса алғанда, оқыту әдістері мен стратегияларын үнемі жаңартып отыруды талап етеді [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың құрамдас бөліктерін ақпараттық тұрғыдан келесідей ғылыми түсініктермен толықтырамыз. Олар: - алгоритм құру сауаттылығы;

- IT сауаттылығы;
- ақпараттық сауаттылық;
- қолданушылық және технологиялық сауаттылық;
- ақпараттық тәртіп пен өзін-өзі басқарушылық;
- компьютерлік жауапкершілік пен қарым-қатынас;
- логикалық тапсырмаларды жүйелеу білігі;
- кез-келген білім түрін бейнелеудегі (графикалау, модельдеу т.б.) іскерлігі;
- кәсіби өсудегі IT-ды қолдану дағдысы;
- тұлғалық өсудегі реттеушілік қабілеттілігі және т.б.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауышсынып мамандарының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудыңнегізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдайалатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі,біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады[2].

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сыныпмамандарының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады. Ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс[3]. Сонымен бірге, ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы, олардың білім, біліктіліктерінің құзыреттілігін құрайды. Жоғары оқу орнында білім беруде болашақ бастауыш сыныпмамандарының ақпараттық технологиялар арқылы қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісінде жүзеге асыруда, оның өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу қажет. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сыныпмамандарының ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, бақылау мен бағалаудағы қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырумен сипатталады.

Қоғам дамыған сайын болашақ педагогтерге қойылатын талаптар да күрделене түсуде.Жиырма жыл бұрын педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде диагностикалық функция пайда болды, одан кейін зерттеуші-педагог талабы қойылды да, мұғалімнің шығармашылық белсенділік, новатор секілді қасиеттері бағаланды. Ал, бүгін заманауи педагогтен цифрлық технологияларды меңгерген, білім беру ресурстарымен сауатты жұмыс жасай алатын мамандықүтеді.

Ақпараттық ағымдардың көп каналдығы ұстанымы дегеніміз – көру, есту сияқты қабылдаудың әр түрлі каналдарына сүйену арқылы ақпаратты беру. Бұларға мәтіндерді, графиктерді, аудио және бейнематериалдарды, сызбалар мен кестелерді қолдану жолдарымен қол жеткізуге болады. Байланыстың ақпараттық өнімдері мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары – бұл логикаға, интерфейске, құрылымға деген жалпы әдістерді жасау, бір бағдарламалық өнімнен екінші бағдарламалық өнімге оңай көшуді жасау мақсатында электрондық материалдар компоненттерінің жиынтығын құрастыру, сондай-ақ назарды материалдардың сыртқы әсерлері, оны қабалдау формасына емес, оның мазмұндарын қабылдауға бағытта болып табылады.

Білім беру мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, адам білімі көлемінің тез өсуі – болашақ маманның, сондай-ақ педагогтың кәсіби әрекеттерге деген дайындығына қатысты көзқарастарды өзгертуге әкеледі. Ал кәсіби құзыреттіліктің негізі саналатын қатысымдық құзыреттілік десек, ол бүгінгі күні осындай дайындықтың көрсеткіші болып табылады. Қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мамандары кәсіби мәселелерді өздігінен әрі табысты түрде шешуге ықпал ететін кәсіби білімдерді игерген, шеберліктер мен қарым-қатынас жасаудағы жеке қасиеттердібойына сіңірген, ақпараттық технологияларды меңгерген өздігінен, кәсіби жетілуге дайын, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталытұлға болуы тиіс[4].

Сауатты педагог өзінің ақпаратқа зәру екенін түсінуі керек, оны нақты шешім қабылдау үшін ұқсастыра білуге, таратуға, бағалауға және тиімді қолдана білуге қабілетті болуы керек. Ақпараттық мәдениет ақпараттық әрекеттерге деген қызығушылықта, оның білім алу үдерістеріндегі маңызды рөлін түсінуде, ақпараттар көздерін саналы түрде таңдай білуде және оларды өңдеудің алгоритмдерін меңгеруде, дәстүрлі, электрондық, желілік және басқа да ақпараттық қорларды кешенді қолдануда, өзін ақпараттарды тасушы және таратушы ретінде сезіне білуде, белсенді ақпараттық мінез-құлықта байқалады. Сонымен, қатысымдық құзыреттілік педагогикалық іс-әрекеттерге деген дайындықты заманға сай түсіндірудің негізгі түсінігі болып табылады.

Кәсіби педагогикалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оған қатысушылардың: оқытушылар мен білім алушылар коммуникация ерекшеліктерінде де із қалдырады. Қорыта келе, қатысымдық құзыреттілікті дәстүрлі түсіндіру өзгертіліп, кеңейе түседі. Ол үшін:

- біріншіден, педагогтар қатысымдыққұзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білуі керек, өйткені кәсіби әрекеттерді ақпаратсыз іске асыру мүмкін емес;
- екіншіден, қатысымдыққұзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ мамандарды даярлауды қазіргі заман сұранысына жауап беретін тұрғыда іске асыру қажет.

Әдебиеттер

1. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылыстуденттердің танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары:пед.ғыл.канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2005. – 143 б.
2. Беловицкая, С.И. Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық қызметі кәсіби өсудің шарты ретінде [Мәтін] / С.И. Беловицкая // педагогикалық журнал. – 2016. - 6 Том. - №5А – - 268-275 ББ.
3. 3 Әбішева Л.П. Жоғары оқу орыны студенттерінің оқу іс-әрекетінкомпьютер көмегімен дараландыру: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. –Түркістан, 2007. – 160 б.
5 Беркімбаев К.М. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттыққоммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігінзерттеу нәтижелері / К. М. Беркімбаев, Г. Ж. Ниязова // Шоқан тағылымы-13атты Халықаралық ғылыми-практикалық конф. баянд. Том 6. Көкшетау, 2008. –Б. 272-275.

ӘОЖ 577.2

РНҚ – ВИРУСТАРДЫҢ МУТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАҢА ПАНДЕМИЯ ҚАУІПІН АРТТЫРУЫ

Төленді Ж.Е. – ЕП 22-12к тобының студенті
Пирназарова Г.А. – магистр оқытушы

Қазіргі таңда бәріміз білетіндей әлемдік денсаулық сақтау жүйесі үшін ең үлкен қауіптердің бірі – инфекциялық аурулардың пандемияға айналуы. 2009 жылғы H1N1 тұмауы, 2014 – 2016 жылдары Эбола вирусының өршуі, соңғы 2020 жылдары COVID-19 пандемиясы – бұлардың бәрі РНҚ – вирустарының адамзатқа қаншалықты үлкен залал, қауіп төндіретінін айқын көрсетті. РНҚ – вирустарында кездесетін генетикалық мутациялардың жоғары жиілігі және олардың жаңа пандемияларға себеп болуы мүмкіндігі ғалымдарды алаңдатқан тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл мақалада біз РНҚ – вирустарының мутацияларының қалай жүретінін, олардың жаңа штаммдарға айналып, жаңа пандемиялардың қалыптасуына ықпал етуін ғылыми тұрғыдан қарастырамыз.

10. РНҚ – Вирустарының Құпиясы: Мутацияның «Жоғары Қабілеті»

РНҚ – вирустарының негізгі ерекшелігі – олардың генетикалық материалының РНҚ болып табылуы. Бұл вирустардың басқа организмдерден бірден-бір айырмашылығы олардың репликациясы кезінде өте көп қателіктер жасауында жатыр. ДНҚ вирустарынан айырмашылығы, РНҚ – полимераза ферменті өз жұмысында генетикалық қателіктерді түзету механизміне ие емес. Бұл дегеніміз, РНҚ - вирустардың генетикалық кодында болатын өзгерістер әлдеқайда жиі кездеседі. Бұл өзгерістер көбінесе **мутациялар** деп аталады, және олар вирустың жаңа түрлері мен штаммдарын тудырады.

РНҚ- вирустарының мутациясын **"жоғары мутациялық жылдамдық"** деп атайды. Бұл вирустың жылдам өзгеріп, жаңа жағдайларға бейімделу қабілетін арттырады. РНҚ- вирустарының ең танымал мысалдарына коронавирус (SARS-CoV-2), тұмау вирусы (Influenza), ВИЧ және гепатит С жатады.

11. Мутациялардың Әсері: Жаңа Пандемияның Қауіпті Сценарийлері

COVID-19: Мутациялардың «Шапшаң Эволюциясы»

2020 жылдың соңында алғаш рет анықталған SARS-CoV-2 вирусы бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, миллиондаған адамның өміріне қауіп төндірді. Бірақ бұл вирус әлемді шарлап, әртүрлі мутацияларды шығара отырып, пандемияның толқындарына айналды. Әсіресе, Омикрон штамы өз ерекшеліктерімен ерекше танымал болды. Бұл штамм біршама уақыт ішінде бүкіл әлемде таралып, бұрын жұқтырған адамдардың иммунитетінен өтетін қабілетті көрсетті.

Омикронның басты ерекшелігі – оның мутациялар жиілігінің өте жоғары болуы. Бұл мутациялар вирусқа денсаулық сақтау жүйесінің жасанды қорғанысынан «жұтқыншақ» жасауға мүмкіндік берді. Омикрон штамы адамның иммундық жүйесінің алдын ала қалыптасқан қорғанысын елеулі түрде әлсіретіп, оны айналып өту қабілетіне ие болды. Бұл факт жаңа мутациялардың пандемияның жаңа толқындарын тудыру мүмкіндігін көрсетеді.

Грипп Вирусының Жыл сайынғы Эволюциясы

Грипп вирусы жыл сайын жаңа штаммдар шығарады, бұл тұмауға қарсы вакциналарды үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Грипп вирусының мутациясы кезінде пайда болатын **антигендік дрейф** және **антигендік шиеленіс** деген процестер вирустың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі. Әр жаңа тұмау маусымы әлемге жаңа вирус түрінің таралуына себеп болады. Осылайша, РНҚ- вирустарының мутациялары ұсақ өзгерістерден бастап, бүкіл пандемияның жаңа толқындарын туғызуға дейінгі үлкен өзгерістерге ұласады.

Эбола мен Зика: Мутацияның Өте Қауіпті Нәтижелері

Эбола вирусы және Зика вирусы да РНҚ- вирустарының қаупін көрсететін жақсы мысалдар. Эбола вирусының мутациялары оның жұқпалығын және вируленттілігін арттырып, өз кезегінде әлемнің бірнеше аймағында эпидемияларды тудырды. Зика вирусы да мутациялар арқылы жаңа қатерлер туғызды, атап айтқанда, жүкті әйелдерде ми кемістігін тудыруы мүмкіндігі арқылы.

Бұл вирустардың мутациялары вирусқа қарсы иммундық жүйенің қалыптасқан жауаптарын бұзып, жаңа инфекциялардың өршуіне әкелді. Осылайша, олардың жоғары мутация қабілеті тек адамдардың денсаулығына ғана емес, бүкіл қоғамға да қауіпті бола алады.

12. Мутациялардың Ғылымда және Тәжірибеде Қолданылуы

Вакцинациялар мен Жаңа Дәрі-дәрмектер

Вакциналар мен дәрі-дәрмектер әзірлеуде РНҚ- вирустарының мутацияларын ескеру өте маңызды. Ғалымдар вирустың жаңа штаммдарына қарсы тиімді вакциналарды жасау үшін үнемі зерттеулер жүргізіп келеді. Мысалы, COVID-19 вакциналары алғашқыда негізгі Ухань штаммынан қорғауға арналған болса, кейінірек олар Омикрон мен Дельта сияқты штамдарға қарсы жаңартылды. Бұл вакцинацияның өзекті болуы үшін үнемі жаңа штаммдарға бейімделу қажеттілігін көрсетеді.

Вирустардың мутацияларына қатысты басқа да жаңа тәсілдер ғылыми зерттеулер мен медицина саласында табысты қолданылып жатыр. Мысалы, **мРНҚ вакцинациясы** – бұл технология COVID-19 вакцинасын әзірлеуде маңызды рөл атқарды. МРНҚ вакцинасы вирус генетикалық ақпаратты жеткізетін молекулаларды пайдалана отырып, денеге вируспен күресу үшін қажетті ақуыздарды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл РНҚ- вирустарының мутацияларына жылдам жауап беру мүмкіндігін арттырады.

Ерте Анықтау және Қадағалау

РНҚ- вирустарының жаңа мутацияларын уақытында анықтау үшін ғалымдар түрлі жаңа әдістерді қолданады. Бұл мақсатта **генетикалық секвенирлеу** және **жаппай мониторинг** технологиялары кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе, вирусологиядағы жаңалықтар РНҚ- вирустарының эволюциялық траекториясын болжауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде пандемиялардың алдын алу үшін маңызды болып табылады.

13. Жаңа Пандемия Қауіптері мен Оларды Алдын алу Жолдары

РНҚ- вирустарының жоғары мутация қабілеті жаңа пандемиялардың туындау қаупін арттырады. Бұл вирустардың эволюциялық өзгерістері адамзатқа деген жаңа қауіп төндіреді. Ғалымдар мен денсаулық сақтау ұйымдары осындай вирустарды ерте кезеңде анықтап, олардың таралуын бақылауға алу үшін ғылыми тұрғыда күрделі шаралар қабылдауда.

Болашақта пандемиялардың алдын алу үшін бірнеше стратегия қажет:

- **Ғылыми зерттеулердің қарқындылығы**: РНҚ- вирустарының мутацияларын терең зерттеу арқылы жаңа штаммдарды болжау.

- **Вакцинация мен дәрі-дәрмектерді жаңарту**: Жаңа мутацияларға бейімделген вакциналар мен емдеу әдістерін әзірлеу.
- **Глобальды мониторинг**: Вирустардың таралуын бақылап отыру және қажетті шараларды уақытында енгізу.

14. Қорытынды: РНҚ-Вирустарының Қауіпі және Оларға Қарсы Күрес

Жалпы РНҚ- вирустарының мутациясы – олардың эволюциясының маңызды бөлігі және жаңа пандемиялардың туындауына бірден- бір үлкен және дауалы себеп болуы мүмкін.Әсіресе, РНҚ-ның көшірмелеу механизмі барысында жиі кездесетін қателіктер мен мутациялар вирустың эволюциялық өзгерістеріне алып келеді, бұл оның жаңа ортаға бейімделуін жеңілдетеді. Мұндай вирустар жаңа, әлдеқайда агрессивті немесе вакцинаға төзімді штаммдар тудыруы мүмкін, соның нәтижесінде инфекциялық аурулардың таралуы ұлғайып, қоғамдық денсаулыққа үлкен қауіп төндіреді.

Сондықтан, РНҚ-вирустардың мутациясы мен эволюциясына үнемі мониторинг жасап, ғылыми зерттеулерді тереңдету маңызды. Бұл шаралар әлемдік пандемиялардың алдын алу үшін вирустың таралуына қарсы тиімді стратегияларды әзірлеуге, ауруларды ертерек анықтауға және тиісті вакциналар мен емдеу тәсілдерін уақытында енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қоғамдық денсаулық сақтау жүйелері мен жаһандық ынтымақтастықтың тиімділігі вирустардың жаңаша мутацияларымен күресуде шешуші рөл атқарады. Тек жан-жақты ғылыми негізделген шаралар мен алдын алу стратегиялары арқылы ғана біз болашақта мүмкін болатын пандемияларды еңсеріп, адамзаттың денсаулығын сақтап қала аламыз.

Әдебиеттер

1. Нэйтан Вулф (The Viral Storm: The Dawn of a New Pandemic Age)-"Вирустық дауыл: Жаңа пандемия дәуірінің таңы" 2011
2. Дэвид Куаммен "Спилловер: Жануарлар инфекциялары және келесі адам пандемиясы" (Spillover: Animal Infections and the Next Human Pandemic) 2012
3. Соня Шах "Пандемия: ХолераданЭболағадейінгіжұқпалыаурулардыбақылау" (Pandemic: Tracking Contagions, from Cholera to Ebola and Beyond) 2016
4. Лори Гарретт "Кележатқаноба: Тепе-теңдігінжоғалтқанәлемдегіжаңааурулар" (The Coming Plague: Newly Emerging Diseases in a World Out of Balance) 1994
5. Стамбсков С.Ж. Генетика. Новосибирск, 2002. -436 б - 60 дана
6. Инге Вечтомов.С.Г.Генетика сосновами селекции, М.Высшая школа,1989
7. Лобашев М.Е.Ватті, К.Е. Тихомирова М.М.Генетика селекции. М.Просвешение, 1979.
8. Лобашев М.Е. Генетика. Изд-во ЛГУ. Генетические 1969.

БИОЛОГИЯДАҒЫ ТАНЫМНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Төленді Ж. - ЕП-22-12к тобының 3 курс студенті
Тілен Д.Б. - магистр,оқытушы

Соңғы кездері философиялық және жаратылыстану ғылымдарының арақатынасы мәселесіне көбірек көңіл бөлінуде, ал ғылыми білімнің ерекшелігін талдау, ең алдымен, ғылыми теорияларды құрудың жалпы принциптерін іздеуге және ғылым әдіснамасының проблемаларын дамытуға негізделген зерттеу әдістерін, әдістері мен құралдарын нақты зерттеумен байланысты. Қазіргі жаратылыстану ғылымдарының дамуында әртүрлі ғылымдардың әдістері мен идеяларының өзара әсері мен өзара енуі барған сайын байқалады.

Биология қазіргі уақытта жабайы табиғат туралы ғылымдардың тұтас кешенін ұсынады, мұнда кейбір салалар қолданылатын әдістердің, сондай-ақ күрделі биологиялық объектілердің жеке аспектілерінің, қасиеттерінің, белгілерінің арақатынасы тұрғысынан басқаларын толықтырады. Осы ережелерді ескере отырып, белгілі бір пәннің үстемдігін алмастыратын биологиялық ғылымдардың бүкіл кешені дамыған сайын оның жекелеген салалары біртіндеп теңестіріледі. Бұл биологияның бір саласының дамуындағы жетістіктер оның басқа салаларының дамуына бірден әсер ететіндігімен түсіндіріледі.

Биологиялық объектілерді терең зерттеу эволюциялық теория мен биологиялық ұйымдастыру теориясы арасындағы белгілі бір байланыстар арқылы жүреді. Зерттелетін тақырыпқа көпжақтылық тұрғысынан қараудың арқасында пайда болған ғылыми мәселелерді шешуде биологиялық шығу тегі әртүрлі объектілерді зерттеу үшін әртүрлі әдіснамалық тәсілдерді анықтауға болады. Ең алдымен, диалектиканың категориялары мен принциптерінің рөлі айқынырақ болады, атап айтқанда, түрлердің көбеюін сақтау мәселесі кеңірек, философиялық мәселемен байланыс ретінде әрекет етеді: қарама-қайшы тараптарды бөлуге негізделген қозғалыс (соның ішінде қозғалыс, өзгеріс және даму сәті). Түр деңгейін оқшаулау, яғни тірі материяны ұйымдастырудың барлық деңгейлерін зерттеу ғана емес, сонымен қатар негізгі, негізгі нәрсеге назар аудару әр түрлі деңгейлердің заңдылықтарын даму принципі негізінде объективті қатынастардың бірыңғай жүйесіне байланыстыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазіргі биологиядағы зерттеудің екі тенденциясын бөліп көрсету әдіснамалық қызығушылық тудырады: объектілерді олардың тұтастығында

зерттеу және тіршілік әрекетінің жекелеген қарапайым процестерін тану барысында пайда болатын заңдылықтарды синтездеу арқылы ұйым деңгейін оқшаулау.

Бұл екі зерттеу де биологиялық зерттеу объектілеріне әртүрлі әдістерді қолдануға және биология объектісінің жеке жақтары туралы білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл жағдайда біртұтас объект туралы идеяларды қалыптастыру процесінде бір-бірімен тығыз байланысты әртүрлі әдістемелік қиындықтар туындайды, тірі материяның әртүрлі деңгейлерінің заңдылықтары туралы білімді синтездеу емес, сол деңгейлердің сапалық ерекшелігін ескере отырып, бір деңгейден ауысу заңдылықтарын түсіну маңызды. Осыған байланысты осы ауысудың заңдылықтарын тіркеуге мүмкіндік беретін жалпы биологиялық принциптерді іздеу жүргізілуде. Бұл биологиялық принциптер, ең алдымен, биофизика мен биохимияны дамыту идеясымен байланысты, эволюция барысында оның қалыптасуын алдын-ала зерттемей-ақ организмдегі белгілі бір құрылымды немесе олардың қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Эволюциялық биологтың негізгі міндеті-белгілі бір организмде бар себептерді, белгілерді, яғни бейімделулерді табу.

Биологияның дамуы оның ғылым ретінде туылуымен және қалыптасуымен қатар жүрді. Сонымен қатар, уақыт өте келе биология ұғымының эвристикалық және танымдық рөлі артып, логикалық және әдіснамалық функцияға ие болады. Биологиядағы теорияның қалыптасу процесі біртіндеп жүреді және осы ғылымдардың кейбір ұғымдары белгілі бір тұжырымдама үшін тұжырымдалып, кейбір принциптер белгіленгеннен кейін ғана баса назар аударып, мағынасын ала бастайды.

Сонымен қатар, теориялық жүйелерді құру процесін зерттеу олардың пайда болу тарихымен, олардың сабақтастығымен және эволюциясымен тығыз байланысты. Мұнда субъектіден құбылыстарға және құбылыстардан субъектіге қозғалыс формасы айқын көрінеді, бұл тақырыпты нақты түсінуге әкеледі. Осы немесе басқа құбылыстың мәнін анықтау үшін оның тұтастық құрамындағы орны мен маңыздылығын көрсету, әмбебаптық формасының ерекшелігін білдіру қажет. Бұл жағдайда объектіні анықтау формальды логикалық емес, генетикалық болады. Генетикалық анықтама теориялық принциппен болмыстың эмпирикалық формаларының өзара байланысы мен өзара тәуелділігін болжайтын логикалық және тарихи сәттерді қамтиды. Бұл анықтаманың одан әрі дамуы бастапқы, бастапқы анықтаманың және жалпы мәннің қарама-қайшы сәттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Асхаков, С. И. Основы научных исследований : учебное пособие / С. И. Асхаков. Карачаевск : КЧГУ, 2020. – 348 с. – Текст : непосредственный.
2. Березуев, Е. А. Философия : учебное пособие / Е. А. Березуев. – Тюмень : ГАУ Северного Зауралья, 2019. – 144 с. – Текст : непосредственный.
3. Доронина, М. В. Природа : системно-философское осмысление / М. В. Доронина,
4. В. И. Табуркин. – Тюмень : Государственный аграрный университет Северного Зауралья, 2017. – 123 с. – Текст : непосредственный.
5. Доронина, М. В. О методологическом значении системного подхода в биологии /
6. М. В. Доронина. – Текст : непосредственный // Астраханский вестник экологического образования. – 2022. – № 2 (68). – С. 122-125. – DOI 10.36698/2304-5957-2022-2-122-125.
7. Захарова, Т. В. Эволюция научного метода и естественнонаучной картины мира : учебное пособие / Т. В. Захарова ; под редакцией В. А. Никитенко. – Москва : РУТ (МИИТ), 2020. – 216 с. – Текст : непосредственный.

ӘОЖ 37.091.39:51

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Төре А.Қ. - ЕП- 21-11к2 тобының студенті
Абжапбаров А. - ф-м.ғ.к., доцент

Дифференциалдық теңдеулер жүйелеріне тоқталайық

Нормальды дифференциалдық теңдеу жүйелерін шешудің әртүрлі әдістеріне мысалдар келтіреміз:

1-мысал $\frac{dx}{dt} = \frac{x}{2x+3y}$ (1)

$\frac{dy}{dt} = \frac{y}{2x+3y}$ (2)

Шешуі: Екі теңдікті бір біріне бөлу арқылы

$\frac{dx}{dy} = \frac{x}{y}$

бірінші интегралданатын комбинация табылады

$$\frac{dx}{dy}=\frac{x}{y};$$
$$\ln x=\ln y+\ln C_1;$$
$$x=C_1y\cdot$$

Екінші интегралданатын комбинация (1) теңдігін 2-ге, ал (2) теңдігін 3-ке көбейтіп қосу арқылы табылады

$$2\cdot\frac{dx}{dt}+3\cdot\frac{dy}{dt}=\frac{2x}{2x+3y}+\frac{3y}{2x+3y}$$
$$2\cdot\frac{dx}{dt}+3\cdot\frac{dy}{dt}=1,$$
$$2dx+3dy=dt,$$
$$2x+3y=t+C_2\cdot$$

Ендеше $x=C_1y,\qquad 2x+3y=t+C_2$ теңдеулер жүйесінен берілген теңдеудің жалпы шешімі табылады.

$$x=\frac{C_1(t+C_2)}{2C_1+3};\qquad y=\frac{t+C_2}{2C_1+3}.$$

Біртекті тұрақты коэффициентті сызықтық теңдеулер жүйелері n -сызықты теңдеулер жүйелерне тоқталайын:

2-мысал Теңдеулер жүйесінің шешімін тап.

$$\begin{cases}\dfrac{dx}{dt}=6x-12y-z\\ \dfrac{dy}{dt}=x-3y-z\\ \dfrac{dz}{dt}=-4x+12y+3z\end{cases}\qquad(3)$$

Шешуі:

$$A=\begin{pmatrix}6&-12&-1\\1&-3&-1\\-4&12&3\end{pmatrix}$$

матрицасының λ -меншікті мәндерін, (α,β,γ)-меншікті векторларын

$$|A-\lambda E|=0\qquad(3)$$

теңдігі мен $$(A-\lambda E)\begin{pmatrix}\alpha\\\beta\\\gamma\end{pmatrix}=0\qquad(4)$$

теңдеулер жүйесінен табамыз.

$$A-\lambda E=\begin{pmatrix}6&-12&-1\\1&-3&-1\\-4&12&3\end{pmatrix}-\lambda\begin{pmatrix}1&0&0\\0&1&0\\0&0&1\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}6-\lambda&-12&-1\\1&-3-\lambda&-1\\-4&12&3-\lambda\end{pmatrix},$$
$$|A-\lambda E|=\begin{vmatrix}6-\lambda&-12&-1\\1&-3-\lambda&-1\\-4&12&3-\lambda\end{vmatrix}=\lambda^3-6\lambda^2+11\lambda-6;$$
$$\lambda^3-6\lambda^2+11\lambda-6=0,$$
$$\lambda_1=1,\quad\lambda_2=2,\quad\lambda_3=3\cdot$$

$\lambda_1=1$ мәнін (4) теңдеулер жүйесіне қойсақ

$$\begin{cases}5\alpha-12\beta-\gamma=0\\ \alpha-4\beta-\gamma=0\\ -4\alpha+12\beta-2\gamma=0,\end{cases}$$

онда шыққан теңдеулер жүйесінен (2;1;-2) меншікті векторын

$$x=2e^t,\quad y=e^t,\quad z=-2e^t$$

шешімін аламыз.Дәл осылай $\lambda_2=2$ мәні үшін

$$\begin{cases} 4\alpha - 12\beta - \gamma = 0 \\ \alpha - 5\beta - \gamma = 0 \\ -4\alpha + 12\beta + \gamma = 0, \end{cases}$$

шыққан теңдеулер жүйесінен (7;3;-8) меншікті векторын

$x = 7e^{2t}, \quad y = 3e^{2t}, \quad z = -8e^{2t}$

шешімі, $\lambda_3 = 3$ мәні үшін

$$\begin{cases} 3\alpha - 12\beta - \gamma = 0 \\ \alpha - 6\beta - \gamma = 0 \\ -4\alpha + 12\beta = 0, \end{cases}$$

теңдеулер жүйесінен (3;1;-3) меншікті векторын

$x = 3e^{3t}, \quad y = e^{3t}, \quad z = -3e^{3t}$

шешімін аламыз. Демек, теңдеудің жалпы шешімі:

$$x = 2C_1e^t + 7C_2e^{2t} + 3C_3e^{3t}$$

$$y = C_1e^t + 3C_2e^{2t} + C_3e^{3t}$$

$$z = -2C_1e^t - 8C_2e^{2t} - 3C_3e^{3t}.$$

Әдебиеттер

1. Көлекеев К.Д., Назарова К.Ж. Дифференциалдық теңдеулер практикумы.Оқу құралы. Шымкент, 2016,-204б
2. Қаратаев Ж., Әшірбаев Н.Қ., СұлтанбекТ.С. Дифференциалдық теңдеулер.Оқу құралы. Шымкент, 2013, 175б
3. Шипачев В.С.Задачник по высшей математике:Учеб.пособие для вузов-2-е изд.,-М.:Высш шк,1998.-304с

ӘОЖ 53.082.52

ФОТОЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ФОТОЭЛЕКТРЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН МОДУЛЬДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Туралиева Б. Б. - ЕП-21-3К3 тобының студенті
Ортаева К. А. - п.ғ.к., доцент

Күн энергиясын өз мақсатымыз үшін пайдаланудың болашағы зор.

Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай Күн энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады. Сол сияқты Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметі бойынша 40 жылдан кейін Күн энергетикасы көмегімен атмосфераға көмірқышқыл газының түсуін жылына 6 млрд тоннаға дейін қысқартуға болады екен. Осындай тұжырымдар негізінде Күннен өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймыз.

Фотоэлектрлік модульдер сенімді көз болуы үшін жүйеге қосымша элементтер қажет: құрылымына сәйкес келетін және жүйе типіне тәуелді кабельдер (торапқа жалғанған автономды немесе резервті), тағы даэлектронды инвертор және аккумуляторлы батареясы бар заряд контроллері. Мұндай жүйе толығымен күндік фотоэлектрлік жүйе немесе күн станциясы деп атайды.

Күндік фотоэлектрлік жүйелердің үш негізгі типі бар:

1.Автономды жүйелер, әдетте жеке үйлерді электрмен қамтамасыз етуде қолданылады

2. Тораппен жалғанған жүйелер

3. Қордағы(резервті) жүйелер Автономды фотоэлектрлік жүйелер

Күн фотоэлементтері альтернативті қолданы тапқан қазынды отындар үшін толығымен реалды техникалық және экономикалық пайдалы болып табылады.

